

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**«XXII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«XXII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

ТОМ 15

**ПАВЛОДАР
2022**

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Ж66

Редакция алқасының бас редакторы:

Садықов Е. Т., э.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор

Жауапты редактор:

Ержанов Н. Т., б.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары

Редакция алқасының мүшелері:

Ахметов К. К., Бегимтаев А. И., Бексеитов Т. К., Испулов Н. А., Кислов А. П., Колесников Ю. Ю., Муқанов Р. Б., Табулдинов Б. К.

Жауапты хатшылар:

Абетанов Д. Н., Адильбаева Д. С., Атейхан Б., Байтемирова А. К., Бақпаева А. К., Габдулов А. У., Джусупова Э. М., Дубовицкая О. Б., Еликпаев С. Т., Дәуіт Ж., Жания К., Жумабекова Д. К., Жуманбаева Р. О., Жусупбаева Д. А., Зарипов Р. Ю., Зейтова Ш. С., Илеубаева Д. С., Исакова Д. А., Исакова З. С., Кайдарова Г. Ш., Каменов А. А., Капенова М. М., Кириченко Л. Н., Кривец О. А., Куанышева Р. С., Мажитова А. Е., Нұрмәди С. С., Ордабаева Ж. Е., Поломарчук Б. В., Рахимов М. И., Садықов Н. С., Саменова Ж. К., Сапабеков Д. К., Сарбасов А. К., Сламбекова М. К., Суентаева З. Т., Таничев К. С., Токтарбекова А. Б., Толокольникова Н. И., Шабамбаева А. Г., Шаймерденова А. К.

Ж66 «XXII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар : Торайғыров университеті, 2022.

ISBN 978-601-345-262-3 (жалпы)
Т. 15 «Жас ғалымдар». – 2022. – 375 б.
ISBN 978-601-345-279-1

«XXII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясы (12 сәуір 2022 жыл) жинағында келесі ғылыми бағыттар бойынша ұсынылған мақалалар енгізілген: Энергетика, Компьютерлік және физика-математикалық ғылымдары, Ауыл шаруашылығы және АӨК, Мемлекеттік басқару, бизнес және құқық, Заманауи инженерлік инновациялар мен технологиялар, Жаратылыстану ғылымдары, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары, Техникалық және кәсіптік білім беру.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-345-279-1 (Т. 15)
ISBN 978-601-345-262-3 (жалпы)

© Торайғыров университеті, 2022

7 секция. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары
7 секция. Гуманитарные и социальные науки

7.2 Қазақ филологиясы
7.2 Казахская филология

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ СЫННЫҢ СИПАТЫ

АБИЛЬМАНОВА С. С.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Заман өзгеріп, соған байланысты көркем әдебиетке қойылар талаптар да өзгеріп жатқан кезде қазақ қаламгерлері арасындағы жік түсті: бірсыпырасы кеңестік идеология жағына шыға бастады. Қазақ кеңес әдебиетінің туын алғаш С. Сейфуллин көтеріп шықты. Заманның аңдысын аңдып, оған тез бейімделген Сәкендер төңкеріс әкелген өзгерістерді шындығында да халықты бақытқа жеткізер дұрыс жол деп түсінді. Сөйтті де бірден революцияны жырлауға кірісіп кетті. Сәкен осы кездерде өнімді еңбек етіп, кітап үстіне кітап шығарды. «Оның әлеуметтік және мемлекеттік ісі мен беделі, 1922 жылы табаны күректей үш кітапты бірден шығаруы әрқилы ой-пікірге қозғау болады. Бұл кітаптар жайында жазылған 20 шақты мақала, қағытпа, құптаулардың бәріне белгілі идеялық, көркемдік нысана негіз болады» [1, 152 б.], – деп жазды бұл жайында сәкентанушы Т. Кәкішев.

Революция дауылпазына айналған Сәкеннің әсіресе, «Қызыл сұңқарлар» пьесасы сын садағына көбірек ілінді. «Қоңыр» деген бүркеншік атпен пьесаға пікір жазған М. Әуезов драманың сюжеттік құрылымын, тіл кестесін сынай келіп: «Қазақ пьесасы болып саналуы мүмкін емес. Жоғарыда айтқан әлгі геройлары түгелімен бір-ақ кісі болудың үстіне оларда қазақтан белгі де жоқ. Бұл кітаптың болашағына келгенде айтатыным сол, қазақ әдебиетінің жұрнағы болып, оның ішінен орын алуы неғайбыл», – деген қатқыл пікір білдірсе, төңкерілісшілер, ресми идеология жағындағылар пьесаны өмірге жаңалық әкелген «жыл құсына» теңеді: «Қызыл сұңқарлардың» әдебиет майданында жаңа жол көрсетіп, шығуы Қазан төңкерісімен байлаулы нәрсе, оны ұмытпасқа керек. Қоңыр мырза бұл пьесаны қазақ әдебиеті тарихының бетінде орын алуына шектенсе де, біз шектенбейміз. Қазақ әдебиетінің бет алысын жаңа ағымға бұрып, жол салған – «Қызыл сұңқарлар». Сондықтан ол – жыл құсы» [2, 12 б.], – деп, аспанға көтерді.

Бір жылда үш бірдей кітабының шығуы, үшеуінің де революция тақырыбында арналуы С. Сейфуллинді сол кездегі әдеби сынның басты қаһарманына айналдырды. Сәкенді төңкерісшілер жағы жаңа кеңестік әдебиеттің басы деп, ресми басылымдарда насихаттап, марапатты күшейтіп жатса, ұлтшылдар жағы сынды барынша күшейте түсті. Осындай майға от құя түскен мақаланың бірі Н. Төрекұловтың Мәскеуде шығып тұрған «Темірқазық» журналында жарияланған Сәкеннің «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағына жазған пікір болды.

Нәзір Төрекұлов кезінде Түркістан Республикасының басшысы болған, кейіннен ұлтшылдық, түрікшілдік пікірлері үшін Түркістаннан қуылып, Қазақстанға жол жабылып, Мәскеудегі Күншығыс баспасын басқарып жүрген кезі еді. Ол осында жүріп, «Темірқазық» журналын ашып, қазақ, орыс, татар, башқұрт, өзбек, т.б. тілдерінде шығарып тұрды. Журналдың алғашқы санында Ғаббас Тоғжановтың «Ұлт деген не?», «Ұлт мәселесі», Мәжит Дәулетбаевтың «Қазақ һәм музыка», Әлихан Бөкейхановтың «Керейдің ажалы», «Бекет батыр», «Мырза Едіге», Қошке Кемеңгеровтің «Қазақтың саяси-тарихи тұрмысы» сияқты материалдарының орын алуынан бұл басылымның, оның редакторы Н. Төрекұловтың алға қойған мақсаты мен бағыт-бағдары айқын көрінеді.

«Сыншы (критик) һәр уақыт шынын сөйлеуге міндетті. Шынын сөйлеу-сыншының парызы. Сыншының «өтірігі» жұртқа зиян, жазушы мейлі «өлетін» болсын, критикасы көңіліне тіпті ауыр тиетін болсын, жазушының мінезі жаман-ақ болсын, «аждаһадай жұтам» деп тұрған болсын, иә болмаса «жат туған бұл дүниеге мен бір ғаріп» деп көзіне жас алып, жалынған болсын, сыншы еш нәрсеге қарамай, өз міндетін атқаруға тиіс! Жазушының жазғанына сыншы би; сыншының сынына оқушы-би» [3], – деп білген Нәзір «Темірқазық» журналының үш нөмеріне Сәкеннің «Асау тұлпар», «Тар жол, тайғақ кешу», «Бақыт жолында» атты шығармаларына сыни пікірлерін жариялады. Нәзір бетің бар, жүзің бар демей, «шынын сөйлеу – сыншының парызы» деп, үш кітапқа да қатты сындар айтқан. Ол не айтса да жалпылама кетпей, нақтылы, мысалдармен сөйлеп, ойын өткіз, ашық айта алған.

Соның ішінде Сәкеннің «Асау тұлпар» (1922) атты жинағы туралы «Қарасам, «асау тұлпар» шынында да «асау» екен, бірақ асау болғанда «білімсіз асау» екен! Дәлел керек пе?! Дәлел керек болса, мен үндемеймін, Сәкеннің өзін сөйлетейін», – дейді де нақтылы мысалдар арқылы талдауға кіріседі. «Мысалы, қатын туралы жырласын», – деп, «Маржан» өлеңін талдайды. Өлеңнің кемшілікті

жерлерін келтіріп, оған түсініктемелер беріп отырады. «Орынсыз жерде іс қылып жүрген бір қатынға барып жабыса кету таңқаларлық: бірақ ойлап қарағанда, таңқалатын дәнеңе жоқ. «Жұмыста жүргенде» ісі бар ма? Сөйтсе, Сәкен «қайғысын» ойлап жүргенінде, есіне заман түсіп кетіп, ұялғаннан өлеңін былай аяқтайды», – деп, оған мысал келтіреді. Өлең туралы талдауын «Маржан білмейді енді: білегін ақынның мойнына артсын ба жә болмаса, «бай қызындай керілмей, іс істесін бе?» Менің ойымша, ең жақсысы, іс уақытында келіп, «білегінді артшы мойныма» деп, қарқылдап жүрген кісіні сол «күрекпен» басқа салып қалу керек. Болмаса, бұл өлеңде не бар? Революцияның бізге берген не көркемдік сезімі, не ақлақы, не ақылы! Бұлардың ешбірі болмаған соң, жауабы керек болады» [3], – деп аяқтауында ащы мысқыл, қатқыл сарказм жатыр.

Осы сияқты «Марияға», «Жазғы түнде», «Надежда, Үміт, Омила» деген өлеңдерін де «Мен оны құшақтадым, ол мені құшақтады, бір-бірімізді құшақтадық» дегеннен басқа «білімді» білмейді. «Кейде сабаз жас қыздарға да кез келіп қалды» [3], – деп сынаған. Сәкеннің махаббат тақырыбында жазылған өлеңдері жайлы ойларын «Кітаптағы 68 өлеңнің төрттен бірі әйел, махаббатқа арналған. Бірақ байғұстың білген әйелі осы. Бөтенін білмейді, көрмейді. Бірақ трагедия мұнда емес. Білмегендігін өзі сезбейді. Міне, трагедия қайда?» [3], – деп, қорытқанда, сынның қара бұлттын қоюлата түскендігі көрініп тұр. Осындай тәртіппен Сәкеннің «Айт күні», «Азия» өлеңдері де өз «сыбағаларын» алған.

Нәзір Төрекұлов: «Сөздің қысқасы: мұндай білімсіздікпен өлең жазып, әуре болып жүруінің өзі-ұят. Білімсіз болғанда, ұятты болу керек. Болмаса Еуропаны жамандау керек болса, ауылда жүрген әншейін бір қарт ақынға: «Базарбай, кәне, бір Еуропаны жамандап бер» [3], – десең, сол да шамасы келгенше жамандап берер еді. Сол Сәкеннің өткізбесе, қалыспас еді. Бірақ не пайда?

Жамандағанда біліп жамандау керек. «Уа, Еуропа, Еуропа» дегеннен болмайды. Әдебиет «митинг» емес. Біздің міндет-Еуропаның білімін, техникасын алып, капитализмнің бізге керекті өнерін үйреніп, кеңес үкіметін көркейту, күшейту... Жаңа өлеңдерінен Сәкеннің өз ақылыменен жазғандары түкке жарамайды», – деп, түгін қалдырмайды. Қыза-қыза келе тіпті Сәкенді түкке алғысыз етеді. «Не десең де байғұс Сәкен өзінен шығарып бір ұнамды, пікірлі өлең айта алмаған. Бір жақтан порнография жазған, бір жақтан Азия мен Еуропаны айыра алмай, басындағы ботқасын жұртқа үлестіріп берген, бір жағынан, өзінен жазып шығарып жазуға

тура келгенде, «білімсіздігін интернационализм қылып көрсеткен» кісіні революционер ақын деп айта алмаймыз» [3]. Ащы мысқылға, кекесінге, ажуаға толы рецензияда кейде тым қатты кетіп қалатын жерлері де бар. Сәкенді «сабаз», «байғұс» деп кекетеді, «Сабаз жас кыздарға да кезек келіп қалады», «байғұстың білген әйелі осы» дегендердің сынның этикасына сия бермейтіндігі анық. Мұнысын Нәзірдің өзі де біліп отырған сияқты. «Әдебиетте-көпшіліктің жазғаны әр уақыт «қатты тергеуден» өтуі тиіс» [3], – деп, қатты кету себебін түсіндіреді.

Көп күттірмей-ақ Нәзірдің бұл пікіріне қарсы, Сәкен Сейфуллинді жақтаған мақалалар қаптап кетті. Солардың ішінде Сәкеннің ізбасары С. Мұқановтың «Сынға сын» атты мақаласы ерекше көзге түсті. Онда: «Нәзірдің бұл сыны-қазақ совет әдебиетіндегі алғашқы сын мақалалардың бірі», «Нәзір Төреқұлұлының сын жаза бастауы жақсы беталыс» дей келіп, «Нәзір «Асау тұлпарды» қолына алғаннан-ақ о жақ, бұ жағын сығалай қарап, ішінен сөкет нәрсе табуға тырысады. «Асау тұлпардағы» жақсы шығармалардың ешқайсысын көрмейді. ... тек бұл жинақтың қате-кемшіліктерін ғана тереді» [4], – деп, Нәзір Төреқұловты кінәлады. Нәзір айтқан пікірлерге партиялық тұрғыдан дау айтты. Тұлпардың сүрінген, жығылған жерлері де бар» [4], – деп, Нәзір сынын түгел жоққа шығармай, жалпы негізімен келіскендей де болды. «Бірақ ол қазақ еңбекші табының мүддесінен туған бірінші көркем шығарма» [4] екендігін қатты ескертеді.

Н. Төреқұлов С. Сейфуллиннің «Бақыт жолында» атты пьесасын да сәтсіз жазылған деп тапқан. «Бұл міндетті жазушы өз шамасынша жығыла-сүріне орындаған», – деп, ондағы кемшіліктерге, әсіресе махаббат тақырыбының қалай шешім тапқанына шүйіледі: «Сәкеннің айтатыны баяғы бір Қаратау, баяғы бір сөз «мен оны құшақтадым, ол мені құшақтады», «тіршіліктің мәнісі-сүю, құшу!» ... деген-«терең» сөздерімен Сәкен «ақын» жүрегін айнытып бітірді» [3].

Сәкен десе тілі қышып тұратын Нәзірдің тілі мұнда да мірдің оғындай дйттеген жеріне қадалып жатады. «Темірқазықтың» өткен санында «Асау Сейполлаұлының үлгілі дәмді өлеңдерін жырлағамыз. Сорлы «асау тұлпардан нені көрсек, «Бақыт жолында» да сол көргенімізді растап отыр» [3], – деген жолдардан Нәзірдің тіл құдіретін шебер меңгергендігі көрінеді.

«Тар жол, тайғақ кешу» туралы да Нәзірдің Сәкенге қояр талабы жеткілікті. Алдымен, шығарманың жанрын белгісіз деп кінәлайды. Оның сол кездегі қазақ қоғамының көркем бейнесі бола алмағанын сынайды: «Оның бар білгені-анық саяси айтыста

есепке кіре алмайтын толып жатқан біртұтас боқтық, сөгу, былапыт, балағат. Міне, төңкеріс қозғалысының тойын Сәкен осылай қылып, жұртқа осындай табақ тартады» [3]. Романда кейбір қайраткерлерге берілген бағамен келіспейтіндігін айтады. Шығармада «далада қонғаны, тоңғаны, не жылынғаны», Сәкеннің өзі домбыра шерткені, «кәрлен кесемен қымыз ішкені, қызбен қыдырғаны» суреттеле бергенін, яғни өзін марапаттауға құрылғанын қатты сынайды. Шығарманың олпы-солпы жерлерін, жанр талаптарына жауап бермейтіндігін қадап көрсеткен. Нәзірдің бұл пікірлерімен Сәкеннің өзі де келіскен, бірақ арына тиетін артық сөздеріне реніш білдірген.

Нәзір Төреқұловтың сыншылық мұрасынан байқайтынымыз – қай туындысын алсақ та, өз кезеңінің желпінісін, келелі істердің әуенін, дәуір үнін, сол оқиғалардың лебін сезініп отыруға мүмкіндік бар. Нәзір Төреқұлов өмір кешкен дәуір мен орта өзінің күрделілігімен ерекшеленеді. Сыншының өз заманында атқарған ісі мен сыншылық мұрасы әдебиет тарихындағы тұтас жүйе болып саналады. Ол-қазақ елінің ұлт мәселесіне, тіл, әдеби-сын мәселесіне үн қосып, бірнеше дүркін мақалалар жазып, қоғамдық-саяси мәселелер төңірегінде публицистік және сыншылық қарымын танытқан қоғам қайраткері, мұсылман халықтары арасынан шыққан тұңғыш елші ғана емес, қаламы қарымды журналист-сыншы ретінде қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы, 1982. – 210 б.
- 2 Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі // Шолпан. – 1992 (№ 2, 3).
- 3 Төреқұлов Н. Темірқазық. – 1922 (№ 3).
- 4 Мұқанов С. Сынға сын // Еңбекші қазақ. – 1926, 31 қаңтар.

ШӘКӘРІМ ӘДЕБИ МҰРАСЫНДАҒЫ АҚИҚАТ ӘЛЕМІ

АДАМЖАНОВА А. Х.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Абай салған сара жолмен ақиқат әлеміне терең бойлап, қазақ әдебиетін ақиқат сарынымен байыта түскен ғұлама ойшыл, ақын – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Қазақ әдебиетінде Шәкәрім мұрасының орны ерекше. Оның шығармашылығын бетсыдырғы білім мен тамыры келте танымға сүйеніп тану мүмкін емес. Себебі ақын шығармалары әдеби туынды ретінде ғана қарастыруды қанағат

тұтпайтын сыры терең, жұмбағы мол рухани мұра. Шәкәрім мұрасын насихаттап зерттеушілердің бірі белгілі жазушы, ғалым М. Мағауиннің пікірі ақын мұрасының басты идеясын танытады: «... ақын бас ұрған ақиқат ұждан, шын иман – «адаспайтын айқын жол» – адамдық, кісілік» [1, 270]. Шәкәрім өз шығармаларында Абайдың «Алла сүю», «Адамзаттың бәрін бауырым деп сүю», «Ақиқатты адастырмас жол деп сүю» үлгісін жаңаша деңгейге көтерді, осы үш сүйемен тығыз байланысты өзін-өзі тану мәселелерін қарастырып, түп ие мен өзіндік танымның байланысын зерделей түсті. Ақиқаттан хабар беретін сопылық дүниетаным мен өлең өрнегін ұлттық ұғымға сайлап, төл әдебиетіміз бен рухани мәдениетімізді байыта түсті. Шығыс әдебиеті мен батыс әдебиетінің озық үлгілерін астастырып, философиялық танымдарын ой сүзгісінен өткізіп, қазақы таным жүйесін қалыптастырды. Ақын өлең өрнегі мен философияны, адамның рухани психологиясын бірлестіріп, қазақ әдебиетіне жаңа мазмұн мен түр әкелді десек артық болмас [2, 420].

Ақиқат әлемі жайындағы таным-түсініктің бәрі жан мен тәнді айырмақтан бастау алады. «Жан» мен «тән» мәселесі әдебиет пен философия кеңістігінде ежелден зерттеліп келе жатыр. Шәкәрімнің ұстазы, хакім Абай «Көп тұман алдындағы келер заман» өлеңінде жан мен тәннің мағынасын айқындап береді:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Шәкәрім Абайдың жан мен тән туралы ой-тұжырымдарын толық меңгеріп, осы хақында өз жаңашылдығын да ұсынды. Ақын тұжырымы бойынша, жан әуелден бар құбылыс, ол бүкіл «барлықтың» айғағы. Жан қозғалыс пен өмір қуаты. Жанның бұл қасиетін ақын:

Жаралыс басы қозғалыс,
Қозғауға керек қолғабыс.
Жан де мейлің, бір мән де
Сол қуатпен бол таныс.

Әлемді сол мән жаратқан [3, 230], – деп, түп ие ұғымын «жан» мен «мән» деген балама сөзбен береді. Онысымен түп ие мен адам жаны арасындағы рухани байланысты одан әрі айқындайды.

Жанды тәннен биік қою дәстүрі бұрыннан бар. Сопылық таным мен Абай дүниетанымының негізгі идеясы да сол. Бірақ Шәкәрім бұл түсінікті одан әрі дамытып, тәннің жаралу себебі жанда деген тұжырымға келеді [4]:

Қозғаған қуат – жан дейміз,
Жан өсті жаннан сан дейміз.
Сол жандар әсер берген соң,
Жаралды сансыз тән дейміз.

Жанына қарай тән салар [5, 323], – деп Абайдың «Сократ хакімнің сөзі» деген жиырма жетінші қарасөзіндегі: «Адам өзі өзіне сенбесе, адамды да хайуан секілді қылып жаратса, ешнәрсеге жарамас еді. Хайуанға адамның ақылын берсе, мұнша шеберлік, мұнша дарқарлық, бір-біріне ғылым үйретерлік шешендік салахият ол денеге лайық келмейді» деген ойын толықтыра түседі [6, 458]. «Жан мен тән» теориясына Шәкәрімнің тыңнан қосқан тұжырымы, жан өз тұрағы тәнді қорғау үшін айла-тәсілді де қару етеді дегенге саяды.

Жан тыныштық таппайды тән қамын жеп,
Тән бұзылса, тұрағым бұзылар деп,
Ыстық, суық, аштықтан сақтау үшін

Зұлымдық пен айланы қылады сеп, – деп ақын нәпсі, қулық, зұлымдық дегендер адам болмысынан тыс жаратылған құбылыс емес, адамның жанын торып жүретін, пенделігін місе тұтатын дүниелер екенін айтады. Жанның болмысына терең бойлап, ол туралы аса мәнді тұжырымдар айта келіп, ойшыл ақын:

Жанға көнсем, жан иесі –
Тәңірге де көнгенім.
Таймай өлсем, жолым осы,

Нәпсі қалсын зар жылап, – деп Хақты тану, жанның болмысын мойындаудан бастау алатынын нақтылайды.

Жанның осындай қыр-сырын жан-жақты тану үшін адамның ішкі жан дүниесіне терең бойлай білу керек. Себебі адамның рухани өсуі, ақиқат болмысқа ұмтылуы ішкі жан-дүниесінің жандануына, жаңаруына байланысты. Әдебиет пен философия тұрғысынан «ішкі жан дүние» этикалық, адамгершілік қасиеттерді қамтитын, адамның көзге көрінбейтін материалдан ада болмысын білдіретін құбылыс ретінде қарастырылады. Шәкәрім ішкі жан дүниенің сырына үңіліп: «Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады. Ал арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді және істемейді», – дейді [2, 421]. Ақын «ақ жүрек» ұғымына көп мән береді. Оның шығармашылығының мақсаты – адамды жан азабынан құтқару мен рухани әлемге бастар жолды көрсету. Рухани әлемнің қыр-сыры санамен ғана емес, жүреппен танылады. Абай он жетінші қарасөзінде жүректі сөйлетіп: «Мен – адам денесінің патшасымын, қан менен тарайды,

жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ... Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады...», – деп, жүрек философиясына терең мағына үстейді. Шәкәрім де осы сарынмен, тура жолдың сырын ашады:

Тәңірі жолы – ақ жүрек,

Сайтан деген – қиянат.

Ақ жүректі ертерек,

Ескер-дағы, қыл әдет [5, 381]. Жүрек тазалығында зор мән бар. Қиянат пен жауыздықтан ада жүректі мекен еткен жан ғана таза қалпын сақтайды. Адам өзінің жүрегін таза қалпында сақтауға бел буса, рухани қасиеттерге қарсы, «жолдан қосылған адамның бойында біржола сіңісіп, біте қайнасып қалған күшті, зиянды жау нәрселерден, әдеттерден» қашық болуға ұмтылу керек. Рухани кеселдер туралы Шәкәрім: «Олар: нәпсі, өзімшілдік, мақтан. Бұлардан ұшы-қиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек. Мысалы, зорлық, алдау, мансапқорлық, малқұмарлық, рахымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік, тағы тағылар. Бұлай болғанда осы жаман әдеттерден құтылудың айласын іздеу керек» [2, 421], – дейді. Рухани кеселдерге бойын алғызған адамның жүрегіне келгенде ақын:

Сайтанмен ойнас жүрегі,

Пайда мен мақтан – тілегі,

Арамға батса білегі,

Жақсыға қайтіп қосылар [5, 188], – деп, «сайтанмен ойнас жүрегі» тіркесі арқылы «ақ жүрекке» кереғар ұғымды тудырады. Жүректі сайтанның ойнасына айналдырмай, рухани кеселдерден аулақ болуға үндейдін ақын, қорғану амалына келгенде:

Айырам деп жендеттен,

Тазартам деп індеттен,

Құтылам деп міндеттен,

Иманымның беркі бар [5, 190], – деп жырлайды.

Шәкәрімнің діни тағылымын танытатын «Мұсылмандық шарты» еңбегінде иман мәселесі түбегейлі қарастырылады. «Иман деген Алла тағаланың барлығына, бірлігіне, басқа Алла жоқтығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ықыласпенен нанбақ. Иман айтқанда «Лайлаһиалла Мұхамед расул Алла дейміз...» [7, 662] дей келе ақын, осы иман келтіру хақында: «Және анық, шын айтпай, құры тілменен ғана айтса о да иман емес», – дейді. Онысы Абайдың отыз сегізінші қарасөзімен үндес: «Ол инанмақтығың құр

ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмадың, пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады» [6, 480]. Құр ауызбен иман келтіріп, соны жанға демеу қылып жүре бергендік шынайы иман емес. Бастысы – шын нанып, иман жолында хәрекет ету. Болмаса, «Кейбір адам Аллаға, һәм ахрет болатынына иман келтірдім десе де, ішкі ықыласы нанбай тұрған соң, ол мұсылман емес», – деген аятты ескерген жөн. Иманның жауы – нәпсі. Нәпсі парқына жету үшін адам ең әуелі жанның азығы мен тәннің азығын біру керек. Шәкәрім философиясында жан ұдайы қозғалыста, тән жанның тұрағы дедік. Ал көңіл жан мен тәннің қосындысынан туады. Міне, осы көңіл кейде жақсыға, кейде жаманға ауып, не жанға не тәнге бас ұрып кетеді. Шәкәрім көңіл теориясын поэзиясына арқау етіп:

Ал енді сипатталық көңілді біз,

Ескеріп бұл сөзімді жақсы ұғыңыз.

Жан мен дене – қосылған ерлі-қатын,

Екеуінен туады көңіліміз.

Табиғат бірде былай, бірде олай,

Кетері мәлім емес әлдеқалай.

Әкесі жан, шешесі дене болып,

Көңіліміз сол себепті екі талай [5, 132], – көңілдің жан құмары мен тән құмары арасында құбылып тұратынын аңғартады. Жан құмары – айналаның сырын тануға талап қылу, ақиқатқа ұмтылу, болмыс табиғатын түсіну. Тәннің құмары – осыларға бөгет болу, салмақ салу. Өйткені, мәңгі өлмес жан мәңгілікті, өзгермес бақиды көздейді, өлімге байлаулы тән фәнимен ғана шектеледі. Ақын өлеңінде:

Жан талпынар талайды көрмек үшін,

Әр сырын дүниенің білмек үшін.

Дене байғұс салмақ боп баса берер,

Жаралған ғой түбінде өлмек үшін [5, 133], – деп жырлап, осы ақиқатты ескермесе, адам қастық, күндеушілік пен аңдыспақтыққа салынып, жаман әдеттердің ықпалына түсіп кетеді де «жүректің керегін» ойлана алмай қалады деген пайымға келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы: Жазушы, 1991. – 270 б.

2 Нысанбаева Ә., Кенжетай Д. Ислам философиясы. - Астана: Аударма, 2005. – 534 б.

3 Ш. Құдайбердіұлы Шығармалары. Өлеңдер, дастандар. Құраст. Жармұхамедов М., Дәуітов С. Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

4 Нұрланова Ә. Шәкәрімнің діни-философиялық дүниетанымы.// Вестник Казахстанско-Американского свободного ун-та. – 2007. – 50-56 б.

5 Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының үш томдық жинағы. Қажыма, ойым, қажыма. Т1: Өлеңдер – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 408 б.

6 Абай Құнанбаев шығармашылығының бір томдық жинағы. Өлең – сөздің патшасы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 568 б.

7 Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының бір томдық жинағы. Жол табалық ақылмен. – Алматы: Халықаралық Абай клуб, 2006. – 720 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА БАҒЫТТАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АДИЛЬЖАНОВА Д. И.
№ 4 орта мектебі, Ақсу к., Павлодар обл.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Заман талабына сай білім беру оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді.

Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, өз сабақтарымда қазіргі таңдағы инновациялық технологияларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты таңдап қолданамын. Атап айтсақ, сын тұрғысынан ойлау, тірек-сызба, дамыта оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту т.б. Мен үшін әрбір сабаққа жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді.

Өзімнің әрбір сабағымда озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Кез келген сабағымда тақырып бойынша жаңалықтармен таныстыру арқылы бастау дәстүрге айналды. Сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызық өтуіне қызығушылықты арттыру арқылы себеп болады.

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кезкелген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады.

Өз сабақтарымда педагогика ғылымының докторы, профессор Жауынбай Караевтың деңгейлеп оқыту технологиясын жиі қолданамын.

Кесте 1 – Ж. Караевтың деңгейлеп оқыту технологиясы

Оқулық деңгей (оқу материалын білу)	Алгоритмдік деңгей (мақсатына жету)	Эвристикалық деңгей (өз еңбегімен жаңа мәлімет алу)	Шығармашылық деңгей (тың мәселені шешу)
- жаңа тақырыпты түсіну; - анықтама мен ережелерді білу; - алынған мәліметтер арқылы жаттығу жұмыстарын жасай алу.	- алынған мәліметтер бойынша өздігінен жұмыс жасай алу; - деңгейлік тапсырмалар орындау; - логикалық ойлауды дамытатын тапсырмаларды орындау; - анализ жасау.	- әртүрлі жағдаяттарды пайдалану; - өз пікірлерін айта білу; - мәтін немесе әңгіме мазмұнын жалғастыру.	- шығарма жазу; - эссе жазу; - реферат дайындау; - сахналық қойылым; - тест жасау; - кроссворд, ребус жасау; - ғылыми зерттеу жасау.

Бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін оқушылар өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады.

Жетістіктерге жету үшін ең алдымен оқушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл-ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін ескеру қажет.

Деңгейлік тапсырмаларды қандай дәрежеде орындай алса баға біліміне қарай қойылады.

Деңгейлеп оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі:

- топ оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындауы;
- білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы;
- оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы ;
- оқушылардың оқуға ынтасы мен мамандығына деген қызығушылығының артуы;
- оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы;
- оқушы белсенділігінің оянуы;
- алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге ұмтылуы;
- оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігінің артуы.

Мәтін – тіл дамытудың басты құралы болғандықтан. Деңгейлеп оқыту технологиясын қолданумен ауызекі сөйлеу тілі арқылы оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында кәсіптік қазақ тілі, кәсіптік орыс тілі пәндерінен деңгейлік тапсырмалар жинақтарын құрастырдым. Мәтіндерді түсіну үшін оқушы мәтінде берілген басқа лексикамен қатар кәсіби сөздерді, терминдерді түсініп қолдана білуі керек. Оқушы өз мамандығына байланысты мәтінді қызыға оқиды, ол арқылы болашақ маманға кәсіби бойынша өте қажетті, пайдалы мағлұмат беріледі, мәтін оқушының білімін, танымын, толықтырады. Қазақ тілі сабақтарында мәтінді тіл дамытудың басты құралының бірі деп қарап, мәтінмен деңгейлік тапсырмалар арқылы әртүрлі тіл дамыту жұмыстарын жүргіземін.

Жаңа әрі пайдалы ізденістердің бірі сабағымда қолданылып жүрген әдістердің бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Бұл технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, ойлау белсенділігін, тапқырлығын, өзіне деген сенімділігін, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақ құрылымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс кезеңдерінен тұрып, әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, оқушылардың өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелейді.

Жалпы айтқанда, «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы сабақты жоспарлауда өте тиімді. Мұнда оқушының ойы шындалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады.

Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны тану;
- ой толғаныс.

Сөздік жұмысқа меңгертуде үлкен орын беріледі. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілі сабақтарында сөздік жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдері өте көп. Сөздік жұмыс оқушылардың лексикалық қорын көбейтеді, тілін дамытады, жатық сөйлеуге, қазақ тілінде түсінуге, сөйлесуге үйретеді. Жаңа кәсіби сөздер мен терминдерді меңгеру арқылы тіл үйренуші сөз тіркесі мен сөйлем құрып, өз ойын жеткізуге дағдыланады. Жаңа сөздермен жұмыс жасау барысында әрбір жаңа сөздің мағынасы түсіндіріліп, аударылып, пысықталуы тиіс. Осы сөзге синоним, антоним сөздер табылып, жазылады, сөз құрамы бойынша талдау жасатқызуға болады. Оқушылардың неғұрлым сөздік қоры көп болса, соғұрлым қазақ тілін тез үйреніп, еркін сөйлей алатын болады, бұл өз кезегінде болашақ мамандығын меңгеруге де көп септігін тигізеді.

Қазіргі кездің жастары өз болашақтары Қазақстанмен, өз елігің экономикасымен тығыз байланыста екендігін өте жақсы түсінеді. Сонымен қатар елге мемлекеттік тілді жетік меңгерген балалар қажеттілігі күн сайын артып келе жатқандығын да біледі.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру. Қорыта айтқанда, оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Сондықтан мұғалім үшін сабақтың жүргізілу жүйесін жетілдіріп, оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мен тиімділігін арттырып, өзгерістер енгізуге барлық күш – жігерін жұмсауы тиіс.

Мағжан Жұмабаев сөзімен аяқтағым келеді «Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу». Егер сабақтарымызда түрлі технологияларды қолдансақ, оқушылардың білім сапалары әрі де жоғарылайды дегенге сенімдімін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру
- 2 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2012ж.
- 3 Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технологиялар» Тараз 2003ж.
- 4 Орта білім берудің мазмұны: Дәстүрлер мен өзгерістері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы. Астана 2012ж.
- 5 Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияның элементтерін қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015ж.
- 6 Инновациялық технологиялар арқылы функционалдык сауаттылықты көтерейік. Қазақстан мектебі. 2014ж.
- 7 Оқушыларды сын тұрғысынан оқыту тәсілдері. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2015ж.

МӘШҰР ЖҮСІП ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ

АЛИМОВА А. К.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіптің әдебиетте қалдырған бір жаңалығы ол Құран Кәрім сүрелерін өлеңмен жеткізу. Оған дәлел мына өлеңдері: «Ықылас сүресі», «Қанағат туралы жұмбақ өлең» т.б. Мәселен «Ықылас сүресі» өлеңінде ықылас сүресі пайғамбарымызға с.ғ.с калай түскені жене сол сүренің қадір-қасиеті айтылады.

1. Кәпірлер Расулге айтты:
– Иа, Мұхаммед,
Көресің пұттарымыз әр түрлі зат.
Сен-дағы Құдайыңның асыл затын
Біздерге мағлұм етіп әйлә қыл жат.

Сөзінің күдіреті мен Жаббар құда
Жіберді бұл сүрені Хабибына.
Пайғамбар кәпірлерге жауап берді,
Дәлелдеп бұл «Ықыласты» барлығына.

«Ықылас» – деп, бұл сүреге қойылған ат,
Оқыса ықыласымен әркім сөзін.
Хақына жаһаннамның оттарынан
Ол құлдың бар денесін қылар азат [1, 7 б.].

2. Бір Алла - серігі жоқ, жалғыз өзі,
Оның жоқ ата-ана, ұғлы-қызы.
Тумайды, өзі ешкімнен туылмады,
Осылай «Кул һуа Алла» – Құран сөзі.

Өзі жалғыз, мұқтажсыз, мұңсыз Құдай,
Барша мұқтаж өзіне болған оңай.
Сипаты: ғызы емес, ғари да емес.
Өзінің ретімен болған солай. [1, 178 б.].

Десе, ал, Құран Кәрімде «Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мухаммед Ғ.С. оларға) айт: «Ол Алла, біреу-ақ. Алла мұңсыз. (Әр нәрсе оған мұқтаж). Ол, тумады да туылмады. Әрі оған ешкім тең емес» (Ықылас, 1-4) [2, 604 б.]. Ал пайғамбар Мұхаммед с.ғ.с осы сүренің қасиеті туралы былай дейді: «Әбу һурайрадан «Аллаһ елшісі с.ғ.с: «Ол Аллаһ – Жалғыз», – де» деп басталатын сүре Құранның үштен біріне тең болады», – деп айтты», – деген (Муслим, әт-Тирмизи) [3, 300 б.]. Мұны да қалдырмаған дарынды ақын былай деп береді:

Құранның үшбу сүре нұры дүрлар
Бұл сөзді тәпсирлерде қылған изһәр.
Үш рет ықыласымен айтса оны,
Бір Құран оқып шыққан сауабы бар [1, 8 б.].

Ғұламалар пайғамбарымыздың (Ғ.С) еқзіндегі мұндағы «тең болады» деген сөздің мағынасы жайлы көп пікірлер айтқан.

Солардың ішіндегі ең жақсысы – бұл сүре Құранның үштен біріне тең болатын себебі, ол бірнеше ұлы мағынаны: Аллаһ бірлігі мен иман негіздері мағыналарын қамтыған, – деген пікір. Құранда қарастырылған басты тақырыптар мыналар:

- 1 Шарифаттың ғибадаттарға не қарым-қатынастарға қатысты ішкі-сыртқы заң-үкімдері;

- 2 Бұрынғы өткен әрі болашақтағы жаратылыстар және іс-амалдарға қарымта алуға қатысты шарифат міндеттері жүктелген адамдардың жағдайлары туралы әңгіме-қиссалар мен хабарлар;

3 Аллаһтың есімдері мен сипаттарына, Оның жалғыздық пен кемелдіктегі даралығына және оның барлық кемшіліктері мен жаратылғандардың біріне ұқсаудан пәк екеніне қатысты таухид пен танымдар.

Демек «Ықылас» сүресі осыны және барлығының негізі болып табылатын аталмыш негізге байланысты сенуге тиіс нәрселердің бәрін қамтиды.

Міне, сондықтан да, Аллаһ тағала бізге бұл сүрені оқуды, жүрекпен танып – білуді, оны мойындауды, Аллаһ үшін дінді осы сүредегі сенім бойынша ұстануды және Аллаһқа сол бойынша ғибадат жасауды бұйырып:

«Ол Аллаһ – Жалғыз», – деп айт», – деген (Ықылас, 1).

Өйткені, Аллаһ – құдайлық сипаттардың бәріне лайық жалғыз Құдай. Бұл сипаттар Аллаһ тағала ғибадатқа, мақтау-мадаққа, шүкіршілік білдіруге жалғыз Өзі лайық, Ұлы да Пәк, ұлылық пен құрмет Иесі екенін нақтылайды.

Аллаһ тағаланың «әл-Ахад» (Жалғыз) деген есімі – Оның ұлылық пен даңқта, сұлулық пен мақтау-мадақта, даналық пен мейірімділікте және де басқа кемелдік сипаттарында дара екенін білдіреді [3, 301 б.].

Сәмат деп бағзы айтты және

Бір кісі оқуды әдет етсе ғана.

Жоламай ол адамнан шайтан қашып,

Жақындай мәғар етпес әркез оған. [1, 8 б.].

Бұл сипаттарды қай тұрғыда болмасын Оның ұқсасы да, теңдесі де жоқ. Аллаһ тағала Өзінің мәңгілік болмысында, білімі мен күш-күдіретінде, ұлылығында, сұлулығы мен мақтау-мадағында, даналығы мен мейірімділігінде т.б. барлық сипаттарында Жалғыз және аталмыш сипаттардың қай-қайсысында да кемелдіктің ең жоғары сипатына ие.

Аллаһ Тағаланың жалғыздығы мен даралығының көрінісі – Оның әс-Самад екені. Яғни, Ол барлық кемелдік сипаттарының ең биік шыңына ие Кемел Раббы, Ұлы Қожайын. Жаратылыс иелері ол сипаттардың кейбірін жүрегімен де ұғып жете алмайды, сезбен де айтып жеткізе алмайды. Барлық жаратылыс Аллаһқа мұқтаж және қажеттіліктері мен қайғы-қасіреттері үшін Оған шағынады. «Көктердегі мен жердегілер Одан сұрайды. Ол әр күні шұғылдануда» (Рахман, 29) [2, 533 б.].

Аллаһ тағала Бай, мұң-мұқтажсыз, ал жаратылыс иелерінің бәрі де Аллаһтың өздеріне барлық қажеттіні жаратуына, дайындауына және қамтамасыз етуіне мұқтаж. Бұл жанды заттардың ешқайсысы қандай жағдайда болмасын Аллаһқа бір сәтте қажеттілігі түспей тұрмайды.

«Әс-Самад» – кемелдігі, жомарттығы және игілігі үшін бәрі Оған мұқтаж әрі барлық нәрседе Оны қажет етеді дегенді білдіреді. Сондай-ақ, «Ол, тумаған, туылмаған» (Ықылас, 3). Барлық мақлұқтар бір-бірінен туылған және бәрі де қандай да бір материядан жаратылған. Ал ұлылығы шексіз Раббымыз болса, барша нұқсан атаулыдан таза болғаны сияқты бұл сипаттан пәк. Сондықтан да Аллаһ тағала осы пәк болмысы мен теңдесі жоқ кемелдігін нақтылап: «Әрі Оған ешкім тең емес», – деген (Ықылас, 4).

Яғни, Аллаһтың есімдері мен сипаттарында, іс-амалдарында және Оған тән құқықтарда Аллаһқа тең келетін не қатарлас немесе ұқсас ешкім әрі ешнәрсе жоқ.

Аллаһ дербес құқығы екі нәрседен: Ол қай тұрғыдан болмасын барлық кемелдікте дара екенінен және жаратылыс иелерінің бәрі Оған ғана құлшылық етуі тиістігінен тұрады.

Демек, осындай ұлы сөйлемдерді қамтыған сүре Құранның үштен біріне тең саналуға әбден лайықты. Расында да, Құран Кәрімдегі Аллаһтың барлық көркем есімдері мен ең жоғары ұлы сипаттары және Оның іс-амалдары мен сипаттарының үкімдері осы сүреде айтылған есімдердің түсіндірмелері болып табылады. Тіпті Құранда баяндалған барлық сыртқы әрі ішкі құлшылықтар, олардың түрлері мен түсіндірмелері осы сүре мазмұнының түсіндірме-шархы саналады. Аллаһ жақсы білуші. [3, 302 б.].

Көріп отырғанымыздай дінді жетік білген Мәшһүр Жүсіп Көпеев осылай әрбір жолында айтылған өзекті идеясы Құранның негізінен алып, халқын ізгілікке шақырады, ислам қағидаларын ұстанып, Құранды оқып тануға шақырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Құран Кәрім (Ауд. Халифа Алтай). Қазақша мағына және түсінігі.

2 Абай. Қалың елім қазағым. – Алматы: Жалын, 1985. – 322 б.

3 Жүсіп Баласағұн. Құтты Білік (Ауд. А. Егеубаев). – Алматы: Жазушы 1986. – 372 б.

ЖАҒАНДАНУ: ҰЛТТЫҚ КЕЙІПКЕР ТАНЫМЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ОРТА

КАПАСОВА Б. К.

ф.ғ.д, доцент, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

АЛШЫНОВА Г. Д.

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі,

Көп салалы бағыттағы №24 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Қазақ әдебиеті қоғамдағы бар ойды, бар тақырыптарды тәуелсіздік кезеңінде де барынша көркем кестелей білді. Тәуелсіздік кезеңі әдебиетінің ерекшеліктерінің бірі де – бұған дейінгі халық бастан кешкен тарихтың бар сырларын, құпияларын, бар ішкі тынысын ашу болатын. Сондықтан да жаһандық тұтасулар тұсында қазақ әдебиеті әлемнің жаңа бейнесін бойына сіңірген көркем кейіпкерді берді. Тәуелсіздік кезеңі кейіпкерінің бойында бірнеше қайшылықты тұстар жатқан. Бұл ұлттық таным мен жаңа қоғамға қарай тірлік етуге бет алу, жаһандық өзгерістер сырына қану, сол өзгерістерден қалып қоймау, сонымен бірге тәуелсіздікпен бірге келген ұлттық мінез сипаттарын бойда ұстау. Бұған дейін жоғалтқан, талай уақыттар санадан өшірмегенмен, жауып ұстап, жасырып келген қазақы қалыпты барынша ашық көрсету болатын. Бұл өз кезегінде қайшылықты тұстар екені анық. Сондықтан да әдебиеттегі кейіпкер бойынша қарсылық, кейіпкер бойындағы психологиялық иірімдер анық байқалды.

1990-жылдардан бергі шақта қоғамда Кеңестік жүйе ғана ыдыраған соң жаһандық өзгерістер қазақ еліне де ендеп кірді. Таным мен түсініктердегі бұл өзгерістер адам мінезі арқылы көркем әдебиетте бейнеленді. Көркем әдебиеттегі адам мінезінің өзгерісі қоғамның тұтастай өзгерістерімен қатар жүретіні белгілі. Сондықтан да, қазіргі тәуелсіз әдебиеттегі жаһандық біртұтастық адамдар мінезіндегі түрлі бейнелер арқылы көрініп, сане түрлі оқиғалармен, мазмұнмен берілді. Атап айтқанда, адамдар бойындағы өзгерістер Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» шығармасында мейірімсіздікпен ашылса, «Кәрі ат» шығармасында өткеннің қайта орламас күндерін сағыну, М. Мағауиннің «Шақан шерісінде» жаңа қоғамға, жаңалыққа қарсылық мінезімен айқындалды.

Бүгінгі қазақ қоғамының өзінде, өз еркінде билік те, байлық та, күш те, әмір де бар. Бірақ мейірім жоқ. Осы мейірім символы болып адамзат үшін қалыптасқан жүректі перінің қызы Бекторы жүзікке айырбастап тастайды. Жазушы жүзік – жүрек, байлық – кедейлік, мейірім – қатыгездік болып қарсыласқан жаңа әлем бейнесін береді.

Қаламгер біздің тірлігіміздің түкке тұрмайтындығын, адамдар орны өзгертіндігін, барлығының ауыспалылығын айтады.

«Кәрі ат» әңгімесінде тағы тарпаңның адамдар ортасына сыймаған, олардан артық қалпының кішкене кеңістікке өзін байлағыс келмеген бейнесін береді. Жылқы арқылы адамдар да табиғаттан шыққан, бірақ, сол табиғаттың, жаратылыстың сырын ұмытқан қалыптары бейнелері ашылады.

Елдің егемен алған тұсындағы тек жұрт үшін мақсатты алға қойған, халық ісі үшін жан қиятын кейіпкерлер – Шақан-шерілер керектігін көрсетеді. Табиғаттың тазалығын бойға сіңірген, адамдар ортасынан алшақ, қоғам заңдарынан алыс кеткен таным да жаратылыстың жолбарыстарындай мекен үшін, отбасы, ошақ қасынан басталағн кегі ел тідлегімен бірге қабысқан Шақан кейіпкердің ноқтаға, сыймаған еркіндікті аңсаған тағдырын қайта жаңғыртады.

Қоғамдағы ақпараттық әлемнің бір арнаға тоғысуы салдарынан жаһандық тұтасу орын алды. Интернет жүйесі адамдар қоғамын бір ортаға жинады. Бұл адамдар мінезіне, ұлттық мінез ерекшеліктерінің өзгеруіне ықпал етті.

Жазушы кейіпкерді ашарда оның дәл бүгінгі шағын суреттесе де, мейлі өткен кезін айтумен ғана шектелсе де – бұл араға қойылар ешқандай да шек жоқ. Әдебиеттің мысалдарынан мәлім, – қоғам, өмір дамуының белгілі бір кезеңінің ақиқатын сипаттауға арналған көркем шығарма сол кездің дәл өз тұсында да туады, арада біршама мерзім өткен соң кейін де дүниеге келеді. Қалай болғанда да, сонда шындықтың бір бұлжымайтын заңы бар. Ол – кейіпкердің ой дүниесінің, түсінігінің, арман өрісінің сол кейіпкер өзі жасаған кездің болмысына сай болуы.

Отарбаевтың «Қытайдан келген сәлемдеме» деп аталатын әңгімесінде 20-ғасырдың ортасындағы Қытайдағы азаттық қалаған Оспан батыр бастаған көтеріліске қатысқан Өмірбайдың тағдыры туралы. Өмірбай Қытайдан 20-ғасырдың алпысыншы жылдарында ел бері көшенде туған елге оралады. Сол шақта оның Оспан батырдың қасына ергені туралы дерек шығып қала ма деп, жанын сауғалап, балалары бар екендігін, отбасылы екенін, әйелі туралы бар деректі жоққа шығарады. Әйелі Әсемай мен екі ұлын бас амандығы үшін тастап қашады. Елге оралып, қазақ елі тәуелсіздік алған жылдары екі ортадағы байланыс қайта жанданады. Қытайдағы елге барған жақын інісінен Әсемай сыйға тон, әйеліне көйлек, магнитофон жібереді. Сол магнитофонға жары Әсемайы сәлемдеме таспасын да жібереді.

Жазушы кейіпкер жанындағы өзгерістерді біртіндеп шығарады. Алғашқы Қытай асап кетіп, мол олжамен келген Тақай туралы деректен бастайды. Қытай туралы естісе жүрегінің қозғаларын не себепті екуендігін келесі оқиғалар арқылы біртіндеп, шымшымдап жеткізді. Әйелі үшін Қытайдан келген Тақайдың жаңалығы әкелген тауары болса, кейіпкер үшін мүлде басқа. Дүние жайы емес, қартайған жанның, өміріне есеп бере бастаған шақтағы еске алары басқа екенін суреттерде жазушы тәсілі де бөлек. Қаламгер кейіпкер мен әйелін және ала бұзауды қатар қояды. Енесіне ұмтылған бұзауды деталь етіп ала отырып, келесі оқиғаларды біртіндеп шығарады [2].

Жазушы Р. Отарбаевтың «Аспандағы ақ көбелектер» деп аталатын шығармасының кейіпкері Дәурен – жалғыз шешесі бар, жалқы жігіт. Өз күнін өзі көріп, қалаға барып, базарға тұрып, сауда жасап, еңбегімен күн елетеді. Сол базарда су сататын күлімдегенде бетінің шұңқыры жүзін одан да сұлу ететін, аға-жеңгесінің қолында тұратын Әлиманы жақсы көреді. Бірақ сол базарды ұстаған, байлығы асып не істерін білмей жүрген байдың ерке қызы Сырғалының қақпапына түсіп қалады. Сөйтіп, Сырғалысы Дәуреннің сүйгені Әлиманы ұлап өлтіреді.

Қаламгер Дәуреннің тағдырын сол кездегі барлық ауыл балалары тағдырымен бірге алады. Ер жетіп, өз күнін өзі көруді шешкен Дәуреннің базарға келіп, сауда жасауы, сол сауданы игеріп алып кетіп, шиарқтығымен көзге тоусуі, сол базарда жүріп жетім қызға ғашық болуы – барлығы да сол кезеңнің көпке таныс суреттері болатын. Дәуреннің тірлікті мүлде басқа жолмен бастауына да мінезі мен пысықтығының жөні бар еді. Бірақ тірлік деп аталатын тылсым күш алдаудан бастатады. Тауары өтуі үшін елді алдап, тиын санауды үйренеді. Оның осы пысықтығын базар басшысы да байқайды. Саудасын жасап, тірлігін өз шамасы жеткенше атқарып жатқан жігіттің бақытты боларына сенер едік. Бірақ заман басқа. Шығармадағы оқиғаның адамдар арасындағы қаытнас өзгерген нарықтың тар кезеңі болғандықтан да кейіпкердің өзі де алдайды, өзі де алданады. Уақыт талабы сондай. Жазушы осы тұсты көркем берген [3]. Жазушы қоғамның кесірін ғана емес, жаһанның айналмалы дөңгелегімен айналып кеткен қазақы танымның өзгергенін ғана жазбайды, күштінің әлдіге не істесем де болады деген заманы туғанын жазады. Бұл да жаһанның бір кесапты болатын. Дәуреннің де қолынан ештеме келмейді. Бұған дейін адал еңбекпен, адал жармен бақытты өмір сүріп, Жарбайдағы анамды қолға аламын деген тәтті үмітпен жүрген Дәуреннің бейнесін

шығармадағы алда болар оқиғаға қозғау салар кемпір мен оның соңындағы шал бейнесі жандандыра түседі. Бұлар өткеннің қайта оралмасын білдіреді. Ал болашақ белгісіз. Ол қазақ үшін күмәнді сияқты. Тек жарқыллы бар дүние байлығы бар, қолында бар билігі барға ғана бұйыратындай. Ал ешкімі жоқ, бақытты болуға лайық Әлима жеті айлық іштегі сәбиміне бұл дүниені тастап кете береді.

Р. Отарбаев шығармаларында қазақ халқының алдында тұрған жаңа замандағы үлкен бір белестен өту туралы мәселелер мол көтерілді. Солардың бірі «Американың ұлттық байлығы» деп аталады. Шығарманың тақырыбы жасынан еркін өскен, бірақ қазақы тәрбиемен өзгенің ғана емес, өзіне де көп батып сөз айта бермеген, малының амандығы үшін шиебөрілерді атқан Қошалақтың жайы туралы. Жазушы шығармадағы Қошалақтың өміріндегі үлкен оқиғалардың бір ретінде оның үйленер кездегі құда-құдағиға салатын жеңі бар көйлектің орнына жағалы киім деп, құдағиға орамал дегеніне камзол деп қарсы келген, басқа қарсылық жасап көрмеген Қошалақтың жасы бел ортаға келгенде шиебөірлер үшін жазықты боламын ба деген күдігінің өзі де біздің әлемдегі басқа елдер арасындағы орнымыз бен мәнімізді ашып беретіндей.

Ауылдасы әрі балдызы Жетестің шиебөріні атуға болмайды, оларды Америка біздің елге көбейту үшін жіберген, көбейген соң олар өздеріне әкетеді. Оларды қорғайтын заң бар, сондықтан атқан адам жауапқа тартылады деген сөзіні естіп көңілі бұзылады. Алыстағы Америка да әр жерге, әр елге жіберген аңдарын да, құрт-құмырсқасын да қорғай алады екен. Ал солар үшін кінәлі болып, жазықты атанса, Қошалақты қорғай алатын біреу бар ма? Жазушы сұрағының айтары мол. Біздің әлемдегі орнымыз қандай, беделіміз нендей? Осы сұрақтар Қошалақты ғана емес, әрбірімізді ойлантып қояды.

Жазушы Р. Отарбаевтың «Американың ұлттық байлығы» әңгімесінің идеясы бүгінгі заманның бар суретін береді. Ғаламдасу мен жаһандық тұтасу кімдер үшін пайдалы? Кімдер үшін пайдасыз? Осы идеяны жасаушы кім? Бұл идеяның қазаққа берері не? Осы сұрақтар арқылы күшті мен әлсіз, мықты мен жалтақ, дамушы мен артта қалушы деген тұстарды ойландырады. Жазушының суреттеуіндегі шиебөрінің басқа-басқа емес, Американың ұлттық байлығы ретінде өзгеден артық болуының жөні де бар екен. Бірақ қазақ үшін шиебөріден артық бөрісі бар еді. Сол бөріден айырылып, идеядан айырылып, өзгенің қаңсығын, кемін, әлсізін қолпаштап отырған шарасыз жайын аңғартады.

Ұлттық байлық әр ұлттың өз идеясы. Бұл идеяны көтере білген, оны қорғай білген ұлт қана ғаламдасуға еркін ене алады. Жаһандық тұтасуға жете алады. Бұл үшін білім мен еңбек керек, әр іске төлзім керек. Жазушы алыстағы отарда қой бағып, қойына шапқан шиебөріден көресіні көрген қойшының жайын суреттей отырып, кең көлемдегі тақырыптың идеясын ашады. Қойына шапқан шиебөріні қорғайтын тым-тым алыстағы елі бар екен. Ал қазақтың даласында мал бағып жүрген Қапарды қорғайтын кім бар екен? Қапардың қорғаушысы кім екен? Қойшының санасына осы сұрақты жеткізе келіп, қазақ даласының, қазақ елінің әлемдегі орны қалай еді? Шиебөрі кім еді? Бөрі кім еді? Осы сұрақтар алға тартылады. Тәуелсіздік дегенімізбен де ендігі тәуелсіздіктің қиындығы - әлемдегі тәуелсіздікке ұмтыла білуде, әлемдегі жаһандағы еркіндікке ұмтыла білгенде деген идеяны алға тартады. [4].

Тәуелсіздік кезеңі әдебиетінің басты ерекшелігі – еркіндігі мен бостандығында болды. Тақырыптағы ойдың еркіндігі мен кейіпкер бойындағы әр ойды ойлай алуға, кез келген іске араласа алуға деген мүмкіндік осы кезең шығармаларының басты ерекшеліктерінің бір. Сондықтан да тәуелсіздік кезеңі әдебиетінде қазақ тарихының ақтандақ тұстары, тарихтағы тұлғалар, сонымен бірге бұған дейін қазақ әдебиеті қозғай алмаған тұстар әдебиетте жаңаша өрнекпен көрінді.

Қазақ елінің әлі де әлемнің алпауыт елдері алдындағы әлсіздігі мен дәрменсіздігі ашық жазылды. Американың еркін ел ретіндегі әлемге танымалдығы сол құрлыққа аяқ басқан 16-ғасырлардан басталады. Ал қазақ тарихындағы еркіндікке бар-жоғы отыз жыл ғана уақыт толды. Бір ұлт үшін әлі талай қиындықтар мен күрделі сәттер алда екендігі жазылды. Бұл ұлттық таным мен жаңа қоғамға қарай тірлік етуге бет алу, жаһандық өзгерістер сырына қану, сол өзгерістерден қалып қоймау, сонымен бірге тәуелсіздікпен бірге келген ұлттық мінез сипаттарын бойда ұстау. Бұған дейін жоғалтқан, талай уақыттар санадан өшірмегенмен, жауып ұстап, жасырып келген қазақы қалыпты барынша ашық көрсету болатын. Бұл өз кезегінде қайшылықты тұстар екені анық. Сондықтан да әдебиеттегі кейіпкер бойынша қарсылық, кейіпкер бойындағы психологиялық иірімдер анық байқалды.

Қорыта келгенде, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасында жаһандық мәселелер ғана емес, қазақ елінің сол жаһандық тұтасудлардың бір бөлшегі екендігі суреттелді. Жаһандық тұтасулар тұсында әлемнің қазіргі дамыған, өзгеше қарқын алған дамуында қазақтың бір бөлшегі болып өзін-өзі сақтап қала алуының қауіптілігі де айтылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әсемқұлов Т. Шығармалар жинағы. Т. 5. – Алматы: Фолиант, 2010. – 386 б.
- 2 Отарбаев Р. Қытайдан жеткен сәлемдеме <https://alashainasy.kz/proza>.
- 3 Отарбаев Р. Аспандағы ақ көбелектер <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/20842>.
- 4 Отарбаев Р. Американың ұлттық абйлығы <https://abai.kz/post/43571>.

ЖАЗУШЫ АСҚАР АЛТАЙДЫҢ «ҚАЛАДАҒЫ ҚҰТПАНДАР» ПОВЕСІНДЕГІ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК РЕМИНИСЦЕНЦИЯ

АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М.

PhD, доцент, Еуразия гуманитарлық институты, Нұр-Сұлтан қ.

Қазіргі қазақ прозасында қала тақырыбы өрісін кеңге жайып, даму үстінде. Дүкенбай Досжан, Асқар Алтай, Роза Мұқанова, Айгүл Кемелбаева, Дидар Амантай сынды жазушылардың шығармаларында қала адамдарының бейнесі жан-жақты ашылып, қаладағы тыныс-тіршілік, дүниетаным айқын суреттелген. Жоғарыда аталған жазушылардың шығармаларында қала модельдері «қала – іс-әрекеттер орын алатын кеңістік», «қала – астана», «қала – жаңа мемлекеттің символы» ретінде көрініп, гуманистік сипатқа да, енді бірде «қала – жоқшылық», «қала – қатігездік», «қала – оқшаулану» модельдерінде көрініп, теріс сипатқа да ие болып отыр.

Жазушы Асқар Алтайдың «Қаладағы құтпандар» повесінде қаладағы тіршілік иттердің көзімен беріледі. Әлем әдебиетінде қоғамдық өмірді үй жануарларының көзімен бейнелейтін шығармалар жетерлік. Мәселен, Э.Т.А. Гофманның «Мурр мысықтың тұрмыстық көзқарастары» (1819, 1821) романын, М.А. Булгаковтың «Ит жүрегі» (1925) повесін, Г. Троепольскийдің «Ақ Бим Қара құлақ» (1972) повесін атауымызға болады.

Жазушы Асқар Алтайдың «Қаладағы құтпандар» шығармасында «Ала төбет», «Тік құлақ», «Сары тазы», «Торшолақ», «Ақ қанден» деп аталатын иттердің өмірі туралы баяндалады. Тағдырдың тәлкегімен үй жануарлары қаңғыбас иттерге айналып, аштықтың, адамдар тарапынан орын алатын қорлық пен сатқындықтың куәгері болады. Иттердің басынан өткен қиындықтарды сипаттай отырып,

жазушы адамдардың рухани кереңдігі, қатыгездігі, басқаға деген жанашырлығының жоқтығы сияқты мәселелерді көтереді. Егер адамдардың немқұрайлылығы болмаса, иттер өз иелерімен бақытты болар еді деген ойды алға тартады. Шығармадағы иттер адамдарда жок адалдық, «адамгершілік» сияқты моральдық қасиеттерге ие.

Иттердің бойындағы «адамгершілік» қасиеттер адамдарға қарағанда көбірек көрінеді. Иттердің бойындағы «адамгершілік» қасиеттер адамдардың тек иттерге ғана емес, сонымен бірге басқа адамдарға да немқұрайлылық, қатігездік, дөрекілік сияқты қасиеттерді танытуымен салыстырылады.

«Қаладағы құтпандар» повесінен тарихи-әлеуметтік реминисценцияның үлгісін де байқауымызға болады. «Әдебиеттануға кіріспе» еңбегінде реминисценция терминіне төмендегідей анықтама берілген: «Реминисценция – (көне лат. Reminiscentia – еске түсіру) – еске түсіру, жаңғырту. Поэтикалық шығармадағы басқа шығарманы еске түсіретін белгілер; әдетте – автордың басқа біреудің образын, мотивін, стилистикалық құрылысын, интонациялық ырғақты қозғалысын бейсаналы түрде алуының нәтижесі. Қазіргі өнерде оқырманның (тыңдаушының) есте сақтауына және ассоциативті қабылдауына арналған саналы қабылдау ретінде кездеседі» [1, 48 б.]. Ал, тарихи реминисценция тарихи оқиғаларды еске түсіруімен ерекшеленеді.

XX ғасырдың аяғында қазақ қоғамында орын алған ірі саяси үрдістер біз зерттеу нысанына алған «Қаладағы құтпандар» повесінде нақты айтылмай, реминисценция әдісі (еске түсіру) арқылы берілген. Мәселен, иттердің қардың астынан қыз бен жігіттің өлі денесін табатынын бейнелейтін сюжет 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын еске түсіреді. Себебі, осы оқиғаға дейін автор иттердің жатақхана маңына қалай келгендігін («Іңір қараңғысымен ілесе келгендей төрт ит жастар мекен еткен, ығы-жығы салынған жатақханалардың жанына жақындаған» [2, 31 б.]) және екі жастың бейбіт өміріне куә болғандығын («... жас қайындар түбін жанамалай өткен соқпақ бойында екі адам қайыңға сүйене құшақтасып тұр. Қыз бен жігіт... Оларға аяз да, ақ нұрлы ай сәулесі де әсер етпейтін секілді» [2, 32 б.]) сипаттайды. Повесте іс-әрекеттер болып жатқан қаланың атауы нақты айтылмаса да, оқырман повестегі оқиғалардың 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы орын алған Алматы қаласында өтіп жатқандығын бірден түсінеді: «Қала сыртындағы, тау бауырындағы тоғай арасы жаймашуақ...» [2, 13 б.]. Сонымен бірге, мұрағаттық құжаттардан Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды тарату үшін қызметтік

иттердің қолданылғандығын және Желтоқсан қатысушыларының көбін қала сыртындағы орманға апарғандығын білеміз.

Повестегі тарихи реминисценциялардың едәуір бөлігінің өмірбаяндық сипатқа байланысты енгендігін де байқауға болады.

«Қаладағы құтпандар» повесінің өмірбаяндық реминисценциялары шынайы өмірде болған тарихи оқиғаға негізделген. Жазушы Асқар Алтай өз өмірбаянында Желтоқсан оқиғасына қатысқандығын және жертөледе жасырынып қана тірі қалғандығын айтады. Повесте де иттердің «ұра-подвалға» келетін сәгін суреттейтін эпизод бар: «Түссіз түнек... ұра-подвал жып-жылы екен. Ішінен өткен жылу құбырлары жылытып-ақ тұр. Мұндай жылы жерге тап болған иттер аш та болса көңілдері тоғайып қалғандай» [2, 26 б.]. Осылайша, шығармадағы тарихи реминисценциялар XX ғасырдың соңындағы қоғамдық өмірдің кең панорамасын жасайды.

Повесте қайта құру кезеңінде орын алған әлеуметтік мәселелер де қарастырылады:

1 Ерлі-зайыптылар арасындағы адалдықтың болмауы. Шығармада ала күшіктің бұрынғы иесінің үйленген бола тұра, аптасына екі, кейде бір рет үлкен қалаға келіп, жас қызбен кездесетіндігі баяндалады: «Иесі орта жасқа кеп қалған адам. Өңі суық. Өте таза, мінсіз киініп жүреді. Машина тоқтағаннан сәл уақыт өтпей-ақ әлі уыздай бойжеткен есікті ашып, алдыңғы орындыққа жайғасады. Қала сыртындағы, тау бауырындағы тоғай арасы жаймашуақ... Жеңіл машина және бұл үшеуі осы арада ұзақ болады... Кейде иесі ала күшікті қыз отыратын алдыңғы орындықтың қуысына тастайтын. Ал өздері артқы креслода түн ортасы болғанша бірге болатын...» [2, 13 б.].

2 Ата-анаға деген мейірімділіктің болмауы. Ақ канденге мейірімін төккен иесі өзінің туған балаларының мейіріміне зәру болып, ақыр аяғында өзі өмір сүрген пәтерде көз жұмып, денесі бірнеше күн пәтерде жатып қалады. Повестегі кейіпкерлердің іс-әрекетінен кемпірдің өмірден өтуінің тек ақ канденге ғана қатты әсер еткендігін байқау қиын емес: «Адамдарға деген жүрегі суып, жалғыз өзі көше-көшенің қалтарыс жерлерімен тайып отырды» [2, 20 б.].

3 Маскүнемдік. Тік құлақтың бұрынғы иесі маскүнем болатын: «Ішімдіктен бір ауруға шалдыққаны шындық... Оның қандай ауру екенін ит қайдан ұқсын? Ит қой» [2, 23 б.]. Иесінің кезекті тепкісіне шыдамаған Тік құлақ үйінен қашып кетеді: «Бұған дейін талай тепкі көрсе де, талай таяқ жесе де кектеніп көрмеп еді иесіне ит» [2, 23 б.]. Осы оқиғадан кейін біраз уақыт өткен соң ит үйіне оралғанда,

үймен бірге иесінің де өртеніп кеткенін біледі: «Тік құлақ иіс тартып біраз тұрды. Иесінің өзіне ғана тән күшік кезінен таныс иісін іздеген. Иесіне тән иіс бұл қанша құмартса да сезілмеді. Өз тәнімен бірге кеткен де... күйік иісі ғана қалған да... Көңілді құлазытар, жүректі көтерер күйік» [2, 24 б.].

4 Жастардың есірткіге тәуелділігі. «Ұзын бойлы үстел үстінен кесектеу нан алып Тік құлақтың аузына тістетті де, өзі бұйрабастың қолынан шприцті алып, оның екінші білегін түргізіп, барлаудан күре тамырын оңай тауып салды. Бұл кезде қыз да білегін дайындап отыр еді. Әлгі шприцпен қызға да, өзіне де қойды» [2, 29 б.].

5 Қылмыс. Иттер қармен жабылып қалған арықтың ішінен қыз бен жігіттің өлі денесін тауып алады: «Торшолақ қар астынан қарайып жатқан алақандай нәрсені иіскелеп, тісімен тартқылай бастады... Арық ішінде адам жатыр екпегінен... Шашы арқасын жапқан бойжеткен... Оның қара етік киген балтыр жағымен айқаса екінші адамның қар астынан аршылмаған денесінің белгісіндей болып тағы екі сирақ шығып жатыр... Қорқынышты көрініске иттер де үрейлене әрі таңырқай қарайды» [2, 33 б.].

6 Ананың қатігездігі. Повесте туған баласын далаға тастап кететін ана бейнеленеді: «Әйел адам ақ көрпемен ораған қолындағысын аялдамадағы орындық үстіне қоя салып, асығыс тастай жүргірді... Артында қалып бара жатқанға бұрылып, көз де салған жоқ!» [2, 46 б.]. Осылайша, әйел адам жаңа туған нәрестесін тастап кетеді.

Жазушы Асқар Алтай бес иттің тағдыры туралы айта отырып, бүгінгі күні өзекті болып отырған жалпы адами маңызды мәселелерді де, әлеуметтік мәселелерді де көтереді. Автор өзіміз күнде көріп жүрген оқиғаларға басқа тіршілік иесінің көзімен қарауға мүмкіндік береді.

Осылайша, «Қаладағы құтпандар» повесіне тарихи-әлеуметтік реминисценция тұрғысынан талдау жасау арқылы мынадай мәселелерді анықтадық:

1 XX ғасырдың аяғында қазақ қоғамында орын алған нақты тарихи фактілерге сілтеме түрінде ұсынылған тарихи-әлеуметтік реминисценциялар шығарманың көркемдігін күшейтеді және баяндаудың тарихи-әлеуметтік алғышарттарын жасайды, бұған қоса автор бұл оқиғалар туралы өзінің жеке пікірін білдірмейді.

2 Географиялық сипаттағы тарихи-әлеуметтік реминисценция шығарманың хронотопын ұйымдастырады.

3 Повестегі өмірбаяндық реминисценциялар іргелі және бірінші кезекте автордың өміріндегі нақты оқиғалармен байланысты, бірақ автор шығармада өзінің сезімін тікелей білдірмейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Введение в литературоведение (теория литературы): учеб.-метод. пос. / сост. А.Н. Безруков. – Изд. 5-е, доп. – Бирск: Бирск. гос. соц.-пед. акад., 2009. – 180 с.

2 Алтай А. Киллер сауысқан: повестер мен әңгімелер. – Алматы: Арда+7, 2013. – 400 б.

ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ «КӨРКЕМДІК ӘЛЕМ» МӘСЕЛЕСІ

АСАИНОВА А.

«Көркемдік әлем» мәселесі әдебиеттану ғылымында жиі көтеріледі. Бірақ осы «Көркемдік әлем» ұғымын дәл сипаттау өте қиын, өйткені ол кең және әркім оны білім мен білігіне байланысты әр түрлі түсінеді. Осы терминнің айналасындағы қарама-қайшылық әлі де жалғасуда. Көркем әлем идеясы әдебиет теориясына негізінен, XX ғасырдың 1920–1930 жылдары енген.

«Көркемдік әлем» терминімен қатарласа «поэтикалық шындық», «поэтикалық әлем» және т.б. терминдер қатар қолданылуда. Осы «Көркем әлем», «поэтикалық әлем», «көркем шығарманың ішкі әлемі» терминдері бірдей мағынаға ие. Бір тұжырымдаманың мағыналас нұсқалары ретінде қолданылуда.

Көркем шығарманың ішкі әлемі, ең алдымен, кеңістік пен уақыттың ерекше заңдылықтары арқылы ашылады, сондықтан көркем әлемін талдау, ең алдымен, жұмыстың кеңістік-уақыттық ұйымдастырылуын талдау болып табылады.

Көркем әлем ұғымын анықтайтын бірнеше терминдердің ішінен «поэтикалық әлем» терминіне артықшылық берген пікірлер де бар. «Поэтикалық» анықтамасы «поэзия» сөзіне ғана емес, «поэтика» сөзіне де сәйкес келетіні өте маңызды болып көрінеді, өйткені шығарманың ішкі әлемінің ерекшеліктері оның поэтикасының нақты ерекшеліктерімен көрінеді. Оларға жанрлық ерекшелік, сюжеттің өзіндік ерекшелігі, композиция, субъективті ұйымдастыру және т.б. жатады.

Бірақ, Ф. П. Федоровтың пікірінше: «Көркем әлем - бұл көркем әдебиеттің, қиялдың, көркемдіктің тікелей қатысуымен құрылған екінші ойдан шығарылған шындық. Бұл жұмыста бейнеленген нәрсе, жүйе, нақты әлеммен толығымен байланысқан бейнелер жиынтығы.

- адамдар;
- оқиғалар;
- табиғат;
- заттар;
- уақыт пен кеңістік» [1, 3].

Шығарманың көркемдік әлемі авторға, оның мінезіне, өмірлік тәжірибесіне, өмір сүрген дәуіріне, шығармашылық әдісіне байланысты. Алайда, оның жеке туындысының көркемдік әлемі туралы ғана емес, жазушының шығармашылығы туралы да айтуға болады.

Әдеби шығарма – бұл қиялдың күшімен автор жасайтын шындықтың ерекше бейнесі. Гумбольдттың пікірінше, «...ақын ондағы кездейсоқтыққа негізделген ерекшеліктерді жояды, ал қалғанының бәрін тек өзіне ғана тәуелді болатын қарым-қатынасқа әкеледі...» [2, 16].

Әдебиеттанушы Д. С. Лихачев өзінің «Көркем шығарманың ішкі әлемі» атты мақаласында (1968) көркем әлемді зерттеу өте маңызды, өйткені шығарманы терең, жан-жақты түсіну соған байланысты екендігін айтқан.

Зерттеуші көркем шығарманың ішкі әлемі – бұл өзіндік мағынасы мен заңдылықтары бар жүйе деп мәлімдейді. Оның пікірінше, көркем әлем нақты әлеммен тығыз байланысты және әр жұмыстың өзіндік кеңістіктік және уақытша сипаттамалары, өзіндік әлеуметтік және психологиялық тіректері бар. Көркем әлемнің тағы бір маңызды ерекшелігі, ғалымның пікірінше, нақты әлемді шектеулі, қысқартылған нұсқада шығару.

Д. С. Лихачев: «Шығарманың көркемдік әлемі шығарманың идеялық жағын оның сюжеті, фабуласы, интригасы сипатымен біріктіреді. Ол шығарманың тілдік стиліне тікелей байланысты. Бірақ ең бастысы: ауызша шығарманың көркемдік әлемі шығарманың немесе автордың жалпы стилімен, әдеби бағыттың стилімен немесе «дәуір стилімен» анықталатын ішкі бірлікке ие» деген [2, 18].

Ю. М. Лотман қаламгердің поэтикалық әлемін зерттеген мақаласында көркемдік әлемді шығарманың тілімен тығыз байланыстырады. Осылайша, Лотман жазушының барлық мәтіндерінің жиынтығын бір мәтін ретінде қарастыру идеясын ұсынады. Бұл жазушының көркемдік әлемін түсіну үшін белгілі бір шығармамен шектелуге болмайды дегенді білдіреді. Өйткені, жазушының көркемдік әлемі – бұл мотивтер мен поэтикалық формалар деңгейінде айқын көрінетін өзіндік қарым-қатынасы бар жүйе.

Ю. М. Лотманның ақынның немесе жазушының бүкіл шығармашылығының көркемдік әлемінің динамикалық тұтастығы туралы идеясын дамыта отырып, Ф. П. Федоров осы бірліктің қозғалғыштығын баса айтады. Ол үнемі қозғалыста, қатып қалған нәрсе емес. Бұл «тұтастықты» құру мақсатымен үздіксіз өзгеріс болатын динамикалық жүйе; көркемдік әлем жүйе ретінде бір-бірімен байланысты және бір-біріне тәуелді емес көптеген микрожүйелерден тұрады; бұл микросистемалардың өзгеруі, олардың қарым-қатынасы, өзара әрекеттесуі көркемдік әлемнің процедураларын тудырады; қандай да бір мағынада көркемдік әлем – бұл өсіп келе жатқан ағзаның жүйесі» [1, 22].

Сонымен «көркем әлем» деген терминге берілген анықтамалар нақты дәлдікті білдірмейді. Зерттеуші поэтиканы әлемнің және тұлғаның көркемдік тұжырымдамасының тасымалдаушысы болып табылатын көркемдік шындықты құрудың принциптері мен ерекшеліктері, әдістері мен құралдары (жанр, композиция, шығарма тілі сияқты) ретінде түсіндіреді» [1].

Осыған сүйене отырып, көркем әлем, ең алдымен, жазушының стилі мен поэтикасы деп айтуға болады.

Жоғарыда келтірілген дәйексөздер мен анықтамаларға сүйене отырып, бұл тұжырымдаманы кең және тар мағынада түсіндіруге болады деп қорытынды жасауға болады.

Көркемдік әлем туралы зерттеулер орыс әдебиеттанушы ғалымдары тарапынан зерттеуге көп ілінген. 1987 жылғы зерттеуде «Шығарманың көркемдік әлемі» деген сөз сөздіктер мен энциклопедияларға әлі енген жоқ бірақ әдебиеттану саласында белсенді қолданыста, бірқатар мақалалар мен монографиялық зерттеулерде көрініс тапқандығы айтылады. Белгілі бір қаламгердің көркемдік әлемі туралы жазылған зерттеулер қатарында «Достоевский әлемі» (1980), «Көркем әлем туралы» (1985), «Чехов әлемі» (1986) сияқты зерттеулерді айтуымызға болады. Бұл тақырыптағы зерттеулерді әлі де тізе беруге болады. Бірақ біздің мақсат еткеніміз ол емес.

Д. Е. Максимовтың еңбегінде «шығарманың көркемдік әлемі» поэтикалық әлемді, белгілі бір жүйе ретінде қарастырады: «лирикалық тақырыптармен, сюжеттермен, символдармен, мифологемалармен – поэтикалық түрде ұйымдастырылған «үйлесімді тірі құрылым» [3, 41].

1990-2000 жылдардағы зерттеулер көркемдік әлем туралы осы тұжырымдарды жалғастырады. Шығарманың «көркемдік әлемі»

көркем ойлаудың ажырамас бірлігі және оны жүзеге асырудың көрсеткіші болып табылады. Бұл тек ұстаным ғана емес, сонымен бірге іске асыру» [4, 226], – дейді А.Ф. Лосев. Оқырман бірден анықтайтын көркем әлемнің құрылымы туралы «Көркем әлем – бұл, алдымен автордың, содан кейін оқырмандардың қиялымен және сана-сезімімен құрылымдалған, әлемнің бейнесін біріктіретін көркем шындық идеясы және оның ұтымды, иррационалды, ықтималды, виртуалды нұсқалары» деген [5, 47].

Е. И. Диброва «көркем әлем» ұғымында ең бастысы, көркем образдарда бейнеленген көркем оқиға құрылысы дегенді айтады. Зерттеулерде «шығарманың көркемдік әлемі» ұғымы дискурс мәртебесіне ие болады – үш жақты коммуникативті оқиға: автор – кейіпкер – оқырман. Соңғы уақыттағы теориялық еңбектерде «көркем әлем» ұғымының мазмұны ғана емес, сонымен бірге оның «компоненттік құрамы» да көрсетілген.

Біраз зерттеушілер көркем әлемді қарастыру кеңістік-уақыт ерекшеліктерін, оқиғаларды зерттеуді қамтитынын айтқан. Демек, сюжет, жағдай, жанжал, мотив, сюжеттік схема, сонымен қатар тип, прототип, рөл, кейіпкерді және олардың функцияларын – сюжетті дамытуға қажетті әрекеттерді талдауды қамтиды.

Шығарманың көркемдік әлемін зерттеумен айналысатын ғалымдардың теориялық еңбектері соңғы онжылдықтардағы докторлық және кандидаттық зерттеулердің тұжырымдамалық ережелерінің негізіне айналды. Е. Н. Чепорнюк «В. М. Шукшин романдарының көркем әлемінің ерекшеліктері» (2008) кандидаттық диссертациясын атап өткен жөн, онда автор көркем әлемнің құрылымдық компоненттеріне назар аударып, «автордың бейнесі мен баяндау құрылымын, кейіпкерлердің бейнелерін, портретін, пейзажын, кеңістік - уақыттық ұйымын, пәндік әлемді» сипаттайды.

Сондай-ақ И. Ю. Роготневтің «М. Е. Салтыков-Щедриннің көркем әлеміндегі күлкі мәдениетінің әмбебаптығы» зерттеуі де осы тақырыпқа жазылған (Пермь, 2009).

Орыс әдебиеттану ғылымына шолу жасағанымызда, көркемдік әлем тақырыбына біраз зерттеулерді кезіктірдік. Осы тақырыпта қазақ әдебиеттану ғылымында да біршама зерттеулер жазылыпты.

Солардың қатарында қазақ қаламгерлерінің шығармалары, авторлық стильдік ерекшелігі туралы жазылған зерттеулерді айтуымызға болады. Ұлы Абайдың, М. Әуезовтің, Ғ. Мүсіреповтің және басқа да ұлы тұлғалардың көркемдік әлемі осы тақырыптағы зерттеулерге арқау болған.

Қазақ әдебиеттану мен стилистика ғылымындағы Б. Майтановтың «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы» (Алматы, 2001), Ж. Е. Балтоғаеваның «М. Жұмабаев поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері», М. Н. Баратованың «Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі» (Павлодар, 2010), Д. Әлкебаеваның «М. Жұмабаев поэзиясындағы тілдік ерекшеліктері» (1994), Л. Еспекованың «Қ. Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер» (Алматы, 1998), С. Асқарованың «Т. Молдағалиев лирикасының тілі» (1999), А. Қазанбаеваның «М. Мақатаев лирикасының лексика-грамматикалық ерекшеліктері» (2001), Қ. Тілешованың «Бернияз Күлеев шығармаларының стилі мен тілі» (2004) тақырыбындағы зерттеулер көркемдік әлем жайлы жазылған зерттеулер қатарын толықтыра түскен.

Тақырып бойынша жазылған зерттеулерді саралай келе, көркемдік әлем туралы, белгілі бір қаламгердің көркемдік әлемі туралы зерттеуде нені қарастыру керек екендігін анықтадық.

ӘДЕБТЕТТЕР

1 Федоров Ф. П. Романтический художественный мир: пространство и время Рига: 1988. – 413 с.

2 Лихачев Д. С. Историческая поэтика русской литературы – М.: Алатай, 1997- 158 с.

3 Максимов, Д. Е. Идея пути в поэтическом мире Ал. Блока / Д. Е. Максимов // Поэзия и проза Ал. Блока. – Л.: Сов. писатель. – Ленингр. отдние, 1981.– С. 6–151.

4 Лосев, А. Ф. Проблемы художественного стиля / А. Ф. Лосев. – Киев: Collegium, Киевская академия Евробизнеса, 1994. – 288 с.

5 Савельева, В. В. Художественный текст и художественный мир: проблемы организации / В. В. Савельева. – Алматы: ТОО «Драйк-Просс», 1996. – 192 с.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АУБАКИРОВА М. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Бірлік негізгі мектебі, Ертіс ауд., Павлодар обл.

Қазақ хандығының құрылуымен ежелгі түркі поэзиясының жаңа қоғамдық-саяси жағдайдағы дәстүрлі жалғасы ретінде қазақ жыраулар поэзиясы қалыптасып дамыды.

Қазақ хандығының құрылуымен оның әдебиеті, әдеби тілі қалыптасуға бет алды. Қазақтың сөз өнері жыраулар шығармашылығы түрінде көрінді. Жыраулық өнер өзінің көне түркілік тамырын сақтай отырып, жаңа қоғамдық жағдайда ұлттың тарихымен, мәдениетімен, өнерімен байланыста жалғасын тапты. Қазақ жыраулық өнері ХҮІ-ХҮІІІ ғасырларда ерекше дамыды. Фольклормен қатарласа дамыған жыраулар поэзиясы бірте-бірте даралық сипаттағы жазба әдебиетке тән үлгілерді бойына сіңіріп дами бастады. Қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің мұрасы мен ежелгі түркілік поэзия негізінде қалыптасып дамыған жыраулар шығармашылығы – қазақ әдебиеті тарихының құнды бір саласы. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы әдебиетті жасаушылар – жыраулар. Мұнда жыраулардың шығармашылық тұлғасы хандықтың құрылуымен ғана пайда болған жоқ. Қазақ хандығының құрылуымен тарихи аренаға шыққан, қазақтың төл әдебиетінің басы болған жыраулар поэзиясының сусындаған арнасы ежелгі түркі әдебиеті еді. Жаңа мемлекеттің құрылуымен халықтың мәдениеті мен әдебиеті де жаңаша бағытта дамыды. Жыраулардың шығармашылық тұлғасы олардың өз кезеңіндегі әлеуметтік қызметімен тікелей байланысты еді. Жаңа құрылған мемлекеттің әлеуметтік-саяси, қоғамдық өмірінде жыраулардың рөлі белсенді болды. Жыраулардың поэзиясына негізгі арқау болған жер, елді қорғау, ерлік, қаһармандық және ел бірлігі тақырыбы сол заманның шындығынан туған мәселелер болды. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы поэзияны жасаушы жыраулар өз заманының қоғамдық, саяси өмірінен тыс бола алмады. Жырау өз заманының перзенті ретінде тарихи оқиғаларға араласып, өз көзқарасы тұрғысынан баға беріп отырды. Жыраудың қоғамдық, шығармашылық тұлғасы ежелгі түркілік замандарда қалыптасып, қазақ қоғамында жаңа сипатарымен көрінді.

Өзінің қалыптасып даму кезеңінде жыраулар поэзиясы мынандай ерекшеліктерімен көрінеді:

Жыраулар поэзиясының фольклордан басты айырмашылығы әрине, авторлығында. Дара әдебиет қазақ сөз өнерінде ең алдымен, толғаулар арқылы, яғни жыраулар шығармашылығы арқылы қалыптасты. Ғалым С. Қасқабасов: «Ауыз әдебиеті дегенде, бұл жерде фольклор туралы сөз болмауы керек. Фольклор бұл заманда туып, авторы жоқ, бірден-бірге айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ауызекі шығармалар екені белгілі. Ал, ауыз әдебиеті деген ұғым орта ғасырлардағы Қазақстан үшін кәдімгі кәсіби жазба әдебиет рөлін атқарған туындыларды білдіреді. Оның фольклордан басты айырмашылығы – авторлық болуы. Мәтіннің біршама тұрақтылығы,

шығарма мазмұнының нақтылығы, оның кімге арналғанының (адресаттың) белгілі болуы, сондай-ақ шығарма стиліндегі даралық сипат пен автордың «мені» көрініс беретіндігі. Мұндай ауыз әдебиетін жасаушылар ол кезде, негізінен, жыраулар мен шешендер (билер) болды» [1, 4], – деп жыраулық өнердің ерекшелігін атап өтеді. Жыраулық поэзия фольклордан жазба әдебиетке көшер тұстағы кезең болды. Академик М. Әуезов жыраулар шығармашылығына: «қазақ әдебиетінің көшпелі кезеңі, көшпелі деп ауызшадан жазбаға қарай көшкенін айтамыз» [2, 193], – деп баға берген еді. Әрине, ғалым бұл жерде зар заман ақындары туралы айтып отыр, алайда ғалым зар заман ақындарының басында Асан қайғыны, Бұқар жырауды атайтыны да белгілі. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы әдеби шығармашылықты авторлық немесе дара әдебиеттің басы деп айтуға болады.

Жыраулық өнердің синкреттілік сипатта болуы жыраулар шығармашылығының өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Қазақ хандығы құрылып, ұлттық сипаттар дараланып жатқан тұста мәдениет мазмұны мен тақырыбы, формасы жағынан ерекше болды. Яғни музыка, фольклор, шешендік өнер, әдебиет өзара байланыста сабақтасып дамып жатты. Жыраулық та синкреттік сипатымен көрінді. Ғалым Р. Бердібай: «Халық әдебиетін шығарушылар мен орындаушылар өнеріне тән жалпы ерекшеліктің бірі – олардың көпқырлы, «әмбебап» қызмет атқарғандығы. Мәселен сонау ХҮ ғасырда өмір кешкен Асан қайғы, Қазтуғандарды тек жыраулар деп мінездеу аздық етер жасаған ұлы жырау Бұқардың шешендік, ақындық айтысқа түскенін сипаттайтын деректер бар. Көпқырлы өнердің бір кісінің бойынан табылуы көшпелі өмір салтында табиғи құбылыс еді. Жыраулар да, ақындар да әрі жанынан сөз шығарушы, жаттамалы жырларды орындаушы міндетін қатар атқарған. Олардың бәрі дерлік әншілік пен күйшілікті де «жатырқамаған» секілді. Қонақ келгенде «ауылдың алты ауызын» айта алмайтын қазақ болмайтыныертеден қалыптасқан дәстүр. Сондай-ақ ауылға келген мейманның «қонаққәде» айтуы да міндетті шарт болған. Мұның бәрі қазақ даласында көркем сөздің, тапқырлықтың киелі қасиетке, культке айналғанын көрсетеді. ...Түйіп айтқанда, халық әдебиетіне тән синкреттілік белгілер ақын, жырау, жыршыларда толығымен ұшырасып отырған» [3, 284], – деп халық ауыз әдебиетіне тән синкреттіліктің жыраулар бойынан да табылатынын атап өтеді. Ғалым Ә. Қоңыратбаев ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы әдебиет өкілдерінің бойындағы өнер түрлерін былай ажыратып көрсетеді: «Қазақтың ауызша туған әдебиетінің басты өкілдері жыраулардың, ақындардың

бойында импровизацияның төрт түрлі өнері бірлесіп, синкретизм аңғарында көрінген:

1) Олар асқан импровизатор болған, мұны сөз өнері дейміз.

2) Теңдесі жоқ күйші (домбыра, кобыз) болған, мұны музыкалық импровизация дейміз.

3) Олар ғажап орындаушы (солист, артист) болды. Мұны сахна өнері дейміз.

4) Заман, ел жайын терең толғайтын үлкен ойшыл-ұстаз болды» [4, 276]. Жыраулық өнердің синкреттілігі оның поэзиялық сипатынан, музыкалық мақам, әуенділігінен және толғауды орындау шеберлігінен танылады.

Жыраулар поэзиясының үлгілері дара әдебиет сипатында болғанымен сан ғасырлық тарихы бар жыраулар шығармалары бізге ауызша жетті. Яғни, жыраулардың суырып салып айтқан жыр-толғаулары ұрпақтан-ұрпаққа ауызша айтылып отырды. Дегенмен де кеңес заманы тұсында Орта Азия халықтарына жазу мәдениеті кеңес үкіметінің орнауымен ғана келді деп айтылып келгенмен, мәдениетімізді, тарихымызды қайта қарап жаңаша пайымдауға мүмкін болған тұста, төл әдебиетіміздің басында тұрған кейбір жыраулардың да жазбаша сауаты болған деп айтуға мүмкіндік бар. М. Мағауин «Шалкиіз – жырау болғанда өлең мен не қара сөзбен сөйлеу бір қисап, аузын ашса болды көмекейінен күмбірлеген жыр төгіле берген жыраудың классикалық, үлгісі» [5, 112], – дей келіп, жырау толғауларындағы тереңдік, нақтылық, көркемдік Шалкиіздің суырып салып айтқан толғауын қайта өңдеуі мүмкін екеніне де тоқталады. Шалкиіз басқа да қазақ жыраулары сияқты импровизатор болды. Бірақ жыраудың өз толғауларындағы:

Қара сия ақ қағаз,

Дестерге өнер төктірдің...

Алыс жерден мөрлі шұбар хат келсе...

Әпсінде ғалым жидырып

Ақ кітабын жайдырып... - деген жыр жолдары Шалкиіздің жазба сауаттылығын да білдіреді. Жазба мәдениетке тән сия, қағаз, дәптер, кітап ұғымдарының аталуы Шалкиіздің жазба сауатының болған деп айтуға дәлел болса керек. Қазақ әдебиетіндегі соқталы тұлғаның бірі - әрі би, ірі жырау Бұқардың шығыс әдебиетінің қазынасынан да хабары болғаны, яғни кітаби білімінің молдығы да аңғарылады. Осы орайда ғалым Р. Бердібай: «ол өзінің кемел ойларын ауызша ғана толғамай, хатқа да түсіруі мүмкін ғой» [3, 87], – дейді. Бұқар толғауларының біздің кезеңімізге молырақ сақталып жетуінің бір

себебін Р. Сыздықова «мұсылманша сауатты болған Бұқар жыраудың толғаулары кезінде қолжазба түрінде хатқа түсіп, сол арқылы да таралуы мүмкін» [6, 136], – деп түсіндіреді. Яғни, импровизатор жырауларды жазба мәдениетті де меңгерген деп айтуымызға болады.

Ежелгі түркі әдебиетіндегі дидактикалық сарын қазақ жыраулар шығармашылығында жалғасын тапты. Дидактикалық сарын қазақ жырауларының бүкіл шығармашылығының бойында желі тартып жатты. Бірақ жыраулар ежелгі түркілік поэзиядағы басты сарынды өз дәуірлерінің қоғамдық-әлеуметтік жағдайына лайықтап жетілдіре түсті. Зерттеуші Н. Келімбетов жыраулардың дидактикалық сарындағы толғаулары құрғақ насихаттан, жалаң үгіттен арылғандығын атап өтеді: «Қазақ жыраулары түркі шайырларына қарағанда елдің қоғамдық-әлеуметтік өміріне белсендірек қатысып отырды. Сонымен бірге қазақ жыраулары өздерінің дидактикалық сарындағы ой-пікірлерін абстракті түрде емес, нақтылап, айқындап жеке бір адамға яки құбылысқа арнап айтты» [7, 79].

Қазақ жыраулар поэзиясы тақырыптық-мазмұндық аясында ерекше көрінетін мәселе дін – тақырыбы. Кеңестік идеология үстемдік құрып тұрған тұста әдебиетке діннің ықпалы, әдебиеттегі дін тақырыбының көрінісі туралы мүлдем айта алмай келгеніміз белгілі. Ғалым Б. Кенжебаев кеңестік кезеңде жазылған еңбегінде қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің өзгешеліктерінің бірін дін тақырыбымен байланыстырып: «... Әдетте орта ғасырдағы, онан бергі ғасырдағы әдебиеттерде, атап айтқанда, ертеде қазақ халқымен сыбайлас болған халықтардың осы ғасырлардағы әдебиетінде діншілдік сарын, дін, әдет-ғұрып, идеялары, боялары күшті болып келді. Ең болмағанда, әдебиетте бірнеше жік, бағыт болып, соның басым саласы діншіл бағыттағы әдебиет болып келеді. Қазақ хандығы дәуіріндегі біздің әдебиетіміз олай емес, онда діншілдік сарын, бағыт, діни бояу жоқ дерлік. Біздің әдебиетіміз көбінесе, бастан өткен халық мұңы, қайғылар жыры, солардың суреті болып келеді. Онда кей реттерде сыншыл сарын элементі күшті болып отырады» [8, 76], – дегенінің астарына үңілсек, ұлт әдебиетінің тарихын тереңдету үшін күрескен ғалымның жыраулар мұрасын заманының идеологиялық қысымынан қорғау да бар деп ойлаймыз. Қазақ жыраулар поэзиясы жасалған кезеңдегі Орта Азия елдерінің сөз өнерінде діннің ықпалы күшті болғаны белгілі. Ғалым қазақ жыраулар поэзиясындағы діннің жырлану ерекшелігіне назар аудартады. Яғни қазақ жыраулары жасаған жыр үлгілерінде дін тақырыбының берілуі басқа мұсылман елдерінің әдебиетіндегідей емес. Жер мен ел мүддесін жоғары

қойып жырлаған, ерлікті дәріптеген қазақ жырауларында дін тақырыбы да адамгершіліктің терең қағидаттарымен астасып жатыр. Жыраулар поэзиясында діни қағидаттар имандылық тұрғысынан түсіндіріледі. Өз дәуірінің өзекті мәселелерін сөз еткен жыраулар діни заңдылықтарды гуманистік концепциялармен қатар қойып, сол тұрғыдан жырлаған. Жыраулардың толғауларынан шарият заңдылықтарына деген ерекше көзқарасты көреміз. Қазақтар ислам дінінің заңдылықтарымен дәстүрлі тәңірлік наным-сенімнің де жоралғыларынан бас тарта алмады. Қазақ даласында ислам діні толық қабылданғанмен, көшпелі қазақтар арасында ата-баба дәстүріндегі тәңірлік наным-сенімнің де мүлдем жойылып кетпегенін әсіресе, Шалкиіз жырау толғауларындағы Тәңірге көбірек ден қойғанынан көруге болады. Шалкиіз жырау шығармашылығының табиғатына үңілген ғалым С. Қасқабасов: «Шалкиіздің толғаулары әрі лирикалық, әрі эпикалық сарында болып келеді. Лирикалық сарындағылары этика, мораль, дидактика, жалпы адамгершілік мәселелерін сөз етсе, эпикалық сарындағылары мемлекеттік, халықтық елдік проблемаларына арналып, қаһармандық мәнге ие. Лирикалық толғаулардың басым көпшілігі адам туралы, оның қасиеттері жөнінде, адамдардың өзара қатынасы мен олардың өмір, достық, имандылық жайындағы түсінік пайымы, адамның қоғамдағы орны жөнінде сөз қозғайды» [1, 22], – дейді. Шалкиіз шығармашылығына байланысты айтылған бұл пікірді Бұқар жырауға немесе басқа жырауларға қатысты олардың дүниетаным ерекшелігін танытады деуге болады.

Жыраулар ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қойып, ел билеуші ханның да халыққа қалтқысыз қызмет етуін көздейді. Жыраулар поэзиясының басты жанры арнаулар толғаулар жырау мен хан арасындағы қарым-қатынастың поэтикалық құралы ретінде пайда болып, дами түсті. Қазақ поэзиясындағы хандар бейнесі – ел тарихында ерекше құрметке ие, халық өмірінде ерекше ықпалды тұлға және мемлекеттігіміздің басты белгілерінің бірі ретінде дәріптеледі. Осы тұрғыдан келсек, хандық кезеңнің әдебиетін жасаушы жыраулар мұрасындағы хандар бейнесінің берілуінің өзіндік ерекшелігі бар. Жыраулардың өз заманындағы әлеуметтік қызметі ел билеуші хандармен тікелей байланысты. Елді аузына қаратқан шешен, әрі жорықшы батыр жыраудың хан алдында беделі зор болған. Хандық тарихында жырауларды хан жанынан көреміз. Бізге жеткен жыраулардың хандарға айтқан арнау толғаулары осындай тікелей қарым-қатынастан туған. Хандар бейнесін жырлауда авторлық, субъективті көзқарастың да басым түсіп жататынын байқауға болады.

Зерттеуші Б. Бораштың пікірі осы ойымызды дәйектей түседі: «Қазақ жеріндегі мемлекеттік биліктің орта ғасырлық дәуіріне сай келетін хандықтар кезіндегі ноғай-қазақ, кейіннен таза қазақ қоғамындағы ел билеуші әміршінің билігіне халық өкілі ретінде араласып отыратын жырау толғауларындағы хандар тұлғасында реалды өмірге жақын бейнелеу кең орын алады. Бірақ оларда хан бейнесі хан мен жырау арасындағы тікелей қарым-қатынастар әсерінен беріліп, көпшілік жағдайда бір жақты жырау көзқарасының, яғни авторлық көзқарастың басымдығы айқын сезілетіндігі байқалады» [9, 24]. Ел бірлігі, жерінің, халқының тәуелсіздігін сақтап қалу жолындағы күрес, сол күрестің бел ортасында жүретін тарихи тұлғаларды жырлау дәстүрі қазақ жыраулар шығармашылығында ерекше көрінді. Қазақ поэзиясында көп жырланып түрлі жыр-дастандарға арқау болған хандар – Жәнібек, Есім, Абылай, Бөкейлік Жәңгір, Кенесары десек, соның ішінде жыраулар поэзиясында Жәнібек, Есім, Абылай хандар тұлғасының ерекше жырланғанын көреміз. ХҮІІІ ғасырдағы жыраулар поэзиясындағы қазақ- қалмақ қарым-қатынасын баяндайтын тұста Абылайдың билеушілік, қолбасшылық рөлін дәріптеле жырланады. «...жыраулар шығармашылығында әміршіге, билеушілерге қарсы, оппозициялық ой- пікірлер де жиі айтылған» [1, 7] кез де осы Абылайға арналған толғауларға тән.

Жыраулық – сөз өнері ғана емес, музыкалық шығарма да бола алады. Жыраулар мұрасын поэтикалық тұрғыдан ғана бағалаумен шектелмей, оның музыкалық мақамы, әуені бар музыкалық құбылыс екенін де ескеруіміз шарт. М. Қашқари өз еңбегінде «Ибрағу (жырау) – жыр айтушы, музыкант», -дегенде жыраулардың өз туындыларын белгілі бір музыкалық аспапта сүйемелдегенін аңғартады. Жыраулар қолданған музыкалық аспаптар: қобыз бен домбыра болған.

Қазақ жыраулар поэзиясы – өзінің даму тарихында халықтың тұтас болмысымен біте қайнасқан, ел өміріндегі елеулі құбылыстарға өз заманы тұрғысынан баға бере білген, сонымен қатар поэзияның философиямен сабақтастығын айшықтайтын, ұлттық құндылықтарымызды таныта алатын рухани асыл қазынамыз болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қасқабасов С. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2005. – 64 б.
- 2 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 3 Бердібай Р. Эпос ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995. – 350 б.

- 4 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
- 5 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 196 б.
- 6 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 286 б.
- 7 Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана: Елорда, 2000. – 288 б.
- 8 Кенжебаев Б. Әдеби белестер. – Алматы: Жазушы, 1986. – 186 б.
- 9 Бораш Б. Қазақ поэзиясындағы хандар бейнесі. – Алматы: Дәуір, 2012. – 440 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ МЫСАЛ ӨЛЕНДЕРІ

АШИМОВА А. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіптің келесі шығармасы ел арасынан жинаған мысал үлгісіндегі «Киік» өлеңі. Бұл туынды да жоғарыдағы «Лашын мен қарға» мысал өлеңін В.В.Радловтың «Наречья тюркских племень» атты 1870 жылы Санкт-Петербург қаласында шыққан кітабында алғаш рет жарық көрген. Біз талдайын деп отырған тексті ҚР Орталық ғылыми кітапханасы қолжаба қорындағы Мәшһүр Жүсіп жазбасындағы 1170-папкасынан 312-321 беттері бойынша әзірленіп, 2005 жылы жарық көрген Мәшһүр Жүсіптің көп томдығының 5-ші томында басылып шықты [1].

Шығармадағы басты кейіпкері етіп Мұхаммед пайғамбардың өзінің алынуы, оның кәуірмен кездесіп, ақырында кәуірдің мұсылмандықты қабылдауы барлығы келіп шығарманың жалпы Шығыс елдеріне тән ортақ тақырып - діни сарында жазылғанын байқаймыз. Және сонымен қатар оқиғаның желісіне адамдардың араласуы себепті біз бұл шығарманы тұспал өлеңдері қатарына жатқызамыз.

Мұнда кәпірдің құрылып қойған тұзағына киіктің түсіп қалып, оған Мұхаммед пайғамбардың араласып киіктің басына бостандық беруі сөз болады.

О заманда бар екен жалғыз киік,
Тамам кәпір аттанды тұзақ жиып.

Тұзағына кәуірдің киік түсіп,
Тартып үзіп кете алмай, қалды киік
Торын құрып ол кәуір киікті алды,
Киікті алып, тұзағын жерге салды.
Бауыздауға киікті жатқызғанда,
Мұстафа Мұхаммедім кез боп қалды [2, 129 б.]
Мұхаммед пайғамбардың киіктің дәл бір жаны қысылып тұрған кезінде келуі онымен қоймай киікке жан сауға сұрағаны шығарманың әсерлілігін арттыра түседі. Алланың ақ жолымен жүретін Мұхаммед киіктің лағын емізіп келуіне кепіл де болады. Кәуірдің:
Тас, алтын шыққан тауға теремісің,
Менің айтқан сөзіме еремісің?
Осы киік барғаннан келмей кетсе,
Жаныңнан күйігімді беремісің?! [1, 130 б.]
деген сөзіне Мұхаммедтің қайтарған жауабы нақты:
-Тас, алтын шыққан тауға терер-ақпын,
Сенің айтқан сөзіңе ерер-ақпын.
Сол киік барғаннан келмей кетсе,
Жанымнан мен жазған құл берер-ақпын [1, 130 б.]
Мұхаммедтің өзі кепіл болып тұрған соң, әрине, киік алды-артына қарамай зырылдап лақтарына кетеді.
-Алақай, анам аман кепті! - дейді,
-Жүрдің бе жинап тәтті шөпті? - дейді.
Күнде ерте мұнан бұрын келуші едің,
Не болды бүгін саған?! - депті дейді [1, 130 б.]
Лақтардың шешесі үшін алаңдауы да, оның аман келгеніне қуануы да жан тебіренерлік.
-Бар еді кішкентайдан көп күнәйім
Дауысымды шығармай бір жылайын.
Жапанның отын оттап жүргенімде,
Кез болды жайған торға бір құдайым [1, 130 б.]
Шешелерінің басына түскен ауыр халді естіген балалар аналары үшін қатты қайғырады. Кепілдік алып келген киікпен балаларының жауаптасуы олардың көңіл-күйін ашарлық детальдар арқылы баяндалады.
- Ай, шеше, сен барғанда, біз барармыз,
Артыңда бір күн қалмай, тез барармыз!
Пышақты сенен бұрын бізге салсын,
Басында шыр көбелек айнарармыз [1, 131 б.]

Аналары үшін бастарын қатерге байлаған қос лақтың әрекеті қандай аянышты. Ал сол мезгілде киікті келе қоймады деп кәуірдің айтқаны:

- Мінгені пайғамбардың арғымақ дүр,
Шытырманды аралап ұшады құр.
Алдың ба азап іздеп, а, Мұхаммед,
Қане киік келгені, кешігіп тұр? [1, 131 б.].
Мұхаммед айтады:

- Мінгені пайғамбардың арғымақ дүр,
Шытырманды аралап ұшады құр.
Ақшам мен намаздыгер арасында
Киік енді келеді, аялдай тұр! [1, 131 б.].

Киіктің екі баласымен үшеу болып келе жатқанын көрген кәуірдің қуанышы қойнына сыймай кетеді. Көрсекызар кәуірдің пиғылын сезген Мұхаммедтің:

- Тас, алтын тауға шыққан теремін бе,
Сенің айтқан сөзіңе еремін бе?
«Үш киік келіп тұр» - деп қуанасың,
Мен саған осы үшеуін беремін бе? [1, 131 б.].

Киіктің балаларын кәуірдің арам келуінен құтқарып қалған Мұхаммед енді киікті құтқармаққа белін буады.

- Мінгені пайғамбардың арғымақ дүр,
Шытырманды аралап ұшады құр.
-Жіберші бұ киікті кәуір деймін,
Сен өзің намаз оқып мұсылман бол!
Құс ұшып, бұлбұл деген қонар құмға,
«Құдай жеткіз - деуші едім - осы жолға!»
Киігімді жіберсем, а, Мұхаммед,
Мен де өзіндей болармын ба?! [1, 132 б.].

Алланың жолына түсіп, мұсылман болу сауапсыз кісі ісі екенін дәйектеген Мұхаммедтің сөздері де кәуірдің санасын оятып көкірегіне адамгершілік сезімін оятады.

Иман тапқан құдайға құл болады,
Айтқан сөзі әрқашан пұл болады.
Тілге нанып мұсылман болған адам,
Бізден де әжептәуір сол болады.
Құс ұшып, бұлбұл деген қонар құмға,
«Құдай жеткіз - деуші едім - осы жолға!»
Киігіңді жібердім, Мұхаммедім,
Мен мұсылман болдым ғой, әлхамдулла! [1, 132 б.].

Сөйтіп, мұсылмандық жолға түскен кәпір және игі дәстүрді жалғастырушы, ислам дінін насихаттаушы Мұхаммед бейнелері арқылы әрқашан кең бол, адамгершілік қасиетті өте жоғары бағала деген ой-пікірлер түйінделеді. Шығарманың идеясы әлемдегі ең әділ және ең сенімді әрі адастырмас бір-ақ жол бар. Ол - хақ жолы, яғни иман айтып мұсылмандық жолға түскен адамдар құдайдың сүйікті құлдарына айналады. Және табиғаттағы барлық аң-жануар, жәндіктер де Алланың жаратқаны, олар да адамдар секілді тіршілік иелері. Сол себепті оларға да және осы дінді уағыздаушы етіп құдайдың адал құлы және сенімді елшісі Мұхаммедтің алынуы осы айтқан идеяны нақтылай түседі.

Бұл арада біз бұл өлеңді таза мысал болмаса да элементтері болғандығы себепті тұспал өлеңдер қатарына жатқызып отырмыз. Мысал жанрының элементтері дегенде мұнда сюжет желісіне аңның яғни киіктің араласуы сонымен қатар айтылар негізгі ой астарсыз, ашық көрініп тұрғандығы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Шығармалары (Т. 5). – Павлодар: ЭКО, 2005. – Б. 132.

2 Белинский В. Г. Собр. соч. в 3-х томах (Т. 2). – Москва: ОГИЗ, 1948. – С. 718.

КОММУНИКАТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

БАЗЫЛБАЕВА Ә. Е.

магистранты, «Филология» кафедрасы,

Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАРИПЖАНОВА А. О.

ғылыми жетекші, қауымд. профессор, «Филология» кафедрасы,

«Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Біз әр ұлттың өзіндік мәдениеті, дәстүрі және шындық туралы өзіндік идеясы бар әлемде өмір сүріп жатырмыз. Әр халықтың өмір сүру салты да әртүрлі. Әр адам белгілі бір ұлттық мәдениеттің өкілі болып табылады және бұл оның мінез-құлқына, рухани құндылықтарына, әлемді қабылдауына тікелей әсер етпей тұра алмайды.

Әр түрлі елдердің өкілдері арасындағы қарым-қатынас маңызды рөл атқаратын қазіргі қоғамда мінез-құлықтың ұлттық

ерекшеліктеріне, атап айтқанда коммуникацияға жеткілікті назар аудару керек. Күнделікті өмірімізде түрлі ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасайтынымыз да белгілі. Сондықтан ұлттық мәдениеттердің коммуникативті мінез-құлқының ерекшеліктерін зерттеу маңызды.

Әрбір мәдениет әлемді өз жолымен көреді, өз заңдары бойынша өмір сүреді және өзінің логикасы бар, ненің жақсы, ненің жаман, ненің орынды және ненің қолайсыз екендігі туралы өзіндік идеялары бар.

Тілді үйрету барысында сол тіл иесінің коммуникативтік мінез-құлқының алатын орны зор. Коммуникативтік мінез-құлық – белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың, ұлттың нормалары мен әдет-ғұрыптарының жиынтығы. Коммуникативті мінез-құлық арқылы бүкіл ұлттың ерекшеліктері танылады. Сондықтан қазақ тілі пәнінде оқытылатын әрбір жаңа сөз немесе ұғым қазақ тілінің коммуникативтік сипатына сай болуы керек.

Тұтас бір халықтың, әлеуметтік, жас ерекшелігіне байланысты, гендерлік, кәсіби және т.б. топтардың, сондай-ақ жеке тұлғаның қарым-қатынас нормалары мен дәстүрлерінің жиынтығы коммуникативтік мінез-құлық деп аталатыны ең алғаш И.А. Стернин еңбектерінде айтылды [1].

Коммуникативтік мінез-құлық халықтың коммуникативтік мәдениетінің бөлігі болып табылады және лингвистикалық-мәдени сипатқа тән вербалды және бейвербалды мінез-құлық нормаларының жиынтығын құрайды.

Кез-келген халықтың қарым-қатынас ерекшеліктерін жалпыланған түрде, жүйеде сипаттау сол халықтың коммуникативті мінез-құлқының сипаттамасын жасаумен тең. Коммуникация теориясы – «табиғат пен қоғамдағы қатысымдық үдерістер жөніндегі білімді біріктіретін кешендік» ғылым [2].

Қоғамда туындайтын қатысымдық үдерістерді неғұрлым толық талдау және түсіну және қарым-қатынастың ұлттық ерекшеліктерін ажыратып көрсету үшін біз қатысымдық үдеріс ұғымын талдап алайық.

Ж. В. Николаеваның айтуынша, қатысымдық үдеріс адамдар арасында немесе адамдар топтары арасында әртүрлі арналар арқылы және ауызша және вербалды емес және т. б. сияқты әртүрлі байланыс құралдарының көмегімен ақпарат алмасу процесі деп түсіну керек [2].

Қатысым үдерісіндегі тілдің рөлі – лингвистикалық коммуникация теориясының объектісі, ал субъектісі – сөйлеуші адам, ол сөйлеу арқылы қарым-қатынас орнатады. Осы тұрғыда

профессор Ф. Ш. Оразбаева: «Қарым-қатынас – тілдің өмір сүруінің, тілдік болмыстың басты өлшемі. Қарым-қатынас сөйлеу, сөйлесім арқылы жүзеге асады. Сөйлеудің ең маңызды құралы – тіл, сөйлесімді жүзеге асыратын да – тіл» деп тұжырымдайды [3, 9 б.].

Қатысушылардың санына, мақсаттарына, қолданылатын құралдарға, арналарға, әдістерге және т.б. байланысты бұл үдеріс әртүрлі формаларға ие болады. Ж. В. Николаеваның пікірінше, «тұлғааралық қарым-қатынас» ұғымы кем дегенде екі адам арасындағы ақпарат алмасу процесінен және оны түсіндіруден тұрады [2].

Коммуникация, яғни қатысым ауызша және визуалды, яғни вербалды емес болуы мүмкін. И. А. Стернин атап өткендей, вербалды емес коммуникативті мінез-құлық деп «қарым-қатынас жағдайын ұйымдастыруға, физикалық әрекеттерге, сұхбаттасушылардың байланыстары мен қимыл-қозғалысына, жүріс-тұрысына, сұхбаттасушыға, мимикаға, ым-ишарат пен позаларға, қарым-қатынасты сүйемелдейтін және оны жүзеге асыру үшін қажетті қарым-қатынасты көрсетудің вербалды емес құралдарына қойылатын талаптарды реттейтін нормалар мен дәстүрлердің жиынтығы» деп зерделенеді [1, 28 б.].

Ауызша қатынас түріне толығырақ тоқталайық. Ауызша коммуникативті мінез – құлық-белгілі бір коммуникативті жағдайларға тән ережелер мен қарым-қатынас дәстүрлерінің жиынтығы. «Ауызша қатынас әлемнің ақиқатына сәйкес келетін лексикалық бірліктерге негізделеді» [3, 15 б.].

Адам қарым-қатынасының барлық түрлерінің ішінде ауызша сөйлеу неғұрлым зерттелген және ойды жеткізудің ең әмбебап әдісі болып табылады.

Өздеріңіз білетіндей, сөйлесім бірыңғай коммуникативті актіге кіреді. Ф. Оразбаева сөйлесім әрекетінің төмендегідей жалпы сипаттамасын көрсетеді:

- «сөйлеу – коммуникативті мәдениеттің және жалпы мәдениеттің бір бөлігі»;
- сөйлеу коммуниканттың қоғамдық рөлін қалыптастыруға ықпал етеді;
- сөйлеу арқылы коммуниканттарды өзара әлеуметтік тұрғыдан тану жүзеге асырылады,
- тілдік қатынас арқылы әлеуметтік мән жасалады» [3, 31 б.].

Демек, біздің қалай сөйлейтінімізге сүйене отырып, тыңдаушы біздің кім екенімізді, қоғамдағы қандай ұстанымға ие екенімізді, қаншалықты білімді екендігімізді және соның негізінде бізбен

қарым-қатынасты жалғастыруға немесе тоқтатуға қорытынды жасай алады.

Алайда, қатынас жүйесінде адамның қалауына тәуелді емес заңдылықтар болады, өйткені ол өзінің мәдени ортасында жалпы қабылданған нормаларды қолдануға мәжбүр, бұл заңдылықтар, әдетте, белгілі бір тілдік ортада жалпы қабылданған «объективті» деп аталатын ережелерден тұрады. Осы заңдылықтар түрлі халықтың коммуникативтік мінез-құлқының межесін айқындайды және осы заңдылық ғылыми зерттеулердің көкейкесті көзі болып табылуда. Себебі коммуникативтік мінез-құлық арқылы қандай да бір тұтас ұлттың мәдени негізін және қарым-қатынас барысындағы мінез-құлық ережелерін айқындап алуға болады.

Кез-келген коммуникативті мінез-құлықты қарым-қатынас кезінде белгілі бір қауымдастыққа тән ережелерді сақтауға байланысты нормативтік және нормативті емес деп сипаттауға болады. И. А. Стерниннің пікірінше, нормативтік коммуникативті мінез-құлық ұғымы «осы лингвистикалық-мәдени қоғамдастықта қабылданған және тілдік ұжымның көп бөлігі стандартты коммуникативті жағдайларда ұстанатын мінез-құлықты» қамтиды [1].

Белгілі бір лингвистикалық – мәдени қоғамдастықта орындалуы міндетті қарым-қатынас ережелерін коммуникативті нормалар деген терминмен жалпы атаймыз. Әдетте, олар: топтық, жалпы мәдени, жағдаяттық және жеке нормалар деп ажыратылады.

Белгілі бір ел үшін ерекше мінез-құлық, этикет және сыпайылық ережелері коммуникативті мінез-құлықтың жалпы мәдени нормалары болып саналады. Жалпы мәдени нормалардың ұлттық ерекшеліктері бар. Сонымен қатар, басқа елдерде сол мінез-құлықты түсінбеуі мүмкін. Мұндай мінез-құлық ережелері, әдетте, әртүрлі жастағы адамдар, қызмет саласы, әлеуметтік мәртебесі арасында туындайтын жағдайларға қатысты болады. Мысалы, сәлемдесу әр түрлі елдерде әр түрлі, еуропалықтар мен американдықтар үшін күлімсіреу сәлемдесудің ажырамас бөлігі болып табылады, одан сұхбаттасушы өзіне жасалған ілтипатты, жақсы қарым-қатынасты түсінеді. Ал орыс мәдениеті үшін кездесу кезінде күлімсіреу қажет емес. Қазақ мәдениетінде де солай. Жағдаяттық нормалар белгілі бір лингвистикалық жағдайға тән.

Топтық нормалар белгілі бір әлеуметтік топтарға тән қарым-қатынас нормаларын, мысалы, кәсіби этиканы көрсетеді. Коммуникативтік мінез-құлықтың жеке нормалары адамның жеке мәдениетіне байланысты болады [1].

Мінез-құлық нормаларының болуы әлемнің тілдік, құндылық бейнесімен қатар, мәдениет үшін онсыз белгілі бір адамдардың өмір сүруі мүмкін емес ең маңызды реалияларды, дәстүрлерді, мағыналарды бейнелейді. Ұлттық ерекшеліктер тілде көрініс табады, бұл өз кезегінде осы мәдениеттің даралығы мен өзіндік ерекшелігін сақтауға мүмкіндік береді.

Құндылықтарды материалдық және рухани деп бөлуге болады. Материалдық құндылықтар – бұл әлемдік әдебиет, бейнелеу өнері, сәулет ескерткіштері, ғылым саласындағы әртүрлі жетістіктер және т. б. Рухани құндылықтарға қоғам, әлеуметтің өз сипатын ұстап тұруы үшін қажетті «тіршілік әрекетін жүзеге асыру қағидаттары: адамгершілік, әдет-ғұрып, мінез-құлық пен сананың стереотиптері, үлгілер, бағалау, бейнелер, пікірлер, түсіндірулер және т. б., яғни қоғамдастықтың әлеуметтік интеграциясының жоғарылауына, адамдар арасындағы, олардың мақтауы, ынтымақтастығы, өзара көмегі және т. б., өзара түсіністіктің жоғарылауына әкелетін мінез-құлық пен пайымдау нормалары жатады» [4, 85 б.]. Басқаша айтқанда, әлем қандай болуы керек, адамдар арасындағы қарым-қатынас қандай заңдарға сәйкес жүруі керек деген идеялар құндылықтар сипатын аша түседі.

Әрбір мәдениеттің өзіне тән мінез-құлық нормаларын құрайтын өзіндік құндылықтар жүйесі бар. Бұл әр ұлттың жеке сипаты екені белгілі. Ол басқа құндылықтар жүйесінің өкілі үшін түсініксіз болуы да мүмкін. Қарым-қатынас мінез-құлқының ерекше нормаларының болуы этникалық топтың маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Басқа мәдениетті, оның заңдарын түсінбегендіктен, жанжал жағдайлары жиі кездеседі. Осылайша, коммуникативті қызметті қамтамасыз ететін құндылықтар, яғни коммуникативті құндылықтар ерекше маңызды болып саналады. Мысалы, қандай да бір шетелдік мәдениеттің өкілімен қарым-қатынас жасау үшін сол елдің коммуникативтік мінез-құлқын, ұлттық құндылықтарын білу ұлтаралық қатынастың негізгі ережелерінің бірі болып табылады. Мұндай құндылықтар коммуникацияның ұлттық стильдерінің қалыптасуына әсер етеді. Қарым-қатынас мінез-құлқының осындай нормаларын білу сұхбаттасушыға дұрыс түсіндіруге және өз кезегінде дұрыс түсінуге көмектеседі.

Белгілі бір мәдениеттің маңызды құндылықтары тілде көрініс тапты. Бұған дәлел - тіліміздегі фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, қанатты тіркестер, идиомалар және т. б.

Моральдық-этикалық нормалар, құндылық қажеттіліктері, стереотиптер, дәстүрлер, әлем идеясы, қоғамның бағдары және т. б. сияқты мәдени категориялар фразеологиялық бірліктерде көрініс табатындығын атап өткен жөн, сондықтан фразеологиялық бірліктер арқылы кез-келген халықтың мәдениетін зерттеуге болады. Мәдениетаралық қатынаста фразеологизмдер арқылы сол елдің ұлттық дәстүрімен танысуға, мінез-құлқының ерекшеліктерін дәл түсінуге болады. Осылайша, әлемнің тілдік бейнесі туралы түсінігін айқындауға болады.

Ұлттық мәдениетте қалыптасқан коммуникативті нормалар тілде бекітілген: фразеологизмдерде, мақал-мәтелдерде, идиомаларда.

Мақал-мәтелдердің фразеологиялық бірліктері қарым-қатынасты білдіреді, белгілі бір жағдайды сипаттайды, оның жеке компоненттері емес, жалпыға бірдей танылған, бүкіл халықтың белгілі бір позицияға қатынасын сипаттайды. Ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтар жүйесін ұсына отырып, фразеологизмдер адамға, оның өміріне, айналасындағы шындыққа, қоғамға бағытталған халықтық тәжірибенің конденсаторларының бір түрі болып табылады. Осылайша, тұрақты тіркестердің мысалын қолдана отырып, сіз халықтың негізгі нормаларын, заңдарын, мінез-құлық ерекшеліктерін байқай аласыз, іс-әрекеттерді, мінез-құлықты, фразеологиялық бірліктерді түсіндіре аласыз, бізге жат мәдениетті жақсы түсінуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, әр мәдениеттің өзіндік және ерекше, қызықты және бірегей екенін айтқымыз келеді. Бір мәдени орта аясында дүниеге келген және өмір сүретін адам онда қабылданған көзқарастарды - тыйымдарды, ұсыныстарды, нормаларды игереді, олар міндетті түрде тілде көрініс табады және бекітіледі. Идиоматика, фразеология, осындай шоғырландыру құралы ретінде қызмет етеді. Өз кезегінде құндылық мағыналары мәдениеттің ең маңызды сапалық жағдайын көрсетеді. Мәдениет құндылықтардың өзіндік жүйесі бола отырып, адамның бағдарлау, бағыт бойынша белгілі бір қажеттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді, ол тілде де айқын көрінеді. Мәдениет пен тіл бір-бірімен тығыз байланысты, олар бір-бірін анықтайды және ашады. Сондықтан да, ұлттық тілмен қатар, коммуникацияның ұлттық стилін де зерделеу маңызды, бұл халықтың коммуникативтік санасы, оның дәстүрлері мен мәдени құндылықтары көрініс табатын объективті ақиқатты танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Стернин И.А. О понятии коммуникативного поведения. - Воронеж: Изд-во ВГТУ, 2000. – 230 с.
- 2 Николаева Ж.В. Основы теории коммуникации. Учебно-методическое пособие для студентов специальности 350400 «Связи с общественностью»- Улан-Удэ: ВСГТУ, 2004.
- 3 Оразбаева Ф.Ш. Қатысым теориясы мен әдістемесі. - Алматы, 2000. – 145 б.
- 4 Рухани жаңғыру - ұлттық білім беру мен ұлттық сананың жаңа белесі: Ғылыми-практикалық конференция материалдарының электрондық жинағы. – Алматы: «Өрлеу» БАҰО АҚФ ҚР БЖҚБАРІ, 2018. – 380 б.

БИЗНЕС ДИСКУРС ДИСКУРСТЫҢ ДЕРБЕС ТҮРІ РЕТІНДЕ

БАКИРОВ Н. А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАДЫРОВА Б. М.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі әлемде ақпаратты өндірудің, берудің және сақтаудың жаңа формаларының қарқынды дамуы іскерлік коммуникацияға қатысты мәселелердің кең ауқымын зерттеуді ерекше өзекті етеді. Тиімді қарым-қатынас арқылы бірлескен қызметті оңтайландыру мәселесі әлеуметтік психология мен жалпы басқару теориясының іргелі әдістемелік мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселелердің шешімін, көпшілік ғалымдардың пікірінше, технологиялық жетілдіру жолында емес, сөйлеу коммуникациясының құбылысын тереңірек және жан-жақты түсінуден табуға болады.

20-ғасырдың бірінші жартысында лингвистика негізінен «Тіл қалай жұмыс істейді?» – деген сұраққа назар аударды. Бұл сұрақ қарапайым болғанымен, негізгі сұрақ. Қазіргі лингвистика ғылымы осы сұрақтың түрлі аспектілерін зерттеу нысанына алуда. Осы бағытта перспективалы және жаңашыл зерттеулер жүргізілуде (Алпатов, 1995: 17).

Сондықтан коммуникативті процестегі стратегиялар мен тактикалар, генерациялау және түсіну, жинақтау және білім беру, әлеуметтік нормалар мен конвенциялардың әсері, коммуникация субъектілері және т.б. сияқты сипаттамалардың пайда болуы кездейсоқ емес. Зерттеушілерге коммуникация бірлігін, сондай-ак

серіктестер коммуникативті процесте ұстанатын үлгіні бөліп алу қажет болды.

Адам болмысының көріну нысандарының бірі бола отырып, бизнестің пәндік саласы бүгінгі таңда оның өмірінде маңызды ұғымдарды белгілеуді біріктіретін адамның әлеуметтік өмірінің маңызды салаларының бірі болып табылады. Дегенмен, осы пәндік саладағы сөйлеу коммуникациясының ерекшеліктері толық және жүйелі түрде зерттелмеген. Сондықтан бұл болашақ зерттеудің өзектілігі бола алады.

Бүгінгі адам өмірімен тығыз байланысты әлеуметтік орталардың бірі ол бизнес саласы екендігі дау тудырмайды. Қазіргі жаһандану заманында, бизнес саласының түрлері көбейіп, бизнес-контекстегі сөздердің қолданыс аяасы күн санап арта түсуде. Бизнес тілі немесе іскерлік қарым-қатынас тілі - мемлекеттік органдардың арасында туындайтын қатынастар, ұйымдар немесе олардың ішіндегі ұйымдар мен жеке тұлғалар арасында, олардың өндірістік, шаруашылық, құқықтық қызметтерінде қолданылатын тілдік қор жиынтығы.

Қазіргі таңда бизнес дискурсті іскерлік дискурс аясында қолдану жиі кездеседі. Бизнес дискурс пен іскерлік дискурс көп жағдайда қатар аталады. Кей зерттеулерде бірінің орнына бірі қолданыла береді. Солай бірге аталғанымен, олар бір нәрсе емес. Сондықтан олардың ара жігін ажырату өзекті мәселе болып табылады.

Іскерлік дискурстың бизнес дискурстан айырмашылығы, ресми бизнес жанрлары дискурстың қатысушылары мақсатқа жету үшін жеткіліксіз. Ресми бизнес стилінің жанрлары мен белгілері ішкі қарым-қатынасқа тән басшылық пен бағыныштылар арасындағы, сыртқы әріптестермен ақпарат келіссөздер жүргізу, мәмілелер жасау және т.б. мәселелерді алып қарасақ, олардың өнімге немесе ұсынысқа қызығушылығы мақсатында клиенттермен қарым-қатынас жасау үшін қолайлы емес. Өйткені сөйлеуге түрткі болар мотив, мақсат өзгергенде, оған жету жолы да, яғни, сөздік қолданыста өзгеру керектігі белгілі. Сондықтан біз бизнес-дискурсты жеке дискурс ретінде, іскери дискурстан бөлек бөлуді қажет деп санаймыз. Дегенмен, біз олардың өзара әрекеттесуін жоққа шығармаймыз. Экономика және бизнес бойынша сөздік мақалалар мен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау бизнес (business) - бұл бизнесті алуға бағытталған кез-келген коммерциялық қызмет екенін анықтады. Ақша орнына басқа тауарлармен (өнімдермен) және қызметтермен қамтамасыз ету [1, 12 б.]. Бизнес, кәсіпкерлік, менеджмент, маркетинг, қаржы бойынша сөздік мақалаларды, ғылыми және оқу әдебиеттерін

аналитикалық зерттеу арқылы. Л. П. Науменко іскерлік дискурстың келесі негізгі ұғымдарын атап көрсетеді: BUSY (белсенді, бос емес), ENTERPRISE(кәсіпкерлік), MANAGE (басқару), MARKET (рынок), PROFIT (пайда), біріккен макроконцептом BUSINESS (іс, бизнес) [2, 232]. Бизнестің басты мақсаты – пайда табу. Бизнес дискурстың қатысушыларына бизнестің әлеуметтік институтының өкілдері мен оның клиенттерін интеракциялау арқылы қол жеткізіледі.

Бизнес дискурстың кіші түрлерін таңдау жіктеудің негізіне алынған принципке байланысты. Бизнестің анықтамасына сәйкес, оған коммерциялық қызметті тек экономика саласында ғана емес, медицина саласында да (жеке медициналық клиникалар мен кабинеттер, дәріханалар және т. б. туралы сөз болғанда), академиялық қызметті де жатқызуға болады. (жеке білім беру мекемелері, білім беру әдебиеттерінің баспалары және т. б.) және адам өмірінің кез-келген басқа саласында тауар-нарықтық қатынастарға негізделген қызмет. Осылайша, бизнес-дискурстың қызмет саласына, ұсынылатын өнім немесе қызмет түріне байланысты кіші түрлері болуы мүмкін. Бизнес ортада көп нәрсе бар түрлері, бизнес-ұйымдардың әртүрлі типтері және оларды жіктеу тәсілдері. Бизнес ұйымдарды жіктеудің бір тәсілі оларды өздері орындайтын қызмет түрі бойынша жеткізушілерге (producers), қайта өңдеушілерге (processors) топтастыру болып табылады. тауар өндірушілердің (manufacturers), делдалдардың (intermediary) және көтерме саудагерлердің (wholesalers), бөлшек саудагерлер (retailers) және кәсіпорындар қызмет көрсету салалары (service businesses) [14, 100 бет]. Бұл жіктеулер, біздің бақылауларымыз бойынша, компанияларды бөлу үшін қолданылады. Бизнес дискурстың әртүрлі кіші түрлерін бөлуге қарағанда қызмет түрі бойынша. Қажетті анықтау подтипы бизнес дискурс негізінде, сонымен қатар жалпы бар екеніне біз сенеміз. Сондықтан, біздің зерттеуімізде бизнес-дискурстың кіші түрлерін ажыратуды ұсынамыз. Бизнестің бес басты функциясы [4, 80-бет]: дайындау және жеткізу (production and procurement), маркетинг (marketing), басқару немесе менеджмент (management), қаржы (finance), бухгалтерлік есеп (accounting). Осы кіші түрлердің әрқайсысы коммуникативті оқиғаға байланысты одан әрі бөлінеді.

Бизнес дискурстың көптеген зерттеушілері бизнес ұйымдарға қол жеткізуге және деректермен жұмыс істеуге және нәтижелерді жариялауға қажетті құпиялылық туралы келісімдерге қол жеткізуге байланысты қиындықтарға қарамастан сенімді деректермен жұмыс істеуді жөн көреді. Бизнес дискурстың шынайы мысалдары

адамдардың ұйымдарда қалай қарым-қатынас жасайтындығы туралы баға жетпес түсінік береді.

Жазбаша зерттеулер кеңірек нәтижелерге ие болуы мүмкін, өйткені олар жазбаша құзіреттіліктің құзыреттілік белгісі ретінде, сондай-ақ жазалау құралы ретінде қалай қолданылатынын анықтай алады.

Кейбір жағдайларда іскери дискурстың нақты аспектісін зерттеу үшін шынайы деректермен емес, еліктеулермен жұмыс істеу қажет болуы мүмкін. Бұл тиісті сенімді деректер жиынтығына қол жеткізу мүмкін болмағандықтан немесе зерттеуші тілді қолданудың белгілі бір аспектісіне қызығушылық танытқандықтан болуы мүмкін.

Әр түрлі мәдениеттер әлеуметтік өзара әрекеттесудің әртүрлі стильдерін қалайды. Мінез-құлықтың әмбебап түрлері бар, мысалы, сәлемдесу (оның әр түрлі нұсқаларында) және белгілі бір әлеуметтік этникалық топ аясында ғана қабылданады. Кез-келген ойын-бұл ережелер бойынша ұйымдастырылған және белгілі бір мақсаттар үшін жүзеге асырылатын қызмет. Ойын формалары өте алуан түрлі. Адамның бүкіл өмірі ойын жағдайларының тізбегі болып табылады, онда әр сілтеме Ережемен реттелетін ситуациялық модель болып табылады. Адам жағдайға сәйкес келу және дұрыс түсіну және қабылдау үшін модель, норма, белгіленген ережелерді ұстануы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Актанова Л. Дискурс, мәтін, сөйлесім, тіл мәселелері. – Б. 10-11.
- 2 Бүркітбаева Г. Деловой дискурс. Онтология и жанры – А: Ғылым, 2005-235б
- 3 Кубрякова Е.С. О понятиях дискурса и дискурсивного анализа в современном лингвистике –М. 200.-С 7-9
- 4 Вестник КазНУ. Серия филологическая. №1(147) 2014. 80-83
- 5 Анисимова Т.В. Деловое общение: речевой аспект. - Волгоград, 2000.

А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛАЛАРЫ

БЕГЕНАЕВА Г. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Дарынды балаларға арналған №8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Ахмет Байтұрсынов – Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Аймауытовтар бастаған 20-ғасыр басындағы қазақтың оқығандары арасынан шыққан ұлттың болашағы үшін саяси, қоғамдық, мәдени, оқу-ағарту істерін тұтасымен атқарған қайраткерлердің алдыңғы легінің өкілі. Саяси істе қазақтың көзін ашып, «Қазақ» газетін бастырып, тең төраға ретінде саяси-қоғамдық мәселелерді кең талдап, халыққа жеткізіп отырды. Соның ішінде әсіресе қазақ жеріне байланысты мәселелер мол жазылды.

«Қазақша оқу жайынан» деген мақаласының айтары мол. Журналист ел ішіндегі қазақша білім беріп, оқу оқытып жүргендер қандай программамен оқытып жүр деген сұраққа жауап іздеуден бастайды. А. Байтұрсынов программа сөзін бүгінгі біздің алып жүрген терминімізбен «бағдарлама» деп бермейді. Программа – бағдарлама екеуінің де тегі қазақтікі емес. Ал А. Байтұрсынов бұны таза қазақы қалыппен береді. «Программа» - «жосық» деп беріледі.

«Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытуға Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытуға программа (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді. Бұл күнде қазақ арасындағы оқу һәм жосық жасауға болмайды да. Өйткені қазақтың бастауыш мектебінде оқытын кітаптар белгіленбек түгіл, әлі шыққан да жоқ. Жаңа ғана әліппешыға бастады. Оның да қайсысы оқылары белгіленген жоқ. Әліппеден басқа оқытатын кітаптар әлі шыққан жоқ. Дін жайынан оқытатын, есеп оқытатын, жағрафия һәм тарихтан қысқалап беретін кітаптар әлі жоқ. Сондықтан программа деген сөз әзір ертерек. Әуелі біз бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс.

Бұл сөзді қоя тұрып, мұнан бұрынырақ ескеретін бір жұмыс бар. Ол мынау: бір нәрсені істегенде, сол істі істей білетін адам істесе, шапшаң да, жақсы да істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісінде де солай. Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білерге керек. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін

деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танытын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенінше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек. Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында. Сол ақылға да дұрыс. Судья судьялық ғылымды оқығаннан болғанда, доктор докторлық ғылым оқығаннан болғанда, мұғалім мұғалімдік ғылымын оқып шыққан адамдардан болуы тиісті» [1, б. 252].

А. Байтұрсынов бұл мақаласын ел ішіндегі қазақша бала оқытатындардың ең қарапайым сұрауына жауап беруден бастайды.

1 Қазақша оқытудың негізгі түйткілі тұстарын көрсетеді.

2 Қазақша жосықтың (программаның) жоқтығы.

3 Қазақ тілінде оқу кітаптарының әлі жасалынбағаны.

4 Әр пәннің жеке-жеке кітаптарының (оқулықтарының) шықпағандығы.

5 Мұғалімнің білімі: балаға үйрететіні бар: білімді мұғаліммен, шәкірт психологиясын жетік меңгерген ұстаз.

6 Бала оқытуда қандай кемшіліктер бар, соны талдап жазуымыз керек.

7 Халық ішіндегі ел билеу де, халық мінезі де оқумен түзілерін ескеруіміз керек.

Ұлы ұстаз бала оқытуда жосықтың ескерер мәселелерін толық жіліктеп шығады. Бұл дегеніміз – қазіргі білім беру мазмұнында қажетті талаптар мен мақсат-міндеттер, құзыреттіліктер. Ұлы ғалым бала оқытуды кешенді алып зерделейді. Білім беру ісіне бүтіндей халық талабы, ел мүддесі тұрғысынан қарап, оқу-ағарту саласы арқылы қоғамды өзгерту, адам санасын жаңартып, ақылға үйрету деген ежелгі ойшылдар ойымен үндеседі.

«Біз болысымыз басқа жұрттың болысындай елді баға алмайтын мінін айтып жатырмыз, билерімізде судьядай әділдік жоқ мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доктордай ауруды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз – халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз. Бұлардың мінін айтқанда, бала оқытуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде

оқуменен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер.

Жаңалыққа жастар мойнын бұрып, қайрылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі - бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» [1, б. 252].

Ұстаз тек бала оқытуды айтып қоймай, ұлы Абай үлгісімен, ағартушылық дәстүрдің жалғасы екендігін танытты.

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім...

Немесе «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айтатын бес асылы: талап, еңбек, терең, ой, қанағат, рақымды үйрену үшін білім алып, ғылым игеру керек деген оймен үндеседі.

А. Байтұрсынов білім алу, қазақша оқыту жайын талдаған тұста бір күндік, қазақ баласының жеке мүддесін емес, жалпы ел мүддесін негізге алады. Халықтың әрбір баласын білім алсын, қызмет қусын, жақсы тұрмыс құрсын деп емес, болашақ елді әділ би билеп, адал басшы басқарсын деген тілекпен жалғасуын қалайды. Бұған дейінгі елді билеген болыстарда білім жоқ, бүгінгі жастарды дұрыс жолмен оқытсақ, елді түзер деген ойын айтады. А. Байтұрсынов оқумен бірге тәрбиені қоса алады. Оқу арқылы елжандылық, адалдық, тазалық сияқты қасиеттерді игеруі қажеттігін оқулықтар мен жосықтар (бағдарламалар) ескеруі керек деген ойды береді.

Ел ішіндегі оқулардың ескі және жаңа «Қазақтың оқу жұмысы бұл күнде қоласта: қазақ балаларының бір парасы орысша оқып жүр, бір парасы ескі молдалардан оқып жүр, бір парасы соңғы замандарда ғана жаңа жолмен оқи бастады. Орысша оқығандар оқыту һәм тәрбиелеу ғылымын оқыған адамдардың қолында. Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда, қазақша оқығанның үстіне керек.

Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе, орысша да білу қажет. Ескі жолдың оқуын сөз қылып қозғамайын. Бүгін бар, ертең жоқ болатын нәрсе. Дүния тегершігі кейін айналмайды. Ішкі мен жаңаның (оқытуға) шыдамдылығы бірдей емес. Ішкі әлі-ақ тозып, жыртылып, пара-пара болып, тұтынудан шығады» [1, б. 252].

Қазақ тілінде оқудың қажеттілігін де жоққа шығармайды. Бірақ ескі оқудың жолының қаларын айтады. Жаңа оқу, орыс оқуы керек дейді. Бұл оқуды қазақ балалары оқуы керек. Қазақ тілімен бірге

орыс тілін білулері керек деген ойды береді. Орысша оқу орыс патшасына қарап отырған заманда керек деген пікірді ашық айтады.

«Жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, мікірлері жаңа. Ниеті жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебін қолдарына алуға лайық адамдар әр жайдан хабардар: дүниеда не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол.

Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар» [1, с. 252].

Жаңаша оқып, білім алып жатқандарға сеніммен қарайды. Олардың білімдерінің мол екендіктеріне, берерлерінің жеткілікті екендіктеріне шүбә келтірмейді. Бірақ қайшылық басқа тұста. Бұл қайшылық – ескіше оқығандардың жаңа оқытудағы дыбыстық тәсілді меңгермеуінде. Терең білімді ғалым, оқытудың әдістерін де, тіпті әдістеменің тұтастай кешенінен де толық еңбектер жазған қазақтың бірінші мұғалімінің айтар, қолданар тәсілдері де көп.

«Бұлардың бір кемшілігі сол: бала оқыту ғылымын оқығандары ішінде кем болады. Сондықтан көбіне бала оқытуында кемшіліктері - қазақ мұғалімдері түгіл, мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағына шорқақ көрінеді.

Дыбысты жақсы білмей, усул сотие жолымен жақсылап бала оқытуға болмайды. Мен көрген медресе «Ғалия», медресе «Хусаиниядан» шыққандардың азы болмаса, көбі қазақ тілінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харпіне қарап есептейді. Араб харпі дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде бар болса да, жоққа санайды. Қазақ тіліндегі дыбысты жақсылап білмей, қазақ балаларын усул сотие жолымен жақсылап оқытуға болмайды» [1, с. 252].

Бұл жаңаша әліпбиді жасауға, оны қолдануға негізгі жол ашқан – себептер. Араб әліпбиінің қазақ дыбысталуына дәлме-дәл келе бермейтіндігін айтқан ғалым 1912 жылы араб әліпбиіне негіздеп қазақтың жаңа әліпбиін жасайды. Қазақтың қаншама білімді азаматтары осы «Байтұрсынов жазуы», «жадтдше оқу», «жаңаша оқу» деген атпен белгілі әліпбиімен білім алады.

Қазақ тіл білімінің негізін салған, дыбыс жүйесі, гармматикадан алғаш терминдер жасап, тілдегі басты заңдылықтарды анықтаған ғалымның ойлары қазақ балалары үшін әлі де маңызды. Бүгінгі қазақ тілінің жағдайы алмағайып заманда тіпті де қажет болары сөзсіз.

«Екінші кемшілігі - қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін білмегендік, я білсе де істеп көрмегендік.

Жаңаша оқыту тәсілі. Балаларды жаттықтыру оқу мен жазу үйретудің негізі, істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы. Осы айтылған кемшіліктерін түзеу мұғалімдерге қиын емес. Қазақ тіліндегі дыбысты қазақ сөздерінің ішіндегі дыбыстарды айырып байқаумен білуге болады. Дыбыспен жаттықтыруды олай оқыта білетін адамдардың оқытқанда істеген ісінен көріп үйренуге болады я білетін адамдардан 10-15 күн сабақ алып үйренуге болады. Бұлардың бәрі де балаларды қинамай, оңай оқытуға керек нәрселер. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызықпақшы, балалары тез хат білсе, ата-аналары балаларын оқытуға ықыластанбақшы. Ата-анасы баласын оқытуға ықыластанса, оның оқуына керек расхотты шығынсынбас еді. Сөйтіп, мұғалім жақсы оқыта білгені қазақ ішіндегі оқушыларды көбейтіп, оқу ісінің шапшаңырақ ілгері басуына күш берер еді».

Мақаланың соңында бірнеше ойларды түйіндейді.

1 Қазақ баласын қазақшаны жетік білетін мұғалім оқытқаны дұрыс.

2 Қазақ дыбыстарын дұрыс ажыратып, дыбыстарын дұрыс қолдандырып үйрету керек дейді. Осы тұста ғалымның «Тіл құрал» еңбегінен мысал келтірген жөн.

«...Қазақта жазу, сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген, сондықтан тіл азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған. Мәселен, «малдар» деп айтып көріңіз, «маллар» деп айтып көріңіз. «Малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, тек жеңіл өте шығады. «Маллар» дегенде тертеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қақитып алуымыз қиын. Бұл орынсыз жерде тұрған «л – дың» айтуға кемшілігі, естуге кемшілігі тағы бар. «Малдар» дегенде тіліміз таңдайға тірелмей, тиіп кәне өтеді, «маллар» дегенде тіліміз таңдайға тіреліп, аузымыздың қуысын бітеп тастайды. Қамаудағы дыбыс пен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей болмайды. Ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығады. Қамаудағы дыбыс ажарсыз шығады» [13, с. 25].

Ғалым қазақ тілінің табиғи қалпының сақталуын қалайды. Қазақтың тілінің табиғи қалпы сақталса, ұлттың да табиғи мінезі, табиғаттан алған бар рухани нәрі мен байлықтары сақталарына сенеді.

Ғалым, журналист қазақша оқу жайын айта отырып, қазақ ұлтының заман көшінен қалмауына, сонымен бірге әлемнің

өзгерісін түсіне, ұғына біліп, өз жаратылыстық, табиғи қалпын сақтауын да қалайды.

1913 жылы «Қазақ» газетінде «Оқу жайы» деп аталатын мақаласы жарияланады.

«Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі, ойлап қараса, біздің қазаққа мағлұмсыз емес. Бұл заманда не нәрсе машинаға айналады. Қазақ биыл 5 теңгеге сатқан нәрсесін келер жылы өзі 10 теңгеге қайта сатып алады. 10–11 сомға алып отырған былғары – былтырғы 4–5 сомға өзі сатқан терісі. Кезі 5–6 сомдық шұғалар, торқалар – қазақтың бір пұтына 3–4 сом алып сатқан малының жүні» [13, с. 55].

19-ғасырдың екінші жартысында басталған ұлы Шоқан, Ыбырай, Абай үлгісімен ағартушылық бағытты ұстанған Ахмет Байтұрсынов та қазақтың өзге жұртпен теңесуі үшін қажеті – білім дегенді насихаттады. Өзі де ұстаздық етіп, бала оқытқан, мұғалім болып, шәкірт тәрбилеген ұлт көсемі елге қажет білімнің негізгі түрлерін «Қазақша оқу жайынан» мақаласында талдап берсе, «Оқу жайында» осы ойды тереңдете түседі.

1 Оқудың пайдасы өнерді үйренуге жол ашады.

2 Өнер істі жеңілдетіп, байлықты еселейді.

Журналист, ғалым Ахмет Байтұрсыновтың публицистикасында ғылыми ой, нақтылық қашанда мақала стилі ретінде жүреді. Ғылымды журналистікпен бірге алған немес журналистік қызметті ғылымнан бөлмеген ұлы қайраткердің шығармашылығыдағы ғылыми дәлдікпен тері талдаулар қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында әлі де мәнді, әлі де өзекті, әлі де қажетті болып қала берері сондықтан болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

2 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992, –518 б.

АШТЫҚ ТАҚЫРЫБЫНДА ЖАЗЫЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ӘЙЕЛ ОБРАЗЫ

БЕЙСЕМБАЕВА Н. О.

магистрант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

ТОҚСАМБАЕВА А. О.

ғылыми жетекші, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Қазақ халқы үшін XX ғасырдағы қасіретті оқиғалардың арасында 1921 және 1931-1933 жылдар аралығын қамтыған ашаршылықтың алатын орны ерекше. Ғұмыр бойы елдің жанына батып, адамзат баласының тарихи мәселесі болып келген бұл тақырыптар уақыт өте келе көркем сөз шеберлерінің де назарын аудартып, өзекті әдеби мәселеге айналды.

Егемендігіміз еңсесін көтергенше, бізде бұл тақырыпта туынды тудырып, оны баспа жүзінен шығара қою аса қиынға түсті. Ашаршылық дегенде біздің ойымызға бірден белгілі қазақ жазушысы, қоғам қайраткері Б. Майлиннің «Күлпаш» әңгімесі, Ж. Сыздықовтың 1927 жылы жазылған «Әлі қарттың әңгімелері» дейтін поэмасы келеді. Бұдан бөлек Б. Қыдырбекұлы «Алатау», А. Мекебаев «Құпия қойма», Ш. Мұртаза «Қызыл жебе» («Тамұқ», «Қыл көпір» бөлімдері), Қ. Қазыбаев «Сұрапыл», С. Елубай «Ақ боз үй», З. Жәкенов «Зұлмат», С. Жүнісов «Заманай мен Аманай», Қ. Жұмаділов «Аранға түскен аққулар», М. Мағауин «Сары қазақ», «Бір уыс бидай», Н. Ақыш «Рақымсыз көктем», Т. Сәукетаев «Күзгын тойған қыс», Н. Қапалбекұлы «Жерошақтың түтіні», Х. Сейткелов «Шұбырынды қанды босқын», Б. Жандосай «Шошқаның құмы», М. Қозыбаев «Ақтаңдақтар ақиқаты», С. Ләмбекұлы «Арыстар», Ж. Башар «Қабір үстіндегі зұлмат», Қ. Еспенбетов «Күреңбел қасірет», А. Есілбай «Асылдың сынығы» шығармаларында ашаршылық тақырыбын әр қырынан көрсетті.

Жазушылар зұлмат жылдардағы әйелдің қадір-қасиетін, мінезін, дүниетанымын шебер суреттеуге, оқырман қауымға барынша шынайы жеткізуге тырысты. Жалпы, 20 ғасыр қазақ әдебиетінде әйел образы үйлесімді және шыншыл бейнеленген.

Реалист жазушы Бейімбет Майлиннің «Күлпаш» (1922) әңгімесінде ашаршылық кезіндегі қазақ әйелінің сана-сезімінің өзгеруі, аштықтан келген жоқшылық пен шарасыздықтан мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің өзгеруі суреттеледі: «... Үстінде, өрім-өрім болған соң әр жерінен бір түйіп қойған ескі көйлек, оның

сыртында тозығы жетіп тулаққа айналған қысқа ескі тон, басында селдіреген көне бөкебайдың ескі жұрнағы. Бет-аузы көнектей ісік, тоңып бүрісіп, үйдің бұрышындағы пешке арқасын сүйеп, мұңайып, терең ойға шомған адамша Күлпаш отыр. Қасында жырттық күпіге оранып, бүк түсіп баласы Қали жатыр.

Үй суық, жамаулы терезенің жырттығынан кірген ызғырық шекеден шыққандай... үйдің ішін жылытуға – пешке жағатын отын жоқ. Отын табылар жер де жоқ... кара судан басқа нәр таппағанына бүгін үшінші күн. Алты айғы қыс тартқаны – аштықтың зардабы.

Аштықтан басқа Күлпаштың мазасын алатын тағы бір ой бар еді. Ол ойдың Күлпашты қинағанына бүгін екінші күн. Қыстың бас жағында, жұртпен қатар соятын малы болмай, жалғыз атты ұры алып, Мақтым жаяу тілек тілеуге айналған соң, Күлпаштың бірге туған сіңілісі Раушан келіп Күлпашты азғырған:

- «Осы жаманмен біраз күн өмір өткіздің ғой. Ендігі қалған өмірінді қорлыққа салма... жыл болса ауыр, осы бастан азбас, тозбас камыңды ойла...» – деген.

Күлпаштың көңілін аудару үшін Раушанның ұсынатын адамы Жұмағазы. ...Бұзылмаған қазы, бұрулі етті естігенде Күлпаштың аузынан суы ағып, ынтығуға айналды. Бүрліктірген аштық, тамақты есіткен соң, Күлпаштың еркін алып, жеңгендей...» [1, 89 б.].

Осы үзіндіден аштықтың қазақ ауылдарына әкелген қияметін, бір Күлпаш бейнесі арқылы аштықтың сол замандағы қазақ ортасына, сонымен қатар қазақ әйелінің басына нелер қиын күндерді алып келгенін байқай аламыз. Тіпті кейіпкердің сырт келбетінен, оның жұпыны киімінен, тұрып жатқан баспанасынан кедейліктің адамдарды қажытқанын көруге болады. Автор әңгіме кейіпкері Күлпаштың шарасыздықтан құтылу үшін, жалғыз баласы Қалижанды аштық құрсауынан алып қалуды ойлап, Жұмағазы шалға тоқал болуға келіскенін түсінікті етіп жеткізеді.

Аштық шеңгелінен құтылу үмітімен ері Мақтым мен баласы Қалиды тастап, Жұмағазыға қосылған Күлпаш шалыс басқанын біліп, жанын жеген қайғыға душар болады, бұрынғы күйеуіне қайта қосылуды арман етеді.

Отбасылық трагедияның негізгі себебін автор кедейлік пен байлыққа тірейді. Дәулеті барлар жоқшылыққа жолыққандарды жем етуге тырысады, солардың өмір күйзелісінен өздеріне олжа тапқысы келеді. Мақтымның кедейлігін, үйіндегі аштықты пайдаланып, Күлпашты азғыртып алатын Жұмағазы нәпсі құлы, тасбауыр жан. Бұл әңгімеден шығатын қорытынды, отбасы бірлігін қадірлей біл,

қандай қиыншылыққа да отбасымен бірге төз, оны шайқалтсаң, қайта қалпына келтіру мүмкін емес.

Осылайша, жазушының халқының тарихи ірі бетбұрыстарынан көз жазбай, сол кезеңдердің маңызды құбылыстарын өз әңгімелеріне үзілмес арқау еткенін көреміз. Бұл жөнінде М. Әуезов өз ойын төмендегідей сабақтайды: «Бейімбеттің әңгімелерінің көп топтары революцияның ең алғашқы жылдарынан бастап, отызыншы жылдардың ортасына дейін совет дәуірінде қазақ аулында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады» [2, 385 б.]

Жазушы Мұхтар Мағауиннің «Бір уыс бидай» әңгімесінің тақырыбы да – аштық кезеңіндегі қазақ аулындағы қазақ отбасының жағдайы. Басты кейіпкер де бұл әңгімеде – әйел образы: «Бұл өзі қаусаған кәрі кемпір еді. Еріндері қарайып тобарсыған. Бүкіл өмірін азаппен өткізгендігінің куәсіндей айқыш-ұйқыш әжім басқан беті шаң топырақ пен қауыздың үгінділерінен көрінбейді. Бірақ арып еті қашқан шығыңқы бет сүйектері мен шүңірейіп ішіне кіріп кеткен жанарсыз кездері оның өмір бойы кереген бейнетінің бәрін де осы соңғы бірнеше күннің азабы басып кеткенін паш еткендей еді. Кемпір тамсанып жұтынбақ болып еді, түкірік те шықпады» [3]. Осы суреттеу арқылы бүтін қазақ жұртына келген ашаршылықтың қасіретін автор өмірден ешқандай рақат көрмеген әйел портреті арқылы жеткізіп тұр.

Бұл тұста әңгіме неге «Бір уыс бидай» деп аталады деген сұрақ туындауы да мүмкін. Мұның өзінің де себебі бар: «Алмажан оқыс қармалап, кимешегінің етегіндегі түйіншекті дірілдеген саусақтарымен шешіп, қолына алып еді, бидайы бір-ақ уыс болды. «Жарықтық, меруерттей болып жатқандарын қарашы, – деп ойлады, жартылай ашық алақандағы, тұтас бір жыл бойы топырақ пен сабанға араласып жатқан, бүйірлері шығыңқы, сырты қарақоңыр, аз-маз шіріген дәндерге мейірлене қарап – Кеңесім мен Сәбетім қандай қуанар екен, тез апарып қуырып, талқан жасасам, жарым шөңке быламық көже болмай ма...» [3].

«Алмажан қолындағы бір уыс бидайын кимешегінің етегіне қайтадан түйіп алмақ болып ыңғайлана бергені сол еді, Бақанастың басынан бір топ кісі көрінді. Өңшең сәйгүлік мінген, жүрістері суық. Жападан жалғыз тұрған Алмажанды көрісімен, ескі қырманға қарай ат қойды. Кепеу нәшәндігі Шупин екен. Қарқаралының орысы. Өзі қазақшаға судай. Қасында белсенді Қағазтай, млісә Арқатбай және мылтығы шошайған тағы үш-төрт орысы бар. «Мынау халық жауының қатыны қырманнан астық ұрлап жүр!» – деді атынан секіріп түскен Қағазтай. – Қабың қайда? Көрсет!»

Алмажанның тілі күрмеліп қалды. Қабым жоқ деп те айта алмады. «Қара мынаны, – деді Арқатбай – Сабанды қопарып тастапты». Бесатарының ұшымен шашылған сабан арасын ақтара бастады. «Мынаның қолында бірдеңе бар, – деді Қағазтай. – Бидай! Қоғам мүлкін ұрлаған қарабет! Әкел бері!» Зәресі ұшқан Алмажан бір уыс бидайды тарс қылып ұстаған жұмырығын артына жасырды. «Алақанын аш!» – деді ат үстінде тұрған Шупин Қағазтай мен Арқатбайға. Екеуі Алмажанның қолын оп-оңай қайырып, алға созды. Бірақ алақанын жаздыра алмады. Осы кезде ат үстінде тұрған мылтықты солдаттардың бірі Алмажанды жауырын ортасынан тепті. Алмажан етпетінен түсті. Ыза болған Арқатбай мен Қағазтай да қызып кетіп, темір нәлді орыс етікпен қос қабырғадан жабыла тепкіледі. Бірақ бір уыс бидай жұмылған алақан ашылмады» [3] деген үзіндіден Алмажанның қиналып болса да, тапқан кішкене ғана бір уыс бидай үшін, ақтық демі қалғанша осы қолындағы бидайды ешкімге бермей, ақыр аяғында шыдай алмай өлімді қарсы алуы сипатталады.

Кеңестің қолдан жасаған аштық жылдарында қазақ халқына жасаған зұлымдығы соншалық тіпті 1932 жылы 7 тамызда «Социалистік мүлікті ұрлаған, талан-тараж еткендерді қылмыстық жауапкершілікке тарту» туралы заң шығарады. Нұрбек Бекбаудың «Ғаламда болмаған геноцид» деген мақаласында «Осы баппен одақ көлемінде 125 мың адам масақ тергені үшін, жүк көліктерінен кішігірім төгіліп қалған бидайды жинағаны үшін түрмеге қамалып, оның 5400-і атылды. Осы бидай масағын терем деп, түрмеге түсіп, атылып кеткендердің дені – қазақ әйелдері еді... «Қалаға кіргізбеңдер!» Қорадағы бүкіл малын Совет үкіметі тартып алған соң, ауылдағы ағайын қалаларға ағылды» [4] деп көрсетілген.

Тура осы көрініс біз талдау нысанына алған М. Мағауиннің «Бір уыс бидай» әңгімесінде айдан анық берілген: «Түйелерің жайылып жүрген далаларына кетіңдер!» Дүние-ай! Кетер еді-ау, сол далаға, тіпті, бұрын құбыжықтай көретін жат халық жайлаған қаланың маңынан жүрмес еді ғой, кешегі күні болса! Қазан-қазан асылған семіз бағлан қайда, сапырулы сары қымыз қайда? Дала! Саған оң аяғы, үсті-басы күл-топырақ, арық қарақайыс түйенің өзі де көрік береді екен ғой! Сол далада бүгін жайылып жүрген түйе түгілі, ін аузында кешкілікте шақылдап отыратын саршұнақты да көрмейсің. Ініне су құйып, тұзақ құрып ұстап алып, оларды да жеп тауысқан» [3]. Қарап отырсақ, қазақ өмірін суреттеген сұмдық шығарма. Бір уыс бидай, бір үзім нанға зар болған сол нәубет жылдар туралы оқығанда, естігенде, бүгінгі күнге, бүгінгі баршылыққа, тоқшылыққа сансыз шүкір дейсің.

Осы жерде айта кететін жайт: Мұхтар Мағауиннің «Бір уыс бидай» әңгімесінің желісімен қысқаметражды фильм түсіріліп, көрерменге жол тартты. Фильм авторлары Серік Әбікенұлы, Данияр Мұстафаев. Әрине режиссерлер әңгіменің фабуласын негізге алғанымен, өзіндік көркем жаңаша шешіммен, өзгеріспен сомдаған.

Жоғарыда талданған шығармаларда ашаршылық жылдарындағы халық тұрмысының әйел адамдардың образы арқылы сипатталғандығын көрдік.

Мақалаға негіз болған тақырып төңірегінде, мақала өзегі болған жоғарыда талдап өткен жазушылар шығармаларынан байқағанымыз қазақ даласында орын алған осы нәубет жылдар қазақ халқының басынан өткен ең қиын зардаптардың бірі болды. Қазақ жеріндегі 1920-30 жылдардағы аштық оқиғасы қазақ жазушыларының шығармаларында, ғалымдардың зерттеу еңбектерінде тоқтап қалмай, әрі қарай жалғасын табуда. Яғни, бұл тақырыптың әлі де зерттеуді талап ететін тақырып екендігі даусыз.

Әдебиет алдында әрдайым қойылатын басты шарт – ол өз уақытына лайықты сипатқа ие болуы керек. Көркем шығарма оқырманға рухани әсер етеді, оның білімін, көркемдік мұраттарын көрсететін айна әсерін жасайды. Бәрінен бұрын есте сақталатын жалпы қағида – өткеннің тәжірибесін білмей, жаңасын жасау мүмкін емес. Сондықтан өткен тарихымыздағы осы нәубетті біз үнемі есте сақтап, келесі ұрпақтарымыздың мұндай зұлматты басынан кешпеу үшін ашаршылық туралы бар шындықты ашуымыз – бүгінгі ұрпақтың міндеті деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2003. – 584 б.

2 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959.

3 Мағауин М. Бір уыс бидай [Электрондық ресурс]. URL: <http://kerey.kz/?p=3613> [сайтқа жарияланған күні 26.05.2015].

4 Бекбау Н. Ғаламда болмаған геноцид [Электрондық ресурс]. URL: <http://www.madeniportal.kz/article/3531> [сайтқа жарияланған күні 15.05.2021].

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ТІЛІМІЗ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ИГІ ҚАДАМ...

БЕТИМОВА А. О.

қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Береговая ЖОББМ, Теренкөл ауд., Павлодар обл.

«Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты, алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын жоба біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарынан бастауымыз керек», – деді тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев.

«Мәңгілік ел» болып қалыптасу – жарқын болашаққа бастар жол болса, латын әліпбиіне көшу-уақыт талабы.

Азияның кіндігінен ойып тұрып орын тепкен, бүгінде бірнеше елдермен бәсекелестік орнатып, терезесі тең тұрған, 18 миллион халқы бар бүтіндей бір мемлекетті бір ғасыр бойы қолданып келген «кирилл» қарпінен латын әліпбиіне көшіру – бір айда немесе бір жылда жүзеге аса салатын оңай іс емес. Мұндай үлкен жобаны іске асыру үшін біршама уақыт пен еңбектің қажет екендігі белгілі.

Қазақ тілі-халқымыздың тарихымен астасып, тірлігімен тыныстап жатқан тіл. Тілдің құндылығы тереңде жатыр. Ол қоғам рухын, мәдениеті мен ұлттық кодын білдіреді. Қазақ тілінің латын графикасына көшу мәселесі ұлтты дамытудың объективті факторы. Латын – әлем өркениеті мен техникалық прогрестің әліпбиі.

Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Біздің еліміз латын қарпін іс-қағаз құжаттарында, әдебиет, мәдениет және басқа да барлық салаларда 1929-1940 жылдары пайдаланылғаны тарихтан белгілі.

Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Дауысты дыбыстар

е әрпі созылыңқы және қысқа айтылуына байланысты мысалы: Liber – тәуелсіз, Liber – кітап сөздердің мағыналары өзгереді.

Латын әліпбиіне көшу туралы ой-пікірлер 1926-1929 жылдардан бастап бастау алғаны баршамызға тайға таңба басқандай белгілі.

Қазақ тіл білімі тарихында 1929 жылы қазақ жазуы ресми түрде латын әліпбиіне көшкен. Сонымен қатар, 1929-1940 жылдар аралығында латын әліпбиі қолданыста болған еді.

Ұлтымыздың басынан үш алфавит жүйесін өткергендігін білеміз. Олар: біріншіден – араб әліпбиі (1929 ж. дейін);

екінші – латын әліпбиі (1929-1940 жж.);

үшіншісі – кириллицаға негізделген қазақ әліпбиі (1940 жылдардан бүгінге дейінгі қазіргі әліпбиіміз).

(Латын графикасына байланысты пікірталастардың басталуы)

Еліміздің латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды – деп айтты.

Көптеген ғалымдардың пікірін ескеретін болсақ, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды. Себебі, біріншіден, латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық - тіл ауыспай, таңбаның ауысуы. Екіншіден, қарапайым тілмен жеткізсем, сөзді немесе дыбысты қалай естісек, жазылуын да солай жазамыз.

Қазіргі кезеңде білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны осы латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосады деген ойдамын. Оған дәлел, бастауыш буыннан бастап тілдің үш тұғырлығының басымдығының бастау алуы. Біздің бейбіт және көпұлтты қазақстанымызда мемлекеттік тілді өркендету үшін латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғыру көрінісі болмақ. Сол арқылы бабалар мұрасын сақтап, дамыған отыз елдің қатарына ену үшін жаңа көкжиекке жол ашамыз. Тіл адам санасына бағыт береді, оның өмірлік тәжірибесін қалыптастырады. Латын әліпбиіне көшу арқылы әлемдік ғылымның, инновациялық

және ғылыми-техникалық прогрестің игілігін еркін меңгеруге ықпал ететін болады, сол себепті барлық қазақстандықтар ұрпақ болашағы үшін осы реформаны қолдауы керек.

Тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі ретінде жазудың маңызы өте зор.

Латын әліпбиіне көшу, сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғи әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек. Латын әліпбиіне көшу-қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздің дыбыстық жүйелерін нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан біз үшін, болашақ еліміз үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін. «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», – деп Елбасы айтқандай, латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда. Ендігі кезекте, Мемлекет басшысы атап өткендей, ғалымдардың көмегімен қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасы қабылданып, әдістемелік жұмыстар жүргізілуі тиіс. Ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау көрсету, жақсыны үйренбекке ұмтылу жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті болмақ. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көз – қорқақ, қол – батыр», – деп дана халқымыз айтқандай, екі қолды сыбанып нақты нық қадаммен алға басайық!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <http://uzunkol.kostanay.gov.kz/kz/rukhani-zha-yru/latyn-l-pbi-ne-k-shu-zaman-talaby/>

2 <https://www.qamshy.kz/article/elbasi-nnazarbaev-biz-latin-alipbyine-koshwdi-bastaymiz.html>

3 №182 (29163) 22 қыркүйек, жұма 2017 жыл «Егемен Қазақстан» газеті «Рухани даму жаңа әліпбиден бастау алады» мақаласы, 1-б.

4 №35 (29266) 20 ақпан, сейсенбі 2018 жыл «Егемен Қазақстан» газеті «Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы» мақаласы, 1-б.

5 <https://infourok.ru/maala-latin-lipbii-zaman-talabi-2113599.html>

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКА

БОЗДАЕВА А. А.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, Тереңкөл ауданының Аграрлық-техникалық колледжі, Павлодар обл.

Гендер-бұл адамның жынысына байланысты ерлер мен әйелдердің мінез-құлқындағы, өмір салтындағы, ойлау тәсіліндегі, қалыптасқан қарым-қатынастардағы және т.б. құндылықтардың жалпы идеясын құрайтын нормалар мен сипаттамалардың қоғамдағы модельденген жүйесін білдіретін кең ұғым.

Қарапайым тілмен айтқанда, бұл бізді әйел немесе еркек ететін, бірақ біздің биологиялық айырмашылықтарымызбен ешқандай байланысы жоқ белгілер. Бұл әйелдер мен ерлердің қоғамдағы әлеуметтік рөліне негізделген анықтамасы. Гендер-бұл олардың тек биологиялық белгілері бойынша бөлінуі.

«Гендер» («gender») ағылшын сөзі десек те, түп төркіні латын тілінен шыққан. Ол «genus», яғни, «тек» деген мағынаны білдіреді. Бір қызығы, ол негізінен әлеуметтануда емес, тіл білімінде қолданылған.

Бұл термин әуелгіде «род» грамматикалық категориясына қатысты қолданылды. Бұл тақырып ішінара 30-шы жылдары жариялана бастады, бірақ бүгінгі күнге дейін әртүрлі салаларда қызу талқылануда:

1935 Маргарет Мид алғаш рет биологиялық және әлеуметтік жыныстағы айырмашылықтар туралы өз идеяларын білдірді.

1955 ж. «гендер» сөзінің алғашқы ескертуі американдық сексолог Джон Манидің шығармаларында естіледі, ол оны

биологиялық жыныс пен әлеуметтік рөлдің терминологиялық айырмашылығын белгілеу үшін қолданады.

1968 ж. дамудың келесі кезеңі Стеллердің еңбектері болды, ол бұл терминді жаппай қолдануға енгізді.

Гендерлік зерттеулердің басты нысаны – қоғамдағы ерлер мен әйелдерге деген қарым-қатынасты айқындайтын мәдени және әлеуметтік факторларды анықтау, индивидтердің белгілі бір жынысқа жатуына байланысты мінез-құлық ерекшеліктерін, олардың еркекке және әйелге тән негізгі қасиеттерінің стереотиптік сипаттарын ашу.

Ал қазір гендерология ілімінің өзі тармақталып кетті. Гендерлік психология, гендерлік педагогика, гендерлік саясат секілді ғылымдарға сараланып, пәнаралық байланысты қалыптастыратын ілім болды.

Әйел зерттеулері лингвистика саласына да енді, тіл ең дәл барометр екендігін анықталып, гендерлік теңсіздіктің көрсеткіші ретінде алынды. Аузына қақпақ болған маскулиндік жүйеге байланысты әйелдерге өздерінің ерекше дүниетанымдарын толығымен жеткізу қиынға түсті. Бұл саланың бағыттары: әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика.

Гендерлік лингвистика немесе лингвистикалық гендерология – бұл лингвистиканың бір саласы немесе, сәйкесінше, әр түрлі жыныстағы өкілдердің сөйлеу ерекшеліктерін зерттейтін гендерология бөлімі. Гендердің немесе жыныстың екі түрі бар екенін ескеруіміз керек: биологиялық және әлеуметтік-мәдени. Биологиялық – бұл адамның белгілі бір жынысқа жататындығын анықтауға мүмкіндік беретін анатомиялық және физиологиялық сипаттамалардың кешені. Әлеуметтік-мәдени -бұл жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыратын әлеуметтік нормалар, үміттер, реакциялар, құндылықтар кешені. Гендерлік лингвистика әлеуметтік-мәдени жыныстардың тілдік айырмашылықтарын зерттейді, олар әрдайым биологиялық емес. Бұл жағдайда жазбаша және ауызша сөйлеудің ерекшеліктері байқалады.

Гендерлік лингвистика қазақ тіл біліміне өткен ғасырдың 80-жылдарына қарай еніп, жаңа ғана кеңінен зерттеле бастағанын сала.

Қазақ тілі көне дәуірлерден бері келе жатқан ең ұлы тілдердің бірі. Негізгі сөздік қор, көркемдігі жағынан ғана емес, гендерлік тұрғыдан алғанда да біздің тіліміздің асыл қасиеттері бірден танылады. Себебі қазақ тілінде басқа тілдердегі сияқты әлеуметтік жікке бөлінушілік жоқ. Яғни, көптеген өзге тілдерде кездесетін “средний род, мужской

род, женский род” сияқты айырмашылық қазақ тілінде кездеспейді. Себебі, қазақ дүниетанымда әлем біртұтас үйлесімділікте қабылданады. Сондықтан да жыныстық тұрғыдан әйел-еркек деп бөлектеу құбылысы қазақтардың дініне де, діліне де, тіліне де жат нәрсе. Ер адам мен әйелдердің сөйлеу тілінің арасындағы айырмашылық тек нәзік, көзге шалына бермейтін тұстарда ғана көрінеді. Осыған сәйкес тілімізде «Әйелдің аты – әйел» деген қалыптасқан тіркес бар. Аталған тіркесті қазақ халқы бір жақты ұғынбайды.

Біріншіден, әйел – әлем жаратылысындағы тіршіліктің алғашқы бастауы, өмір әкелуші, ұрпақ жалғастырушы, дәстүрлі құндылықтарды өндіреді, соған орай әйел– ана, әйел – әдемілік, әйел – нәзіктік, әйел – сұлулық, әйел – сезімталдық, әйел – сыпайылық, әйел – әдеп, әйел – үйлесім, әйел – жарасым... деп танымыз.

Екіншіден, әйел – төменгі әлемнің, күнәның, опасыздық пен жамандықтың, ретсіздіктің символы. Қазақ мәдениетінде әйелге қатысты жағымсыз коннотациядағы ассоциациялар кездеседі. Әйелге байланысты әсіресе ауызекі тілде көп қолданылатын шүйкебас, төмен етекті, шөпжелке, ұрғашы сияқты кемсіту мағынасындағы сөздер бар.

Соңғы уақытта гендер мен тілдің бір-бірімен байланысын зерттеу мына бағыттар аясында жүргізілуде:

- әлеуметтік – лингвистикалық – тілдің әлеуметтік жіктелуі мен қоғамның жыныстық жіктелуінің өзара байланысын, әйел мен ер адамның тілдік және бейтілдік бірліктерді қолдану айырмасын т.б. зерттеу;

- психоллингвистикалық – жыныс психикасына сәйкес әйел мен ер адамның тілдік қарым-қатынасы үрдісіндегі тілдік және бейтілдік ерекшеліктерді ажырату, бала тілінің гендерлік дамуын зерттеу, психоллингвистика мен нейролингвистиканың байланысын анықтау;

- идентификациялық – авторы жасырын (аноним) мәтіндерді тексеру арқылы автордың тілдік тұлғасын анықтау, жынысын ажырату;

- лингвомәдениеттанулық және мәдениетаралық зерттеулер – белгілі бір кезеңде түрлі тілдер мен мәдениеттердің андроортақтық деңгейін белгілеуде гендердің алатын орны, тіл мен мәдениеттің қоғамдағы рөліне сәйкес гендердің жалпы және айрықша белгілерін анықтау;

- тілдегі феминистік сын;

- маскулиндік зерттеулер.

Ғалым Г. Шоқымның көрсетуінше, «лингвомәдениеттанулық бағытта фемининдік және маскулиндік таптаурындардың (стереотип) тілдегі көрінісі, «еркектік» (мужественность) және «әйелдік»

(женственность) тұжырымжасам, гендерлік метафоралар қолданысы (еркектік немесе әйелдік мағынасының жынысқа қатыссыз заттар мен құбылыстарға ауыстырылып қолданылуы) және мәдениетаралық қатысым деңгейінде т.б. зерттеулер жүргізілуде» Қазір сәнге айналып, өміріміздің бір құрамдас бөлігі саналатын жарнама тілін зерттеуші И. А. Гусейнова, М. В. Томская қазіргі жарнамалық дискурста гендерлік стереотиптердің ақпарат таратуда зор мәнге ие екенін атап көрсетеді

Әйел мен ер адамдардың лексикасын арнайы зерттеумен айналысқан Е. А. Земская, М. А. Китайгородская, Н. Н. Розанова олардың арасындағы айырмашылықтардың бірқатарын былайша атап көрсетеді:

- ерлер тілінде экспрессивті, стилистикалық мәні төмендетілген сөздер жиі қолданылады;
- ерлерде дөрекі, қарапайым сөздерді әдейі қолдану жиі кездеседі; Мысалы, «Қортық, араның ашылсын!»
- ерлер өз араларындағы жеңіл-желпі әңгімеде инвективті лексиканы көп қолданады;
- әйелдер гиперболалық тәсілдегі сөздерді көп пайдаланады; Мысалы, Той керемет қызық өтті.
- ерлердікіне қарағанда, әйелдер тілінің эмоционалды бояуы басым.

Ал зерттеуші Е. И. Горошко ерлер мен әйелдер тілінің ерекшеліктерін төмендегідей саралайды:

Ерлер әйелдерге қарағанда, түрлі мағынадағы сөздерді көбірек қолданады;

Ерлер таңдаған сөздердің басым бөлігі жануарларды сипаттауға, ал әйелдердікі киім мен мата түрлерін, тамақ пен ас әзірлеу тәртібіне қатысты;

Әйелдер қолданатын сөздердің көпшілігі оларды тікелей қоршаған заттармен, олардың жеке сезімдері мен психологиялық күйлерімен байланысты, ал ерлердің әңгімесі өзіндік «менінен» алшақ, еркектің ішкі әлеміне бағытталмаған;

Ерлер таңдаған сөздер көбіне өзара аллитерацияланып, ұйқасып тұрады, олар әйелдерге қарағанда сөздердің акустикалық жағынан үйлесуіне көбірек мән береді.

Гендерлік лингвистика саласына қатысты зерттеу жүргізіп жүрген белгілі ғалым Б. Хасанұлы: «Гендерлік фактордың көрінісі тілдің барлық деңгейінде зерттелуі шарт,» – дей келіп, қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың жолдарын былайша атап көрсетеді:

Салыстырмалы және салғастырмалы гендерлік лингвистика (мысалы, морфология деңгейінде адамның есімі мен тегіне, әкесінің атына белгілі бір жұрнақтың, жалпы жұрнақ атаулының бір түрінің қолданылу-қолданылмауы, тек (род) категориясының қазіргі тілде, оның тарихында болу-болмау белгісі т.б.)

Гендерлік паралингвистика. Бұл бағыт қазақ тіліндегі ым-ишара белгілері негізінде қалыптасуы тиіс. Қазақы гендерлік паралингвистика тұрғысынан жүргізілген зерттеулердің өмірдің түрлі салаларын (өнер, көпшілік алдындағы сөз т.б.) дамытуға септігі тиер еді.

Гендерлік лексикография. Бұл бағыт қазақ тілі мен өзге тілдердің негізінде жүзеге асуы тиіс.

Гендер және тіл игеру. Бұл бағыттағы зерттеулер тілді жоспарлау ісіне аса қажет.

Бір тіл аумағында әлеуметтік жынысқа – әйелдер мен ерлерге байланысты, олардың әрқайсысының сөз саптауында кездесетін тілдік бірліктер (сөз, сөйлем, сөйлемдер мен сөз тіркесі, фразеологизм, мақал-мәтелдер) гендерлект болып аталады. Гендерлект терминін ғылыми қолданысқа алғаш енгізген –лингвист Дебора Таннен. Бұл термин алғашқыда еркектер мен әйелдердің сөйлеу іс-әрекетіне тән үнемі болып тұратын, үздіксіз белгілердің жиынтығы ретінде түсіндірілді. Сонымен байланысты «жыныс – қарым-қатынасты (коммуникацияны) айқындаушы фактор» деген феминистік көзқарастар қалыптаса бастады. Кейінгі жылдардағы бірқатар еңбектерде еркектер мен әйелдердің кез келген сөйлеу іс-әрекетінде айырым белгі бола бермейтіндігі айтылады, сондықтан «гендерлект» жөнінде түрлі пікірлер орын алып келеді. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде: «гендерлект (ағыл. gender жыныс (dia) lektos диалект) ағыл. genderlect – бір этникалық тіл, ұлттық тіл, социолект көлемінде ер адамдар тілдерімен салыстырғанда әйелдер тілінің лексикалық, эмоциялы-экспрессиялы, грамматикалық, стильдік және басқа да ерекшеліктері»

Қазақ салтында ұлды әке, қызды шеше тәрбиелейді сол арқылы, біртіндеп гендерлік дағдыларға бейімдей бастайды. Халқымыздың салт дәстүрімен біте қайнасып жатқан гендерлік ерекшеліктер тіліміздің інжу-маржандары халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, мақал-мәтелдерде, тұрақты сөз тіркестерінде көп кездеседі. Жас, жыныс айырмасын сипаттайтын гендерлік фразеологизмдердің басым көпшілігі балаларға қатысты қолданылады. Мысалы: ат ұстар, ат байлар, ат қосшы, қазан бұзар, қыз теке (қыздармен қосылып ойнайтын ер бала), отау иесі, ашамай міну, тоқым қағар, т.б. Мақал-мәтелдерде көбінесе ұл мен

қыз қатар қойылып, салыстырылып беріледі: Үй иесі – ұл, төр иесі – қыз; Қыздың ұяты – шешеге; Қызы андан үйренбей өнеге алмас, ұлы атадан үйренбей сапар шекпес; Қызы мінезді келсін, ұлы өнерлі келсін, т.б. Қазақ қоғамында қалыптасқан мәдени дәстүр бойынша балалық шақтың әрбір кезеңінде ересек өмірге бейімделу, әлеуметтену, дәлірек айтқанда, ұл – еркек, қыз – әйел болу қағидаларын игеріп, гендерлік нормалар мен рөлдерге машықтануы маңызды болып саналған.

Қазақ халқы қызды әлеуметтік жасымен атауды әдет қылған. Бой жетіп, балиғатқа толған қызды ұзатылғанға дейін бойжеткен, ұзатылатын қыз, атастырылған қыз, қалыңдық сияқты гендерлектілермен атаған. Сонымен қатар тілімізде қыз бейнесін айқындайтын образды тіркестер де көптеп санарлық. Мысалы, беті ашылмаған, он екі де бір гүлі ашылмаған, салиқалы қыз, хор қызы сияқты тұрақты сөз тіркестерімен қатар көркем тілмен оюланған гендерлектілерді де атап өткен жөн. Мәселен, жас ерін, нәзік бел, сәбидің білегіндей торғын тамақ, мақпалдай екі беті үлбірейді, миуалы пісіп тұрған жас алмадай, т.с.с. Он үште отау иесі саналған ер бала қазақ халқында жігітке лайық, ер жүрек, өткір, бір сөзді, ақылды, білімді, яғни сегіз қырлы бір сырлы болуы шарт. Осы ретте мынадай гендерлектілер кездеседі: Жігітті жігерінен таны; Жақсы жігіт: он бесінде жас емес, жүзге келсе де, пәс емес, т.б. Бұл сияқты мақал-мәтелдер жігіттің гендерлік рөлін бекемдей түседі. Жігіттік шақты бейнелейтін жас жігіт, зінгіттей жігіт, қылшылдаған жігіт, жігіт-желең, күйеу жігіт, сақа жігіт гендерлектілері жігіттің физиологиялық толысуы ғана емес, гендерлік әлеуметтенуін де білдіреді.

«Қазақ әйелінің» көрінісі мына мысалдардан аңғарылады: «Әйел сырын әйелден сұра», «Әйелі жоқ үй – жетім», «Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс», «Ине, жібі бар әйелдің үсті – басы жыртылмайды», «Әйел – үйдің көркі, еркек – түздің көркі», «Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді, жаман әйел жақсы еркекті жүдетеді», «Жаман әйелдің мінезі қиық келер, сөзі сұйық келер», «Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады», «Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас. т. б. Қазақ мақал-мәтелдерінен қазақ менталитетіне «әйел» концептісін қабылдауда тән әйел затының орнының ер адамнан бір саты төмендігі, бағыныштылығы көрініп тұрады. Мысалы, қазақтың төмендегі мақал-мәтелдері оған дәлел бола алады: «Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық», «Еркек үйдің – иманы, әйел – үйдің жиғаны», «Байтал жүйрік, парқы жоқ, қатын шешен, нарқы жоқ», «Байтал шауып бәйге алмас», «Бұлттан шыққан күн ащы, жаман қатынның тілі ащы».

Мақал-мәтелдердің гендерлік табиғатын ашу үшін оларды социуммен біртұтас алып қарастыру қажеттігі сөзсіз, өйткені кез келген тілдегі мақал-мәтелдер халықтың қоғамдық-әлеуметтік жайынан, халықтың ұлттық менталитетінен хабар беретін категория ретінде көрініс табады.

Орысша-қазақша сөздікте келтірілген гендерлік аталымдарға зер салсақ, орыс гендері көбінесе әйел жынысына қатысты атауларда ерекше аударылады. Дәлірек айтқанда, қазақша аудармада жақша ішінде «әйел» сөзін тіркестіріп түсіндіру орын алған. Мысалы: весовщица – таразышы (әйел), курьерша – курьер (әйел), лгунья – өтірікші (әйел). Сонымен бірге гендердің бір тобы орыс тіліндегі нұсқасын сақтап берілген (ассистент – ассистентка, оптимист – оптимистка, лаборант – лаборантка), бірқатары тіліміздегі сөз тудырушы өнімді қосымшалар (-шы, -ші, -лық, -лік, -дық, -дік, -лы, -лі, -ды, -ді, -шыл, -шіл, т.б.) арқылы аударылған. Мысалы: азиатка – азиялық әйел, завёртчица – ораушы әйел, мотовка – ысырапшыл әйел, работница – жұмысшы әйел, т.б. Қазақ тіліндегі гендерлік аталымдардың көпшілігі тіркескен я қосарланған сөздер түрінде келеді. Атап айтсақ:

а) әйел гендерлектілері (аталымдары): әйел заты, жесір дауы, жүкті әйел, кіндік шеше, қалың мал, қайын сіңлі, салпы етек, ұзатылған қыз тәрізді тіркесті сөздер, апалы-сіңлілі, бәйбіше-тоқал, келін-кепшік, кемпір-сампыр, қатын-қыз, қыз-қырқынсияқты қос сөздер;

ә) еркек гендерлектілері (аталымдары): жез мұрт, жігіт ағасы, ер азамат, еркек кіндік, нағашы аға, немере іні, шал адам, аға-іні, әкелі-балалы, жігіт-желең, т.б. Гендерлік аталымдардың ендігі бір тобы қарама-қарсы мағынадағы (антонимдес) сыңарлардан құралған қосарлама қос сөздер арқылы берілген: ата-ене, апа-жезде, әйел-еркек, әке-шеше, бай-бәйбіше, еркек-ұрғашы, қыз-бозбала, іні-қарындас, ұл-қыз. Бұлар бір жағынан, лексика-грамматикалық сипатына қарай топтау, жинақтау ұғымын білдірсе, екінші жағынан, гендерлік сипатына қарай әлеуметтік-жыныстық жіктелуді көрсетеді.

Орыс тілі гендері тұлғалық формаларының әртүрлілігіне қарамастан, қазақ тіліндегі аудармада басым түрде -шы, -ші нұсқасымен, түсініктемемен берілген. Қазақ тілінде гендерлік мағына тудырушы қосымшалар орыс тілімен салыстырғанда аз. Ішінара кейбір жұрнақтар жынысқа тән келіп, сөзге гендерлік сипат береді. Мысалы: -ша (хан – ханша, азамат – азаматша) мен -а (мұғалім – мұғалима) қосымшаларын ғана айтуға болады. Бірақ бұл тәсіл қазақ тілінде өнімсіз. Алайда бір түбірден өрбіген туынды

сөздер, яғни гендерлік түбірлес сөздер тілімізде жеткілікті. Мәселен, аға, ағажан, ағай, ағалық, ағасын; еркек, еркексі, еркексіре, еркектей, еркектік, еркекше; ана, анажан, аналы, аналық, анаш; шеше, шешей, шешелес, шешелі, шешелік, т.б.

Қорыта келгенде, қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистика әлі толық зерттелмеген сала. Бұл тыңғылықты және тиянақты зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Қайнар, 2005.
- 2 Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Ә. Д. Сүлейменова, Н. Ж. Шәймерденова, Ж. С. Смағұлова, Д. Х. Ақанова. – Астана: «Арман ПВ» баспасы, 2008.
- 3 Гүлжан Шоқым «Гендерлік лингвистика негіздері» «Экономика» баспасы» ЖШС, 2012.
- 4 Мамаева Г.Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктері. Диссертация, Алматы, 2003
- 5 Қортабаева Г.Қ., Есімбекова Н. Қазақ тіліндегі гендерлік сипатты фразеологизмдер ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №1(62). 2013
- 6 Хасанұлы Б. Проблемы развития гендерных исследований в казахском языкознании и вопросы женского языка // Язык и культура: функционирование и взаимодействие. Материалы международной конференции. – Шымкент, 2003.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢ ЛИРИКАСЫ: ҰЛТ ТІРЕГІ – АУЫЛ СУРЕТТЕРІ

ДАУЛЕТ М.
мұғалім, № 16 мектеп-лицейі, Павлодар қ.
ПОПАНДОПУЛО А.
8-сынып оқушысы, № 16 мектеп-лицейі, Павлодар қ.

Тәуелсіздік кезең қазақ лирикасына жаңа шабыт, өзгеше өрнектер әкелді. Жаңа өмірге құлшыныс әдебиетте жаңа тақырыптар мен идеяларға жол ашты. Қазіргі кезең поэзиясындағы іргелі тақырыптардың ішінде – туған ел, туған жерге туралы шығармалар бөлек көрінеді. Тәуелсіздік кезеңіндегі лирикада кеңес өкіметінің соңғы жылдарынан басталған тоқыраудың кеселі ауыл тағдырына

алаңдаулы тақырыптар мол болды. Ауыл тақырыбы бұған дейін өске ел, өнген орта, ұлттық даму негізі болып суретеліп келген. Қазақ әдебиеті үшін ауыл тақырыбы – туған ел мен жер тақырыбының алтын дінгегі. Бүгінгі ауыл бейнесінің өзгеше бастаған алғашқы жаңғырықтары 1991–2001 жылғы лирикада анық көрінеді.

1991–2001 жылдардағы поэзияда бұл тақырыптардың еркеше көрініс беруі деп біз келесі себептерді анықтаймыз.

1 Қазақ әдебиетіндегі Отан, туған ел мен жер тақырыптары – негізгі тақырыптардың бірі. Бұл – әдебиетте дәстүрге айналған қадірлі тақырып.

2 Еркіндік алған елдің ақындарының да мүмкіндігі де бөлек болды.

3 Батыс пен шығыс әдебиетін игерген жастар жаңа заманның жырын да бөлек етті.

4 Ауылдың өскен, қанат жайған қалпын да, кейіннен қадірі қашқан шағын да көздерімен көрген ұрпақ.

Ел мен жердің тағдырын жырлағанда елдің өзгеше бар жақсылығын да, кетеуі кеткен кемістігінде қорықпай айтты. Қоғамның, заманның ісін кей тұстары сатқындыққа, кей тұстары апатқа теңеген өлеңдер поэзияның шын қоғам көрінісі болған қалпын танытты. Әсіресе Т. Әбдікәкімовтің туындылары өз кезеңі үшін жойқын жаңалықтай сезілді. Т. Әбдікәкімов ақын қазақтың қара өлеңін жаңа бір қияға шығарды. Бұған дейінгі жалпақ ақыл, арзан ұйқасқа құрылған жырлар жаңа жалын болып төгілді.

Өзенім-ай,

Мұң-зарың бар ма қанда,

Шөл деген сөз «өл» болды дәл маған да!

Ойлағандай боламыз (кешір бізді)

Орман түгіл, шілігің қалмағанда!

Жолықпаса жусан – сау, ермен – есен,

Мен өзімді іштегі шермен езем.

Ой-арманы жоқ адам ол да бәрібір –

Орманынан айырылып өлген өзен!

Немесе: Солай, эне, Қара Өлеңнің Дұғасы!

Қарға болу қиын емес расы.

Қара түнде, Қара ағаштың басында

Қандай жұмсақ қара құстар ұясы!

Ал төменде - сан қорқыныш, сан күдік...

Қала жатыр ұл-қыздарын қаңғытып.

Қақ төбеден Қайырымсыз қоғамға

Қандай рахат отырсаңыз саңғытып! [1, 29]

Акынның жырлары табиғаттан бүкіл адамзат атынан сұраған кешірімдей. Екі өлең екі тақырыпты жырға қосқан.

Біріндегі адамның жаратылысқа жасаған зұлым кесапаты, табиғат – ана қауқарсыз, күш-қуаттан айырылған шарасыз күйде. Орманнан айырылған табиғат пен ойдан жүрдай болған адамдар қоғамы – екеуі де шерлі.

Екеуі де ендігі – барынан айырылып қана қойған жоқ, жанынан да айырылғандай. Табиғатсыз адам тіршілігінің құнсыздығы, кейіпкер шарасыздығы айтылады. Ал екінші өлең жеке бас мұңы сияқты, бірақ заман мен қоғам теперішін көрген қазақ қыз-ұлдарының күйі. Өз елінде, туған жерінде басында өзімдікі дер шаңырағы болмау – трагедияның басы шығар. Құс екеш құстың да биікте, өзі қалаған жерде ұясы бар. Қоғам қара ағаштай да сая, пана бола алмай отыр.

Мүмкін пенделіктен ада табиғат өз балаларын далаға тастамас, ал адамдар қоғамына өз балалдарын қаңғыту түк те емес екен. Кейіпкер де өзіне мейірімсіз қоғамға мейірімсіздікпен жауап береді.

Әмірхан Балқыбектің өлеңдерінде:

Алатаудың әрбір шыңы әулие,

Білмесем де білемін.

Береке – бақ тілеп едім әр үйге,

Неге қабыл болмай жатыр тілегім.

Бір тазымен бір ауылды асырар Заман өткен, Қапамын.

Қамбар емен және мен.

Көшеменен кетіп бара жатамын

Жоқ жан сынды дәнеңем [2, 97].

1990-2000 жылдары жазылған туған жер, ел туралы өлеңдердің басты еркшелігі бұнда жұрт жанын сағынған сағыныш емес, қоғамнан теперіш көрген халық пен ұлт жайы айтылды.

Кеңестік идеология 80-жылдардың соңына қарай әлсірей бастады. Ең бастысы, қоғам мен адамдардың әлеуметтік тұрмысы нашарлай бастады. Тұрмысы нашарлаған елдің ой-санасы да өзгермей қоймайтыны белгілі. Осы тұста қазақ әдебиетінде көптеген жырлардың ішінде орын алған тұрмыстық торығудың да алға шығуы заңды еді. Бақытжан Алдиярдың «1999 жылғы 11 тамыз. Ауыл.» өлеңінде мынандай жолдар бар:

Жер сілкінді, күн тұтылды, жел соқты,

Жұмыр жерді басып жатыр түнек кеш.

Біздің ауыл әу бастан-ақ селқос-ты,

Дүниенің дүмпуіне дір етпес.

Биыл оқу қалады-ау деп өкініп,

Бір жас сәби кекілі бар шырайлы,

Атасының тізесінде отырып,

«Ақырзаман деген не деп сұрайды.

Ал атасы таппай ұзақ не дерін,

Бар санасын ойлар шарпып көп қызу,

Балам, дейді, ақырзаман дегенің -Алты жылды айлық алмай өткізу [2, 28].

Өлеңнің көркемдігі әлсіз болғанымен де айтары мен суреттері – қоғам сендіріп келген, өзіне бағындырып келген, айтқанына жүргізіп, кешегі күні от пен суға салған халқынан теріс айналып, ел мен жерді «ақырзаманның» алдына әкелген шағын дәл беретіндігі. Қоғамның осындай тар қыспағын бар ақындар жырға қосты. Лириканың көркемдігі де сонда әркім әр түрлі қырынан алды, әр ақын қоғам мен заман қыспағын түрлі бояумен, түрлі себептен көрді. ең бастысы барлығы да – қоғам кесапатының себебін ашып, өзінше жауаптарын тапты.

20-ғасырдың 90-жылдарын басталған жыр – керуеннің көші ел мен жер тақырыбында бұрынғыдай сағынышты, ыстық махаббатты, өскен өлкенің сұлу табиғатын, өзгеше әдемі қалпын жырлай алмады. Себебі қазақтың алыстағы ауылға қатынауы бұрынғыдай қиынға түскен жоқ. Ақпараттық-технология байланысты да өзгертті. Бірақ жаңа заман жаңа «сыйын» ұсынды. Ол - туған ел мен жердің бұрынғы ұлттық қалпынан алыстап бара жатқаны, ол – елмен бірге жердің де қасиеті кетіп, керексіз қалып жатқан қалпы болатын.

Бауыржан Қарабековтің «Күзгі саз» өлеңінде мынандай жолдар бар:

Сағынып елге келгенде,

Сырнайлы сағым белдерде.

Сарғайып кеткен даламның

Сарнайды мұңы кеудемде.[3]

Осындай ауылын көріп торыққан күй Жанар Рамазанованың «Ауылым» өлеңінде де жырланды:

Жоғалтқандай мәңгілікке бауырын,

Жетімсіреп қалған сынды ауылым,

Өз тірлігің өз ішінде қамалып,

Жыртығың да жатыр сонда жамалып [2, 311].

Болат Мүрсәлімовтің «Қызылкесік – нұрлы жол» өлеңінде ақын туған жердің кешегісі мен бүгінін салыстырады [2, 26]. Қиналған елдің тағдыр талайын шешер ұл-қыздарының адал еңбегі мен ар-ожданы. Ел мен жердің жақсылығына сенген балаларының ақ ниеті

деген идея айтылып қоймайды. Ақын өзі де сол жолда барын салмақ. Елдің қиындығынайтып қана қоймай сол қиындықтан қалай арылтам деген сезім ақынның жан сезімі ғана емес, болашақтың да хабары.

Қалқаман Сариннің «Қарауыл. Қараөлең» шығармасында бұған дейін көп жырланған Қарауылға қайта соғады. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің ата жұрты Қарауылдың барша жақсылық мекені болғаны аңғарылады. «Қара» сөзінен дыбыстық анафора жасай отырып, «к» сөзіне акцент қояды. Ақын қазақтың әдеттегі қара – түр мен түсті білдіретін сөзін алмайды. Ұлттық реңктегі «қара» сөзіне мән береді. Қазақ тілінде қара сөзінің екі түрлі мағынасы бар. бірі – қайғы мен қасіретті білдіретін сөз, бірі – қадірлі, кмелі деген ұғымды ашатын лексема.

Ақын айтатын: қара өлең, Қара Ертіс, қара бала, Қараой Қарасаз, қара нар, қара жол, қара тау, қара қой, қара қазан, қара су, қара жаяу, қара қыз, қара көзді келіншек, қара күбі, қара шаңырақ сияқты «қара» сөзі – қасиет, қадір, құрметтілікті білдіретін мағынаға қарама-қарсы «қараның» қиындық пен жамандықты беретін мағыналарын қарсы қояды: қара түн, қаракұрым халық, қара суық, қара күйе, қара ниет сәтті қолданған. Ақын қазақ тіліндегі қара сөзінің екі танымдық белгісін қатар алып, көркемдікті күшейткен. Қара сөзі – екпін түскен сөз, көркемдік сипатты анықтаушы белгі.

Ауылдың қасиеті мен қадірін халық жан күйін суреттей келе ақын өлеңді былай аяқтайды:

Қаракұрым халықтың халі бөлек бүгінде,
Қара жаңбыр жауып тұр қар аралас іңірде.
Қара суық күз келіп қалтырайды қу тірлік,
Қара торғай секілді қараағаштың түбінде.
Қарауылда қалды әне, қара шалым, тектім-ау,
Қара шалдан қалғаны – қара шаңырақ тек мынау.
Қара күйе жағылып арыңа аппақ ауылым,
Қара ниет қоғамның құрбаны боп кеттің -ау [4, 26].

1990–2000 жылдары жазылған туған жер, ел туралы өлеңдердің басты ерекшелігі бұнда жұрт жанын сағынған сағыныш емес, қоғамнан теперіш көрген халық пен ұлт жайы айтылды. Сондықтан да бұнда ел мен жерді осындай күйге түсірген қоғам мен саясат айыпталды.

Қорыта келгенде, тәуелсіздіктің әкелген қоғамдық-саяси лирикасының бір ерекшелігі де – қоғамды бұған дейінгі жырлар мақтап келсе, енді барды жазды. Бар сурет сол қалпында көрінді.

Қай заманның да қиындығы бар дегенмен әр замандікі өзінше ерекше. Бұл замандікі тіпті бөлек. Адамзат қауымдасып, бөлісіп, қолындағысын жоққа беріп жәрдемдесіп өмір сүруді ұмытқан.

Ауыл тақырыбы – ел тағдырымен, ел бейнесімен астаса, соның өзі ретінде жырланды. Біз бұл кезеңдегі ауыл тақырыбынан келесі сипаттарды көреміз.

1 Қазақ үшін ауыл тағдыры ел тағдыры.

2 Ауыл тақырыбы халық жағдайының әлеуметтік күйзелісімен бірге алынды.

3 Ел бейнесінің, халық тұрмысының тұтас қалпы ауыл арқылы көрінді.

Ел мен жердің тағдырын, жеке бастың мұң-зарын тыңдап, бәрінен де адал шешер бір жаратушы екендігін поэзия мен қайта әкелді. Қайта жаңғыртты. Сондықтан да 90-жылдардың соңындағы поэзиядағы жалғыздық кейіпкер сезімін терең ашыла түсті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әбдікәкімов Т. Қас Сақ аңқымасы – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 448 б.

2 Жас ақындар жырларының антологиясы, – Алматы: Өлке, 2000. – 320 б.

3 Қарабеков Б. Қызылдың ауыл құмында, – Алматы, 2001, – 136 б.

ЕРТЕГІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАНР РЕТІНДЕ

ЖАКУПОВА Г. Е.

оқытушы, Павлодар жоғары басқару колледжі, Павлодар қ.

КАМАЛОВ Б. Б.

студент, Павлодар жоғары басқару колледжі, Павлодар қ.

Осы 2022 жыл Қазақстанда «Балалар жылы» деп жарияланды. Сондықтан біздің болашақ ұрпағымыз білімді, сауатты, шығармашылыққа бай болып өсуіне ақын жазушыларымыз ат салысып өз шығармалырында көптеген жаңа, мазмұнды, қызықты, ертегілер шағарады деп үміттенеміз.

Ертегі – әр адамға балалық кезінен таныс сөз. Ерте-ерте-ерте де басталатын халық ауыз әдебиетінің немесе әдебиетін бір жанры болып табылады.

Фольклорлық ертегі жазбаша және ауызша халық шығармашылығының эпикалық жанры: әр түрлі халықтардың фольклорындағы ойдан шығарылған оқиғалар туралы прозалық ауызша әңгіме [1, 1 б.]. Мәтіндері көркем әдебиетке негізделген көп жанрлы шығармаларды қамтитын баяндауыш, негізінен прозалық фольклордың түрі (ертегі прозасы). Бастапқы кезінде халық ертегілерді қиял деп есептемеген, оның сюжетіне сеніп жүрген, себебі бұрынғы заманда оның көркемдік қызметі болмаған.

Орыс тілінің сөздігінде С. И. Ожегов пен Н. Ю. Шведованың «ертегі» ойдан шығарылған тұлғалар мен оқиғалар туралы, «негізінен сиқырлы, фантастикалық күштердің қатысуымен баяндайтын, әдетте халықтық-поэтикалық шығарма ретінде анықталған» [2, 645 б.].

Қазақ ертегілерінің жиналуы мен жариялануы және оны зерттеуі ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында басталады. Қазақ халық ауыз әдебиетінде «ертегі» – мазмұны жағынан ең бай халық шығармашылығының өзіндік жанры. «Ертегі» қазақ ертегілерінің атауында олардың ежелгі шығу тегі ерекше атап өтілген (ертеде, ертеде – ежелгі дәуірді көрсетеді, бұрын болған шақ туралы айтылады). Ұрпақтан-ұрпаққа жетіп жаңа мазмұнымен толықтырылып отырған. Кейінгі кезеңдерде қалыптасқан ертегілер адамдардың күрделі қарым-қатынасын, байлық пен кедейлік тақырыптарын, адамгершілік мәселелерін бейнелейтін мотивтер мен суреттермен сипатталады. Бұл фольклордың басқа жанрларынан бұрын ертегі, «ойдан шығарылған, фантастикалық мазмұн арқылы өмір шындығын, дүниетанымды бейнелейтін халықтың армандары мен әділдігі туралы, жақсылықтың зұлымдықты жеңуі туралы, еңбекті жеңілдету туралы, өмірлік игіліктердің молдығы туралы, бақыт туралы» [3, 192 б.].

Ертегілер әлеміне тәртіп пен жүйені енгізетін ертегілердің әртүрлі жіктелуі бар, бірақ орыс тілінде де, қазіргі қазақ тілінде де ертегілердің жалпы қабылданған жіктелуі жоқ Орыс әдебиетінде А. Н. Афанасьев жүйені дәстүрлі жіктеу деп таниды. Ол жануарлар туралы ертегі, өсімдіктер туралы және апат ертегілер деп бөледі. Сиқырлы, мифологиялық, фантастикалық, эпикалық, тарихи аңыздар, тұрмыстық деп жіктейді [4, 547 б.]. В. Пропп бойынша басқа да жіктелуі бар: 1) сиқырлы, 2) кумулятивті, 3) жануарлар, өсімдіктер, жансыз табиғат туралы, 4) тұрмыстық [4, 19 б.]. Ғалымның пікірінше «Қиял элементіне орнату- ертегінің поэтикасы», маңызды ертегінің белгісі – «нақты шындықпен ұқсастық және ертегіде болып жатқан ерекші жағдай» [4, 22 б.].

М. Липовецкийдің айтуынша, «жалпы алғанда, әдеби ертегілердің бейнелі әлемдері әрқашан өзара түсіністік нәтижесінде жасалады – әлем модельдеріне тән сиқырлы-ертегілік стильдік жадыны «жаңа» жанрларға» [5, 78 б.].

Қазақ ертегілерінің алғашқы жіктелуінің бірін Г. Потанин берді. Ол ертегілерді жеті түрге бөледі: 1) жануарлар туралы, 2) сиқырлы, 3) батырлар, 4) сиқырлы-новеллистикалық, 5) тұрмыстық-новеллистикалық, 6) тұрмыстық-тәрбиелеу, 7) сатирикалық [6, 255 б.].

М.Әуезов ертегілердің келесі бөлімін ұсынады: 1) ертегі-аңыздар; 2) ежелгі адамдардың өмір салты мен олардың ерліктері туралы ертегілер, оларға жазушы ежелгі өмір салтын, жақсылық пен жамандықтың күресін бейнелейтін ертегілерді, яғни олар – ертегілер; 3) сатиралық ертегілер; 4) ертегілер; 5) ертегілер.

Е. Смайыловтың пікірінше сиқырлы ертегілерді мынадай түрлерге бөлуге болады: 1) басқа халықтардың ертегілеріне ұқсас ертегілер: әмбебап, бірақ кірме ертегі емес; 2) басқа халықтардан: арабтардан, парсылардан, татарлардан алынған және қазақ фольклорының дәстүрлерінде өңделген; 3) тек қазақтарда пайда болған және басқа халықтардың ертегілеріне ұқсастығы жоқ. Қазақ ертегілерінің басты кейіпкері, негізінен, оның пікірінше, батыр – рудың қорғаушысы, немесе Тазша, немесе қыз

Әдеби ертегілер фольклордан ерекшеленеді, бұл ұжымдық емес, жеке шығармашылық туынды. Автордың өзі сюжетті фольклорлық ертегіге сүйене отырып немесе түпнұсқа туындысын жасайды. «Әдеби ертегі–бұл сиқырлы-фантастикалық сюжеті бар, нақты және (немесе) ойдан шығарылған кейіпкерлері бар, онда автордың қалауы бойынша эстетикалық, моральдық, барлық заман мен халықтардың әлеуметтік мәселелері» [6, 254 б.].

Фольклорлық және әдеби ертегілер көп жағынан ұқсас, бірақ сонымен бірге олар, мысалы, шығу тегімен ерекшеленеді: фольклорлық ертегіні халық қалыптастырады, ал әдеби автор; баяндау фигурасы: фольклорлық ертегінің еркін түрі авторлық ертегінің қатаң белгіленген әдеби нұсқасы; әдеби ертегі композицияны құруда қатаң ережелерді қажет етпейді және т.б. Кез-келген халықтың ертегілері өзіндік ерекше халықтық сипатқа ие, олар өмірдегі өзгерістерді, жергілікті табиғи жағдайларды, менталитетті толық түсінуге көмектесетін ұлттық мәдени ерекшеліктерді көрсетеді.

Ертегіде болып жатқан сөзет баланы өмірде болатын жағдайға үйрететін оқиға. Ата-анасы баласын осы оқиғалар арқылы өзін

қай жерде қайлай ұсауға керектігін үйретіп отырады. Бала осы ертегілер арқылы өмірлік тәжірибе алады және халықтың даналығын қарапайым өмірде үлгі ретінде пайдаланады. Сонымен қатар, әр ертегі баланы ойлауға, логикасын дамытуға мүмкіндік береді. Әдебиеттің, нақты алғанда, ертегілердің мақсаты әр оқырманды мейрімділікке, батылдыққа, жақсы мен жаманды ажыратуға, адал болуға, әлсіздікке қол ұшын беруге, дұрыс таңдау жасауға және өз ісіне жауапты болуға үйретеді,

XX–XXI ғасырлардағы әдеби ертегі-құрылымына «жаңартылған» сиқырлы – ертегі хронотопы мен ойын атмосферасы кіретін, нақты мәдени-тарихи жағдайдың және әрбір жеке жазушының стиль ерекшеліктерінің әсерінен өзгерген жаңа синтетикалық жанр.

Заман өзгере халықтың ерегілері де өзгереді. Жас ұрпақтың өзіне үлгі тұтатын қаһармандарының да өзгеріні де байқалады. Ондай құбылыс бір ғана біздің елде емес, ол бүкіл әлемде болып жатқан өзгеріс. Қазіргі заманның балалары жастай кезінен теледидардан басқа елдердің кейіпкерлерін сүйсініп отыратын жағдайға келді.

Бүгінгі балаларға заман тынысына, ғылым дамуына сәйкес пайда болған жаңалақытар әлдеқайда тартымды. Осы мәселені ескере отырып, қазіргі таңда қазақтың жас ұрпағын ізгілікке, әділдікке, адалдыққа баулитын және қиялып ұштап, армандарын айқындауға дұрыс бағыт беретін жаңа замануи ертегілер қажет. Замануи ертегілер автордың бірі Айым Алтайқызының «Тренинг өткізген тасбақа», «Қос қуыршақ» ертегілері балаларға арналғанымен, үлкендерге де ой салары анық.

Көркем иллюстрация-бұл балалар үшін кітаптың маңызды элементі, көбінесе оның көркемдік құндылығын, оқырмандарды этетикалық тәрбиелеу процесінде қолдану мүмкіндігінің эмоционалды әсерінің сипатын анықтайды. Сондықтан қазақ ертегілерінің мұқабасы мен иллюстарциясына аса маңызды назар аудару қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 С.П.Белокурова Халық ауыз әдебиеті. Әдебиет термин сөздігі.– М.,2005.

2 С.И. Ожегов., Н.Ю. Шведова Орыс тілінің түсіндірмелі сөздігі: – М.: Лабиринт, 1997. – 944 с.

3 Д.Е.Капанова., Р.С. Амренова. Қазақ халқының ертегілерінің ерекшелігі. 2017.

4 В.Я. Пропп Орыс ертегі – М.: Лабиринт, 2000. – 35 с.

5 М.Н.Липовецкий Әбеди ертегінің поэтикасы. – М.: Молодая Гвардия, 1992. – 183 с.

6 Г.Н. Потанин Қазақ фольклор жинағы – Алматы: Ғылым, 1972. – 382 с.

ҚАЗАҚ ЖОҚТАУЛАРЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП

ЖАППАРОВА Ж. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Бүгінде бізге жеткен өте көркем, бояуы қою, суреттері ашық жоқтау түрлерінің тағы бірі – Әбілқайыр ханның сүйікті қазысы – әділ төреліктері үшін Ақжол атанған Дайырқожа деген би екен. Осы Дайырқожа мен ханның сүйікті бір адамы Қара Қыпшақ Қобыланды батыр қас болыпты. Бір күні оңашада ол Дайырқожаны өлтіреді. Баласының өлімін көрген әкесі Қодан-Тайшын ұлының сүйегін айналып жүріп жылағанда айтқан жыры:

Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!

Сексен асып, таянғанда тоқсанға,

Тұра алмастай үзілді ме жұлыным!

Адасқанын жолға салдық бұл ноғайлы ұлының!

Аққан бұлақ, жанған шырақ жалғыз күнде құрыдың,

Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным! [1, 15 б.].

Жоқтаудың көне де көркем үлгілерінің бірі ретінде Қаз дауысты Қазыбекті қызы Қамқаның жоқтауына тоқтала кетейік:

Біссмілләдан бастайын,

Шарифаттан аспайын,

Ішім толды қайғыға,

Азырақ көзім жастайын,

Алаштан озған әкекем,

Жоқтаусыз қалай тастайын?

Алатаудай әкеме Ажалдың сыны келгені,

Жылағанды не қылсын?

Көздің жасын көрмеді!

Қазақ болып зарлады,

Тілеуді құдай бермеді,

Кешегі жүрген әкекем

Жоқтаусыз тастар ма еді?! [1, 22 б.].

Жоқтауда бұдан әрі өздерінің анадан алтау екендіктерін айта келе, қазаққа жолбасшы, пана болғандығын, Қоңтажыға барғаны сынды істерін айтып өтеді. Жоқтау соңында өзін-өзі жұбату, тоқтау мәнінде былайша аяқтайды: «Сусыны канал қазақтың, ағар бұлак суалды. Қасиетті туған, әкекем, ешкімнен қазақ кем болмас, шын беріп кетсең дуаңды!»

Осындай өлікті жөнелту ғұрыптары мен оларға қатысты түрлі жырларды қарастыра келе, олардың да көнелік сипаты мен өте ертеден пайда болғандығын, көне түркі заманының өзінде қалыптасып, кемеліне жеткендігіне көз жеткізуге болады.

XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясына үңілсек, Үмбетей Тілеуұлының «Бөгембай өліміне», Бұқар Қалқаманұлының «Күпшек санды күреңді» (XVIII ғ.) өлеңдері [2, 107, 139–140 б.], Нұрым Шыршығұлының «Шенен ер», Бұдабай Қабылұлының «Әйекені жоқтау» (XIX ғ.) өлеңдері [3, 157–158, 237–239 б.] – жоқтаудың жанрлық табиғатына, ерекшелігіне сай жазылған туындылар. Сонымен қатар қазақ жоқтау өлеңдерін топтастырған «Боздағым» (Құрастырып, түсінік жазған Т. Арынов) [1] кітабында көп үлгілер қамтылғанын атап өтеміз.

Жоқтаудың жариялануы туралы зерттегенде А. Байтұрсынов мұрасына соқпай кете алмаймыз. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, қазақ халқының «рухани көсемі» болған А. Байтұрсыновтың ұланғайыр еңбегі сан саладан көрінеді. Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде қазан революциясына дейін де, одан кейін де аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. Ол – ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты орындау үшін ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап-танытқан зерттеуші әрі сол зерттеулерінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор. Сонымен қатар, А. Байтұрсынов – өз халқының саяси, мәдени, рухани және әлеуметтік өмірінің сан саласына көз тігіп, тікелей араласқан ірі публицист, қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынов – өнер иесі – ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де, мәдениетін де зерттеуші ғалым. Сондықтан Ахмет Байтұрсынов қалдырған мұра да әр тектес. Олар: көркем дүние өлең жинақтары «Маса» мен «Қырық мысал»; әдебиеттану саласынан жазылған ғылыми еңбек – «Әдебиет

танытқыш»; қазақ тілін оқытып-үйретуге арналған оқулықтар мен хрестоматиялар; оқыту әдісіне арналған методикалық құралдар; оқу-ағарту проблемасын сөз ететін мақалалар; графика мен терминология мәселелерін әңгімелейтін мақалалар мен баяндамалар, ұсыныстар мен жобалар; саяси-әлеуметтік тақырыпты қамтитын публицистика т.б. еңбектер. А. Байтұрсынов қазақ фольклортану ғылымына қандай үлес қосты дегенде тоқталатын жайттардың бірі – оның 1926 жылы жариялаған «Жоқтау» жинағы. Қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтыған бұл жинақ Р. Нұрғалиевтің құрастыру мен жарық көрген «Ақ жол» кітабында басылып шықты. Бұл еңбек жөнінде «XX ғасыр басындағы қазақ фольклористика ғылымының жеткен жетістігін көрсетті», – дей келе А. Байтұрсыновтың кітабындағы «Жинастырған, түзеткен – Байтұрсынұлы Ахмет», – деген жазуға байланысты мынандай пікір білдіреді. «Бұл келтірілген сілтемеден мәтінді өзгертпеу талабының бұзылғандығы танылады. Дегенмен осы олқылықтардың өзіндік себептері жоқ емес: біріншісі сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымының балаңдығы десек, екіншісі – сол кездегі (XX ғасыр басындағы) Ахмет Байтұрсынов тәрізді жетіспеуі дер едік» [4, 10 б.], – дейді.

А. Байтұрсынов жариялаған жоқтаулардың әр қайсысына ғылыми түсінік береді. Ғалымның берген түсінігінің де тарихи маңыздылығы жоғары. А. Байтұрсыновтың көп ізденгендігінің нәтижесін танытатын еңбекте қаншама дәуір өкілдері туралы мәліметті келтіре отырып, жүйелі түрде берілген. Жалпы А. Байтұрсынов жоқтау жырларын жинап, жариялап қана қоймай ғылыми тұрғыдан сипаттама беріп, жіктеген. Ол жөнінде М. Баратова: «Кез келген ғылым саласы тәрізді бұл мәселеге де соңғы нүкте қойылмайтынын, қойылуы мүмкін де еместігін ескерсек, мұнда да бұрыннан қалыптасқан басы ашық жанр түрлері бар да, әлі толық анықталып бітпегені, әйтсе де сол толықтыққа жету үшін де алдын-ала сараптауды тосып тұрған, әзірше шартты түрде ғана бөлініп жүрген жанр түрлері бар екендігін де ескерген жөн. Мәселен, мысал (басня), мұң өлеңі (элегия), мадақ өлең (ода), төрттаған (рубаи), нәзира т.с.с. бұрыннан шаңырақ көтерген даусыз лирика түрлері саналады. Ал, жоқтау, арнау, айтысты т.с.с. А. Байтұрсыновтың 1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» кітабынан бастап ұлттық өлең түрі, ұлттық үлгі деп қарастырып келгеніміз белгілі. Сонымен бірге ойлану (медитативті), жұмбақ, хат өлең түрлерін жанр түрі, немесе тақырып т.с.с. бойынша жіктелім үлгісі деп, қабағат саралауда еш ағаттық жоқ. Осы орайда шығыс поэзиясында кең орын алған рауаят, хикаят ұғымдарын да ескермей

кете алмаймыз. Соңғысының жоғарыда аталған А. Байтұрсынов кітабына енуі де тегін емес.», – дейді [5, 6 б.].

Бүгінгі таңда «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының «Әдебиеттану, фольклортану және өнертану» секциясының төрағасы, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры С. Қасқабасовтың жетекшілігімен 100 томдық «Бабалар сөзі» жарыққа шықты. Мақсаты – ұлт мұрасын ұрпаққа жеткізу.

Н. Қ. Жүсіповтың 2011 жылы жарияланған «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы фольклорист» атты монографиясында Мәшһүр Жүсіптің фольклорды жинаушылық әдістері мен фольклорды жариялау тәжірибесі жөнінде мәселелер қозғалып, ғылыми тұжырымдар жасалды.

Еліміз өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін біршама еңбектер жарияланды. Атап айтқанда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының 20 томдығы жарыққа шықты. Соның 5 томында қазақ фольклорының үлгілері жарияланды. Оның ішінде Мәшһүр Жүсіп жазбаларынан жоқтау жырлары жарияланды. Мәшһүр Жүсіптің фольклорды жариялау тәжірибесіне келетін болсақ, 1888 жылдан бастап шыққан алғашқы қазақ газеті «Дала уалаятында» ауыз әдебиеті үлгілерін қолжазба күйінде қалдырмай, баспа бетіне жариялаған. Бұдан ақынның тек жинаушы ғана емес, сонымен қатар жариялаушы, зерттеуші болғанына көз жеткіземіз. Н. Қ. Жүсіпов «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – фольклорист» атты монографиясында осы газет бетінде жарияланған Мәшһүр Жүсіп материалдарын үш салаға бөліп қарастырған. Жалпы газетте ақынның 24 мұрасы басылған. Бірі – өзінің төл туындылары, екіншісі – ақынның өз тұсындағы қоғамда болып жатқан тарихи өзгерістерге деген өзіндік көзқарастары мен ой топшылаулары, үшіншісі – ел аузынан жинаған фольклор үлгілері [6, 105 б.].

М. Ж. Көпейұлының біршама мақалалары «Дала уалаяты» газетімен қоса, «Айқап» журналында да жарық көрген. Жалпы Мәшһүр Жүсіптің қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорын жинауы, олардың біразын «Дала уалаяты» газетінде жариялай отырып, қазақ тарихы, экономикасы, этнографиясы, географиясы, тіл тарихына т.б. деректерді мол келтіруі – осының бәрі қазақ мәдениеті, әдебиет тарихы үшін құнды деректер көзі, асыл қазына [6, 110 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 304 б.

2 XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 240 б.

3 XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 320 б.

4 Жүсіпов Н. Қ. Қазақ фольклорын жариялау мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы. – Павлодар: Кереку, 2011. – 176 б.

5 Баратова М.Н. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық стильдік ерекшелігі. – Павлодар, 2010. – 217 б.

6 Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – фольклорист. Монография – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2011. – 195 б.

ИСА – СУРЕТКЕР АҚЫН

ЖҮСІПБЕК Ә. Қ.

бастауыш сынып мұғалімі, № 4 Ертіс ЖОББМ, Ертіс ауд., Павлодар обл.

Көркем шығарма тілін зерттеу арқылы ақынның ұлттық дүниетаным, ерекшелігімен қоса шығарманың образдылық жүйесін мысалдар арқылы айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан да бұл мәселеге арналған зерттеулер баршылық. Мысалы поэзия тілі жайында ғалым З. Ахметов: «Поэзия тілінің сыр-сипатын сөз еткенде, оның поэзиялық туындылардың өлең-жырлардың мазмұнынан бөлек алып қарауға болмайды. Өйткені поэзияның – өлеңнің тілі, оның негізгі өзгешеліктері көркем шығарманың идеялық мазмұнын ашу, жеткізу талабына сай қалыптасады», – деген тұжырым жасайды [1, 89].

Ақын-жазушылардың тілінің көркемдік ерекшелігі жайлы көптеген ғылыми еңбектер жазылғанымен, бұл тақырып еш уақытта өзектілігін жойған емес. Өйтсе де қазақ поэзиясының қазынасына сүбелі үлес қосқан Павлодар өңірінен шыққан талант – Иса Байзақовтың шығармаларының тілі туралы көлемді зерттеуді кездестірмедік. Сондықтан И. Байзақов шығармалары тіліндегі өзіндік өрнектерді, өлеңдерінің көркемдігін зерттеу ғылыми жобамыздың өзектілігі болып табылады.

Иса Байзақовтың қазақ поэзиясында алатын орны, белгілі бір тарихи-әдеби кезеңдегі ақындық ізденістері, көркемдік әлемі нақты мысалдар негізінде жан-жақты қарастырылған. Өйткені Иса Байзақов шығармашылығы – қазақ әдебиетінің тарихындағы қайталанбас қызықты да, күрделі көркемдік құбылыс. Сол себепті оның

шығармалары акын өмір сүрген кезеңге арналған барлық ұжымдық зерттеулерде, монографияларда, оқулықтарда айтылып келеді.

Біз акын шығармаларын шеберлік мәселесі тұрғысынан зерттеуге ұмтылдык.

Зерттеудің негізгі мақсаты мен міндеттері. Біздің мақсат еткеніміз – И. Байзақов шығармаларының тілдік көркемдігін ашу.

И. Байзақов поэзиясын ұлттық дүниетаным тұрғысынан алып, акын тілінің көркемдігін таныту, поэзиядағы автор қаламына тән ерекшеліктерді айқындау, тың тіркестер мен халықтық сөз қолданыстарының стильдік мақсатта жұмсалып ерекшеліктерін айқындау алдымызға қойған міндет болып табылады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы. Жұмыстың нәтижелері

И. Байзақовтың шығармашылығын зерттеуге, акын тілінің стилі жайлы тұжырымдарды қалыптастыруға өз деңгейінде үлес қоса алады.

Зерттеу нәтижелерін тіл көркемдігін танытатын арнайы курстар мен факультатив сабақтары үшін көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеудің нысаны. Зерттеудің нысаны етіп Иса Байзақовтың поэзиялық туындылары алынып отыр.

Жұмыстың ғылыми-әдіснамалық негіздері. Жұмыста салыстыру, материалдарды түйінделіп, тұжырымдалып, жүйелеу, талдау, сипаттау әдістері қолданылды.

Акын поэзиясын жан-жақты қарастырған еңбек ретінде М. Хасеновтың «Иса Байзақовтың ақындығы мен стильдік ерекшелігі» еңбегін атап өткеніміз жөн [2]. Сондай-ақ тілші ғалымдардың да еңбектерінде ақынның өлең, поэмалары тілдік тұрғыдан сөз ете келе, түрлі талдаулар, сараптамалар жүргізілген. Мысалы: М.Серғалиев «Құралай сұлу» поэмасының стилі мен тілі»[3], Г. Мұратова «Иса Байзақов өлеңдеріне лингвистикалық талдау» [4], А. Бақраденова «Мәтіннің интонациялық мәнерлілігіне лингвистикалық талдау» (И. Байзақов шығармалары бойынша) [5] зерттеу мақалалары – осының айғағы. Бұдан басқа көптеген әдебиеттанушы, тілші ғалымдардың ғылыми пікірлері, тұжырымдарына сілтеме жасалып, өзіндік ой-тұжырымдар ұсынылды.

Сонымен қатар, әдебиеттанудың түсіндірме сөздігі, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі т.б. ғылыми еңбектер, түсіндірме сөздіктер қолданылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы: Жұмыс кіріспеден, екі тараудан және қорытындыдан тұрады. Соңынан пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілді.

Акын ойын жеткізетін құралы – тілі. Ол тіл – өткір, оқырман сезімін селт еткізер ұшқыр болған сайын оқырман жүрегінен орын ала түсті. Міне, өз заманында жыр-аңызға айналған, өзіндік өрнегімен қазақ поэзиясының төрінен ойып тұрып орын алған есімдердің бірі – Иса Байзақов.

Лирикалық шағын өлеңдерден бастап, эпикалық поэмаларымен халық жүрегінен мәңгі орын алған акын шындықты дәл көрсетіп, айқын да бейнелі, адамдардың ой сезіміне әсер ететін образдар жасайды.

Иса Байзақов алдымен халыққа аты әйгілі импровизатор ретінде белгілі. Сондықтан да жыр нөсерін тасқындатып төгіп тастайтын акын айтыс өнері, жыр-толғау дәстүрін дамытумен ғана шектелмей, жазба әдебиетінде өзіндік стилін қалыптастырды. Акын өнерін аса зор бағалаған ұлы классик М. Әуезов былай дейді: «...Иса желпініп, үзілмей соққан сар даланың желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі. Еуропа Исаның ақындығындай суырып салма, желермен, тұтқиыл ақындығын, ақындық теңізі деп түсінер еді.

Осы күнгі Еуропаның сахна өнеріне мұндай сый жағ болып, жоғалып кеткен. Бұл сахна өнеріндегі таза қазақ тумасы. Құмды, желді даланың жан жаралаған жайын төсті сыпырығысы сияқты молдан пішілген дала табиғатына үйлескен бір өнер. Бүгінгі қазақ сахнасында Иса әлденеше ғасырларды жиғандай, мәдениет тарихының әлденеше дәуірлерін бітімдестіргендей» [6, 31].

И. Байзақов өлеңдерінің құрылымдық ерекшеліктеріне, стиліне назар аударған ғалым М. Хасенов өзінің зерттеу еңбегінде акын поэзиясына жан-жақты талдау жасайды «...Иса аз өмірінің ішінде халық ақындары қатарында және жазба әдебиеті саласында ақындық өнерін танытты. Осы сияқты ерекше қасиетімен көрінген акын қазақ совет әдебиетінің қорына аса мол үлес қосты» [6, 47].

«20–30-жылдар ішінде Иса поэмалары үлкен мектептік рөл атқарды. Оқиғаны баяндау, суреттеу, бейнелеу құралдарында халық поэзиясының биік үлгілеріне сүйенген Иса поэмалары суреткерлік шеберлігі жағынан да жоғары тұрды. Олардағы тарих шындығын, ел тұрмысын, басты кейіпкерлердің әрекет-тіршілігін бейнелеудің өзі сурет арқылы жасалып, дамыды» [7, 3].

Жоғарыдағы пікірдің қайсысын алып қарасақ та, Иса Байзақовтың ақындық тұлғасын биіктете түсетін, шынайы шын жүректен айтылған

пікірлер. Шынында да, халық әдебиетінен сусындаған ақын ерекше таланты мен үздіксіз ізденуінің нәтижесінде жазба әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған, аты аңызға айналған тұлғаға айналды.

Көркем шығарманы, өлеңді, тұтас бір эстетикалық дүние деп қарастыра аламыз, ал бұл эстетикалық дүниені білдіретін құрал – поэтика тілі. Поэтикалық тілді танытатын, оның жақсы көрінетін жері – поэзия, өлең – жыр. Ал өлең – жырдың көркемдігі тек қана әрдайым метафора, эпитет, теңеу сияқты көріктеу құралдарының санымен, тіпті сапасымен танылмайды, суреткердің өз міндетіне алған эстетикалық талаптарына сәйкес болмысты тіл арқылы әсерлі де бейнелі түрде көрсете білуінен танылады. Әсерлілік пен бейнелілік образды метафора, теңеулермен ғана берілмей, ешбір экспрессивтік бояуы жоқ сөздермен немесе сөз тіркестерімен де берілуі де мүмкін. Әңгіме көріктеу құралдарының материалдық көрінісінде ғана емес, шығармада сол көркемдіктің бар болуында, оның оқырман сезіміне әсер ететіндігінде [8, 36].

Жалпы әдеби тілде құбылудың түрлері көп. Құбылтулар ойды бейнелі, көрікті етіп жеткізеді. Метафора, метонимия, синекдоха, теңеу, эпитет, перифраза – барлығы өз алдына жеке құбылту түрлері, өзіндік көркемдік қызметтері мен ерекшеліктері де бар. Әдебиеттану теориясында теңеу, метонимия, эпитет, метафора сияқты құбылту түрлерінің ерекшеліктері, теориялық жақтары зерттелген.

Образ табиғатын терең ашу мақсатында оған деген эмоционалдық, экспрессивтік қатынасты көрсету бағытында, ойынды, сезімді әсерлі де өткір жеткізу тарапында жоғарыда аталған бейнелегіш – суреттегіш құралдар жүйесі мен поэзиялық мағынаға ие лексикалар бірден-бір ұтымды көркемдік тәсіл болады.

Поэзияның жаны, өміршеңдігінің белгісі – өрнектілік, суреттілік, бейнелілік. Иса Байзақовтың сымға тартқан күмістей сылдыраған өлеңдерінде поэзия теориясы қарастыратын ұғымдар мен категориялардың мысалдарын (көркемдеу құралдарының бай жүйесін) көптеп кездестіруге болады. Атап айтсақ, айшықтау, құбылту, айқындау, ажарлау, шендестіру, аллитерация, бейнелеу, әсірелеу, ассонанс, теңеу, ұқсату және тағы басқа бейнелеу, әсірелеу құралдары бар.

Эпитет кейіпкердің жан дүниесін ашуда, кескін келбетін суреттеуде, сондай-ақ табиғаттың әр түрлі қалпын суреттеуде ерекше қызмет атқарады.

«Айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз» [9, 37]. Поэзиялық

айқындаулар табиғат, жаратылыс сырларын, өмір, тұрмыс суреттерін алуан түрлі, сан қилы бояулар арқылы бейнелеп көрсетеді.

Иса Байзақовтың ақындық шеберлігінің айқын көрінісі – эпитет, теңеу, метафора, кейіптеу, символ және т.б. бейнелеу құралдары оның шығармаларын көркемдік жағынан байытып қана қоймай, автор поэзиясының мән-мазмұнын арттыра түсті. Ақынның тарихи тақырыпқа арналған поэмаларының ең тұңғыш және таңдаулыларының бірі – «Құралай сұлу». Ақын поэмасында кейіпкер портретін беруде дәстүрлі эпитеттен бастап ақынның өзіне ғана тән эпитет түрлерін молынан ұшыратуға болады. Мысалы:

Қабакты қараторы, ұзын бойлы,
Кірпікті, бурыл сақал, терең ойлы...
Бұрылып үлкен мұрын, ойлы түспен,
Халқына бір жағалап қарап қойды.
(«Құралай сұлу» 11)

Келтірілген эпитеттер кейіпкердің жан дүниесіндегі нағыз ерге тән бірбеткейлік, ерлік істерге бел буа алатын қайсарлықты танытқандай болса,

Кең маңдайлы, бота көзді, ..
Жұп-жұмыр үлбіреген алма мойын,..
(«Құралай сұлу» 26)

тәрізді эпитеттер нәзік те пәк қазақ аруының түр-келбетін көз алдыға екеледі. Портрет жасау әдісінің тамаша үлгілерін тудырған ақын Құралайдың сұлулық көркін елестеткенде, «Күнмен шағылысқан асыл бриллиант», «киінген асыл киім», «қарақаттай мөлдіреген көз», «нұрланған ақша бет», «жарқын жүз», «аппак тән», «арудың сүйіріктей сұлу саусағы» бірін-бірі ажарлап, жан біткенді тамсандырып, хор қызын тұлпармен жортып бара жатқан күйінде көз алдыға келеді. Міне, жан дүниесінің мөлдір тазалығы мен сыртқы бейнесінің сұлулығы астасып берілген Құралайдың бұл портреттік сипаттамасынан, сөз жоқ, Абай суреттерінің әсері елес бергендей.

Жиын топтарда, табанда ағылған ақпалық пен өлеңді бірде қарша боратып, бірде жыр нөсерін тасқындатып төгіп-төгіп тастайтын ақын жазба әдебиетте де өзіндік стилін қалыптастырды. Еркін көсілісі, ынтық-іңкәрлігі, көркемдегіш құралдың тым халықтығы яғни теңеудің баламасы ретінде түрлі жан-жануарлар мен құстардың аттарын пайдалану халық тілінде бұрыннан бар дәстүр болса, поэзияда осы дәстүрді шебер жалғастырған – Иса Байзақов.

Талдауға түскен ақын поэмалары – әдебиетіміз бен әдеби тіліміздің тарихында жоғары тұрған, шоктығы биік, дара да,

қайталанбас, құдіретті мұра. Сол мұралардың ешкімді қайталанбас даралығын тану, таныту арқылы қазақ поэзиясының да көркемдік қуатын, эстетикалық қасиетін терең түсініп, біле түспекпіз.

Ғұлама Мұхтар Әуезов «Иса Байзақовтай талант бір ғасырда бір-ақ рет тууы мүмкін» деген еді. Зерттеу барысында сол пікірдің дұрыстығына көз жеткізгендей болдық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахметов З. Өлең –сөздің теориясы. -Алматы, 1973.
- 2 Хасенов М. И. Байзақов ақындығы мен стильдік ерекшеліктері. – Алматы, 1976. -176 б.
- 3 Серғалиев М. «Құралай сұлу» поэмасының стилі мен тілі // Көркем әдебиет тілі. -Алматы, 2006.
- 4 Мұратова Г. Иса Байзақов өлеңдеріне лингвистикалық талдау //Хабарлар. Тіл білімі. Әдебиеттану. №3, 2000. 24-27бб.
- 5 Бақраденова А. Мәтіннің интонациялық мәнерлілігіне лингвистикалық талдау (И. Байзақов шығармалары бойынша) -Семей, //Республикалық конференция материалдары. 2005.
- 6 Әуезов М. Иса туралы //Байзақов И. -Астана, Ақбөпе. 2000ж, 367 б.
- 7 Өлімбаев М. Дауылды дүлдүл //Байзақов Иса. Құралай сұлу. Поэмалары мен өлеңдер. -Алматы, 1971ж,
- 8 Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы, 1998, 378б.
- 9 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар, -Алматы, 1983. 310 б.

XV ҒАСЫР ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫ

ИСАБЕКОВА Г. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
4 Ертіс ЖОББМ, Ертіс ауд., Павлодар обл.

Қазақ ақын-жырауларының ұлы туындылары, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның рухани мәдениетінің одан әрі дамып, өркендеуіне сүбелі үлесін қосатын құнды асыл қазыналарымыз болып табылады.

Көшпенділердің философы атанған Асан Қайғының:

Су түбінде жатқан тас

Жел толқытса шығады,

Ой түбінде жатқан сөз

Шер толқытса шығады [1],

– деп жырлағандай, біздің ғылыми зерделеудегі мақсатымыз – XV–XVIII ғасырлардағы ақын- жыраулардың «ой түбінде жатқан асыл сөздерін» «шерін тарқата» отырып бүгінгі ұрпаққа жеткізу.

«Өнер алды – қызыл тіл» деп есептеген қазақ халқы сол кездегі тіл өнерін жете меңгерген ақын- жырауларды құрметтеген. Олар жұрттың алдында зор беделге ие болды. Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулардың құрметке ие болуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, XV–XVIII ғасырларда жасалған әдебиет мемлекет, ел мүддесін, жұрт мұратын бірінші орынға қойды. Екіншіден, Қазақ хандығы кезеңінде ақын-жыраулар хандықтың бас идеологы, хандардың ақылшы-кеңесшісі, әрі тайпаның жауынгер жырауы, басшысы, ақыны болды. Үшіншіден, Қазақ ақын-жыраулары XV–XVIII ғасырлар шегінде бүкіл әлемдік мәні бар мемлекетке қызмет көрсететін құнды әдебиетті қалыптастырды. Ақын жыраулар өздерінің сынында мемлекет мүдделерін негізге алған. Сондықтан, ақын-жыраулардың қоғамдағы беделі жоғары болған.

Дәуіріне сай дамыған мәдениеті болған, төл жазуы болған бабаларымыз ортағасырлардың өзінде (V–VIII ғғ.) мәңгі өлмес мұралар жасады.

Қазақ арасында аты кең жайылған (бірақ өз атымен шығармасы сақталмаған) үлкен ақын жыраудың бірі – Сыпыра жырау. Сұрғантайұлы Сыпыра жырау ноғайлы-қазақ ақын-жырауларының атасы есепті. Оның өмір сүрген кезі XIV ғ. деп шамаланады [Маргулан А. В кн.: М.О. Ауезов. Сборник статей к его шестидесятилетию. Алма-Ата, 1959, С. 74].

Ноғайлы жырларында Сыпыра жыраудың жасы шамадан тыс әсіреленеді. Жырау бұл арада ханның ақылгөй, батагөй қарты рөлінде көрінеді.

Сыпыра деген жыраудың

Атқа мінер әлі жоқ.

Мінсе түсер әлі жоқ.

Бұға білен белін будырған,

Уаламан жақларын удурған...

...Алпыс екі хан көрдім,

Үзеңгісі ойма алтын,

Бір өрмісі биң алтын,

Оны көрген қартпын мен,

Үш жүз тоқсан екі жастамын

Отрук дагіл тастамын (Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен, ч. VII. Наречия Крымского полуострова. СПб., 1896, С. 147–148).

Жыр жолдарында Сыпыра жыраудың көп жасағаны, көпті көргені, ноғайлы хандарының біразымен бірге болғаны, оларды өзі көзімен көрген адам бейнесінде суреттеледі.

Алғашқы қазақ хандығының дәуірінде ноғай мен қазақтың бөлінбей тұрған кезеңінде Сыпыра жырау өзінің жыр-толғаулары арқылы әлемдік деңгейге көтерілген, көп өмір сүрген ақын, ғұлама.

Көпті көрген, болашақты алыстан болжайтын қасиет, әрине, Кетбұға, Сыпыра жырау, Асан Қайғы сияқты ұлы ақын-жырауларға тән қасиет. Халық көпті көрген кәрі жыраудың уәлі аузынан шыққан қасиетті сөз деп жандарына жақын тұтып, ауыздан ауызға аңыз етіп жеткізеді.

Жалпы ел арасындағы Сыпыра жырау туралы айтылған жырлар мен аңыздар жыраудың өмір сүрген заманы мен атқарған істерін суреттейтін, өмірден көргені мен түйгені көп, тәжірибесі мол, дуалы ауыз, дана қарияның бейнесін, келбетін айшықтап, ұлғайта түседі.

Ғалым-жазушы М. Мағауин: «...Өнер алды – қызыл тіл, ал тіл – шұрайлы өлең сөз» деп танылды. Халықтың рухани өмірінде жетекші орынға шыққан поэзия әлденеше ғасыр бойы қазақ әдебиетінің жай ғана көшбасшысы емес, ең басты жанры қызметін атқарды» [2], – дейді. Қазақ хандығы дәуірінде мемлекеттің дамып өркендеуінде қазақ поэзиясының өкілдері саналатын ақын-жыраулардың алатын орны ерекше болған.

Түркі халықтарының бір бұтағы саналатын қазақ халқы оңаша отау тіккеннен кейін, қазақтың атымен аталатын дербес әдебиетті қалыптастырды.

Қазақ әдебиетінің алғашқы өкілдері Асан Қайғы, Қодан тайшы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа жыраулардың шығармаларында қазақ халқының жаңа қонысқа көшуі, тәуелсіз ту көтерген қилы кезең көрініс тапқан. Ақын-жыраулар қазақ поэзиясының болашақта ұмтылар бағыт-бағдарын, идеялық тұғыры мен көркемдік биігін айқындап көрсетумен қатар, елге ұйытқы, ер азаматқа ақылгөй болған.

Сондай жыраулардың бірі – Асан Қайғы туындыларында жоғарыдағы аталған мәселелер көтерілген. Асан Қайғының толғауларындағы басты сарын – елдің тыныштығын сақтау, Моғолстан ханы Әжен мен Ноғайлы елі жауласқанда, Асан мен баласы Абат екі елді табыстырады. Асан замана өзгерісін ұғынып,

Жәнібекке хандар басынан бақ-дәулет кетеді, заман өзгереді, әлі-ақ «қарағай басын шортан шалар» [3], – дейді.

...Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма,
Мұны неге білмейсің!? [3].

Асан Қайғы – ноғайлы заманындағы аласапыран бүліншіліктер кезінде өмір сүрген үлкен ойшыл ақын.

Көрнекті ғалым, профессор Ә.Қоңыратбаев: «Асан Қайғыны біз ноғайлы дәуірінің ойшылы, ақыны, сәуегейі дейміз. Ол ел басындағы ауыртпалықты жырлап, заман жайлы сыншыл ой тудырған философ, замана сыншысы» [4], – дейді.

Асан Қайғының өлең-жырларында бастан-аяқ параллелизм тәсілімен жасалғаны аңғарылады. Асанның өлеңдерінен, толғауларынан көркемдік тәсілдің үлкенді-кішілі көріністерін кездестіреміз. Мысалы, Асан Қайғының «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер» өлең шумағын алып қарайық:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер,
Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер!?
Шыбын шықса жаз болып, таздар қайтіп күн көрер,
Жалаң аяқ балапан, қаздар қайтіп күн көрер!?! [3],

– деген ақынның өлең жолдарынан адам тағдырымен қатар, адаммен біте қайнасқан табиғаттың жан иесі мақұлықтардың да тағдырына философиялық-гуманистік көзқараспен сыни тұрғыдан қарайды.

М. Әуезов, Ә. Марғұландар Асан Қайғының XV–XVI ғасырларда өмір сүрген ноғайлы жұртының ойшылы, хандық-феодалдық құрылыстың сыншысы, шаруаға жайлы қоныс, бақытты өмір іздеген деп дәріптесе, Шоқан Уәлиханов Асанды «көшпенділердің философы» деп бағалаған. Асан Қайғы Жәнібек ханға жағынбай, жарамсақтанбай тура сөйлеген.

Асан Қайғы Жәнібек ханға қарадан қатын алдың, Құладыңға кү ілдірдің, Астраханнан орда салдырып, үш рет той жасадың, Орданы қыз-қырқынға толтырып, көз алдындағыдан басқаны көрмейсің деп өкпелеп:

Қош, аман бол, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің [3],

– деп Желмаясына мініп, халқына құтты қоныс «Жер үйекті» іздеуге аттанады.

Асан Қайғы Жәнібек ханға өкпелеп, «Желмаясына» мініп, халқына жайлы қоныс, құтты ме кен іздейді («Желмая» түйенің бір түрі. Орал, Бөкей қазағының қол малы – М. Әуезов). Асан Қайғы Жәнібек пен Керей ханның бөлініп шығуына байланысты жаңа қоныс іздеуі аңыз болса да шындыққа жанасады. Асан Қайғының бар мақсат-мүддесі – өзінің болашақты болжайтын, көріпкелдік қасиетімен, ақыл-парасаты мен даналығының арқасында «Жер үйекті» табу керек. Асан Қайғы халқына мәңгілік еркіндік, «қой үстінде боз торғай жұмыртқалайтын» тіршілік іздеу. Асан Қайғы «Жер үйекті» тапқан екен. Бірақ аңызда, «...бірақ амал не, жұрт ұзақ дайындыққа, жол азабына шыдай алмаймыз деп қорқып, «Жер үйекке» бармай қойыпты. Шын ойға алған болса, «Жер үйекке» жету мүмкін екен, бірақ жұрт өзінің алауыздығынан, ақылсыздығынан, топастығынан данышпан Асан Қайғының көрсеткен «Жер үйегіне» бармай қойыпты.

Аңызда Асан Қайғы бір топ қана елді ертіп әкеткен екен. Олар «Жер үйекте» тамаша шаттықта өмір сүріп жатыр деп түйіндейді.

Асан Қайғы мұңы – халық мұңы. Асан Қайғы – халқының жоқтаушысы, тілекшісі. Оған таңылған «Қайғы» сөзі халқының оған деген сүйіспеншілігінен туған болса керек.

Асан Қайғы өз дәуіріндегі феодалдық ұсақтау мен тозғындауды сынап, елге бейбіт өмір, бірлік, ынтымақ тілейді. Асан Қайғы елге жайлы, нулы да сулы қоныс іздеген ұлы данышпан абыз. Ғалым-жазушы М.Мағауиннің «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» (1992 ж.) кітабында Асан Қайғының «Жер үйек» жайындағы ойларын баяндайтын көлемді шығармасы болғандығын, оны Томас Мордың «Утопиясы», Кампанелланың «Күн қаласы» сияқты үлгіде жазылған болу керек деген пікірі шындыққа жанасатын сияқты. Ежелгі түркі әдебиетінің үлгілерінің бірі – «Ергенекон» дастанында қапылыста жау қоршауына түскен түркі әскері жеңіліп, аман қалған Қаян мен Тоғуз өз әйелдерімен тұтқыннан қашып шығады. Қаян мен Тоғуздың арманы – артынан келген жау іздеп таба алмайтын, шөбі шүйгін, жайылымы бар, жанға жайлы жер үйек мекен табу еді. Бұлар талай күндер, айлар, жылдар бойы сарылып жер кезеді. Ешбір жер ұнамайды. «Бірі – шөпсіз, бірі – сусыз, бірі – күнсіз» болып шыға береді.

Олар ақыры аса биік көгілдір таулар қоршаған, сарқырап ағып жатқан асау өзендері бар жерге тап болады. Бұл шөбі шүйгін, кең жазира жайлау екен. Бұл жұмақ тектес жерді «Ергенекон» деп атапты. «Ергенекон» сөзі «шатқалдағы қоныс» деген ұғымды білдіреді. Ергенекон жері түркілерге құтты қоныс болыпты.

Ергенекон елінің әміршісі, кемеңгері, батыры Бөрте Шене (бөрі) халықты жинап алып, үндеу-сөз айтады:

– Уа, қасиетті Көк Бөрі ананың ержүрек оғландары (ұлдары) мен әулеті! Менің айтар сөзімді пайымда, жақсылап ұғып ал! Біздің ата-бабаларымызға қадым замандардан бері осы Ергенекон жері құтты мекен болған. Арада көп жылдар өтті. Көк Тәңірі бізді қолдап, өстік, өндік, көбейдік. Бұл үшін киелі Ергенекон жеріне бәріміз бас иіп, тағзым етейік. Әйтсе де біздің ұлы бабалар зираты жатқан қасиетті ата-мекеніміз анау заңғар таулардың арғы жағында екенін ұмытпайық. Бір кезде бізге қорған болған асқар таулардың қоршауынан амалдап шығайық. Енді аттың басын ата- жұртқа қарай бұрайық. Табғаштарды жерімізден қуып шығайық. Сөйтіп, кек қайтарайық! – деді [Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары). Зерттеу. Астана, «Елорда», 2000. –58 б.].

«Ергенекон» дастанындағы кемеңгер Бөрте Шененің осылайша халыққа арнау сөз айту дәстүрі кейінірек Түрік қағанаты тұсында өмірге келген «Күлтегін» жырында өз жалғасын тапты. Мұнда қаған:

Түрік бектері, халқы –
Бұны тыңдандар!
Түрік халқын жиып
Ел болындар! [5],

– дей келіп, елді бірлікке, сыртқы жауға қарсы күресуге шақырады.

Мұндай дәстүрді араға сан ғасырлар салып «Қорқыт ата кітабынан» да кездестіреміз. Қорқыт ата: «Тыңдаңыз, хан ием, кімдер келген екен», – деген ұзақ монологы «Ергенекон» дастанындағы Бөрте Шененің халыққа қарата айтқан сөзін еске салады. Кемеңгер данышпандардың сөзі бір арнада тоғысады. Ой-пікірлері бір жерден шығып жатады.

Қазақ хандығының құрылуы дәуірінде Жәнібек ханның кеңесшісі қарт жырау Асан Қайғы өзінің желмаясына мініп алып халқына «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған жер үйек» іздеуі де осының айғағы. Асан Қайғы Жәнібек ханға:

...Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шолсам,
Тапқан жерге ел көшір, – дейді [3].

Ерте дәуірден жеткен «Ергенекон» дастанына өзек болған идея – халыққа құтты қоныс, жерүйек, бақытты өмір іздеу сарыны араға сан ғасырлар салынып барып, Асан Қайғы жырау толғауларында қайталанды. «Ергенекон» дастанындағы әфсаналарда да, Асан

Қайғы жайындағы аңыздарда да жер үйекке үш талап қойылды. Олар: малға қолайлы – шөбі шүйгін жер, жау әскері бармайтын қоныс, адамы жүзге келмей өлмейтін мекен.

Асан Қайғының аралаған жерлері Моғолстан (Жетісу), Сыр (Сунақ), Ноғайлы (Жайық), Қыпшақ (Қаратау), Сарыарқа (Торғауыт), Байсын (Әму). Ол Сыр бойының әрбір шеңгелінің түбінде бір асым ет бар, халқы аштан өлмейтін жер десе, Торғай мен Ұлытауды да мақтайды. Асан – қатыны семіз, ері арық, шөбі семіз, жері арық елдерді де көрген [Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы (Құрастырып, алғы сөзін жазған Т.Қоңыратбаев).–Алматы, Ана тілі, 1991. – 94 б.]

Асан Қайғының «Жер үйекті» іздеудегі мақсаты – халқына жайлы қоныс, құтты мекен іздеу арқылы елінің тыныштығы мен бірлігін сақтау болған.

Жалпы Асан Қайғының туындыларынан Қазақ хандығының құрылу дәуіріндегі белгілі тарихи оқиғалардың бейнесін көреміз.

Асан Қайғы өлең, толғауларында Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысы мен өмірінің өзіндік ерекшелігін, тайпалардың тұтастығы мен бірлігін, әскери күш-қуатын арттыру қажеттігін жырлап, хан мен ел билеушілерін елдің түбегейлі болашағын ойлауға шақырады. Жыр-толғауларында қоғамдағы әдет-ғұрып, мінез-құлық мәселелерін көтерді. Сондай-ақ, XV ғасырда өмір сүрген Асан мен Қазтуған жыраулардың толғауларының сабақтастығы аңғарылады.

Асан Қайғы мен Қазтуған толғаулары мазмұн жағынан өзара жақын болғанымен, ақындық сөз қолданыстары әр басқа. Асан толғауында «қапалану», «қайғыру» жағы басым болса, ал Қазтуған толғауларында «жыраулық төкпе» сипат басым. Асанның «Құйрығы жоқ, жалы жоқ» ұзақ толғауы мен Қазтуғанның «Бұдырайған екі шекелі» деп басталатын шағын толғауынан айырмашылықтарын аңғаруға болады.

Қазтуған жырау Сүйінішұлы (XV ғ.) Еділдің салалары Ақтұба, Бозан бойын жайлаған түркі тайпаларының рубасы көсемі, әскербасы батыры болды. XV ғасырдың екінші жартысында Қазтуған өз қарауындағы рулармен бірге Еділден ауып, Қазақ Ордасының құрамына өтеді. Ол туралы жырау өзінің «Салп-салпыншақ анау үш өзен» толғауында «қайран менің Еділім», «мен салмадым, сен салдың», «қайырлы болсын сіздерге», «менен қалған мынау Еділ жұрт!..» деген жыр жолдарынан Қазтуғанның туған жеріне деген махаббаты суреттелген.

Қазтуған Кет-Бұға, Сыпыра жыраулардың поэзиясынан нәр алып сусындаған. Қазтуған толғаулары көшпенділердің көне поэзиясындағы нақыл, тақпақ сөздермен астасып жататын, көңілі таза пәк поэзия. Бұл поэзия намадтың санасының қаншалық дәрежеде болғандығын көрсетеді (ӘИ қолжазбалары, папка № 97 д.). Қазтуғанның өзін қоршаған, әлі адам баласы бүлдірмеген табиғат туралы түсінігінен елес береді, өмірге көзқарасын білдіреді.

Қазтуғаннан бізге жеткен жыр-толғаулары «Мадақ жыры», «Белгілі биік көк сеңгір», «Алаң да алаң, алаң жұрт...», «Салп-салпыншақ анау үш өзен...».

Қазтуған толғаулары нағыз пәк, далалық поэзия. Оның өзіне арнаған «Мадақ жырында» «сөйлесе қызыл тілдің шешені», «бұлыт болған айды ашқан», «мұнар болған күнді ашқан», «мұсылман мен кәуірдің», «арасын өтіп бұзып дінді ашқан», «Сүйінішұлы Қазтуған!» деген жыр жолдарынан Қазтуғанның екшеленген, сомдалған бейнесін көреміз.

Сондай-ақ, Қазтуған нағыз батыр, жорықшы жырау, жауынгер болғаны жырдың өн бойынан аңғарылады.

Қазтуғанның ақындық талантын әлемдік деңгейге көтерген жырларының бірі – «Алаң да алаң, алаң жұрт...»:

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақала ордан қонған жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қонымды жуған жұрт... [3].

Бұндай адамды өзіне баурап алатын, елітіп, ерітер жыр жолдары өз заманының тұсында ешбір ақын-жыраулардан кездестірмейміз. Сондықтан, Қазтуған жыраудың поэзиясы классикалық деңгейдегі ұлы поэзия.

Жалпы алғанда, мазмұны мен әлеуметтік мағынасы жағынан Асан мен Қазтуған толғаулары қазақ халқының Қазақ хандығы дәуіріндегі халық боп құрыла бастау тұсындағы жайлы қоныс, жақсы мекен іздеу мәселелерінің сол алыс замандағы жаңғырығы, XV ғасыр шегінде бүкіл әлемдік мәні бар поэзия жанрында аса құнды әдеби мұраға Қазтуған мен Асан Қайғы мол үлестерін қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Жоғары оқу орындары филология, журналистика факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы. (Құр. М.Мағауин). – Алматы, 1993. – 6-б.

2 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – Алматы, 1992. – 7-б.

3 Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық (Құрастырғандар: М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы, 1989. – Т. 1. – 24-б.

4 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. (Құрастырып, алғы сөзін жазған Т.Қоңыратбаев). – Алматы, 1991. – 94-б.

5 Иоллығтегін. Күлтегін. – Алматы, 1986. – 42-70-бб.

ӨЛЕҢ ТІЛІНІҢ ҚИСЫНЫ

ИСАХАНОВА Б. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Бірлік негізгі мектебі,
Ертіс ауд., Павлодар обл.

Өлең өрнекті тілсіз орнынан тік тұрмайтындығы бәрімізге белгілі. Онда қолданылған тілдің дәлдік өлшемінен дәп баса отырып, белгілі бір қисынды ой жүйесіне бағынуы, бабы қиын, күрделі шаруа. Өлеңде сөз саралаудан тартып, сөз тіркестері мен сөйлемдердің бір тұлғалы ой-сезім қисынына кіріге кетіп, ұршықша үйірілуі мен-мен деген сөз зергерінің зейін қуатын бақылап, сынайтын күрделі сынақ. Бұл сынақтан қандай да бір қаламгердің мүдірмей өте алуы мен оның талап-талғамдарына толымды түрде жауап беруінің өзі оның жасампаздық жалынының жанды және жансыз болуымен тікелей байланысты. Сондықтан біз төменде өлеңде қолданылған әрбір сөз-сөйлемнің және олардың өзара ішкі байланысынан құрам тапқан бір тұлғалы, логикалы ой жүлгесінің ұғымдар тұтастығы жағындағы дәлдігі мен дәйектілігін ерекше ескеру керек екендігі жөнінде пайымдау жүргізуді жөн көріп отырмыз. Өйткені әрқандай бір өлеңде қолданылған сөйлемдер көркем де образды сөздерсіз, бір түйінге жинақталған ой-сезімге толы сөйлемдерсіз оқырмандардың ой-түйсігіне мүлде әсер етпейтіндігі көпке аян.

Өлең тілінде қолданылған әрбір сөздің дәлдігін логикалық қисын жақтан қарастырғанымызда, ол сол бір ұғымның айқындығы мен күңгірттігіне тікелей қатысты екендігі бәрімізге белгілі жәй сауат. Сол себепті біз ұғымның заттар мен құбылыстардың мәнді ерекшеліктерін әрі олардың өзара байланыстары мен қарым-қатынастарын және қарама-қайшылықтары мен даму заңдылықтарын бейнелейтін ой жүлгесі екендігін аңғарамыз. Өйткені ол адамдардың өндірістік қимылдарға сәйкес саналы сараптау жүргізуі - салыстыру, ой жүгірту, мәнерлеу, ой қорыту және идеяландыру қатарлы ой тәсілдері арқылы

тілдің мәндік бөлшегі болған сөзге айналғанда ғана, біздің заттар мен құбылыстарға болған танымымызды одан ары тереңдетіп, миымызда кемелді ой арнасын дүниеге келтірумен бірге тіліміздің сөйлеу қажеттілігін қамтамасыздандырады. Сондықтан біз өлең тілінде қолданылған әрбір сөз өзі көтерген ұғымның мазмұны мен көлемі арқылы өлеңге сіңген ақындық тұлғаға белгілі бір сезімдік тұжырым ретінде белсенді түрде кірігіп, түйінді бір ой қорытындысын қолға келтіруде аса маңызды рөл ойнайды деп есептейміз.

Тіліміздегі әрқандай бір ұғым сөзбен сөйлем негізінде қалыптасып, өзінің өмір сүру қуатына ие болатындығы белгілі. Ұғым – сөздің мазмұны да, сөз ұғымның бейнелеу түрі. Сөз белгілі бір болмыс пен құбылысқа өкілдік ету сипатымен тілдің құрылымдық материялы ретінде, емін-еркін қолдануға болатын ең кіші мәндік бірлік болғандықтан, ол көпке ортақ, жалпылық сипат алады. Кез-келген бір сөз жеке дара тұрғанда оның қолдану мәнінің дұрыс немесе бұрыс болуы, ұғымдық дәлдігінің дәл немесе ойдан алшақтығы әлі әйгіленбейді. Олар тек өзара синтаксистік заңдылықпен өзара тіркесіп, байланысып келіп, белгілі бір тұжырымды ойды білдіретін сөйлем болғанда ғана ондағы ұғымдардың орынды-орынсыздығы белгілі болады. Сол себепті сөйлеу мен жазу өзіндік даралық сипатқа ие болып келеді. Әсіресе ол қаламгерлердің тілді меңгеруі мен оны қолдануы жақтағы өзіндік дара ерекшелігін көрнектілендіреді. Сөйтіп тіл қолдану жақта адамдар өзгеше даралық қасиетке ие болғандықтан, ұқсас болмаған жандардың ұқсас бір логикалы ойды бейнелеп көрсету түрі де түрліше болады. Осы тұрғыдан алып қарағанда қандай да бір ақынның тіл қолдану шеберлігі оның бүкіл өлең жасампаздығында даралық стил қалыптастыруының бағыт-бағдарын белгілейді әрі оның шығармашылық жолын тұрақтандырады. Біз сол үшін де өлеңде көрнектіленген образды да көркем тілдің даралығын қалыптастырып үлгерген кей ақындардың өлеңдерінде қолданылған әрбір сөз-сөйлемдердің ұғымдық жақтан айқын да дәлдігіне әрі тұжырымдылығына, дәлелдеу дәйегінің көкейге қонымдылығына сондай-ақ ой қорытындысының нанымдылығына қарай отырып, ақындарды нағыз ақын немесе ақынсымақтар деп, олардың ара жігін ажыратамыз.

Өлең тілінің айқындылығы - өлеңде суреттелген болмыс пен құбылысты дәл әрі анық бейнелеп көрсетуге қаратылған болып, ол әрбір сөздің өз орнында қолданылуымен бірге оның ықшам да жинақы болуын өз ішіне алады. Бұл лексикалық жақтан әрбір сөздің дәлдігін әрі логикалық тұрғыдан сол ұғымның мазмұны

мен көлемін көрсетеді. Мұндағы мағына ұғымда бейнеленген заттар мен құбылыстардың өзіне тән сын-сипатын ғана білдіретін болса, ал ондағы көлем ұғымда бейнеленген зат пен құбылыстың жинақылығын немесе ұғымның қолдану көлемін айқындайды. Егер ақындық жолға түсіп, өлең жазуға кіріскен әрбір адам әрбір ұғымның (әрбір сөздің) өз мағнасы мен жанама немесе туынды мәнін және оның қолданылуын жетік меңгере алмайтын болса, онда ол адамға ардақты ақын ретінде емес, өз ұлтының тілін жетік меңгерген жәй азамат ретінде мәміле жасау қиынға соғады.

Өлең тұлғасында әрбір сөз-сөйлемді дұрыс қолдану үшін ең алдымен жеке сөздердің мағнасын дұрыс меңгере білумен бірге логикалық жақтан ұғымдар арасында болатын алуан түрлі нәзік қарым-қатынастарды да мұқият түсіне білуге тура келеді.

Мысалы:

Мен де шопан ертемен балық баққан,

Мен де ғалым Хожанды алысқа атқан.

Бұл өлең жолдарындағы «Шопан» сөзі өз орнын тауып қолданылмаған. Қазақ тілінің балық аулайтын адамды «Балықшы» деп, қой бағатын адамды «Шопан» дейтіні бәрімізге белгілі. Осы өлең иесінің тағы да мына бір шумақ өлеңіне назар аударып көрелік.

Астыма төселгендей аспан күллі,

Көк айдын көкте ұшқандай шагтандырды.

Шаңғымен басып кеттім талай рет,

Шашылып мұз бетінде жатқан күнді.

Бұл шумақтағы «Шашылып» деген сөз аспандағы күннің тек біреу ғана екендігін ескерусіз

қалдырған. Бір нәрсе емес, көп нәрсенің шашылатындығы бәрімізге белгілі. Бұл арада өлең иесі шашылып жатқан күн нұрын басып кеткен болса, онда ұғым өз орнын тапқан болар еді де, жоғарыдағыдай ұйқастың жетегіне еріп, желіп кетпес еді.

Топырағында қонамын мамықтайын,

Кең даланды жүземін балықтайын.

Бұл өлең жолдарындағы «Дала» сөзінің «Балықтай жүзіп» тіркесіне сәйкеспейтіндігі көңілге бірден доғал тиеді. Өйткені балық суда ғана жүзеді. Егер өлең иесі оны өлең образдылығының қажеті үшін қолданбақшы болса, онда ол кең даланы алдымен теңіз немесе көл бейнесіне енгізіп алып, одан соң қанша жүзсе де, оқырман оған күйініп емес, қайта сүйене қарайтын еді.

Көзіміз қыран құстың жанарындай,

Қасымыз қас батырдың садағындай.

Ойы ұлы, арманы асқақ, өнері өрге

Қазақтың ұл мен қызы базарындай.

Бұл шумақ өлеңдегі «Базарындай» деген теңеудің тегінің анықсыздығы оқырмандарды қатты мезі етеді. Бұнда «Қазақтың ұл мен қызы» ненің базарындай деген сұрау туындайды. Бір қырынан қазақтың базарындай деп түсіндіргің де келеді. Бірақ грамматикалық байланыс тұрғысынан «Қазақтың» деген сөз «Ұл мен қызы» деген сөз тіркесінің анықтауышы болғандықтан, «Базарындай» деген сөзді анықтай алмайды. Сондықтан бұл шумақтағы «Базарындай» деген сөз логикалы ой жүйесіне қайшы болып, өлеңнің соңғы сөйлем құрылымының тұжырымына белгілі дәрежеде күңгірттік ала келген. Сол себепті біз оны өлеңге жол-жөнекей қосылған ұтымды ұйқас қана деп есептемеуге амалымыз жоқ.

Тіл метериалы ішінде белгілі бір ойды білдірудің әрі көрнектілендірудің және түсіндірудің негізгі көрсеткіш құралы сөйлем болғандықтан, біз оған біршама аяқталған ойды білдіреді деп анықтама беріп келеміз. Бұндағы сөйлем мен ойдың бірінің түр, екіншісінің соның мазмұны болып келіп, олардың өзара тығыз байланысты әрі берік береке-бірліктегі бір тұлғалы жүйе екендігі бәрімізге белгілі. Ондағы жеке сөздер болмыстағы нақтылы шындықтың адам санасындағы сәуленген бейнесі ретінде жеке-жеке ұғымды білдіреді де, олар сөйлемнің материалдық негізі болады. Ал сөйлем болса, пікір алысуды, қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін тілдің материалдық құралы болған сөздердің өзара белгілі заңдылық бойынша бірігіп, бір ойды білдіріп келуінің нәтижесі. Сондықтан да логикадағы ұғым мен тұжырым және пайымдаулар грамматикадағы сөз, сөз тіркесі және сөйлемдегі сөйлем мүшелерінің мүлтіксіз өз-өз орнында тұрып қызмет атқаруымен өте тығыз байланысты болады. Сол себепті өлең тіліндегі таяздық, үстірттік, жұтандық, логикасыздық, сөйлем құрылымының сөкеттігі әрі сөйлемдер арасында байланыстардың болмауы мен өлеңнің жалпы тұлғасының бір жүйеге бағынбауының бәрі де ақынның ой қорыту қабілетінің әлсіз екендігін көрсетеді.

Мысалы:

Жылдар жылжып өтіп жатты арада,

Түйін тастап шешек атты санада.

Бұл екі жол өлең сырттай қарағанда мүлтіксіз болғанымен, бірақ оған грамматикалық байланыстың нәзік өлшемі мен назар аударар болсақ, ол екі тармақ бірігіп, бір құрмалас сөйлем болатындай толымдылық мүлде жоқ. Өйткені мұндағы екі тармақтағы екі сөйлем логикалық ой жүлгесі бойынша бір-бірімен байланыспай тұр. Ондағы

тұжырымның «Жылдар жылжып арада өтіп жатты» дегені түсінікті де, ал ненің «Түйін тастап санада шешек атқаны» түсініксіз. «Жылдар түйін тастап санада шешек атты» дейін десең, «Жылдар жылжып өтіп жатты арада» деген сөйлем грамматикалық қағида бойынша, әлдеқайда белгілі бір ойды білдіріп болды. Сондықтан емле ереже заңдылығы бойынша, оның соңына нүкте қойылуы керек. Сонда екінші сөйлем бастауышсыз сөйлем болады. Ал бастауыш пен баяндауышсыз сөйлемнің көп жағдайда белгілі бір жинақы ойды білдіре алмайтындығын бастауыш мектептің оқушылары да қанық біледі. Біздің ойымызға күңгірттік әкеліп отырған түйін осы.

Ойлар сенен жерім жоқ ажыраған,

Бірақ кейде мезі боп қажыр адам.

Бұл өлең тармақтары да жоғарыдағы келтірілген мысалымыз сияқты бір-бірімен ой-пікір байланысы жоқ екі жәй сөйлем. Емле ереже заңдылығы бойынша екі сөйлемнің соңына да нүкте қойылады. Өйткені «ойлар сенен (менің) ажыраған жерім жоқ» деген сөйлемде сөйлеуші ойға қарап, сөйлеп отыр да, ал, «Адам кейде мезі боп, қажиды» деген сөйлем өлеңдегі лирикалық «Меннің» өз толғанысын баяндайды. Грамматикалық байланыс жақтан қарағанда оның оймен титтей де қатысы жолдарына назар аударғанда, әрқандай бір шумақ өлеңнің бірінші, үшінші тармағының соңына үтір, ал екінші, төртінші тармағының соңына нүкте сөзсіз қойыла береді дейтін заңдылық мүлде жоқ екендігін ескергеніміз жөн. Қазіргі кезде осы бір көзсіздікке табыну ауыруы өлең басылымы саласында өте кең тараған індетке айналғандықтан, оны ауыздықтау жаппай сауатсыз баспагерлер үшін қиынға соғып отыр. Өлең шумағында қойылатын тыныс белгілер сөйлемнің құрылымында бейнеленген тұжырымдардың өз ыңғайына қарай белгіленеді. Кейбір шумақ бірнеше сөйлемнен, кейбір шумақ бір ғана құрмалас сөйлемнен құрам табуы мүмкін. Мұның бәрін бұл арада ұйқастың қажеті емес, қайта белгілі бір логикалы ой тұтастығының түрі болған сөйлемдердің өзара бір- бірімен тығыз байланысып келуі белгілейді.

Өлең тілінде біздің игіліктеніп отырған дара ұғымымыз айқын болмайтын болса, онда біз зейін қуатымызды шоғырландыра алмай, жүйелі ой қорыту мақсатына жете алмаймыз да, сұрыптап, саралап алған талғамды танымымыз айшықталмақ тұрмақ, ол тіпті де барған сайын бұлыңғырлана түседі. Содан барып логикасыз тұжырым мен ой қорытындысы және қарама-қайшылықты пікір алауыздығы туындайды да, өлеңнің ой жүйесінің тұлғалы тұтастығында тұманданған күңгірттік пайда болады. Мысалы:

«Отан» төрт-ақ әріпті бас мүде қып,

Жан түршігер сұмдықты қаштым көріп.

Тамақтағым келеді жауыздықты,

Ақын емес ашыққан қасқыр болып.

Бұл шумақтың басқы екі тармағының грамматикалық байланысында мүлтік жоқ болғанымен, бірақ онда бейнеленген ой жүйесінің ішкі қисынында қарама-қайшылық бар екендігін бірден аңғарамыз. Ол қайсы десеңіз, ол заманда бұл заман «Отан» деген киелі ұғымды бас мүдде қылған адамның, жан түршігер сұмдықты көріп қашқандығын осы ақынның өлеңінен кездестіретіндігіміз өте өкінішті. Артынан ол қайта Хамелионша құбылып «Жауыздықты қасқыр болып тамақтанғысы келетіндігін білдіруі» ақынның жоғарыдағы ойына тағы да қайшы келеді. Сөйтіп оқырман бұл шумақты оқыған соң, өлеңдегі лирикалық «Мен» тегі ез бе, жоқ ер ме деген бұлыңғыр сұраудың астында қалады. Жалғасты осы өлең иесінің тағы бір шумақ өлеңіне назар аударып көрейік.

Аруағынан қорқам да дана Абайдың,

Туған елден атыраулы алам айдын.

Жаман жырым кеткенде шала өлтіріп,

Бомба түсіп өртенген қаладаймын.

Бұл шумақта да дана Абайдың аруағынан қорыққан адамның туған елден атыраулы айдын алып жатуы логикалы ой қисынына қайшы келеді. Тегінде қорыққан адамның айдынданып үлкеймей, қайта керісінше кішірейетіндігі бәрімізге белгілі. Бұл бір шумақтың екінші тармағы «Ескі тамның ерінін паналаймын» деп келген болса, онда өлең иесінің ізеті бір көтеріліп қалған болар еді деп іштей демігесің де, ол ақынның Қадыр Мырзалиевтың бірқатар өлеңдеріндегі сияқты соңғы екі тармағындағы «Жауыздықты аш қасқырдай тамақтайтын», «Жаман жыр үшін бомба түскен қаладай өртенетін» образды да ойнақы айтылған әдемі ой ұшқындары үшін, басқы екі тармақты құрбандыққа шалатын шалағайлығына қатты кейіс білдіресің. Сөйтіп әлемге әйгілі философ Сократтың «Ұғымды логикалық түрде анықтау – шынайы білімнің ең басты шарты» деген дана тұжырымының анық-қанығына дәл осы арада жеткендей боламыз.

Енді біз осы ойымызды одан әрі айшықтай түсуіміз үшін әйгілі жазушыларымыздың бірі Ғабит Мүсіреповтың өз кезінде өлеңнің тілі жайлы нендей құнды пікір көтергендігіне назар аударып көрелік:

«Жәй, поэзияға оралайық. Жоғарыда ескерткендей әріден келе жатқан көркем тіліміз мол бола тұрса да ұлы мектебіміз бола тұрса

да...» дүние жүзілік әдебиетпен кеңірдектен танысып отырсақ та тіл кінараты бүгінгі поэзиямызда да жеткілікті екен.

Әуелі жаңылыс бір сынды атай кетейін. Ақын Несіпбек Айтөв Қайрат Жұмағалиевтың «Жұлдыз деген тұңғыққа қақтым қанат» деген өлең жолын сынапты, «Тұңғық» төменді білдіреді депті. Қайрат атмосфераға қанат қақтым дейді, өлеңде қателік жоқ. Автордың екінші сынаған жолдары «Күн сынып, көк қабағы ашылады» деген өлең жолы күн сынса көк қабағы қалай ашылады, – дейді сыншы. Бұл жерде сынған күннің көзі емес, ауаның жылынғаны. «Бүгін күн ыстық екен дейді» ауызша сөзде, сыншы бұл екі жолды да түсінбей сынаған.

Поэзияның әр жолы көркем айтылған ой, құлаққа жағымды, көңілге қонымды болу керек. Не болмаса арқа қыздыратын, адамға күш-қайрат беретін кесек сөздердің толқыны, найзағайдың жарқылы болу керек. Өкім Жайлауовтан бірер жол үзінді келтірейін, жақсылап тыңдаңыздаршы. «Тұрлаулы істің табамын деп түйінін...» тұрлаулы іс деп түйіні де табылған істі айтсақ керек. «Ақ жаңбыр жауа түссін нөсерлегіп...». Ақын ақ жаңбыр мен нөсер жауын екі түрлі жауын екенін айыра алмаған.

Қайдасың, інім, күлкілі...

Жетпейтін екі ортамыз қарға адымға,

Осыдан шалғай еді арға мұнда...

Толқындар тербеледі аунай түсіп,

Теңізден тасалайды тау жақты шық.

Төрінде төлі байлаулы,

Көкқұздың аты молшағыл.

Мені сыилап жүретін ағайын көп.

Мені сыилап жүретін абысып көп. (Мақсұт Неталиев)

Шашына шәлі тартып сәлде ораған,

Мұз қайғысы ерімей мәңгі ораған.

Кешегі тағдырындай қазағымның

Алатаудың басынан қар бораған. (Шөмішбай Сариев)

Батырсындар алпыс екі айлалы. (Ибраһим Исаев)

Күлкілерден шың биік

Таусылмайтын бақыт бер. (Б. Сықақов)

Еркелеген ақ құлын ойнақ салып,

Келеді тау қолына оймақ салып,

Кір шалмаған таза мойнын

Төменнің тереңіне бойлап салып,

Қамытын тағдыр қоймақ салып,

Қайт деші, биігіне бойлап танып. (Тілебалды Жамбылов)

Осы сияқты өлеңдерді қай жағынан тексеруге болатынын мен өзім біле алмадым. Тілі жоқ, идеясы жоқ, тіпті елеулі тақырып та жоқ.

Төлді төрге байламайды, еркек адам жеңгесін абысын демейді, шәліні шашына орамайды. Шәлі ораса, әйел сәлде салмайды, еркелеген ақ құлын тау қолына оймақ салмайды, таудың қолы жоқ деп қалай ұялмай-қызармай сын айтып отырарсың. Сондықтан мұндай ақындарға қандай ноқаттар жетпей жатқанын ғана айтып тоқтағым келеді.

Бірінші, ана тілін білмеушілер өздерін білімсіз деп санамайды-ау деймін. Сондықтан өздерін асырап отырған ана тілін қалай болса солай қорлай беруге ұялмайды. Ал енді ұяты жоқ арсыз адамнан ақындық күтудің қажеті жоқ.

Екінші, ақын-жазушы деп аталатын адамдар «Бойы былған, сөзі жылмаң» еркетайлар емес, халық алдында, партия алдында жауапты қалам қайраткерлері екенінде жұмыстары жоқ.

Үшінші, бұларға ақын жазушылық өнер емес, кәсіп: Толстой айтқандай «Сауын сиыр, пәтер, машина, атақ, қалам ақы».

Көрнекті жазушымыз Ғабит Мүсірепов ашынса ашынғандай-ақ өлең тілінің 20 ғасырдың 80 жылдардағы логикасыздық кінәраты мен грамматикалық ақау ауыруы бүгінгі күні тіпті одан әрі асқынбаса, ол ауырудан қазақ өлең өнері әлі айыға қойғаны жоқ. Қытай қазақтарының логикалық қисынды зерттеп жүрген оқымыстыларының бірі, логика ғылымының маманы Жекен Қауытұлы айтқандай: «Мұбада, жанарыңыз жансыз болса, инеге жіпті сабақтай алмағаныңыз сияқты, ойыңыз жетесіз болса әрі қадағалап ой-пейілді сарып етпесеңіз логика сабағын меңгере алмайсыз. Ендігі нәрсе «осы логикаға сыйымсыздық» пен «логикаға үйлесімсіздік» төтелей барып ұғымға тіреледі. Өйткені ұғым – өзімізді орап отырған объективтік заттар жөніндегі адамдар толғамының қоры, тұжырымды құрайтын өзекті бірлік, ойымыздың тоқ етері». Сондықтан біз өлең жазуда әрбір сөздің мағынасы мен көлемін өлең тіліндегі сөйлемдерде қалай қолдануды жетік меңгеруімізге тура келеді. Қысқасы әрбір сөзді бір негізгі мәндік тұрғыдан және грамматикалық сөйлем құрылымының белді бір мүшесі негізінде қарастыру қажет. Сонда ғана «Өлеңнің қатаң сұрыпталған қанатты тілі нағыз өлеңдік өрнекті дүниеге келтіреді» .

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мүсірепов Ғ. Қазақ әдебиеті. – Алматы. 1984. 12.21

2 Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар.- Алматы: Паритет, 2005.- 256 б.

3 Мағжан Жұмабаев: өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер.- Петропавл: Полиграфия, 2006.- 428 б.

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ МӘТІН АВТОРЫНЫҢ ТІЛДІК ПОРТРЕТІ

ҚАЛИЕВА А.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Лингвостилистика және көркем мәтінді интерпретациялау мәселесі филология ғылымында ерекше орын алады және тіл мамандарының назарынан тыс қалған емес. В. Виноградов атап өткендей, бұл үрдіс әр түрлі әлеуметтік құбылыстардың тіл, әдебиет, эстетика сияқты категорияларын үйлесімді түрде тұтастықта ұстайтын көркемдік стильдің табиғатына байланысты [1, 15].

Көркем мәтінді лингвостилистикалық талдаудың теориялық негіздері қазақи ұғымға сәйкестендіріліп алғаш А. Байтұрсынұвтың «Тіл тағылымында» сөз болды. А. Байтұрсынұлы сөз өнерінің көркем тілдік материалы туралы құнды ой-пікірлер білдірген: «Тіл қисыны дегеніміз – асыл сөздің болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым, лебіз ғылымының мақсаты асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету» деп, «тіл қисыны» мен «лебіз ғылымын» бірлікте қарау арқылы көркем шығарма табиғатын терең тануға болатындығын айтып кетті [2, 29 б.].

Отандық лингвистер Р. Сыздық, М. Серғалиев, Б. Шалабай, Н. Уәли, Д. Әлкебаева, С. Қоянбекова және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қазіргі стилистика, лингвостилистика, прагматилистика ғылымдарының аяқ алысы баяндалды.

Б. Шалабай стилистиканы әрбір дамыған тілдің жаны, тіл ғылымында да, көркем әдебиет ғылымында да маңызды орын алуы керек деп дәйектейді. Алайда, лингвистика тілдің барлық аспектілерін, соның ішінде стилистикалық аспектілерді зерттейді, ал әдебиеттанушының құзыретіне жазушылар белгілі бір көркемдік идеяларды жүзеге асыру үшін пайдаланатын тілдің стилистикалық ресурстарын ғана қарастыру кіреді [3, 43].

Көріп отырғанымыздай, лингвистер көркем мәтінді лингвистикалық талдауда қаламгердің идеясы мен көркемдік

ниетімен органикалық байланыста көркем шығарманың лингвистикалық-стилистикалық ерекшеліктерін зерттеу қажеттігін айтады. Осыдан-ақ оның көркем шығарманы интерпретациялау көркем мәтінді лингвистикалық-стилистикалық талдаудың негізгі бастапқы қағидасы екеніне ден қоюға болады. Сондықтан көркем мәтін интерпретациясы жазбаша/ауызша мәтінді және оның элементтерін қабылдау, түсіну, сонымен қатар тілдік лебізді (жазбаша немесе ауызша) ұсыну әрекеттерін қамтитын күрделі әрекет болып табылады.

Демек, көркем шығарманың өзіне тән белгілері әр жағдайда қаламгердің дүниетанымына, эстетикалық әсеріне, сондай-ақ тілдің лексикалық және грамматикалық құралдарының бір-бірімен түрлі қатынастарына байланысты дербес көркемдік көзқарасының көрінісі болып табылады. Сондықтан да қазіргі тіл білімінде көркем мәтінді интерпретациялау мәселесі өте өзекті және сонымен бірге өте күрделі мәселе болып қала береді.

Көркем мәтіннің мазмұнын да әр оқырман түрліше қабылдау мүмкін. Шығарманың тереңіне бойлай білу, оның астарын тани білу және түрлі реңкте келген мағынасын аңғару оқырманның дайындығы арқылы да, мәтіннің көркемдік құндылығы, автордың ақпаратты толық жеткізе білуі арқылы да қамтамасыз етіледі. Осылайша, интерпретацияны автордың көзқарасы мен шындықты тану арқылы жүзеге асырылатын көркем шығарманың идеялық-эстетикалық, семантикалық және эмоционалды ақпаратын игеру деп түсінуге болады.

Кез-келген көркемдік ақпаратта таным объектісі шектеусіз болып келеді және хабарлама, негізінен, жалпы әлеуметке бағытталады. Сонымен қатар, автордың шындықты білу процесі әр түрлі оқырмандар үшін түрліше болуы мүмкін, өйткені шығарманы қабылдау процесінде әр жеке оқырманды сипаттайтын барлық әлеуметтік және жеке факторлар қамтылады.

Көркем мәтін – өте күрделі құрылым. Интерпретацияның міндеті – автордың ойы мен сезімін барынша анықтау. Басқаша айтқанда, сөз өнерінің туындысы ретінде көркем мәтіннің терең мәнін игеру міндеті бірінші орынға шығады. Бұл жағдайда интерпретация үлкен қиындықтар тудыратын көркем мәтінді қабылдаудың жоғары мәдениеті оның семантикалық ақпаратының күрделі құрылымын, әсіресе жасырылған ішкі құрылымын тани білуді қамтиды.

Осы тұрғыда Мэшһүр Жүсіптің индивидуалды-авторлық бейнесін танытатын шығармаларын интерпретациялағанда қазіргі тілдік әлем

бейнесінің ерекше сегменттерінің бірі – махаббат концептісінің ақын ұғымындағы көрінісіне назар аударуды жөн көрдік.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: Махаббат – 1. Әйел мен еркектің бір-біріне деген құштарлық сезімі, сүйіспеншілік. 2. Ата-ананың балаға, адамдардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілік ыстық ықыласы, – деп түсінік берілген [4, 584 б.].

«Махаббат» сөзі қазақ тілінде «ғашық», «сүю» сөздерімен де алмастырылып отырады. Тілімізде Отанын сүйген отқа жанбайды, суға батпайды; Елін сүйгеннің еңсесі биік; Азапсыз махаббат – арзан махаббат; Ғашықтың тілі – тілсіз тіл; Дауасыз дерт – махаббат; Ынтызарлық өлімнен де жаман; Сыйлық қымбат емес, сүю қымбат деген мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер кездеседі. Бұлардан Отанға деген махаббат, ғашықтық сезім туралы айтылғанын байқаймыз.

Мәшһүр Жүсіптің шығармаларында махаббат тақырыбы басқаша дәйектелетінін аңғарамыз. Ақын «Бес қымбат» деген жырында адамға қатысты құндылықтарды тізбектеп көрсетеді:

«Ең әуел керек нәрсе – иман» – деген,
 «Ақырет істеріне (ишларына) инан!» – деген!
 «Құдай кешірет!» – дегенмен, іс бітпейді,
 «Иман шартын білмесе, есен (ибан)» – деген.
 «Екінші керек нәрсе – ғақыл» – деген.
 «Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!» – деген.
 «Аз іске ашуланып, дінін бұзар,
 Иманын кәпірлікке сатар!» – деген.
 «Үшінші қымбат нәрсе – сабыр» – деген,
 «Сабырлысы мұратын табар!» – деген.
 «Әр істе сабырсыздық тәубе – зорлық,
 «Сабырсыздық басқа пәле салар!» – деген.
 «Төртінші, қымбат нәрсе – шүкір» – деген,
 «Нығыметке шүкірсіздік – күпір» – деген.
 Жатқан жерден: «Құдай кешірет!» – деген – қорлық,
 «Себеп іздеп тура жолмен жүгір» – деген.
 «Бесінші қымбат нәрсе – әдеп» – деген,
 Әдепсізде иман тұру ғажап!» – деген.
 «Кәпірлік – әдептіде тұрмағандай,
 Әдеп деген махаббатқа себеп!» – деген [4, 107–108 бб.].

Ақын адамның әлемге үйлесімді қатынасы оның иманынан басталатынын анық көрсетеді. Келесі орындарға ақылды, сабырды, шүкіршілікті, әдепті қояды да, мұның бәрін біріктіретін құдіретті махаббат деп атайды.

Мәшһүр Жүсіптің махаббат жөніндегі таным шеңбері діни ұғым түсініктерімен астасып жатқанын ақынның шығармаларын интерпретациялау барысында аңғардық.

Махаббат – сәулесі зор, Құдай нұры,
 Көрген жан сол сәулені қалмас құры [4, 345 б.].

Мәшһүр Жүсіп махаббат ұғымының кең екенін аңғартады. Ол махаббат концептісін ер адам мен әйел адам арасындағы сүйіспеншілік сезім ретінде түсіндірмейді. Ақын танымындағы махаббат – Алла Тағалаға, яғни Жаратушыға сүйіспеншілігі, іңкәрлігі.

Ол махаббат иесі – Алла. Ақын дүниетанымы бойынша Алла шүбәсіз, дүниедегі бардың есімі. Сондықтан да ол өлендерінде адамдарды Аллаға құлшылық етуге шақырады, оның қайтарымы болатынын насихаттайды.

Шын ниетпен бір Аллаға құлшылық қыл,
 Түзу түс алдындағы жолға таман [5, 17 б.].

Тағат қыл бір Аллаға ақ ниетпен,
 Бұл күнде түк болмайсың жүрген бетпен [5, 17 б.].

Ақын Аллаға деген сүйіспеншілікті түсіну мен түсіндірумен ғана шектелмейді. Ол шындық жолы, өмір принциптері, өмір дәстүрлері сияқты ұғымдармен байланыстырады.

Болады кімге залал, кімге пайда,
 Әр істің ықтияры бір құдайда [5, 13 б.].

Біз Аллаға деген сүйіспеншілік оның құдіретіне тең ештеңе болмаған кезде жетекші орын алатынын көреміз:

Алланың өзі жалғыз, құдіреті кең [5, 148 б.].
 Барлығы бір Алланың құдіретінде,

Ешкімге мұқтаж емес Хақ тағала [5, 148 б.].

Мәшһүр Жүсіп Алланың біреу екенін, оған серік қоспағанын жыр етеді:

«Бір!» – деп біл бір Алланы, екі деме!
 Көп сөйлеп, күпір болып боқты жеме.
 «Екеу!» – деп бір Алланы жолдан тайсаң,
 Мінесің қияметте қасірет кеме [6, 26 б.].

Бір адам қылар қияс шарифатқа,
 Құранға, қарамайды жазған хатқа.

Осындай қисық сөзден бойыңды тарт,
Алланы ұқсатпаңыз ешбір затқа [5, 26 б.].

Тағат қыл бір Аллаға ақ ниетпен,
Бұл күнде түк болмайсың жүрген бетпен [5, 17 б.].
Болады кімге залал, кімге пайда,

Әр істің ықтияры бір құдайда [5, 13 б.].
Мәшһүр Жүсіптің айтуынша, Алла біреу, Алла өзгермейді, ол өте кең ұғым.:

Жоқ деп біл ол Аллада ата-ана,
Және жоқ деп біліңіз қатын-бала [5, 148 б.].

Ақын Алланы танып білуде, Алла жолын іздеуде құлшылықтың алатын орны ерекше екеніне көп көңіл бөледі:
Бір Алла діліне алмай, фазылына алсын,
Жұмақты біз ғаріпке қылсын несіп [5, 16 б.].

Таршылық әрбір жерде қысылғанда,
Басқа жоқ бір Алладан паналары [5, 19 б.].

Айтыңыз насихат сөз қосып басын,
Шын болып бір Аллада ықыласың.
Ғазірейіл бір күн келіп жаныңды алса,
Дүниеден кетеді ғой ғаріп басың [5, 19 б.].

Махаббат – мәңгі таусылмайтын тақырып. Себебі махаббат – Алланың қасиеті, мінезі ретінде шексіз, өлшенбейтін шындық. Егер сіз Аллаға шын жүректен ғашық болсаңыз, онда бұл оның рахаты теңіз екенін түсіндіреді. Егер адам Алланы білгісі келсе, ол өзін шексіз дамытуы керек дейді. Ақын Алланы тану білімінен адамгершілік, ізгілік сияқты қасиеттер дамиды дейді.

Болса да қанша күнә бойымызда,
Қайтпайды бір Алладан ықыласым [5, 25 б.].

Ақын хақтың жолы әділеттілік екенін және одан ауытқымау керектігін бірдей ескертеді. Мәшһүр Жүсіп Алладан артық ештеңе жоқ, Егер сіз біреуді Алладан артық сүйсеңіз, сіз бір жамандықтан зардап шегесіз дейді.

Басқаға бір Құдайдан көңіл бөлме,
Нәпсінің, шамаң келсе, тіліне ерме!

Пәледен басым аман болсын десең,
Бой салып бір нәрсені жақсы көрме!

Махаббат күннен-күнге артады екен,
Оралып шырмауықтай тартады екен.
Басқаны бір Құдайдан сүйгендіктен,
Бір залал ақырында тартады екен [5, 42 б.].

Қарап отырсақ, ақынның дүниетанымы бойынша әлем пен Алла деген ұғым бір. Бұл екеуі бір мәннің аясында біріктірілген. Әлем бір орында тұрмайды, ол өзгереді. Өзгермейтін – жалғыз Алла дегенді ақын философиялық тұрғыдан басып айтады. Сондықтан Аллаға деген шексіз махаббат – бұл заңды құбылыс. Мәшһүр Жүсіп ұғымына сәйкес, Аллаға деген сүйіспеншілік – адамның жеке басының асыл қасиеттерін құрметтеу, моральды негізгі қағидатқа айналдыру. Алланы сүю – ізгілікке апаратын жол. Ақынның айтуынша, махаббат – бұл қасиет, күш, қуат, Алланың рухы. Алланы сүю арқылы оның сүйген құлы – адамды сүюге шақырады, адамгершілікті, мейірімділікті, жоғары руханиятты дәріптейді.

Мәтінді стиль тұрғысынан қарастырудың ерекшелігі көбінесе стильдің қалай түсіндірілгеніне және стильді бөлудің қандай принциптері сақталатынына байланысты. Сонымен, егер автордың стилистикасы мәтінді автордың сөйлеу құралдарын таңдауы және автордың ниетін жүзеге асыру тұрғысынан зерттесе, онда адресаттың стилистикасы оқырман адресаттың автордың айтайын деп отырған идеясын интерпретациялануы тұрғысынан зерттеледі деген ғылыми тұжырымды алатын болсақ, онда ақынның тілдік портретін оның тілдік қолданыстарын, өзіндік авторлық тіркестерін зерделемей зерттеу мүмкін емес, өйткені бұл дүниетанымның, ішкі әлемнің, ақынның өзінің шығармашылық идеяларын жүзеге асыруда қолданған аялық білімінің көрінісі және салыстырмалы жеке авторлық кеңістікті құрайтын мағыналардың ерекше жүйесі, іс жүзінде осы автор әлемінің бейнесін көрсететінін анықтаймыз. Өйткені Мәшһүр Жүсіптің әрбір сөзінен, тілдік қолданыстарынан ақынның жүріп өткен жолының, шығармашылығының, өмірлік тәжірибесінің ізін байқай аламыз және оларды интерпретациялау арқылы автордың тілдік портретін де жасай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Виноградов В. Проблемы русской стилистики. – М.: «Высшая школа», 1981. – 320 с.

- 2 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 156 б.
 3 Шалабай Б. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : Арда, 2016. – 487 б.
 4 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.
 5 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 2 т. – 440 б.
 6 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары 4-том.- Павлодар: ЭКО, 2004. – 535 б.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТАНЫМДЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

КАМЗАНОВА Г. Е.

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі,
А. Құрманов атындағы №17 мектеп-гимназиясы, Нұр-Сұлтан қ.

Қай халықтың болмасын, ғасырлар бойы жиып-терген материалдық-рухани қазынасы сан-салалы. Олар жалпы мәдениеттің дамуына әртүрлі дәрежеде әсер етеді. Мәдениетті өркендеген халықтардың көбінде өзінің жасаған барлық материалдық-рухани жиһаздарын жиып ия бойына сіңіріп қана қоймай, оларды мұқият ретке келтіріп, жасауша жинап, қағаз бетіне түсіріп және саралап зерттеу тәртібі қалыптасқан. Бұл тектес шаралар соншама қазынаны ел кәдесіне жаратумен қоса болашаққа мұра етудің қамын да көрсетеді.

Бұл шараның маңыздылығы мынада: ғылыми-техникалық даму нәтижелерінің қолданыс тауып, ұлттың келбеті көзге ұрып тұратын мүліктер көзден таса болып бара жатқан жаһандану заманында күнделікті тұрмысымыздан халқымыздың рухани және материалдық мәдениетінің бейнесі іспетті дүниелердің біразы бірте-бірте келіп жатыр. Сонымен бірге ол дүниелердің атаулары-лексикалық материал да тілімізден жоғалуда. Шын мәнінде, бұл атаулар тек тілдік материал ғана емес, олар халықтың ұлттық психологиялық көңіл-күйінің, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің, солардың бойындағы ұлттық бояу сіңген талғамдарының т.б. бейнесі, ұлттық рухы.

Атап айтқанда, ұлтымыздың тарихы, тұрмыс салты, ой-өрісі мен эстетикалық талғамдары тек оның рухани байлығы арқылы ғана емес, оның күрделілігі тұрмыста қолданған құрал-жабдықтарынан, үй-жиһаздарынан, киім-кешектерінен, әшекей бұйымдарынан да көрінеді. Сондықтан олардың бәрін сала-сала бойынша жинап, арнай

зерттеу- бұрын мәдениетіміз болмаған деп түсінетін мәңгірттер үшін иә ол туралы дұрыс түсінігі жоқ жас ұрпақ үшін, тіптен өткен тарих пен тегіне биік талғам-талаппен қарайтын қарайтын көпшілік қауым мен өскелең ұрпақ үшін де төл мәдениетімізді түсініп білудің, игерудің басты кілті болмақ, әрине, бұл жұмыс тек сол мұраның тілдік атауларын жинақтап не сала-сала бойынша бөліп қоюмен шектелмек емес. Басқасын былай қойғанда, осы салада қазір де көптеген түсініксіз сөздер кездеседі. Олар арнайы да терең этнолингвистикалық, тарихи-лингвистикалық зерттеуді қажет етеді.

Этнография гректің “этнос” – халық, “графия” – жазу, үйрену деген екі сөзінен құралған. Өзінің мағынасы бойынша этнография – халықтардың қоғамдық құрылыстарын, олардың арғы тектерін, өзара қарым-қатынастарын, заттай және рухани мәдениеттерін зерттейтін ғылым. Кейбір ғалымдар этнографияны этнография және этнология деп екіге бөледі. Этнография халықтардың арасынан деректерді жинаумен шектеледі де, этнология – сол этнографтардың жинаған деректерінің негізінде ғылыми еңбектер жазады деген түсініктерді айтады. Негізінде, бұл – ғылымның екі саласы. Қандай ғылым түрі бойынша жүргізілген зерттеу екі түрлі сатыдан тұрады. Біріншіден, ғалым зерттеген тақырыпқа байланысты деректерді топтаса, екіншіден, сол жиналған мағұламаттарға ғылыми мән беріп, ғылыми еңбектер, оқу құралдарын және т.б. еңбектерін жазып, оларды жұрттың игілігіне пайдалануға береді. Этнография дегеніміз - тарих ғылымының бір саласы, дүние жүзіндегі халықтардың қоғамдық тұрмысын және мәдениетін түбегейлі зерттейді.

Қазақ тіліндегі этнографиялық лексиканы үлкен екі топқа бөлуге болады: заттық мәдениет лексикасы және рухани мәдениет лексикасы.

Этнографиялық лексиканың бір түрі - заттық мәдениет лексикасы. Өз ішінде бірнеше топтарға жіктеледі:

- ат әбзелдері, шаруашылық – құрал жабдықтар, ұлттық киімдер, тұрақ жайы - баспана түрлері, үй жиһаздары, ыдыс – аяқ, қару – жарак түрлері, төрт түлік малға қатысты, туыстық – жақын жекжат, азық – түлік т.б. бас киім, сыртқы киім, зергерлік бұйымдар, тұрақ – жайы, төрт түлік малға қатысты бірнеше тақырыптардан тұрады. Осы тәрізді тілдік фактілерді жинау және оларға тарихи тұрғыдан талдау жасау этнографиялық жайларды танып білуге көмектеседі.

Қазақтың ұлттық ыдыс-аяғы, салт-дәстүрі т.б. символдық мәнге ие. Қазақ ұғымында әр отбасының тоқшылығы мен берекесінің белгісі болып қазан алынады. Қазан – әр отбасының күнде тамақ

дайындайтын ыдысы. Қазанға пісірілген ас дәмді, әрі берекелі болған. Сондықтан қазақ халқында қазан ұрпақ жалғасуы мен отбасының берекесінің символы. Н. Уәлиұлы: «Қазан мен қара мылтықтың «қасиетті жетінің» қатарында алынуы тегін емес» [2], – деп айтуы оның символдық мәні бар екендігінің айғағы.

Халқымызда «қазанның құлағын қағу», «қазан бұзбау», «қара қазан», «қазан төңкертпеу» т.б. тәрізді сөз орамдары жайдан-жай алынбаған.

Қазанның символдық белгісі туралы мысалдар көптеп келтіруге болады.

Исатайдың барында,

Қара қазан, сары бала

Қамы үшін қылыш сермедік («Ай, заман-ай»).

Халқымыздың айбалта жырлы жауынгер ұлы Махамбет те елдің қамын ойлағанын, ел тоқтығы мен берекесі үшін күреске шыққанын «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік», – деп көрсетеді. Қай дәуірде де жауынгер қазақ халық қазанының қаймағы бұзылмауы үшін жорыққа шығып, ерлік таныта білген.

Сөз тыңда, құлақ салып, балам маған,

Астында дарияның алтын қазан.

Әкелсең сол қазанды ерлік қылып,

Беремін Күнсұлуды қосып саған Құламерген.

Академик Ә. Марғұлан бұл сюжетке ерекше назар аударып, онда терең мазмұн жатқанын тамаша дәлелдеген: «Құламерген» жырында теңіз астынан қазан іздеу – тайпалар демократиясының бірлігін сипаттайды. «Қазан – шаңырақ сияқты, бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды. Оның үстіне қазанды қастерлеу ерте кездегі темірге табынудың бір түрі. Тәуке ханның аңызында жолығатын «қара қазан», «қара мылтық» алу – жаудан кек қайтару белгісінің ескі түрі. Тәукенің жарғысы бойынша бұрын жауласқанда «шаңырақ», «қазан» сындырып кек алудың орнына енді оны сындырмай жәбір көрген жаққа сол нерселердің өзін беріп тыныштық жасайды» – деп түйіндейді.

Мысалы, «Осыдан, Абылайдың басын алмасам, қатынын ат көтіне салмасам, қара қазанын қақ жармасам, әкем Қазыбектің аруағы өзімді ұрсын» – деп қарғанып, атқа мінді.

Қазанын алу – өшін алу деген мәнде жұмсалған. Мысалы,

Ашулының алдында тұрма деген, көшіңіз, ақыры қазанды асулы бойында жұртқа қалдырыңыз; өздері келер де, даяр асулы қазанға тамақ қылып ішер; Сонан соң, қара қазанын алдық қой

деп, ашуы басылар да көңілі тынар. Ол сөзінің мәнісі қырғыз ошақ алмайды, Үш тасты ошақ қылып, қазан асады, көшкенде ол тасты артып көше ме, жұртта қалмақ қой».

Қазанның осы символдық белгісі туралы этнограф С. Кенжахметұлы былай дейді: «Қазанның басқа ыдыстарға қарағанда қазақ өмірі мен мәдениетінде алатын орны мүлде жоғары. Өйткені ол - күнделікті тіршілік құралы. Қазақ дастарханына түсетін тағамдардың барлығы да ең алдымен осы қазаннан өтеді. Халық жай ғана «қазан» демей, оны «қара қазан» деп қастерлеп айтады. Бұл жерде «қара» сөзі «қасиетті, киелі, берекелі» деген ұғымды білдіреді. Ұлттық әлеуметтік тарихи оқиғаларда да қазанның алатын айрықша орны бар. Қазанын сыңдыру – отбасын ойрандаудың, қазанын төңкеру – аштықтың, масқаралаудың белгісі. «Жеті жарғыдан өлім жазасына бұйырылған адам жеті айып төлеп құтылса, оның біріншісі – «қара қазан төлеуі» деп аталған» [4, 269 б].

«Қамбар батыр» жырында:

Алпыс үйлі арғынның,

Тоқсан үйлі тобырдың

Қабыл болды тобасы,

Қайнады майға қазаны,

– деп, жыршы тоқшылықты, берекені көрсетеді.

Қазанға байланысты қазақы дәстүрлер де жоғарыдағы ұғымды толықтыра түседі. Мысалы, «жарысқазан» ырымында босанатын әйелдің толғағы мен жарыстыра қазанға тамақ қайнатады да, өмірге келер нәресте мен қазанды жарыстырады. Яғни, «қара қазан бұрын бола ма, қара қатын бұрын бола ма» деп сәбидің өмірге тезірек келуіне тілекші ретінде қазан көтерген. Мұндайда ірку, мөлшерле, алу деген болмау керек. Қазан неше жерден қайнап, ет неше жерде бір-бірімен жарыса асылып жатуы керек.

Қазан – өмірдің қайнар көзі, жаратылыстың басталуының символы.

Қазанның осы тектес символдық ұғымдарына сай тіліміздегі қазанға байланысты тұрақты сөз орамдары, мақал-мәтелдер оның халық әміріндегі алатын орнын да айғақтай түседі. Мысалы, «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса», «Бақыр қазан қайнаса, бәріміздің бағымыз», «Аздың азаншысы болғанша, көптің қазаншысы бол», «Қазаны басқаның қайғысы басқа» т.б.

«Халық қазанын қайнаттым,

Қолымның кәне қарасы,

Ер қазанын қайнаттым,

Етімнің кәне жарасы;

Немесе:

«Қазаннан қара нәрсе жоқ,
Ассаң қарын тойдырар
Қардан аппақ нәрсе жоқ
Ұстасаң колды тондырар»;

«Қазансыз алтын ошақтан, қара сулы мосы артық» - дегендерімізді өзі «қара қазанның» әу бастан-ақ үлкен мәнге, қасиетті, киелі ұғымға ие екендігін дәлелдейді деп білеміз.

Әр ауылдың, әр үйдің бір қазан бұзары, бір биі болады ғой (Ж. Аймауытов, «Қартқожа»). «Қазан бұзар» деп адамның мінезінің бір қырын көрсетеді.

«Қазан» сөзінің негізінде мынадай қорытындыға келуге болады: тіл белгілі бір мәдени-құнды хабарды жинау мен сақтау қызметін атқарады. Кей уақытта бұл хабар қазіргі кезеңдегі тілді қолданушы үшін жасырын, құпия балуы мүмкін. Өйткені ол ғасырлар қойнауына тиесілі болып, кілтін тапқанда ғана ашылады.

Сонымен, қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыттың қалыптасуында этнолингвистикалық зерттеулердің мәні ерекше. Танымдық ғылымның нысаны болып саналатын таным, тіл мен ақыл, олардың өзара қатынасы сонау көне заманнан пікірталас тудырып келген түсініктер. Тіл мен ойлаудың өзара қатынасы – ертеде философтарды да ойландырған мәселе. Атаулар көмегімен қоршаған ортаны танып білу танымдық құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл процестің ең жоғарғы сатысын байқап бағдарлап, мән мағынасын түсіне танып білу болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚТТС - Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-2 том. А., 1961.

2 Уалиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері: филол.ғыл.докт. автореф. Алматы, 2007.

3 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы, 2008.

4 Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет – ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Алматы, 1998, -269 б.

М. ӘЛІМБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КЕЙІПКЕРЛЕРІ

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
КАНИЕВА Д. А.

оқытушы, Торайғыров университетінің Жоғары колледжі, Павлодар қ.

Балалар өлеңдеріндегі басты шарт – кейіпкер мінезінің ашылуы. Балдырғанның әр өлеңнен, әр туындыдан өзін іздейтіні анық. Өлеңнен өзін немесе өзінің қатарластарын көргенде ғана бала көңіліне жыр ұялайды. Сондықтан да балалар фольклорындағы өлеңдер қай кезең үшін де классикалық шығармалар болып қала береді. Қазақ балалар әдебиетінде балаларға арналған өлеңдер деген тұстан ақын М. Әлімбаев жырлары еске түседі. 1950-жылдардың соңынан өмірінің соңына дейін 60 жылдан астам балалар үшін жыр жазған ақынның кішкене кейіпкерлері де ерекше. Ақын өлеңдері көбінесе 3–12 жас арасындағы балаларға арналған. Ақынның балаларға арналған шығармаларындағы басты ерекшелік бала бейнесі мектепке дейінгі, төменгі, орта сынып балаларының түсінік-танымына, ой-өріс, психологиясына бейімделе келетінін айтар едік.

Ақын М. Әлімбаевтың «Он саусақ» өлеңі жөнінде профессор С. Қирабаев: «Баланың талап-талғамын өсіруде, ой-өрісін кеңейтуде Мұзафар Әлімбаевтың әр тақырыпқа жазған жырлары көрнекті орын алды. «Балдырған» журналының көп жылдан бері басында отырып, оның бетінде балалар поэзиясын өркендетуге елеулі үлес қосып келе жатқан ақынның өз жырларында да балдырғандар өмірі, олардың әрекет-тірлігі суреттеледі. Ол өлеңдерін нақты суретке, детальға, бала мінезінің аңғалдығы мен тілінің қызықты да тапқырлығы мысалдарына құрады. Мұзафардың бірлікті, достықты үйрететін бір өлеңінде мынандай жолдар бар;

Жалғыз саусақ тіпті де

Ұстай алмас жіпті де

Екі саусақ бірікті

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды

Өнерлі екен он саусақ,

Қала салсақ, жол салсақ.

Ақын мұнда көп біріксе, күш екенін саусақтың мысалында бала ұғымына лайықтай жеткізеді» [1, 16].

Бала мінезінің талапшыл, алға ұмтылған көңілін тәрбиемен ұштастырады. Қаламгер М. Әлімбаевтың «Он саусақ» өлеңі туралы ақын Қ. Мырзалиев төмендегідей пікір айтады: «...Барынша тұжырымды түрде, барынша мол ой айтылған... Алғашқы екі жол өз алдына бір ой. Мақал тәрізді, нақыл сөзге жақын сөз. Сыңар саусаққа сабын да ілікпейді. Керек десең, жіп екеш жіпті де ұстай алмайсың. Қысқасы, жалғыздың күні қараң! Автордың айтпағы - міне, осы. «Де», «тіптіні», «тіпті», «жіпті» күшейтіп, өлеңге бірден екпін пайда болған. Оқушыны өлеңнің аяғына шығаратын – сол екпін. «Де» шылауы трамплин сияқты, егіз жолдан, егіз жолға қалай жеткенінді сезбей де қаласың» [2, 26].

Жоғарыдағы пікірлер «Он саусақ» өлеңінің ішкі идеялық мәні мен сыртқы түрінің тұтастығын аша түседі. Ендеше, бұл балалар ақыны ретіндегі қаламгердің шеберлігін көрсететінін дәлелдесе керек. Біздің қосатынымыз, осы жыр жолдарында «тіпті-жіпті», «бірікті-ілікті», «орамды-қаламды», «он саусақ-жол салсақ» болып, ұйқас құрылымының ерекшелігі әрекет, қозғалыспен сәйкестендіріліп, бір жұп егіз ұйқас біткен кезде бір ой аяқталып отырады да, соңғы «Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ», – болып жоғарыдағы бірнеше ой негізгі оймен түйінделеді.

Ақын балалар бейнесін жасауда сөздің сазына мән береді. Сөздің әуені арқылы кейіпкер көңілін табады. «Ауыл маңында» өлеңі де осындай ерекше ұйқасымен көзге түседі. Мұндай шығарманы бала оқып, жаттап қана қоймай, сезіне де алатындығын ескеру керек, яғни ұйқастың жеңіл ырғағы ойынға бейімделгендігімен бала көңіліне қонымды.

Ауыл маңы саз, саз, саз.

Жайылады қаз, қаз, қаз.

Жем, шөп шашсақ мәз, мәз, мәз

Тоймай қалса қаз, қаз, қаз.

Шашқан дәннің аз, аз, аз.

Бұл фольклорда бұрыннан бар форма. Сөзді, дыбысты қайталап айту арқылы бүлдіршін сөйлеу тілін қалыптастырып, дыбысты нақ айтуға жаттықтырады, әрі қайталанып келген дыбыстарды әуенге бейімдеу де оңайырақ, сонымен бірге бұндай ұйқастар басқа дыбыс, буындармен ауысып келетін ұйқастарға қарағанда есте жақсы сақталып, тез жатталады. Сондықтан болар бұл басқа халықтардың балалар фольклорында да кездеседі. Мысалы: орыс тіліндегі «Гуси, гуси, га, га, га. Есть хотите? Да, да, да» немесе әзірбайжан балаларының «Шип, шип, шип, шип, шөжелерім»

өлеңдерін келтіруге болады. Қазақ балалар фольклорында әсіресе төрт түлікке қатысты жырлар көп, құстарға арналған өлеңдерден сауысқан, қарға, қарлығаш, торғай, кекілік, көгершін жайында болғанымен, қаз көлді, сулы жерді мекендейтін тіршілік иесі болғандықтан, қазақтың дәстүрлі ұлттық шығармаларында сирек кездеседі. әрі орыс, басқа да отырықшы халықтар қаз, тауықты ертеден қолға ұстай бастаса, қазақтар үшін ол кейінгі алпысыншы, жетпісінші жылдардан басталады.

Балалар жазушысы А. Барто естелігінде: «Корней Иванович снова возвращается к безрифменным стихам в своем новогоднем письме ко мне из Ленинграда («4 утро, среди корректор Некрасова») «Вся сила таких стихов, – пишет он, – в лирическом движении, во внутренних ходах, а этим и познается поэт. Безрифменные стихи, это все равно, что голая женщина. В одежде рифм легко быть красивой, а вот попробуй -ослепить красотой без всяких рюшечек, оборочек, и прочих вспомогательных средств» [3,16], -деп келіп, бұның негізі, яғни ұйқасқа мән беру - лирикалық кейіпкердің ішкі қозғалысына әкелетінін, лиризмді аша түсетінін айтады.

Жоғарыда біз айтып еткен «Ауыл маңында» өлеңінде де шұбыртпалы ұйқасты жасап тұрған «саз», «қаз», «мәз», «аз» сөздері тек ұйқас үшін ғана қызмет атқарып тұрған жоқ, бұларды қайталау арқылы әр жолдағы ой түйінделіп, ұйқас жасайтын сөздер болып, негізгі ойды берушілер де.

Фольклорда мектеп жасына дейінгі балалар ұғымына, түсінік, танымына, жаттауына ыңғайлы сұрақ-жауап өлеңдері. Бұлардың ерекшелігі жаттауға оңайлығымен бірге – әңгімелесу формасында (диалог) болуында. Сонымен бірге бұл өлең-тақпақтар 4–5 жастағы балалардың психологиясына да дәл келеді. 4–5 жастағы балалардың өзін қоршаған ортаның сырын, құпиясын тануға, білуге, ұғуға құштарлығы әлдеқайда жоғары болатыны белгілі, сондай-ақ, ең көп сұрақ қоятындар да – осы кезеңдегі балдырғандар. Сөздің мәнін түсініп, қоршаған зат, құбылыс сырын ұға бастаған балдырғандардың қабылдауы, қабылдаған «танымдық ғылымды» игеруі де басқа кезбен салыстырғанда көп белсенділігімен көзге түсетіні белгілі.

Ауыз әдебиетіндегі сұрақ-жауап өлеңдерінде барды, көзге көрінетінді ғана айтып қоймайды. Сұрақ-жауап өлеңдері балдырғандардың өздері айтатын алғашқы өлеңдері болғандықтан көбіне оқиға араласып, сұрақ беріп, оған жауап алу арқылы тілін жаттықтыра отырып, зат құбылыспен таныстырып, келесі үлкен сатыға, яғни, ертегі, жыр, аңыз сияқты күрделі туындыларға

дайындайды. Халықта «балық сөйлемейді» деген пікір қалыптасқан, бұл бізге тегі жағынан орыс немесе славян елдерінен ауысса керек. Балдырған үшін оның зоологиялық т.б. ерекшеліктері түсініксіз. Ғылым балықтың қандай өзгешелігі бар екенін нақты дәйектемелермен дәлелдесе де, балдырғандарға оны түсіндіру үшін тіке балықтың өзін емес, балдырғандарға қатысты солардың ұғымына сай түсінік, таным мен әрекетті алудың мәні осында көрінеді.

- Балық неге ән салмайды

Әнге неге тамсанбайды?

- Көңілі хош емес,

Аузы бос емес.

Болса да көкірегі жырға толы

Аузы да, құлағы да суға толы.

Алғашқы екі шумақ балаға тән қарапайым сауалды танытса (жай сөйлеу емес, бұлдіршінге «ән салу», «әнге тамсану» әлдеқайда бейнелі) соңғы жолдар жауап берушінің үлкен адам екенін ескергеннен болар ересектер тілімен «көңілі хош емес», «көкірегі жырға толы» фразалық тіркестері өлең көркемдігін солғындатып тұрғаны анық. Соңғы түйін жолда ақын балықтың сөйлеуі себебіне – бала көзімен үңіліп, «Аузы да, құлағы да суға толы» деп аяқтауы – қарапайым көріністі қиял дүниесіне тартуымен ерекшеленеді.

1960–1990 жылдардағы балалар поэзиясында сөздің табиғатын тегін, мағынасын ашып, қолдану ретін айтып беретін өлеңдер баршылық, көбінде көркемдік шеберліктен гөрі ұйқаспен келіп «ғылымилық» басымдығы байқалады. Ақын өлеңдерінің ерекшелігі – оқиға араластыра отырып, баяндау мен өлеңдегі негізгі міндеттің арасын байқатпай жібереді. Ақын кейіпкерлері көркемөнер арқылы дүниені танып, әлемнің сырына бойлай түседі. Ақын кейіпкерлері жырмен бірге өседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ балалар поэзиясының антологиясы – Алматы: Жалын, 1977. – 428 б.

2 Мырзалиев Қ. Сөз сиқыры – Алматы: Жазушы, 1982. – 102 б.

3 Чуковский К.И. Живой как жизнь – М.: Детская литература, 1968. – 435 с.

ДОСТЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН – ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

КАСЫМОВА Г. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Сілеті ЖОББМ,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы

«Нағыз шынайы достық адамдардың бір-бірімен терең, таза және адал қарым-қатынасын қажет етеді. Бұл дегеніміз – досыңыздың қайғысы мен қуанышына ортақтаса білу деген сөз. Осының бәрі адамның табиғи өзіміздік, өркөкіректік қасиеттерін жояды.»

А. Шопенгауэр

Бұл өмірдегі ең тамаша, әрі ұлы сезімдердің бірі – достық болып табылады. Кез келген жанөмірге келгеннен кейін, ақыл тоқтатқаннан бастапжан дүниесін толғандыратын ойылармен бөлісетін, сырын, мұңын тарқатып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін дос іздейді. Дүниеде бір қиындыққа тап болсаң, оны досыңмен бөлісіп, досыңның ақылын тыңдап, шешім таба аласың. Яғни, басқаға жақсы да адал дос болу үшін, ең бірінші, түсінік, адамды тыңдай білу, кеңес бере білу қабілеті жоғары болуы тиіс.

Достық адамдардың ең бірінші бір-біріне сенуінен басталады. Ол артқан сайын, достық та қатая түседі. Ал бір-біріне сенімі жоқ, дегенмен өздерін дос санайтындар да бар, ол жалған достық – бірде бар, бірде жоқ.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми қызығушылығының шеңбері кең және алуан түрлі болды. Ұлы ғалым, ағартушы-демократ, тарихшы-шығыстанушы, батыл саяхатшы, фольклоршы, этнограф, суретші, публицист, «феноменальды эрудиция мен шынайы адамгершілік көзқарастарының адамы» – осылайша ол замандастарының жадында сақталып, Қазақстан және Ресей тарихына енді.

Оның өмірі қысқа (небәрі 30 жыл өмір сүрді), бірақ өте мазмұнды, шығармашылық ізденістерге де, жарқын, маңызды оқиғаларға толы болды.

Шоқанның ата-анасы қазақ ақсүйектерінің ортасынан шыққан, ауқатты, жеткілікті дәрежеде сауатты және мәдениетті адамдар болған. Оның әкесі Шыңғыс Уәлиханов кезінде Омбы әскери училищесін аяқтап, Сібірдің қазақ даласын әкімшілік басқару органдарындағы шенеунігі, екі елдің аға сұлтаны болып бірнеше мерзім жұмыс істеді. Ол Қазақстандағы этнографиялық зерттеулердің бастамашысы ретінде де танымал болды.

Шоқан алғашқы білімін Сырымбетте әжесі өз үйінде ұйымдастырған мектепте алған. Айғаным апа ақылды және білімді әйел еді. Әжесі мен әкесінің ықпалымен Шоқан балалық шағында туған өлкесінің тарихына, халық ауыз әдебиеті шығармаларына үлкен қызығушылық таныта бастады.

Тіпті сол жылдары ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Едіге» сияқты көптеген қазақ батырлық әндері мен поэмаларының үлгілерін жазды.

Ш. Уәлиханов өмірінің жаңа кезеңі 1847 жылдан Сібір кадет корпусында оқибастаған мергілден басталды. Оқу жылдары баланың ішкі әлеміне, оның қоғамдық-саяси көзқарастары мен ғылыми қызығушылықтарына үлкен әсер етті.

Оның достарының арасында Ш. Ш. Уәлихановты рухани байытқандар да бар, оның жанының бөлшегі керісінше оларды байытқандар да бар. Ол – ұлы орыс жазушы Ф. М. Достоевский (1821–1881), орыс ақыны С. Ф. Дуров (1816–1869), көрнекті орыс ғалымы, этнограф, публицист, фольклоршы Г. Н. Потанин (1835–1920), орыс ғылымы мен қоғамдық ой тарихындағы ірі тұлға, этнограф және публицист, археолог, Сібір зерттеушісі Н. М. Ядринцев (1842–1894), белгілі ғалым және қоғам қайраткері П. П. Семенов-Тянь-Шанский (1827–1914) және тағы басқалары бар.

Федор Достоевскийдің Шоқан Уәлихановпен кездесуі көптеген жылдарға созылған берік достыққа айналды. Олар Омбыда, Петербургте, Семейде жиі кездесетін. 1859 жылы Ш. Уәлиханов Ф. Достоевскийге Семей келеді. Ф. Достоевский Петербургке кеткеннен кейін, олардың арасында көптеген жылдар бойы үзілмеген хат алмасу басталды. Ш. Уәлиханов ұлы жазушымен шұғыл қоғамдық өмір мәселелері туралы жиі кеңескен. Ал Ф. Достоевский Ш. Уәлихановтың бойындағы феноменальды тұлғаны бағалай отырып, оны гуманист, ағартушыны ретінде көріп, өз халқына қызмет етуге нұсқау берген. «Мақсат үлкен емес пе, қасиетті іс емес пе, – Достоевский Уәлихановқа былай деп жазған, – ең бірінші болып Ресейге жазық даланың не екенін, оның және сіздің халқыңыздың Ресейге қатысты мәні туралы түсіндіру, сонымен қатар орыстарда өз Отаны үшін оның ағартушысы болып қызмет ету керемет емес пе... Есіңізде болсын, сіз еуропалық білім алған алғашқы қырғызсыз. Бұл жағдайдың өзі таңқаларлық және ол туралы ойдың өзі еріксіз Сіздің сананызға міндеттерді жүктейді» [1, б.178–179].

Бұл достықорыс әдебиетінің гуманистік дәстүрлеріне және сол дәуірдегі демократиялық әлеуметтік ойға негізделген.

Ш. Уәлихановтың П. П. Семенов Тянь-Шанскиймен танысуы 1856 жылы Омбыда өтті. Кейін ол былай деп жазды: «Мені Омбыда әсіресе қызықтырған Орта Орданың тумасы Ш. Уәлиханов болды. Өте керемет қабілеттерге ие болған ол Омбы кадет корпусындағы курсты үлкен жетістікпен аяқтады, содан кейін менің әсеріммен Петербург университетінде дәрістер тыңдады. Француз және неміс тілдерін жақсы меңгергендіктен, Шығыс тарихы, әсіресе қырғыздарға ұласқан халықтардың тарихы бойынша тамаша ол эрудит болды. Әрине, мен бұл жас талантты адамға генерал Гасфорттың ерекше назарын аудартуды және Ш. Уәлихановты қырғыз киім-кешегінде Қашқар еліне іссапарға жіберу туралы ой салуды өз парызым деп білдім. Және бұл ойымды кейіннен Ш. Уәлиханов толық табыспен жүзеге асырды...» [2, б. 241].

Ш. Уәлихановтың ең жақын достарының бірі Г. Н. Потанин болатын. Оның атының орыс ғылымында, орыс-қазақ қатынастарының тарихында, Шоқан өмірінде орны ерекше. Орыс шығыстану тарихында олардың есімдері жақын орналасқан. Қазақ даласы оның отанына айналған дала ақсүйегі мен орыс казагының ұлы арасындағы достық Шоқанның Омбыға келуінің бірінші күні басталды. Мұнда олар кездесіп, бірден ортақ тіл тауып, достасып, өмірлерінің соңына дейін пікірлес болды.

Шоқанмен бірге олар Азия көпестерінің жол жазбаларында жарты жылға жуық жұмыс істеді және казак жорықтарының журналдарымен, орта және ұлы жүз хандарының Ресеймен хат жазысуын зерттеді, орыс-казак-жоңғар қарым-қатынастарымен танысқан. Бұл уақытта Шоқан Қашқарияға экспедиция жасауға дайындалып жүрген болатын және ол үшін Г. Н. Потанин арнайы бағытты бірнеше қайтара жазып берген [3, б. 250].

1855 жылдан бастап Ш. Уәлиханов Орталық Қазақстан, Жетісу және Тарбағатайға саяхат, ал келесі екі жылда ғылыми-зерттеу сапарын Ыстықкөл және Жоңғарияға жасады. Осы сапарлар барысында ол тек қана география бойынша ғана емес, сонымен қатар археология этнография және бұл аудандардың тарихы бойынша ең бай ақпаратты жинады. Жас ғалымның ғылыми еңбектерін мойындай отырып, 1857 жылғы ақпанда П. П. Семенов-Тянь-Шанский мен академик Е. И. Ламанскийдің ұсынымы бойынша Ш. Уәлиханов орыс географиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланды.

1865 жылы Шоқанның өмірден өтуі туралы хабар оның барлық достарын таң қалдырды. Шын жүректен осындай өзі үшін, орыс ғылымы мен қазақ халқы үшін үлкен өкінішті Г. Н. Потанин

бастан кешті және ол жас ғалымның еңбектерін дайындауда және шығаруда күш-жігер мен табандылық танытты. Ол Уәлиханов туралы «История русской этнографии» атты журналда жарияланған алғашқы қысқаша жазбаны жазады. Шоқан жазбаларын ретке келтіру және онымен танысу мақсатында ол туралы жерлестерінің естеліктерін жинақтау үшін 1895 жылдың басында Потанин досының отаны Сырымбетке (Көкшетау уезі) аттанады және 1896 жылы «Русское богатство» журналында «Соңғы қырғыз ханының киіз үйінде» очеркі жарияланды.

Сонымен, Ш. Уәлихановтың, қысқа, бірақ жарқын, маңызды оқиғаларға толы өмірінде орыс демократиялық интеллигенциясының өкілдері, көрнекті адамдармен қарым-қатынасы ерекше орын алады. Олардың әрқайсысының артында Шоқан Уәлихановтың жүрегі мен ақыл-ойынан орын алған көптеген қоғамдық – саяси өмірінде маңызды оқиғалар мен құбылыстар тұр. Бұл өмірде дос табу оңай, ал оны сақтау қиын. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және дүниеде өзін жалғыз сезінбейді. Күнделікті өмірде көңіліңе шапағат сәулесін шашып, сенің төрт құбыланды тең ететін айналаңдағы достарыңның басы бұзылмағаны қандай жақсы [4, с.105].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Веселовский Н.И. Метеор. /Н.И. Веселовский // Валиханов Чокан Чингисович. Сочинения. –СПб.,1904. – 531 с.
- 2 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т. 5. – АлмаАта: Казахская советская энциклопедия, 1985 – 604 с.
- 3 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т. 1. – АлмаАта: Казахская советская энциклопедия, 1985 – 432 с.
- 4 Ядринцев Н.М. Сибирские инородцы, их быт и современное состояние. –СПб.: Издание И.М. Сибирякова, 1891. – 154 с.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ

КЕТИКОВА Ж. Т.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ тіл білімінде термин мәселесі өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастап қолға алына бастады. Орыс тілін зерттеуші ғалымдар энциклопедист-ғалым М. В. Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы» дейтін болса, қазақ тілі білімінің тарихындағы ондай орын ұлтымыздың бағына туған ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлына тиесілі. Ұлы ағартушы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаған, яғни қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми принциптерін жасаған. Ғалым «термин» сөзінің орнына «пән сөз» атауын қолданған. А. Байтұрсынұлы филологиялық еңбектерінде ешбір шет сөзді термин ретінде қолданбаған. Термин жасауда ана тілінің бай мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, қазақ тілінің ғылым тілі бола алатындығын дәлелдеп берді. Ал шет сөздерді «жат сөздер» атап, тілде баламасы болмаған жағдайда ғана қабылдауға болатынын, онда да қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріп алу керектігін ескерткен. Ол: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра, ақырында ана тілінің қайда екенін білмей, айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болады», – деген болатын [1, 19 б.].

А. Байтұрсынұлы өзінің ұзақ жылдар бойғы ғылыми ізденістері барысында қазақ терминологиясының негізін салып, негізгі қағидаларын анықтап қана қоймай, оны іс жүзінде жүзеге асырған. Қазақ білімпаздарының Орынбор қаласында өткен бірінші съезінде А. Байтұрсынұнов терминжасамның мынадай негізгі қағидаларын ұсынды:

- алдымен, ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзі алынуы керек;
- ондай сөз табылмаған жағдайда ондай сөзді туыстас тілдерден алу;
- кең тараған халықаралық терминдер қабылданғанда, олар қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгертіліп алынады;

- қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейтін өзге тілден енген сөздер қазақша айтылуына сәйкес өзгеруі тиіс [1, 23].

«Ана тілі» атауын алғаш енгізген А. Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» оқулығында 310 лингвистикалық термин қолданыпты. Оның ішінде 108-і фонетикаға, 11-і лексикологияға, 109-ы морфологияға, 64-і синтаксиске, 18-і жалпы тіл біліміне қатысты. Осылардың ішінде 118 термин қазіргі тіл білімінде қолданылып жүр. Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, жалғау, жалғаулық, есімдік, есімше, көсемше, жұрнақ, дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, дауысты дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, буын, рай, мүше, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем секілді терминдер қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркологияда өте сәтті жасалынған, барлық талапқа толық жауап беретін терминдер қатарында.

А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышы» арқылы әдебиеттану терминдерін де қазақ тілінде алғаш рет қолданып, қалыптастырды. Оның «Әдебиет танытқышы» (1926) әдебиет теориясынан жазылған алғашқы монографиялық зерттеу болумен бірге оның терминдерін де ғылыми тұрғыдан негіздеп, анықтап, қолданысқа қосқан тарихи еңбек болды. Ғалымның «Әдебиет танытқышта» қолданған әдебиеттану терминдері 327 болса, соның 57-сі ғана бүгінгі күні термин ретінде сақталған. Олардың ішінде көріктеу, меңзеу, әсерлеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, мезгеу, арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, кекесіндеу сияқты терминдер бар. Бұлардың кейбіреулері қазір орыс тілінен енген терминдерге синоним ретінде қолданылып жүр. Мысалы, А. Байтұрсынұлының «көріктеуді» эпитет, «алмастыруды» синекдоха, метонимия, «бейнелеуді» аллегория, «әсірелеуді» ұлғайту, кішірейту, «мезгеуді» метонимия, синекдоха, «қайталақтауды» сөз қайталау, «кекесіндеуді» сатира, юмор деп жүрміз. Осыларды салыстыра қарағанда, Ахмет қолданған қазақша атаулардың терминнің мағынасын дәл беріп тұрғандығы байқалады. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары аз емес. Бұл жайлы әдебиетші ғалым Р. Нұрғалиев А. Байтұрсынұлының еңбегіне жазған алғысөзінде «сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр», – дейді [1, 13].

Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. Ахмет Байтұрсынұлынан кейін әр түрлі ғылым салалары бойынша еңбектер жазған қазақ зиялыларының жасаған терминдері оған айқын дәлел бола алады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегінде -лық/-лік, -уыш/уіш, -ша/ше жұрнақтары арқылы жасалған сызықша, есімше, көсемше, бастауыш, баяндауыш, сұраулық терминдерінің үлгісі Ж. Күдериннің «Өсімдіктану» оқулығында сабақша, тұқымша, қайықша, қаптауыш, аналық, ал Е. Омарұлының «Пішіндемесінде» (геометрия) тікше, қиықша, өлшеуіш, өлшемдік түрінде жалғасын тапқанын көруге болады. А. Байтұрсынұлының қаламынан туындаған тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем терминдері Е. Омарұлының көрсетілген оқулығындағы тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін терминдерінің жасалуына себеп болғандығына да дау айту қиын.

Терминологияның атасы қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынған. Бұл терминдердің сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді. Жалпы, термин жасау дағдысында А. Байтұрсынұлы ұстанған ең басты принцип – термин жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану. Қандай да бір термин түзуде ұлттық болмысымызды, дүниетанымымызды негізге ала отырып, ұлт тақырыбы аясынан алыстамаған жағдайда жасалған термин халық үшін, тұтынушы үшін қашанда өміршең келеді. Қай елдің термині болмасын, ол сол елдің тілдік ерекшеліктерінен, мәдениетінен, ділінен, танымынан хабар беруі тиіс. А. Байтұрсынұлы мұны өте жақсы түсінген, сол себепті ғалым жасаған филологиялық терминдердің ұлттық сипаты басым. Осымен байланысты бірнеше мысал келтірсек те жеткілікті. Мысалы, А. Байтұрсынұлы қалыптастырған көсемше термині. «Көсемше» терминінің түбірі – «көсем» деген сөз. Бұл сөз қазақ тілінде «саяси басшы», «бастаушы» деген мағыналарды білдіреді. Қазақ тілінің «Түсіндірме сөздігінде» бұл сөзге мынадай анықтама беріледі: «КӨСЕМ зат. Көпшілік мойындаған саяси қолбасшы, данышпан. Көсем ат – қысқы тар жолда түпкі аттың алдына жегілген ат. Мыс: Шана артында жыландай ирелендеп көсем аттың құнты шұбатылып келеді». А. Байтұрсынұлы ұсынған «көсемше» де етістіктің алдында қабыса жұмсалып, етістікті «көсем сияқты» бастап тұрады.

Тағы бір мысал, ғалым қалыптастырған «ереуіл рай» деген термин. А.Байтұрсынов оған «істейтін істің мақсұтына болымы қарсы, ереуіл болғанда айтылатын сөз түрі» деген анықтама береді [2, 137.]. Бұл райға автор мынандай мысал келтіреді: сұрасаң да бермеймін, сүйресең де ермеймін. Сонымен қатар, ғалым қазіргі қолданыстағы «қарсылықты бағыныңқы» деген сөз тіркесінің орнына «ереуіл бағыныңқы» деген терминді қолданып, «Қыс қатты болса да, мал аман шықты» деген мысал келтіреді. Байқағанымыздай, бұл мысалдарда қарсылықты мағына басым. Термин атауына келсек, қазақта «халық ереуілге шығып қарсылық көрсетті» деген сөйлем қолданымдары бар. Р.Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» еңбегінде: «Ереуіл сөзінің бір мағынасы «күрес, қарсылық, наразылық» деген реңкті қамтиды екен. Жеке адамға да «Таң атпай ереуілдеп неғып жүрсің?» деп те айтылады» делінген. Яғни, бұл тұста да А. Байтұрсынұлы термин қалыптастыруда ұлттық тіліміздегі сөздерді барынша тиімді қолданғанын көреміз.

Енді бір мысал, А. Байтұрсынұлы қолданған «бұратана сөздер» деген лингвистикалық термин. «Тіл – құралда»: «Сөйлем мүшелерінен басқа сөйлем маңайында жүретін бұратана сөздер болады. Олар басқа сөздермен үйлеспейді, байласпайды. Алып тастағанда орны ойсырай қоймайды», – деп [2, 78.], оларға қыстырма сөз бен қаратпа сөздерді жатқызады. Қазіргі тіл білімінде бұл терминнің орнына біз «оқшау сөздер» деген терминді қолданып жүрміз. «Бұратана» сөзі «құқығынан айырылған, бөгде, бөтен ел» деген мағынаны білдіретіні тарихтан белгілі. Ғалымның қазіргі оқшау сөздерді «бұратана» деп атауының себебі, олардың сөйлем үшін еш маңыздылығы жоқ, олар болмаса да сөйлем өз мағынасын жоғалтпайды дегенді көрсеткісі келген.

Сайып келгенде, А. Байтұрсынұлының термин жасаудағы өнегелік үлгісі күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Әсіресе, тілдің бар қатпар-қыртысын, бар амал-тәсілін сарқа пайдалана білуде А. Байтұрсынұлы үлгісі – таптырмайтын үлгі. Осы қысқаша үзіктің өзіненде қазақ тіл білімінің, соның ішінде қазақ терминологиясының негізін салған А. Байтұрсынұлы деп түйін жасауға әбден болады. Байтұрсынұлы заманынан бері әлеуметтік және қоғамдық өмірде сан алуан өзгерістер болып жатса да, ол жасаған терминдердің бұлайша тұрақтылық танытуы таң қалдырмай қоймайды. Мұның басты себебі – жасалған аталымдардың жалпы терминология теориясы талаптарына сай дәлдігі мен табиғилығында.

А. Байтұрсынұлы тілдік нормаларға сай, айтуға ыңғайлы, естуге жағымды, көңілге қонымды, бір сөзбен айтқанда, қолдануға қолайлы атаулар жасай білгендіктен, оның қаламынан туындаған терминдері уақыт сынына төтеп беріп, ұрпақтан-ұрпаққа қызмет етіп келеді. Алайда А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптасуына қосқан үлесі бұлармен шектелмейді. Тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз. Оның қазақ ғылымын қалыптастырушылардың бірі ғана емес, солардың ішіндегі аса ірісі, бірегейі екендігін дәлелдейтін деректер ғалым мұрасына тереңірек үңілген сайын табыла береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 460 б.
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Павлодар: С.Торайғыров ат.ПМУ, 2008. – 172 б.
- 3 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 4 Манкеева Ж. А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері //«А.Байтұрсынұлы тағылымы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары / – Қарағанды: ҚарМУ, 2003. – 148-153 бб.
- 5 Сыздыкова Р. Термин жасау – Ахмет Байтұрсынов көтерген тарихи жүктің бірі // Туған тіл. – №1. – 2008. – 27-29 бб.

ҚАЗАҚ-ПАРСЫ ӘДЕБИЕТТЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

КИБАТОВА С. Б.

магистрант, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Әдеби байланыстар осы процеске қатысып жатқан екі елдің әдебиеті үшін үлкен оң ықпал жасайды. Ақын-жазушыларды шабыттандырады, оларға жаңа тақырыптар мен жанрлар, өзгеше әдіс-тәсілдер сыйлайды. Қуаттанған, байыған және түрленген әдебиет серпін алып, өзінің дамуының тағы бір жоғары белесіне көтеріледі.

Г. И. Ломидзе: «Жалпы, әлемде еш саңылаусыз, томаға-тұйық, өз қалпымен, өз сұраныс, талаптары тұрғысында ғана өмір сүретін әдебиет жоқ. Қай әдебиеттің жүріп өткен жолына қарасаң да, қандай

айқын, қайталанбас жағдайда қалыптасса да, сол не өзге деңгейі басқа әдебиеттер жетістігінен көрініс береді. Тек өз тұрғысында және бірыңғай өзінің ғана күш-қайратынан нәр алып өркендеген әдебиет жоқтың қасы» [1, 10 б.] деген болатын. Сонда әдебиеттер арасындағы байланыстың болуы, өзара ықпалдастықтың орын алуы – заңды құбылыс. Уақыт өте келе кез келген әдебиет аталмыш үдеріске тартылмақ.

Шығыс әдебиеті жер жүзі әдебиеттерімен салыстырғанда әр уақытта көш ілгері жүретін. Содан болар, парсы әдебиеті басқа халықтарға алғаш таныла бастағаннан-ақ, бар назарды тартты. Біреулерді оның шұрайлы тілі, екіншілерді қызықты сюжеттері, үшіншілерді гуманизм тақырыбы қызықтырды. Ал шығыс әдебиетінің биік деңгейде болуының басты себебі – мәдениетінің жоғары болуының көрінісі еді. Бұл жөнінде академик В. М. Жирмунский былай дейді: «Халық неғұрлым мәдениетті болған сайын, соғұрлым оның басқа халықтармен байланысы мен өзара қатынасы қарқынды болмақ» [2, 73 б.].

Шығыс әдебиеті, оның ішінде, парсы әдебиетімен де біздің байланысымыз ерте дәуірлерден жалғасып келеді. Дәлел ретінде «Авестаны» алуға болады. Онда берілген аңыз-әңгімелер, кейіпкерлері, тыйым сөздер мен нақылдар халқымыздың танымы мен түсінігіне жат емес. Тіпті, «Авеста» түркі даласында туындап, кейін парсы елдеріне тарап, орныққан деген де ғалымдар арасында пікірлер бар.

Қазақ аңыздарында «Қазығұрттың басында кеме қалған» деген сөз Нұхқа (ғ.с.) қатысты айтылатынын бәріміз білеміз. «Авестада» берілген аңызда жаратушы Ахура Мазда алғашқы адам Имаға алда суық апаттың келе жатқанын хабарлайды. Содан соң Има жабық тұрақ салып, жұп-жұптан адам, жан-жануардан алады. Бұл оқиға Құран Кәрімде жерді топан судың басуы болып беріледі.

«Авестада» да және қазақ халқының аңыз-әңгімелерінде де кездесетін тағы бір ұқсастық – қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман мен жерұйық іздеу. Төл әдебиетімізде Қорқыт ата, одан соң Асан қайғы желмаяға мініп, сол мекендерді іздейді. Кейінгі қазақ жыраулары да осы желіні жалғастырады. «Авестадағы» сондай әфсаналық мекен – Айриана Ваего деп аталады.

Жоғарыда келтірілген дәлелдер «Авестаның» қазақ халқына да ортақ туынды екеніне дау тудырмайды. Және парсы әдебиетімен ежелден қалыптасқан рухани байланыстың тамаша үлгісі болып табылатынын танытады.

Қазақ әдебиетінің дамуына елеулі әсер еткен бүкіл әлем жұртшылығына кеңінен мәлім «Мың бір түн», «Шаһнама», «Кәлила мен Димна», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Тахир-Зухра», «Хұсрау-Шырын» және т.б. дастан, хикая іспеттес туындылар да парсы әдебиетімен байланысымыздың тереңдігінің дәлелі. Нақтылай айтқанда, төл перзенттеріміз халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне етене жақын, таным-түсінігіне лайық үлгілі туындыларды біреулері сол қалпында өзгеріссіз, енді біреулері аздап өңдеп, қырлап, көркем тілмен кестелеп берді. Соның арқасында, яғни шығыстық дәстүрлер мен өлең өрнегі, бояу-нақышы негізінде төл сөз өнеріміздің көкжиегі көркейді.

Бағзы замандардан басталған үндестік кейінгі кезеңдерде де өзінің жалғастығын тапты. Осыған байланысты біздің қазіргі мақсатымыз – бүгінгі заман талабына сәйкес туындаған типологиялық үндестіктер мен дәстүр сабақтастығы негізінде жазылған туындылардың тақырыптық, жанрлық ұқсастықтары мен сюжет, идеялық мотив сарындастығын ашып көрсету.

Қазақ және парсы халықтары рухани байланысы, өзара қарым-қатынастары 50- жылдардан бері біршама сөз болып келеді. Бұл тақырып аясында М. О. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Тәжібаев, Қ. Жұмалиев, Ы. Дүйсенбаев, З. Ахметов, С. Қирабаев, Ә. Жиреншин, З. Қабдолов, Т. Кәкішев, сынды белгілі әдебиетші ғалым, сыншылармен қатар шығыстанушы ғалымдар Е. Бертельс, В. Бартольд, Л. Гумилев, В. Жирмунский, Н. Конрад, И. С. Брагинский, И. В. Стеблева, И. М. Фильштинский, М. Т. Степанянц, П. А. Гринцер сияқтылар да ой толғап, қалам тербеді. Сондай-ақ, Е. Ысмайылов, М. Дүйсенов, Р. Бердібаев, Ш. Сәтбаева, Н. Келімбетов, М. Мырзахметұлы, Ө. Күмісбаев, Д. Қамзабекұлы, С. Сүтжанов, т.б. қазақ әдебиетінің басқа шығыс елдер әдебиеттерімен өзара қарым-қатынастарын сөз етіп, ғылыми мақала, монография тарауларын жазды.

Б. Ш. Батырхан өзінің «Қазақ және парсы әдеби байланысы тарихынан» мақаласында әдебиетімізге шығысты танытқан ақын-жазушыларды үш топқа бөліп қарастырады. «Біріншіден, қазақ әдебиетінің ұлы тұлғалары Абай, Ыбырай, Шоқан Орта Азия халықтарының әдебиеті мен араб, парсы, қытай, үнді халықтарының үлгілі әдеби нұсқаларын халыққа таратып, қазақ әдебиетінің қорына қомақты үлес қосты. Екіншіден,.. «нәзирашылдық» тәсілді жете меңгерген «қиссашыл» немесе «кітаби» ақындар шоғыры айрықша дараланды. Үшіншіден,.. шығыстық сарында жазылған өлең-жырларында араб-парсы сөздерін көп пайдаланған Ақан сері,

Ә. Найманбаев, Н. Наушабаев сынды сал-серілер мен ақындар да әдеби ықпалдастық арнасындағы үлестерімен көрінеді» [3, 45–46 б.].

Абай бірқатар өлеңдерінде, «Қара сөздерінде», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» поэмаларында шығыстық сарындарды өте ұтымды пайдаланған. Ы. Алтынсаринның шығармашылығынан да біз осыны байқаймыз. Оның балаларға арналған тәрбиелеу мақсатындағы өлеңдері, ғибратты әңгімелері шығыстық тақырыптар мен сюжеттерге құрылған.

Ал Т. Ізтілеуовтың Фирдоусиден аударған «Шаһнамасы» – «назирашылдық» дәстүрдің ерекше үлгісі. Өтеген Күмісбаев Тұрмағамбет Ізтілеуовтің аудармасына жоғары баға береді. «Тұрмағамбет шын мәнінде Фирдоусимен желдей жарысып жырлап отырғанын аңғармай да қалады» [4, 170 б.], – дей отырып, ақынның Фирдоусимен иық тіресетін қаламының қуатын мойындайды.

Б. Ш. Батырхан көрсеткен үшінші топ ақындарының шығармашылығына да тоқталып көрейік. Ақан сері жырларында төмендегідей жолдарды кездестіруге болады:

...Ойынның қызығымен білмей қалып,
Машырақтан таң сарғайып атқан қандай... [5, 144 б.]

...Құрбысын жауға бермес ол шаһыбаз,
Жолдасын сары алтындай сақтағандай... [5, 147 б.]

...Оқуға жиһат қылған жігіттерге
Азгантай мен жазайын ақыл дәптәр... [5, 160 б.]

Келесі Нұржан Наушабаевтың өлеңдерінде ұшырасатын сөз қолданыстарына назар аударайық:

Жаһилдер ғалым сөзін тыңдамаған
Шарғиға мықтап белін байламаған... [5, 254 б.]

...Рия күлкі сақсынған,
Еппен жұмсап дос таппас... [5, 261 б.]

...Біреуді қас, дос көріп,
Ғауамнан өзін бас көріп,
Атағын бояп жоғалтпас... [5, 261 б.]

Бұдан аңғаратынымыз, қазақ әдебиеті өзінің қалыптасып, өрістеу тарихында шығыстан тамыр үзбеген. Қайта селбесіп, өзара ықпалдасып дамыған.

«Иран әдебиетінің тарихы» оқулығының авторы ғалым Өтеген Күмісбаевтың қазақ-парсы әдебиетін зерттеу бағытындағы еңбегі зор. Ғалым Иран әдебиетінің тарихына тоқтала отырып, оның белді өкілдерінің өмірі мен шығармашылықтары туралы құнды деректер ұсынады. Сонымен қатар қазақ әдебиетіне олардың тигізген әсер-ықпалы туралы өзінің толғамды ойлары мен тұжырымдарын береді. Мысалы, «Авестаның» екі редакциясы бар екенін айтып, соның біріншісіне тоқталған тұста: «...Вендидат саде – 11 тараудан тұрады: жер, су, семья, егіншілік, малшылық, перзент, ата-ана жайында айтылады... бес жаман істен қашық бол дейді» [6, 24 б.] деп келеді де, «бес нәрседен қашық бол» деген Абайдың өлең жолдарын ұсынады.

Ғалымның мұндай параллельдерді жүргізіп отыруы екі ел әдебиетіндегі өзара ықпалды, үндестіктерді айқындауға мүмкіндік береді, жаңа зерттеу бағыттарын анықтайды.

Шығыс әдебиеттерін бір-бірімен байланыстыратын тағы бір сала – сопылық әдебиет екені белгілі. Төл әдебиетімізге келетін болсақ, сопылық әдебиет көріністерін біз Қожа Ахмет Яссауи бастаған орта ғасыр даналарынан, жыраулар поэзиясынан, кітаби ақындардан және Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп туындыларынан кездестіреміз. Парсы әдебиетінде сопылық мистикалық бағыттың аса көрнекті өкілі Қожа Хафиз болатын. Оның құпиялы, сыршыл ғазалдары Шығысты ғана емес Батысты да өзіне бас иідірді. Хафиз өмірі мен шығармашылығын, ол өмір сүрген заманның барысын сипаттап жазған ғалым Ислам Жеменейдің «Хафиз және қазақ әдебиеті» еңбегі – бағалы зерттеу жұмысы. Ислам Жеменей Хафиздің Хафиз болып қалыптасуына, оның сопылық бағытта жыр жазуына болған себептерді айқындап көрсетеді. Ақынның қазақ әдебиетіне жасаған әсерін, әсіресе, Шәкәрім шығармашылығы арқылы түсіндіреді. Сонымен қатар ғалымның зерттеуінен біз Хафиздің қазақ тіліне аударылуы жайынан хабар аламыз. Аудармалардың түпнұсқамен жақындығы қаншалықты, алшақтығы болса, ол алшақтықтың көрінісі қандай екендігін жеткізеді ғалым және шешімін табуы керек өзекті мәселелерге назар аудартады. Зерттеуші өзінің ойын: «Тағы мұнда бет пердесі ашылған бір жайт: қазақ тіліндегі аударма өлеңдерден гөрі, орыс тіліндегі аудармалардың анық әрі дәл тәржімалануы. Әрине, біз қазақ аудармашыларын кінәлай алмаймыз, қайта олардың талпынысына рахмет айтуымыз да абзал болар. Сонда Кеңес дәуірі кезінде жасалған орысша аудармалардың авторларының тілдік және діни сауатының жоғары болғанын мойындауымыз керек» [7, 117 б.] деп аяқтайды. И. Жеменейдің бұл пікірін біз де қолдаймыз. Әдебиет айдынындағы аударма саласына

тілдерді білетін, жан-жақты сауаты бар мамандар қажет-ақ. Болашақта өзінің шешімін табатын мәселе екеніне сеніміміз мол.

Қорыта келе айтарымыз, қазақ-парсы әдебиеттерінің байланысы орта ғасырлардан емес, біздің заманымызға дейінгі дәуірлерден бастау алады. Және бүгінгі күнге дейін сөз болып келе жатқан екі ел әдебиеттерінің үндестігі аясынан әлдеқайда кең. Алдағы уақытта зерттеулер нысаны халық ауыз әдебиеті үлгілерінің тақырып және сюжет ұқсастығы, шығыс шайырлары жырларының түпнұсқадан жасалған аудармалары болса екен дейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жирмунский В.М. Сравнительные литературоведения. Восток и Запад. – Ленинград, 1979. – 281 с.
- 2 Конрад Н.И. Запад и Восток. – Москва: Наука, 1972. – 189 с.
- 3 Батырхан Б.Ш. Қазақ және парсы әдеби байланысы тарихынан // Қазақ өркениеті. 2014 жыл (№1). – 44-48 б.
- 4 Күмісбаев Ө. Алтын қазық: Зерттеу мақалалар. / Ө.Күмісбаев. – Алматы: Қайнар баспасы, 2012. – 512 б.
- 5 Бес ғасыр жырлайды: /Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.2. – 496 б.
- 6 Күмісбаев Ө. Иран әдебиетінің тарихы: оқу құралы / Ө.Күмісбаев – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 179 б.
- 7 Жеменей И. Хафиз және қазақ әдебиеті: Оқу құралы / И.Жеменей. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 122 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ҚҰРАЛДАРДЫ АРАЛАС ОҚЫТУ ФОРМАТЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

КОСЕНКО Л. Н.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 39 инновациялық үлгілегі гимназия сыныптары бар ЖОББМ, Павлодар қ.

Әлем деңгейіндегі ахуал онлайн мен оффлайн оқытуды біріктіретін аралас оқыту форматын талап етуде.

Қашықтықтан оқытудың дәстүрлі оқытудан ең басты ерекшелігі – сандық технологиялар мен платформалардың кең түрде қолданыс табуы.

Әрбір мектеп сабақ өткізу процесінде қандай платформаны қолданатынын өзі таңдайды. Біріншіден, Kundelik.kz. Оқушылар мен ата-аналардың басым көпшілігі бұл жүйені жақсы біледі және қолдайды. Екінші платформа – Bilimland.kz. Үшіншісі – Daryn.online және басқа жүйелер. Атап айтар болсақ, «Bilimland.kz», «Kundelik.kz, «Daryn.online» сынды платформалар бұрыннан таныс, олармен қатар қазіргі уақытта Google Classroom, Zoom, Skype, Moodle, Oripk.kz, ClassDojo жаңа платформалармен қашықтан білім алу барысында танысудамыз.

Бүгінгі таңда компьютерлік технологиялар, соның ішінде сандық технологиялар оқытудың қосымша құралы болып қана қоймай, білім беру үдерісінің ажырамас, тиімді бөлігі ретінде танылуда. Қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық технологиялар білім беру процесі үшін дәстүрлі оқытуды тиімді толықтыратын жаңа құралдарды ұсынады. Сабақ үдерісін үздіксіз ақпараттандыру еліміздің саналы ұрпағының бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі [1, 2 б.].

Сандық технологиялар мен құралдарды қолдану оқу процесінің тиімділігін арттыру және оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін түбегейлі жаңа мүмкіндіктер береді. Саралап-деңгейлеп оқытуда бұл технологиялардың рөлі жоғары. Сандық білім беру ресурстарының мақсаты ақпараттық қоғамда оқушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін күшейту, сондай-ақ білім беру жүйесінің барлық сатыларында оқыту сапасын арттыру болып табылады. Әлемде орын алып отырған ахуал кезінде, онлайн және оффлайн форматында оқытуға байланысты білім беру жүйесінде аралас оқыту форматының қажеттілігі айтарлықтай өсуде. Ал, енді, аралас оқыту дегеніміз не?

Аралас оқыту – оқу үдерісінің дәстүрлі түрінде де, қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып та жүргізілетін оқыту түрі. «Аралас оқыту» термині ағылшын тіліндегі blended learning сөздерінің тура аудармасын білдіреді. Ағылшын нұсқасында оқыту сөзі қолданылатынына назар аударайық, яғни оқушы белсенді әрекет ететін пән болып табылатын білім мен дағдыларды алу процесі.

Аралас оқытудың негізгі принциптері алғаш рет ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарында жоғары білім беруде қолданылды, бірақ терминнің өзі алғаш рет 1999 жылы американдық интерактивті оқу орталығы ғаламтор арқылы оқытуға арналған бағдарламалық жасақтаманы шығара бастаған кезде қолданылды.

Көптеген басқа педагогикалық технологиялардан айырмашылығы, аралас оқыту нақты авторлыққа ие емес және оқытудың қолданыстағы әдістері мен принциптерін өзгертуге бағытталған көптеген әрекеттердің нәтижесінде өздігінен дамыды. Аралас оқыту кез-келген инновациялық технология сияқты мұғалімнің сыныптың оқу мәдениетін қалыптастыруға уақыт пен қосымша күш-жігерін қажет етеді. Оқу дағдыларын қалыптастыруға және тәртіпті орнатуға көп уақыт кететін сынып-сабақ жүйесінен айырмашылығы – аралас оқытуды қолдану кезінде негізгі назар өзіндік жұмыс, топтық жұмыс, өзара көмек және коммуникативтік құзыреттілік дағдыларын қалыптастыруға аударылады.

Аралас оқыту форматында оқушылармен жұмысты түрлі модельде ұйымдастыру мүмкіндігі бар.

Жұмыс орындарын ауыстыру.

Мұнда сыныптың кеңістігін қайта құру қажет, жұмыс аймақтарын бөліп, реттеледі. Аймақтардың бірі – онлайн жұмыс аймағы. Басқа аймақтар – мұғалімнің қалауы бойынша, мысалы, топтық жұмыс аймағы, мұғаліммен жұмыс аймағы және т.б. оқушы топтарына бөлінеді және шеңбер бойынша аймақтан аймаққа белгілі бір уақыт аралығында өтеді. Аралас оқытудың бұл түрін компьютерлік жағынан жақсы жабдықталған кабинетте ұйымдастырғаны жөн.

Сыныптарды ауыстыру.

Егер мектепте компьютерлік техниканың жеткіліксіз болу себептеріне байланысты онлайн-аймақтарды ұйымдастыру мүмкін болмаса, компьютер кабинеттерінде кесте бойынша сабақ өткізуге болады.

Жеке жұмыс жоспары.

Бұл модель мектеп деңгейінде де, сынып деңгейінде де жүзеге асырылуы мүмкін. Әр оқушы мұғалім немесе компьютерлік бағдарлама жасаған жеке жоспарды алады. Онлайн оқыту теориялық дайындық, әртүрлі платформалармен жұмыс істеу және т. б. үшін белсенді қолданылады.

Аударылған сынып.

Бұл модель классикалық және үй тапсырмасы туралы дәстүрлі түсініктерді өзгертеді. Үйде оқушылар теориялық материалды өңдеу үшін онлайн жұмыс істейді: бейне дәрістерді қарайды, мақалалар оқиды және т.б., ал сыныпта топтық сабақтар, практикалық жұмыстар, күрделі мәселелерді, сұрақтарды шешу және т. б. өткізіледі. Егер сыныптағы оқушылар өздерінің психологиялық ерекшеліктері, ынталандыру деңгейі, АКТ құзыреттілігін

қалыптастыру және реттеуші әмбебап оқу әрекеттері бойынша аздап ерекшеленетін болса, оны қолданған жөн. Бұл жағдайда сынып дәстүрлі және қашықтықтан оқыту компоненттері кезектесетін бір топ ретінде жұмыс істейді. Бұл ретте электрондық оқытуды жүзеге асыру мектептен тыс жүзеге асырылады: мұғалім алдын ала теориялық даярлық үшін электрондық білім беру ресурстарына қолжетімділікті береді [2, 33 б.].

Аралас оқытудың бұл модельдерін жүзеге асыру үшін ұстаздың ақпараттық құзырлығының жеткілікті дәрежеде болуы талап етіледі. Егер мұғалім бұл жаттығулардың не үшін қолданатынын түсінбесе, электронды жаттығулар тиісті нәтиже бермейді. Сандық ресурстарды пайдалану өздігінен аяқталмауы керек. Гуманитарлық пәндерді оқу кезінде сандық технологияларды не үшін қолдану керектігін түсіну өте қажет.

Сабақ үстінде, әсіресе, тілдік пәндер аясында, соның ішінде қазақ тілі сабақтарында сандық технологияларды қолданудың мақсаттары:

Мотивацияны тудыру (оқушылар өздері үйренген формада қызықты әртүрлі тапсырмаларды алады);

Білім беру сапасын арттыру (кез-келген мектепте үздік мамандардың материалдарын көбейту және пайдалану мүмкіндігі);

Мектепке бармай-ақ қолжетімділіктің болуы (карантин кезінде сыныпта жұмыс істеу мүмкіндігі, үйде оқытылатын балалар тобымен қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігі);

Уақытты үнемдеу (компьютерсіз, бірақ көп уақытты қажет ететін жаттығуларды пайдалану);

Тиімділік (компьютерсіз ұйымдастыруға болмайтын тиімді жаттығуларды қолдану);

Әмбебап дағдыларды қалыптастыру.

Ақпараттық және сандық технологияларды қолдану оқушының тапсырманы орындау сапасын автоматты түрде тексеру мүмкіндігін береді. Бұл технологияларға LearningApps, Google формалар, CozeApp сияқты платформаларды жатқызуға болады. Бұл платформалар өздерінің мультимедиялық мүмкіндігімен ерекше. Олар арқылы оқыту материалына дыбыс, видеоны қосуға болады. Тағы бір артықшылығына иетербелсенділігін жатқызуға болады. Бұл технологиялар барлық сыныпты топпен жұмысқа бір уақытта жұмылдыруға мүмкіндік береді, ол арқылы уақыт үнемделеді. Топпен жоба жасауда бірге құжат, презентациялар, ментальды карталар жасауға болады. Мысалы, Plickers қосымшасы арқылы

оқушылардың босатқан қателері бойынша қысқа уақыт ішінде статистика жасау мүмкіндігі бар. Оқушы түрлі сөздіктермен жұмыс жасамай, босатқан қателері бойынша толық талдауды бұл қосымшадан көре алады.

Бүгінгі күнде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сандық технологияларды қолдану презентациялар мен бейнематериалдарды көрсету, компьютерлік тестілеу үшін сілтемелерді таратумен ғана шектелмейді. Түрлі қосымшаларды қолдана отырып, қазақ тілі сабақтарында келесідегідей жаттығу тапсырмаларын ұсынуға болады: сөздерді есте сақтау үшін орындарымен ауыстыру; терминдерді, жазушылардың портреттерін сәйкестендіру мен автоматты түрде тексеру; бос орынға қажетті әріпті қою және тексеру; үйге тыңдалым диктантын тапсыру және оны автоматты түрде тексеру; автоматты таймері мен тексеруі бар көру диктанттарын ұсыну; мәтін анализі кезінде көптеген гиперсілтемелері бар жалпы мәтінді жасау; бірге презентациялар мен ментальды карталар жасау; инфографикасы бар слайдтарды әзірлеу; өлеңдер мен қысқа әңгімелер бойынша бейнероликтерді жасау және т.б.

Технологиялар бізге көп мүмкіндік береді, ал оны жүзеге асыру әр ұстаздың қиялы мен шығармашылығы байланысты. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында техникалық жақтан қолдау көрсету үшін бүгінде мұғалімдер сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда белсенді қолданатын көптеген сандық өнімдер әзірленді. Ғаламтор ресурстарын пайдалану оқушылардың назарына әдебиет сабақтарына арналған бірегей материалдарды ұсынуға, жазушылар мұражайларына виртуалды экскурсиялар жасауға, әрдайым баспа түрінде табылмайтын жұмыстармен танысуға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту форматының пайда болуына байланысты онлайн және офлайн түрде, аралас оқытуда қолданылатын сандық технологияларға сұраныс ерекше артуда. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында олардың рөлі арта түсті. Кең түрде қолданысқа ие сандық технологиялар баршылық. Олардың бірнешеуіне тоқталып өтсек.

Google-формалары.

Бұл – бірқатар артықшылықтары бар формалар мен сауалнамаларды құрудың әмбебап және қарапайым құралы. Бұл қосымша әртүрлі сұрақтарды құрастыру, сондай-ақ оларды бір-бірімен араластыру, жауаптарды және автоматты есептерді талдау, сауалнаманы пошта арқылы жіберу немесе әлеуметтік желілерде жариялау сияқты мүмкіндіктерді ұсынады. Сауалнама құрастыруда

YouTube бейнелері мен фотосуреттерін қосуға болады. Сонымен қатар, бұл қосымша арқылы презентацияларды әзірлеу мүмкіндігі бар. <http://learningApps.org>.

LearningApps.org бұл әртүрлі интерактивті тапсырмаларды құру арқылы қашықтықтан оқытуды қолдауға арналған қосымша. Әзірленген тапсырмалар оқыту мазмұнына тікелей енгізілуі, сондай-ақ жедел режимде жаңадан өзгертілуі немесе құрылуы мүмкін. Осы ресурста жалпыға қолжетімді болып табылатын және оқу курсына пайдаланылуы мүмкін интерактивті блоктар банкі жинақталған. LearningApps жаттығуларын сервис сайтында да, қашықтықтан оқыту жүйесіне де енгізуге болады. LearningApps ресурсы интерактивті модульдердің алуан түрін ұсынады: жіктеу, жұмбақтар, хронологиялық сызғыш, тесттер, бейне мазмұны бар жаттығулар, ойындар, сонымен қатар хабарлама тақталары, чаттар, күнтізбелер және басқалар. Бағдарламада тіл пәндері бойынша аралас оқыту кезінде қолданылатын тапсырмалардың арнайы тиімді және көрнекі шаблондары ұсынылған. Жұмысты бастамас бұрын жүйеде тіркелу керек.

<https://h5p.org>.

H5p қызметі динамикалық жаттығулар, ойындар, уақыт ленталары және басқа да қызықты чиптерді тез қосуға мүмкіндік береді. Осылайша, оқушы пайдалы ақпаратты жақсы игереді және оқу процесінде уәжін жоғалтпайды.

Accordion.

Оқушыларға көрсетілетін мәтін саны мен көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Олар қандай ақпаратты егжей-тегжейлі зерттеу керектігін анықтайды, тақырыпты басу арқылы ашады. Қосымша түсіндірмелермен танысу үшін өте ыңғайлы.

Plickers.

Қосымша – сабақта оқушылардың білімін жылдам бағалауға арналған ыңғайлы бағдарлама. Мұғалім бүкіл сыныпқа жарты минут ішінде сауалнама жүргізе алады. Сыныптағы әр оқушы үшін басып шығарылған парақшалар және телефон немесе планшет қажет (оқушыларға қажет емес).

Kahoot.

Бұл – кез-келген оқу пәніне және кез-келген жасқа сәйкес келетін ойын түрінде тегін оқыту алаңы. Құралды пайдалану сыныптағы кері байланыс жүйесі үшін қымбат қашықтан басқару құралдарының тамаша алмастырушысы болып табылады. Ол үшін тек компьютер, проектор және сыныптағы балаларда

смартфондардың болуы қажет. Түсінуді тексеру процесі немесе қандай да бір мәселені талқылау үшін ыңғайлы.

CoreApp.

Бұл – білім беру материалдарын жобалау мен оқушылардың білімін тексерудің бейімделген онлайн платформасы. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін аралас форматта оқытуда көп қолданылады. Бағдарламада жұмыс істей отырып, оқушыларға жаңа тақырыпты білуге, бекіту жаттығуларын жасауға немесе бақылау тестін тапсыруға болады. Сонымен қатар, оқушылардың қайсысы әлі де жаңа материалды оқып жатқанын және жаттығуларды кім орындап жатқанын көруге болады. Сонымен қатар, осы платформаның үлкен артықшылығы-кейбір тапсырмаларды автоматты түрде тексеру [3, 15 б.].

Оқу үдерісінде сандық технологияларды қолдану қазіргі заманғы мектептегі білім берудің өзекті мәселесі болып отыр. Әсіресе, аралас оқыту түрінде олардың рөлі бірнеше есе артты. Бүгінгі таңда қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалім сандық технологияларды қолдана отырып сабақты өткізуі керек. Ол үшін оқушының рөлін өзгертуге баса назар аударған жөн: оқушыны пассивті тыңдаушыдан оқу үрдісінің белсенді қатысушысы ету. Табысты оқытудың басты құраушысы білім алушының уәждемесі болып табылады. Оқытудың заманауи техникалық құралдарын қолдану қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сабақтарда заманауи ақпараттық технологияларды қолдану кез-келген жастағы оқушы үшін оқуды жарқын, есте қаларлық, қызықты етеді, пәнге эмоционалды жағымды көзқарас қалыптастырады. Біз оқу мақсатында электронды ресурстарды пайдаланамыз: сабақтарға арналған презентациялар, логикалық ойындар, тест тапсырмалары, интернет ресурстары және т.б. Бұл сандық технологияларды сабақтың барлық кезеңінде қолдану тиімді.

Қорыта айтқанда, қашықтықтан және аралас оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда ең бастысы электронды материалдар, қашықтықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Бұл біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дәрежедегі бәсекеге төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Н.Ә.Назарбаев. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K060002006_ [07.03.2021 ж.].

2 Кумарова Г.Е. Қазақ тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен үйрету.//Әдіскер жаршысы. 2013. №3. URL: <https://docplayer.com/76552887-@disker-zharshysy-respublikalyk-g'yulymi-@distemelik-zhurnal-respublikanskiy-nauchno-metodicheskiy-zhurnal-2-48-2016.html> [08.03.2021 ж.].

3 С.Т.Мұхаметжанова, Ж.Ә.Жартынова. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. – Алматы, 2008. -151 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖИНАҒАН БИЛЕР СӨЗІ

КҮНДЫЗБАЕВА Е. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіптің би – шешендер туралы жазбаларының ел тәуелсіздік алғаннан кейінгі жариялану тарихнамасына көз жүгіртер болсақ, фольклор жинаушысының 1990, 1992 жылдарда 2 томдығы (құрастырған С. Дәуітов) жарияланған еді. Мұның екінші томы фольклор үлгілеріне арналған. Ғалым Н. Қ. Жүсіпов ақын Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ билері» дейтін жазбаларын «Жұлдыз» журналының 1992 жылдың № 11 санында бастырып шығарған. Бұған қоса 2003 жылы «Алаш» баспасы шығарған төрт томдық және С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті ғалымдары жариялаған көп томдық шығармалар жинақтарының 5, 6, 7, 11 томдарын атауға болады. Бұлар фольклор мен ауыз әдебиеті нұсқаларын қамтиды. Негізінде ұлт мәдениетінің қамқоршысы, араб – парсы өркениетін терең түсінген Мәшһүр Жүсіп қазақ руханияты тарихында би – шешендерінің қоғамдық – әлеуметтік мәртебесін, өнерпаздық қабілетін ұлттың рухани түлеуіне, көркеюіне мейлінше зор ықпал жасайтындығын, даналық мектебі екендігін жете түсінген. Расында қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы мен дамуы тарихында билер институтының мәні ерекше. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіптің қолжазбаларының маңыздылығы, ондағы билер сөзінің мән – мағынасы жыл өткен сайын арта түсері сөзсіз. Ұлт тілінің шалқар айдынында қаздай қалқып, үйректей жүзген билердің қазақ тілінің тазалығына, логикалық мазмұнына, ұлттық нәзік иірімдеріне, көркемдік мәнерлігіне, әдептілік сырларына ерекше мән беріп отырғаны аян. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп жазып алған мына бір шешендік сөз «Абылай тұсындағы заң - жоралғылар» деп аталады. Мұнда сюжет «құнға кесім айтатын, бітім айтқызып билік қалдыратұғын» Күлік Шобалай баласы Жаңабатыр биге байланысты беріледі. Бұл би бірде Жаңабатыр

делінсе, бірде Жәңке батыр би деп алынып жүр. Біз «әулеттік мұрағат» пен Омар Иманбаев папкасына сүйене отырып және әңгіме ұқсастығын негізге ала отырып, Күлік Шобалай баласы Жаңабатыр би деген есімді дұрыс деп тауып отырмыз. Ал О. Иманбаев бұл мәтінді Мәшһүр Жүсіп баласы Фазылдан 1962 жылдың 29 тамызында жазып алдым деп көрсетіп кеткен. Әңгімеде Жаңабатырдың құнға берген кесімдері де бар: «Қара құн – жүз жылқы, он екі жақсы; сүйек құны – елу жылқы, алты жақсы; өнер құны – тоқал құн болад, тоғыз жақсы», – делінген. Билер сөзінің баяндалуында «екен» деген көмекші етістіктердің жиі қолданылуы – Мәшһүр Жүсіптің фольклорлық үлгіні ел аузынан көшіргенде ауызекі сөйлеу стилін сақтағандығын танытады. Яғни, нұсқаны авторлық өзгерістен аулақ ұстағандығын көрсетеді. Мәселен, «Аттың құйрығын кескен ұрыға бір жылға шейін билік айтпайды екен, босаға күзеттіреді екен», – деген тәрізді. Жоңғар басқыншыларына қарсы жорық – жортуылды қол бастаған халықтың қаһарман батырлары, билері, хандары туралы халық арасында көптеген тарихи аңыз – әңгімелер тараған. Демек, түбі шындыққа негізделген бұл аңыз – әңгімелердің көбінде жоңғар феодалдарына қарсы күресте көзге түскен билер, батырларды мадақтаған. Мәшһүр Жүсіп осындай үлгілерді ел аузынан естіген күйінде жазып алып отырған. Бұл жөнінде оның өзі: «Естіген құлақтың жазығы жоқ деген ғой. Естігенімді қағаз бетіне жаза берген бала бастан, құлын жастан баққан жылқы, қойым болды» - деп ағынан ақтарылады.

Қазақстанның соттық – құқықтық жүйесін, әдет-ғұрып ережелері мен қағидаларын жеткізуші, жетілдіруші би-шешендердің төрелік айту мәдениеті шешендік өнермен төркіндес. Ұлт дербестігін жан – тәнімен қорғау, мемлекет тұтастығын сақтау, елінің қорғаныс қабілетін күшейту, қоғамды ізгілердіру арттықша туған би – шешендердің асыл парызы. Бұл орайда Мәшһүр Жүсіптің Айдабол би баласы Тайкелтір туралы ой толғаныстары ерекеше назар аудартады [1, 142–145 б.]. Мәшһүр Жүсіптің көрсетуінше, Тайкелтір би: «Айыр көмей, темір жақ жұтқыншағындағы кішкене тілінің ұшы керзең, екі айыр. Өнер қара жамбасынан келеді екен. Бір басты екі аяқты адам баласы а сөз бермейтін бұлбұл екен», делінген. Осы орайда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ел әдебиеті үлгілерін жинаған материалдары тек қолжазба күінде қалдырмай, баспа бетінде де көзі тірісінде жарияланғанына арнайы көңіл бөлуді жөн көрдік. Мәселен, оның алғашқы «Қазақ» газеті, «Дала уалаяты» газетінде жарияланған үлгілері – ақынның ел әдебиетін жинаушы емес, оны жариялаушы, зерттеуші болғанына да жарық түсіре алады.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ елінің жағдайын, тыныс – тіршілігін, әл – ауқатын, оның мәдениеті мен өнерін, фольклорын бүкіл жұртқа таныстырып отырған тұңғыш қазақ газеттерінің бірі – «Дала уалаяты газеті» екені белгілі. Әрине, о баста газетті шығарушы да, бақылаушы да Дала генерал – губернаторы болғандықтан, онда белгілі мөлшерде патша шығарылған бұйрықтары басылып, әрі насихатталып отырса, екінші жағынан, елді егіншілікке, отырықшылыққа үндеу, мал тұқымын асылдандыруға, сауда хабары, мекетеп ісі, дәрігерлік жәрдем, қазақтың ұлттық тілі мен әдебиетіне байланысты құнды бағалы үлгі – насихат түріндегі деректер де басылып отырғандығын есте ұстаған жөн.

Мәшһүр Жүсіп жинаған билер сөзінің ерекшеліктерінің бірі – әр шешеннің шежіресі берілген. Мысалы, «Бөлтірік би» шешендік сөзінде: «Ұлы жүз: Үйсін – Ошақты, Жалайырдың Жалайырынан Бөлтірік би деген би шығыпты. Мұнымен замандас қырғыздың бір ханы Бөлтірікпен баққұндес болып, қырғыздан пәлен шешен, түген шешен дегенді алдырып, айтыстыра беретін сықылды. Бір күні қырғыз, қазақтың бас қосқан жиылысында қырғыз, қазақ байлық айтысқанда, Бөлтірік би айтты дейді», – делінген [1, 141 б.].

Билер сөзі дүниетаным тереңдігімен, білімпаздық қырларымен, түйсік, сезім, қиял, ақыл – ой қуатымен өлшенеді. Ұлттың шаруа – кәсібін, тұрмысын, табиғи әлемін жетік білген. Мәшһүр Жүсіптің билер сөзін жариялаудағы фольклор – танушылық қызметі негізінен ғалымның сол тұстағы фольклорлық үлгілерге берген түрлі ғылыми түсініктемелерімен тығыз байланысты болып келеді. Алдымен, Мәшһүр Жүсіп түсініктемесі көбінесе тарихилығымен, шынайылығымен көңіл бөлгізеді. Мәселен, Шоң биге байланысты әңгімесінде мынадай дерек бар: «Айдабол Поштай баласы Құсайын, Қаракесек Алшынбай баласы Қақабай, Қаржас Еркебұлан баласы Жантемір шоң өлген жылы туған балалар. Осы айтылғандардың жиырма бес мүшелінде туған Мәшһүр Жүсіптің өзінен жиырма бес жыл бұрын өлген Шоңның қасында бірге жүргендей ме, қалай?» делінген [1, 178 б.]. Мұндай мысалдар ақын қолжазбасында көптеп кездеседі. Екінші билер сөзін тұрмыстың қажеті елге білім, тәрбие беретін құрал деп білген. Сондықтан әр мәтіннің шығу тарихына айтылу жағдайын, қалай тарағанын анықтап отырған. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп жинаған «Малшы Алтай» әңгімесі (ДУГ. 1894. 6). Мұнда Қуандықтың баласы Алтай деген жігіттің Піспекбайдың жылқысын ерінбей, жалықпай тер төгіп, адал еңбегі арқасында жұттан шашау шығармай, аман алып шығуы баяндалады [2]. Жылқышының

таза көңіліне, адалдығына т.б. қасиеттеріне тәнті болған бай оған өз қызы Байбикені қосады. Кейін осы қызы Байбикеден туып тараған ел «Жоғары Алтай» аталғандығы сөз болады. Сондай – ақ Байбике өлген соң, бай Алтайға екінші қызы Аққоянды да беріп, одан «Төменгі Алтай» деген ел тарайтындығы баяндалады. Міне, көріп отырғанымыздай, адал еңбегі арқасында малшының да мұратына жеткендігін баяндай отырып, Мәшһүр Жүсіп өз заманындағы жастарға осы іс – әрекетті үлгі ретінде ұсынады. Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің «Тұрмыс жайында хабарлар» атты әңгімесі де көңіл аударарлық (ДУГ. 1890. 9). Онда кіші жүздегі Алшын Қаражігіт бидің елі жұтқа ұшырап, төрт түлік малдан дәнеме қалмағандығы баяндалады. Осы ауыр жағдайдан елін қалай аман алып шығу керектігін іздестіру мақсатымен би өзінің жалғыз баласын Үйсін Төле биге аттандырады. Ал өз кезегінде бұл жағдайдан құтылу үшін әр жігіт өз басындағы кесірден құтылу керектігін айтады. Біріншісі – еріншектік, екіншісі – ұйқышылдық, үшіншісі – кедейлік – осы үшеуі кесір екендігі дәлелденеді. Осыны естіген би баласы ел азаматтарын жиып, кәсіп қылуды, ер басына пайда әкелуді міндеттеп жан – жаққа жібереді. Ал өзі азаматтар елге оралғанша бір бие сүтін күні – түні сауып отырып, бүтін бір рулы елді ашықтырмай асырап шығады. Сөйтіп бір жылда үш қарадан тапқан соң, екі – үш жылда ел қатарына қосылғандығы мадақталынады. Ал бұл әңгімені Мәшһүр Жүсіп не себепті газетке жариялады десек, оған өзі әңгіме басында – ақ түсініктеме береді: «Хұрметті редакторларға, жаңа жылың мұбарак барлығына құтлы болсын айтып, газетіміздің қызыл дүрілдеуін тілеп, жазып тұрмын. Қазақ халқын ұйқысынан оятушы болған сүйікті газетімізден іздеген жоғымыздың табылғанына қуаныш қылып, «Сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады» дегендей, қазаққа пайда келтіретұғын сөздерді ойлап тауып жаза алмаған соң, өнерімнен, білімділігімнен жұртқа атты шыққан шабаз талаптарға араның ызылдағанындай болып тиіп кетсем, ұйқыдан оятып, сөзден сөз туғызып, тиісті жауап қайтарып, газет оқушыларды газетке ғибратланып, көңілденіп оқуына себептей болып, араның ызылдағанының ақыры бал болуға айналса деген үміт барлығы еді. Бұрынғылар айтқан: «Пайданы басына қыл, басыңнан асса, досың қыл» деп, осының әр жерден жауап етіп жаза бергендігім өзіме пайдалы деп ойлаймын. Не үшін десеңіздер, «Дос жылата айтады, дұшпан күлдіре айтады» деген бұрынғының сөзі бар. Маған насихат беретін, білгенінше ақыл үйрететұғын қарындас достарымның көбейе бергеніне шүкіршілік қылып тұрмын», – делінген [2]. Міне, бұл мәтін

арқылы да Мәшһүр Жүсіптің елге пайдасы тиеді, үлгі – өнеге болады дегендерді жинаумен де, жариялаумен де шұғылданғанын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары (Т. 6). – Павлодар: ЭКО, 2005. – 396 б.

2 Дала уалаяты газеті (Құрастырғ. Сұбханбердина Ү.). – Алматы: Ғылым. 1989. – Б. 161, 502.

КІРМЕ СӨЗДЕРДІ СЫНЫПТАН ТЫС ОҚИТУ

КҮШЕРБАЕВА Р.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б.М.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ тілін оқытуда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы ерекше. Сыныптан тыс жұмыс ол сабақтан тыс уақытта мұғалімнің оқушылармен әртүрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыруы. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқу бағдарламасына қатысты жұмыстар ұйымдастыруға болады. Сол арқылы сабақта алған білімдерін тексеру, дамыту, дағдыландыруға болады.

Тілге кірме сөздер ену процесін болдырмау мүмкін емес. Қазақ тілі лексикасының кірме қабатын, оның маңызы мен қолданылуын зерттеу – кірме сөздерді мектепте оқытудың негізгі міндеті. Мұғалім, әрине, кірме сөздерді, оның тілімізге ену себептерін кәсіби түрде түсіндіре білуі және осы процесс болып жатқан әлеуметтік-психологиялық жағдайлар туралы айта білуі тиіс.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік және адамгершілік құндылықтарды қайта бағалау, жалпыадамзаттық мүдделерге қатысты белсенді әрекеттер нәтижесінде саясат, экономика, мәдениет, өнер, спорт, сән, сауда, музыка салаларында батыстық үрдістер енуде.

Қазір қоғамда күрделі өзгерістер, жаңалықтар орын алуда. Біріншіден, түрлі салаларда шетелдік мамандармен берік және ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнауда. Екіншіден, шетелдік туризмнің гүлденуі де әсер етуде. Үшіншіден, іскерлік, мәдени байланыстар жанданды. Жалпы алғанда, мұның барлығы қарым-қатынастың күшеюіне тікелей әсер етті. Соның негізінде кірме сөздер енді [1]. Соны оқушыларға меңгертуде түрлі әдіс-тәсілдерді қолданумен қатар сабақтың түрі мен типтерін де түрлендіре қолдануға болады.

Мәселен, «Қазақ тілі лексикасының шығу тегі» тақырыбы бойынша сыныптан тыс «Ауызша журнал» атты іс-шара өткізуге болады.

Іс-шара мақсаты:

1) Жазбаша және ауызша түрдегі қарым-қатынастың барлық салаларында еркін сөйлеуге үйрету, тілдегі кірме сөз туралы түсінік беру, оқушыларды кірме сөздердің негізгі белгілерімен, сөз алмасудың себептері мен алғышарттарын, қазақ тіліндегі кірме сөздердің енуі мен игерілу жолдарын нақты мысалдар арқылы таныстыру;

2) оқушылардың сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру және жетілдіру, қарым-қатынастың әр түрлі жағдайларында кірме сөздерді дұрыс, орынды және нақты пайдалануға үйрету, оқушылардың коммуникативтік дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, тіл теориясы мен тарихы бойынша білімді тереңдету негізінде оқушылардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамытуға ықпал ету;

3) оқушыға коммуникациялық тәрбие беру: сөздің мағынасын түсініп қолдану, сөйлеуге қажетті лексикалық бірліктерді таңдап қолдану, қазақ тілі пәніне қызығушылықтарын арттыру мен жалпы мәдениетке деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыру.

«Ауызша журнал» іс-шарасының өту уақыты шамамен 40 минут. Журналдың әр парағына бес минуттан арналады. Журнал жалпы алты беттен тұрады. Алты бетті оқып, танысуға бес минуттан отыз минут уақыт беріледі. Кіріспе мен қорытынды жасауға бес минуттан он минут беріледі. Журнал беттерін оқушылар кірме сөздерге арналған тақырыптар бойынша үйден электронды түрде дайындап әкеледі. Тақырыпты ашумен қатар журналдың дизайнын эстетикаға байланысты көркемдеу керектігі айтылады.

Сабақ барысында мұғалімнің кіріспе сөзінен кейін ретімен бірінші беттен бастап, алты оқушы түсіндіріп шығады.

Сол уақыт аралығында қазақ тілінің шығу тегі туралы мұғалімнің баяндауы, тақырып бойынша сұрақ-жауап, проблемалық тапсырмалар және басқа да түрлі тапсырмалар қамтылады.

Мұғалім өз баяндауында қазақ тілінің лексикалық қабаты туралы толық ақпарат береді. Қазақ тілінің лексикалық қабаты төл сөздерден және кірме сөздерден тұратынын түсіндіріп береді. Кейбір сөздердің ертеден енгені соншалық, бүгін өзіміздің төл лексикамыздай болып кеткен. Сонымен қатар кірме сөз екені ерекше білініп тұратын сөздер бар.

Осы тақырыптар туралы оқушыларға алдына ала баяндама тақырыптары берілген. Жалпы қазақ лексикасы әр түрлі қабаттарды құрайды. Солар туралы баяндалады.

Мұғалім сөздік қорымыз тек қазақ тілінен ғана емес, кірме сөздерден де тұрады. Кірме сөздердің ену себебі не екенін сұрайды.

Сол уақытта оқушы алдын ала берілген сұрақ бойынша өзі дайындаған журналдың бірінші бетін ашып түсіндіру жұмысын бастайды.

Журналдың әр парағына бес минуттан арналады. Журнал жалпы алты беттен тұрады. Алты бетті оқып, танысуға бес минуттан отыз минут уақыт беріледі. Кіріспе мен қорытынды жасауға бес минуттан он минут беріледі. Журнал беттерін оқушылар кірме сөздерге арналған тақырыптар бойынша үйден электронды түрде дайындап әкеледі. Тақырыпты ашумен қатар журналдың дизайнын эстетикаға байланысты көркемдеу керектігі айтылады.

Сабақ барысында мұғалімнің кіріспе сөзінен кейін ретімен бірінші беттен бастап, алты оқушы түсіндіріп шығады.

Сол уақыт аралығында қазақ тілінің шығу тегі туралы мұғалімнің баяндауы, тақырып бойынша сұрақ-жауап, проблемалық тапсырмалар және басқа да түрлі тапсырмалар қамтылады.

Мұғалім өз баяндауында қазақ тілінің лексикалық қабаты туралы толық ақпарат береді. Қазақ тілінің лексикалық қабаты төл сөздерден және кірме сөздерден тұратынын түсіндіріп береді. Кейбір сөздердің ертеден енгені соншалық, бүгін өзіміздің төл лексикамыздай болып кеткен. Сонымен қатар кірме сөз екені ерекше білініп тұратын сөздер бар.

Осы тақырыптар туралы оқушыларға алдына ала баяндама тақырыптары берілген. Жалпы қазақ лексикасы әр түрлі қабаттарды құрайды. Солар туралы баяндалады.

Мұғалім сөздік қорымыз тек қазақ тілінен ғана емес, кірме сөздерден де тұрады. Кірме сөздердің ену себебі не екенін сұрайды.

Сол уақытта оқушы алдын ала берілген сұрақ бойынша өзі дайындаған журналдың бірінші бетін ашып түсіндіру жұмысын бастайды.

Халықтар бір-бірімен аралас-құраластықта. Олармен әртүрлі байланыстарды қолдайды. Мәселен, сауда, өнеркәсіптік-экономикалық, мәдени және т.б.. Байланыстағы халықтардың тілдері де өзара әсер етеді. Өйткені тіл – қарым-қатынастың басты құралы! Бір халықтың екіншісіне тілдік әсерінің негізгі нысаны – кірме сөздердің енуі болып табылады. Қазақ халқы бүкіл әлем халықтарымен әртүрлі байланыстарға ие болды. Мұның нәтижесі қазақ тілінде басқа тілдерден алынған көптеген шетелдік сөздердің болуы.

Кірме сөздердің ену себептері қандай?

Журналдың екінші беті ашылады.

Екінші оқушы шетелдік лексиканың ену себептері туралы алдына ала дайындап келген материалы бойынша өз пікірін айтады.

1 Негізгі сыртқы себеп – өзге тілден затты немесе ұғымды алумен бірге сол затты не ұғымды белгілейтін сөзді алу. Мысалы, бізде автомобиль, конвейер, радио, кино, теледидар, лазер және т.б. сияқты заттар пайда бола отырып, қазақ тіліне олардың атаулары да кірді.

Кірме сөздердің көпшілігі ғылымның, техниканың, мәдениеттің, экономиканың, өндірістік қатынастардың дамуымен байланысты. Осы сөздер өздері белгілетін затпен бірге өмірімізге әбден орнығады да сңісіп кетеді. Әуелде олар неологизм болса, он, жиырма жылдан кейін сөздік қорға әбден сңісіп, неологизм болудан қалады [2].

Мысалы, өткен ғасырда ғарыштың дамуына байланысты көптеген терминдер пайда болды: космонавт, космос, космодром т.б. Бұл сөздер тоқсаныншы жылдарға дейін осылай қолданылып келді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кірме сөздерге басқаша көзқараспен қарап, оларды тіліміздің заңдылығы бойынша балама сөздермен атауды бастадық. Қазір әдеби тіл нормасына космос – ғарыш, космонавт – ғарышкер, космодром – ғарыш айлағы болып төл тілімізге ауыстырылды.

Сол сияқты жоғарыда берілген автомобиль –көлік, телевизор-теледидар және т.б. балама сөздермен қолданысқа ауысқан.

Шетелдік сөздерді алудың негізгі себептері:

2 Шет тілді сөздерді алуға ықпал ететін бір тілішілік фактор – белгілі бір морфологиялық құрылымы бар кірме сөздерді тілде нығайту. Мысалы, қазақ тіліне халықаралық тілдерден спортсмен, рекордсмен, бизнесмен, т.б. Қазіргі уақытта мұндай сөздер -шы, -ші жұрнағы жалғану арқылы қазақыланған[3]. Мысалы: спортшы, рекордшы т.б.

3 Кірме сөздер енуінің келесі бір себебі шетелдік мәдениеттің ықпалымен байланысты. Шетелдік сөздерді араластыру сән болғандай.

Үшінші оқушы араб-парсы тілінен енген сөздерді, төртінші оқушы қазақ тіліне енген орыс сөздерін айтып, түсіндіріп береді. Осылайша оқушылар ізденімпаздық жұмыстары негізінде дайындап келген материалдарын журналды парактай отырып түсіндіріп шығады. Журналдың әр парағын бір оқушы дайындайды. Сондықтан да іс-шараның атын «Ауызша журнал» деп қоюға болады.

Осындай кірме сөздерді игертуге бағытталған жаңа жұмыс түрлерін әзірлеуге болады. Бұндай жұмыс түрлері оқушылардың қызығушылығын тудырады. Оның бірнеше себептері бар.

Біріншіден, сабақ күнделікті қалыптасқан дәстүрлі тәртіпте емес басқаша сипатта өтеді. Сабақтағы тізгін оқушыларға да беріледі. Журналдың әр парағын дайындап келіп, түсіндіріп тұрған оқушы өзін мұғалім ретінде сезінеді. Бұл оқушыда жауапкершілік сезімін туғызады.

Екіншіден, сабақ «Ауызша журнал» деп аталады. Оқушылар әдетте сабақтың көп бөлігін жазуға арнайды. Бұл сабақта ештеңе жазбайды. Жұмыс түрлерінің бәрі ауызша қамтылады. Әрине, жазба жұмыстары қажет. Әдіскер ғалымдар жазылымның білімді бойға сңірудегі маңызын ерекше атап көрсеткен. Соған байланысты жаңартылған білім бағдарламасы бойынша да, бұрынғы бағдарлама бойынша да жазуға арналған тапсырмаларды көп мөлшерде орындатады. Біз бұл сабақ жаңа білім беру сабағы емес, нәтиже сабағы болғандықтан тек ауызша жұмыстардың түрін қамтуға болады. Сабақтағы тапсырмалардың әдеттегі сабақтардан өзгешелігі де оқушыға оң әсер етеді. Олардың ынтасын, қызығушылығын тудырады. Сонымен қатар олар кірме сөздерге байланысты басқа сабақтарда жазылым тапсырмаларын орындайды. Нәтиже сабақтың ерекшелігіне орай тек ауызша тапсырмалар орындайды.

Үшіншіден, оқушыларға сабақ пәнаралық байланыста жүргізіледі. Кірме сөздердің ену кезеңдерін әңгімелей отырып тарихқа үңіледі. Кірме сөздер әр түрлі салаға байланысты енген. Сол арқылы басқа сала бойынша білім көкжиегін кеңейтеді. Сонымен қатар көркемдік құрал ретінде интерактивті тақта, журнал беттерін әзірлеу барысында компьютерлік технологияның жетістіктерін пайдаланады. Сол арқылы әдемі дизайнмен журнал бетін өрнектеп шығады. Осы аталған жайлардың барлығы бірлесе келе, оқушы тұлғасының қалыптасуына ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Құрманбаев Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары (монография). –Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004. –208 б.

2 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикалогиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2006. – 246 б.

3 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. - Астана: Елорда, 2002. - 184 б.

ОҚЫТУДА ТАНЫМДЫҚ ТЕОРИЯ ӘДІСТЕРІ МЕН ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

КАДЫРОВА Б. М.

профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КУШЕРБАЕВА Р.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

XXI ғасырдың басынан ғылым ретінде қалыптастып, сан қырынан зерттеліп келе жатқан когнитивтік лингвистика – тіл мен ойлау арасындағы тығыз қатынастың нәтижесінде қалыптасатын адамзаттың танымдық, ғылыми, мәдени тәжірибесін жинақтайтын ғылым. Тіл біліміндегі таным теориясы – адамның қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, дүниені тану, түсіну, ол туралы ұғымдарды санада тіл арқылы қалыптастыруды, сол саладағы ұғымдарды, ерекшеліктері мен әдістерін зерттейтін ғылым саласы. Бүгінде таным теориясының басқа ғылым салаларымен байланысы анықталып, жаңадан ғылым салалары пайда болған. Сол жаңа ғылым салаларының бірі – когнитивті лингвистика. Бұл– тіл туралы ғылымның тілді таным құралы ретінде зерттейтін саласы. Когнитивті лингвистика қазақ тіл білімінде XXI ғасырда жеке ғылым ретінде қалыптасқанымен, бастауын XX ғасырдың бірінші жартысынан алады. Бұл тұрғыда тіл мен таным сабақтастығының жалпы теориялық негізін салушы ғалымдарымыз ретінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов еңбектерін айтуымызға болады.

Тілдің танымдық сипатына соңғы жылдары шетелдік ғалымдармен қатар отандық ғалымдар да баса назар аударып отыр. Бастауын А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов еңбектерінен алған қазақ лингвистикасы күн санап жаңа зерттеулермен толығуда. «Когнитивті лингвистика тіл жүйесінің заңдылықтарына сүйеніп, онтологиялық жағдайдың когнитивтік амалмен мағына беруін, тілдік бірліктерде танымдық белгілердің көрініс табуын, тілдің лексика-фразеологиялық және синтаксистік жүйесінің ішкі бірлігін ұштастыра келіп, сөздің мәнін әлемдік көзқарас пен мәдени факторлар позициясы арқылы анықтауға мүмкіндік беретін бағыт ретінде қалыптасуда» [1, 38 б.].

Біздің бұл мақалада мақсат еткеніміз, танымдық тіл білімінің қалыптасу, даму кезеңдерін саралау емес, жеке ғылым саласы ретінде қалыптасқан, жоғары оқу орындарында жеке ғылыми пән ретінде оқытылып жүрген тілдің танымдық теориясы әдістемесі мен заманауи білім беру технологияларын оқытуда қолдану тиімділігін көрсету.

Таным теориясы когнитивті лингвистика аясында тілші мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарының барлығында дерлік оқытылады. Бұл – болашақ маманның кәсіби қызметіне қажетті пән. Заманауи білім беру тұжырымдамасына сай білім берушінің кәсіби қызметіне сай мақсаты анықталатыны белгілі. Кәсіби мақсат – білім алушы тұлғаның қоғамда әлеуметтену мен еңбек нарығында белсенді бейімделу қабілетін қалыптастыру. Бұл үшін оқытудағы инновациялық технологияларды дамыту қажет екендігі түсінікті. Инновациялық әдістер білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың жаңа стилімен сипатталады. Қазіргі мұғалімдер мен жоғары оқу орындарындағы оқытушылар жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін, зияткерлік қызметін дамытуда проблемалық оқыту технологиясы үлкен мүмкіндіктер беретінін мойындайды. Бұл әдістің тиімділігін кезінде Қ. Жұбанов та бағалап, білім беруде қолдануды ұсынған[2].

Соңғы жылдарда заманауи білім беру технологияларының дамуына байланысты оқу үрдісіне аудио және видео жазбалар, компьютерлік бағдарламалар және қашықтықтан оқыту кеңінен енгізіле бастады. Ақпараттық технологиялар білім берудің барлық салаларында және оқытудың барлық жағдайлары мен түрлі деңгейлерінде қолданылады.

Осы технология аясында білім алушы шынымен де оқу үрдісінің белсенді субъектісіне айналады, білімді өз бетінше игереді және танымдық міндеттерді шешеді. Мұндай әдістердің мақсаты – таным процесін жандандыру, оңтайландыру және күшейту. Инновациялық оқыту білім алушылардың іс-әрекетке, ұжымдық жұмыс түрлеріне, пікір алмасуға міндетті түрде қосылуын көздейді.

Ахмет Байтұрсынұлы 1928 жылы жарияланған «Қай әдіс жақсы?» деп аталатын мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы, жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай»[3,3], – деп білім беру әдісінің орнымен жұмсалуды керектігін айтқан. Ғалым еңбектерінде көрсетілген білім алушының танымдық қабілетін дамыту әдістерінің бірі – жалқылау (айырыңқы) әдісі. «Жалқылау әдіс – жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың әдісі ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы – іріден ұсақтату» [4,45] – деп түсіндіреді. Ғалым көрсеткен әңгімелесу әдісінің ерекшеліктері ретінде білім алушының оқу-танымдық қызмет белсенділігін арттыруын, білім деңгейін анықтауын айтуға болады. А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің құрылымдық жүйесін қалыптастырып, оқу құралын ғана жазып

қоймай, оқытуда тілдің танымдық қызметі арқылы танымдық әдісті қолданғанын байқаймыз. Профессор Қ. Жұбанов та тілді танымдық тұрғыдан оқыту мәселесін халықтың даналық ойлары, мақал-мәтелдері, шешендік сөздері, т.б. қолдану арқылы жүзеге асыруға ден қойған. Қ. Жұбанов қолданған танымдық әдістердің ерекшелігі туралы Ф. Ш. Оразбаева: «ғалым ұсынған тиімді әдістердің қатарында түйінді мәселеге көңіл аудару, сөзбен суреттеу, көрнекілік, өмірге үңілдіру, еңбек процесімен байланыс, жүйелі ойға төселдіру, оқушының алдына проблема қоя оқыту, бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету және т.б. – бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып қана қоймай, қазіргі кезде басымдылық беріп отырған іздендіре, дамыта оқытудың ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік негізін қалаған ой-пікірлер болғанын аңғару қиын емес. Мәселен, қазіргі оқыту мәселелеріне байланысты қарастырып жүрген таным процесі – өмірге үңілдіру; проблемалы оқыту – оқушы алдында проблема қоя оқыту; пәнаралық байланыс – бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету; дамыта оқыту – жүйелі ойға төселдіру; тіл дамыту – сөзбен суреттеп көрсетудің негізгі бағыт-бағдарымен сәйкес келеді» – дейді [5, 26].

Қ. Жұбановтың әдіснамалық тұжырымдарын жаңашыл технологиялар арқылы оқытудың маңыздылығын бағалаған: «Ұлтымыздың ұлы перзенті, қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі һәм бірегейі, тұңғыш профессор Құдайберген Жұбановтың сан салалы ғылыми зерттеулеріндегі ой-тұжырымдарды жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру сатыларында меңгерудің маңызы зор. Сондықтан әр сатының маман даярлау мақсатына қарай ғалымның мазмұны терең, мәні ерек, бітімі бөлек еңбектерін талдап, танытуға назар аударылып отырады. Жоғары білім жүйесіндегі қазақ тіл білімінің фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис, стилистикаларын оқыту, үдерісінде зерттеушінің ой-пікірлері студенттердің өздік ізденіс жұмыстарының, диплом жұмыстарының нысанына алынса, жоғарыдан кейінгі білім беру жүйесінде бұл үрдіс одан әрі жалғасын тауып отырады» [6, 324–325], – деп, ғалымның әдіснамалық зерттеулерін жоғарыдан т кейінгі білім беру жүйесінде оқытудың үлгісін ұсынған пікірлер де бар.

Тілдің танымдық қызметі туралы алғашқы пікір қалыптастырған А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов таным мәселесі туралы тіл білімінің әртүрлі салаларында сөз етті. А. Байтұрсынұлы таным арқылы оқыту жолдарын ұсынса, Қ. Жұбанов ұлттық-мәдени ерекшеліктің тілде көрініс табуын, таным теориясының ғылыми

ұғымдарын тілді оқытуда қолдануды көрсетеді. С. Аманжолов та таным мәселесін тіл білімі мәселелері мен оның оқыту жолдарын қамтыған еңбектеріне арқау етіп, қазақ диалектологиясының танымдық мәнін ашқан. Зерттеушілеріміздің үшеуі де танымды әдістемеге қатысты қолданғандығын аңғаруға болады.

Жалпы қай әдіс болмасын, оқытуда қолданылатын әдістер инновациялық оқытудың ерекшеліктері ретінде тұлғаны дамытуға бағытталуы тиіс және онда шығармашылық элементтерінің міндетті түрде болуы керек. Сонымен қатар олар жеке жұмыс түрлерімен қатар, жұптық, топтық жұмыс түрлерін қамтуы тиіс.

Студенттердің креативті қабілеттерін дамыту үшін перспективті әдістемелік тәсілдерді қолдану тиімді. Олар: кластерлер, инсерт (теориялық материалды өз бетінше оқу кезінде), кестелерді толтыру, екі бөлімді күнделік, бірлескен ізденіс, пікірталас, дөңгелек үстел, аудиовизуалды техникалық құралдардың көмегімен оқыту, тесттер, жобалар әдісі және т.б.

Ғаламтор оқу үрдісінде таусылмайтын ақпарат көзі ретінде де, оқу жұмысын жаңа жолмен ұйымдастыруға болатын жаңа коммуникативті орта ретінде де қолданылады.

Ғаламтор нақты, мобильді ақпараттық ортаны ұйымдастыруға мүмкіндік береді, одан студенттер ақпарат жинап қана қоймай, көптеген басқа коммуникативті мәселелерді шешеді. Оны қолдану білім алушылардың ынтасын арттыруға көмектеседі, өйткені ғаламторды топ және жеке сабақтар кезінде қолданған жағдайда студенттер өздеріне таныс ақпараттық ортаға түсуге мүмкіндік алады. Ғаламторда оқу мақсатында қызықты оқу материалдары бар веб-сайттардан бастап қашықтықтан оқытуға арналған көлемді жобаларға дейін ауқымы бойынша әртүрлі ресурстар пайдаланылады. Қашықтан оқыту туралы бүгінгі заманауи технология дамымай тұрып-ақ Қ. Жұбанов «аулақтан оқыту» үлгілерін ұсынған болатын. Осы қашықтан оқытуда ғаламтор өте маңызды. Ғаламтор студентпен қатар оқытушыларға да өте тиімді. Оқытушы ғаламторды қолдана отырып, пән бойынша оқу кешендерін жаңартта алады;

- қосымша ақпарат табады;
- ағымдағы өзін-өзі бақылау тапсырмалары;
- межелік бақылау бойынша материалдар;
- практикалық тапсырмалар мен дәрістер орналастыру;
- түрлі бақылау нысандарын қолдану және кері байланыс ұйымдастыру үшін интерактивті оқытуды дамыту;
- топтың мүшелері арасында байланыс орнатылады;

- гипермәтіндермен, аудио және бейне файлдармен және блогтармен жұмыс жасалады және т.б.

Пән бойынша немесе қызықтыратын басқа да тақырыптары бойынша қазақстандық және шетелдік түрлі оқу орындарындағы студенттер ғаламтор арқылы байланысты қолдануда. Бұл студенттер ізденісіне үлкен мүмкіндік береді.

Ғаламтор әр түрлі жағдайларды жүзеге асыруға, әдістемелік әзірлемелерді ұсынуға, оқу процесін әртараптандыруға, оны тартымды етуге, оқу субъектісінің қажеттіліктері мен мүдделерін, оның дайындық деңгейін назарға алуға, оқушылардың жұмысын жедел және мақсатты бақылауға, оны тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Студенттердің үлкен көлемде ақпаратты игеруі және оны қолдану бойынша практикалық дағдыларды дамыту қажеттілігі оқытушылардың ақпарат берудің жаңа тәсілдерін, жаңа технологиялар мен оқыту әдістерін жасауына әкеледі, оқыту әдістеріне шығармашылық көзқарас іздеуге ұмтылдырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Иманқұлова М.А. Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша). Диссер. – Алматы, 2016. – 156 б.

2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.

3 Байтұрсынұлы А. Қай әдіс жақсы?// Жаңа мектеп. 1928., №4. 3-11 б.

4 Байтұрсынұлы А. Жалқылау (айырыңқы әдіс)// Жаңа мектеп. 1927. №11-12. 45-49 б.

5 Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 б.

6 Дәулетбекова Ж. Т. Жоғарыдан кейінгі білім беру жүйесінде Қ. Жұбановтың әдіснамалық тұжырымдарын инновациялық технологиялар арқылы меңгерту. Профессор Қ. Қ. Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер. Конференция материалдары. – Алматы: 2015. – 479 б.

ҒАЛЫМ МЕН АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

КҮМІСБЕК Д. Ж.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ ғылымы Қ. Есеновпен грамматист ғалым ретінде жақсы таныс. Әрине, грамматикалық құрылысқа қатысты жазылған ғалымның монографиялық еңбектерінің өзі оннан астам. Ал оның тіл мәдениетіне, қазақ әдеби тіліне, стилистикасына қатысты ой өрбітіп, қалам қозғаған тақырыптары да мол екендігін көп жұрт біле бермейді. Соның бір дәлелі Қ. Есенов 1964 жылы Ғылым Академиясы Хабарлары тарабындағы Қоғамдық ғылымдар сериясының 4-шығарылымында «Сөз тәсілі – өлең жаны» атты мақала жариялады. Мақала сөз серісі С. Сейфуллиннің поэзиялық шығармасын талқылауға арналған. Ғалым пікірінше, ақын өз өлеңдерінде «Халық поэзиясындағы бұрыннан бар үлгіні кеңінен пайдаланып, оны өзінше түрлендіріп, өзінше жаңартып отырады. Ақын творчествосындағы ауыз әдебиетімен байланысып жататын желілік ұштастылықты әсіресе оның кейбір өлеңдерінің халық әндері үлгісімен жазылғанынан айқын байқауға болады» [1, 24 б.]. Осыдан барып ақынның «Біздің жақта», «Тау ішінде» өлеңдеріндегі шумақ үлгісі туындаған.

Екіншіден, «Сәкен поэзиясының өн бойына тән бір қасиет – жинақылық. Осы принципті берік ұстаған ақын өлең жолдарында қажетсіз басы артық сөздердің болмауын үнемі қадағалап отырған. Соның нәтижесінде өлең тармақтарының бас-аяғы жинақы келіп, ондағы мазмұн мен форма бірлігі үнемі үйлесіп жатады. Сәкен поэзиясындағы сөздердің бір-бірімен өзара жымдасып кетуі сонша – кейбір шумақтар тіпті нақыл сөз ретінде келіп отырады».

Біз осы екі дәйексөзден Қ. Есеновтің ғылымдарлық байланысқа аса ұқыптылықпен келгенін байқаймыз. Ғалым әдебиет іліміндегі шумақ пен тармақ категориясының тіл біліміндегі көрінісін сипаттайды. Жалпы, шумақ категориясының қазақ тіл білімі тұрғысынан баяндалуы Р. Сыздық есімімен орнықты. Ғалым «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» еңбегінде «Қазақ өлеңдерінде, оның ішінде жырда, қатарынан келген бірнеше тармақ бір ғана ұйқасқа құрылған болады. Ал ыжр астрофикалық (шумақсыз) өлең түрі, яғни ондағы тармақтар қатаң тәртіппен тізбектелмей, әр жерде әр санды болып топтасады, бірақ мұнда да шумақтағыдай бірдей ұйқас және біршама ой тұтастығы болады» [2, 22 б.]. Ал осыған Сәкен

шығармашылығынан мысал келтірсек, «Пасықтық – өз-өзінің сөзін жұтқан, Арзандық – кез келгенге бетін тұтқан» сынды өлең туар еді?!

Сәкеннің «Поэзиялық шығармаларының тіл нәрлілігі сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуымен де айқындалады. Осы әдіс арқылы жазушы өз ойын туралай айтпай, басқа бір нәрсеге теңеумен шендестіре білдіреді. Бұл ретте поэтикалық сөздердің образдылығы артып, олардың астарлы мағынаға ие болудағы көріктену сипаты жандана түседі» екен. «Шығыршықты піспекті сылдырлатып, Керіліп жігіт пісті қара көлді» деген ақын мысалынан көргеніміздей, «Қара сабаны қара көлге теңеу арқылы автор, біріншіден, тілдің поэтикалық көрінісін әсерлеп тұрса, екіншіден, ондағы (сабадағы) қымыздың мол екендігін бейнелеген. Сол сияқты мына бір жолдарда да нысанаға алынған сөздердің астарлануы әсем шыққан». Сондай-ақ «Аспанның дариясына салдық қайық, Сарнатып, көк күңіренгіп қанат жайып» тармақтарындағы «Әуеде қалықтай бастаған самолетті аспан кемесі ретінде беру – ақын ойының образдылығын күшейтіп, сөйлем құрылысындағы мазмұнмен үйлесе келген әсемділік пафосты айқын да дәл көрсетіп тұр».

Қ. Есенов шеберлігін танытарлықтай тағы бір бағыт оның тіл біліміндегі қайталау тәсіліне қатысты пікірлері. Бұл тәсіл, ең алдымен, Сәкен өлеңдерінің шарықтау шегі, себебі «Қайталау Сәкен шығармасында бір ізділік, бір сарын үнде келмей, қайта керісінше өлең жолын түрлендірерліктей күшейту мәнінде жұмсалады». Екіншіден, ғалым көзқарасының да тереңдігіне дәлел. Ғалым Сәкен өлеңдеріне сүйене отырып, қайталау әдісінің қолданылуын тарқатады. Сөйтсек, ақын қайталауды өлең сөздің алғашқы жолында келтіре отырып, қимыл-әрекетті білдіру мақсатын көздейді екен: Өрге қарай орғыса, Өр не қылмақ асауға? Желге қарай орғыса, Жел не қылмақ асауға? Болмаса «бір сөзді жиі қолдану арқылы өлеңдегі айтылып отырған ойға күшейткіш мән береді. Бұған «Бір ақынның сандырағы» өлеңі дәлел. Мұндай қайталаудың үлгісін ғалым Р.Сыздық анофора деп атағаны мәлім. Сонымен қатар ғалым бұған қарама-қарсы құбылыс эпифораның да қолданыста кездесетінін тілге тиек еткен-тін: «Эпифораның ең қарапайым түрі - өлең жолдарының соңғы сөзінің қайталанып келуі» [3, 143 б.].

Демек, бірде ақын қайталауының негізі әр шумақтың соңғы тармағының бас жолы бір сөзбен келеді де, енді бірде керісінше әр шумақтың соңғы жолының кейінгі сөздері бірыңғай жұмсалады екен. Бұған Сәкен «Сағындым», «Келіншектің бесік жыры» атты өлеңдері сәйкеседі. Алғашқы өлеңде ақын өлеңінің мазмұнын ашайын

деген ой түйіні болса, екіншісінде «не нәрсені басты объект қылып алудағы мақсатын» білдіреді. Бұл сөз болған екі өлең («Сағындым», «Келіншектің бесік жыры») құрылысы жағынан, негізінен алғанда, фольклорлық шығармалармен үндес жатады. Алайда мұны автордың ауыз әдебиеті үлгілерін қайталауы емес, қайта соны орынды пайдалана отырып, оған өзінше жаңалық енгізуі деп түсінуіміз қажет».

Қайталаудың тілдік тәсіліне қатысты тұжырымдар кейін үлкен ғылыми зерттеуге ауысты. Аталған тақырыпта зерттеу жүргізген О. Бүркіт оның табиғатын барынша ашқан: «Қайталамалар тілдік жүйеге тән лингвистикалық құбылыс болып саналады. Сөздің сөз тіркесінің немесе сөйлемнің, дыбыстың, дыбыс тізбектерінің қайталануы дүние жүзіндегі барлық тілдерде кездесетін құбылыс. ...Фонетикада дыбыстар мен дыбыстық тіркестер, лексикада сөздер мен фразалар, морфологияда қосымшалар мен көмекші сөздер, синтаксисте синтаксистік құрылымдар қайталанып қолданыла алады. Мәтін құрылымында тек осы бірліктер ғана қайталанып келмей, сонымен қатар мағына мен модельдің өзі де қайталанып берілуі мүмкін» [4, 15 б.]. Айтылған ойға орай Сәкен қайталауының ең бір әсем түрі «Сыр сандық» өлеңінде жақсы бейнеленген. «Мұнда қайталау әр тармақ сайын кездесіп отырады. Бұл ретте жолдың соңында айтылған сөздер іле екінші жолдың басында қайыра қолданылады. Осы арқылы ақын белгілі бір сөздерді нақыштай айтып, олардың бойына тән қасиеттерді жан-жақты көрсету мақсатын көздейді. Өлеңнің мына бір тармақтарын қараңыз: Сарыарқаның бір тауы бар – Бір тауы бар сымбатты. Сол таудан сен сыр тауып ал, Сыр тауып ал, қымбаттым. Қалың зеңгер, құзды шаттар, Құзды шаттар, қалың ну Сарқырайды мұз бұлақтар Мұз бұлақтар у да шу. Осындай құрылыста келген өлең жолдары ілгері қарай жалғаса береді. Бір сөздердің тармақ соңы мен басында осылайша қайталануы өлеңге әдемі сипат беріп, оның оқылу мәнерін арттыра түседі», – дейді Қ. Есенов.

Дыбыстық қайталаулар үлгісін Сәкен қолданған, ал оны ашып-айқындаудағы Қ. Есенов еңбегі төмендегідей: «Ақын қайталануының тағы бір түрі бар. Ол – сөздердің дыбыс үйлесімділігін сақтау. Өлең жолдарындағы сөздерді біркелкі дыбыспен бастай отырып, автор әр тармақтың іштей ұйқастық бірлестігін тамаша көрсете алған. Кейбір жағымпаз да олақ ақынсымақтарды әжуалауға арналған Сәкен өлеңінің құрылысы» осылайша өрбіген.

Қорыта келгенде, ғалым Қ. Есеновтің поэзиялық шығармаларға үңіліп, ондағы ерекше құбылысты қолданымдарды ашуының өзі оның стилистика саласына да үлес қосқанын білдіреді. Біз мұны

С. Сейфуллин шығармасына қарата жазған бір мақаласы негізінде ғана көрсете алдық. Ғалымның өзі атап өткеніндей, «Сәкен – ойшыл да сыршыл ақын. Сондықтан оның поэзиясы терең мағыналы сөз кестесімен өрнектеліп, ой мазмұны жағынан қоюланып отырады. Ал мазмұнға толы негізгі ойлар өлең сарайында белгілі бір ғана әдіспен берілуден шектелмей, оның алуан түрлі саласының қайталануын қажет етеді. Бұл жайлар, мақалада сөз болғандай, Сәкен Сейфуллиннің поэзиялық шығармаларында өзін айқын көрсете алған».

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Есенов Қ. Сөз тәсілі – өлең жаны // Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабарлары Қоғамдық ғылымдар сериясы. Шілде-тамыз 1964 жыл (№4). – 27 б.

2 Сыздық Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1970. – 176 б.

3 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 208 б.

4 Бүркітов О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі. Докторлық диссертация. – Алматы, 2001. – 292 б.

«ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕК ПЕН КӨРКЕМДІК ТӘСІЛ

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

МАХАМБЕТОВА М. Қ.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Шерхан Мұртазаның шығармашылығындағы үлкен орын алатын тақырып – Тұрар Рысқұлов туралы. Тұрар Рысқұлов – Кеңес өкіметі кезеңіндегі саяси қайраткер. XX ғасыр басындағы ұлт еркіндігі, болашағы жолында қызмет еткен тұлғалардың бірі. Жазушының «Қызыл Жебе» романында қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірі мен саяси істері суреттелген. XX ғасыр басындағы қазақ тарихы аса күрделі кезең болуымен ғана емес, ұлт болашағы жолындағы күрескерлер бағытының да түрлі болуымен өзгеше. Жазушы Ш. Мұртазаның түрлі бағыттар мен жолдар бойында тұрған қазақ қайраткерінің істерін де анықтауы қажет болатын. Сондықтан

да роман туралы пікірлерден бастап, кейіпкер бейнесін ашудағы жазушының тарихи оқиға мен нақты кейіпкер ісінің шындығын қалай бейнелегендігін көрсетудің мәні зор.

Қазақ әдебиетінің 1960–2010 жылдардағы кезеңінде Шерхан Мұртаза есімі өзгеше аталады. Тұрар Рысқұлов туралы романға дейін де бірнеше шығармаларымен танылған жазушының тарихи тақырыптағы туындысы көркемдігімен де әдебиетте өзінің орнын алды.

Жазушы шығармашылығындағы Тұрар Рысқұлов туралы көркем туындының орны өзгеше екендігін әдебиет тарихын зерттеушілер де айтады.

«Қызыл Жебе» романы туралы зерттеулерге назар салатын болсақ, әдебиет тарихын зерттеушілер мен көркемдік жайындағы талдауларда туындының бірнеше ерекшеліктері назарға алынады.

«Қызыл Жебе» романының – жазушы шығармашылығындағы аса көрнектісі екендігі, сонымен бірге өмірбаяндық шығарма екендігі.

«Шерхан Мұртазаның шоқтығы биік ірі туындысы – бес кітаптан тұратын «Қызыл Жебе» атты ғұмырнамалық романы. Кітаптың басында: «Революцияның Қызыл Жебесі Тұрар Рысқұловқа ескерткіш», – дейді автор. Романның бірінші кітабының басты кейіпкері – Рысқұл. Ол – Тұрар Рысқұловтың әкесі, қазақ әдебиетінде бұған дейін жазылған М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасының кейіпкері» [1, б. 644–645].

Тұрар Рысқұлов туралы М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» атты повесть жазылады. М. Әуезов кейіпкерлерінің есімдері өзгертілген. Бірақ оқиға желісі сақталған. М. Әуезов шығармасының желісі романның бірінші кітабында айтылады. Сондықтан да бірінші кітаптың басты кейіпкері Тұрардың әкесі – Рысқұл. Жазушы жеке бір отбасының тарихынан бастайды. Тарихи оқиғаның желісін сақтай отырып, жазушы екінші кітаптан бастап Тұрар бейнесін аша бастайды. Оның алғаш Меркеге келіп, Приходько балаларын тасуы, алғаш сабақ оқуына жалғасып, нақты ел ішіндегі тарихи оқиғалармен сабақтасып кетеді.

Қаламгердің Т. Рысқұлов өмірбаянының негізгі кезеңдерін қатаң сақтап, оны көркемдікпен байланыстыра қарауда публицистикалық стильдер белгілері де байқалады. Ш. Мұртазаның тек жазушы ғана емес, елге танымал журналист екендігі де, тарихи тақырыпты нақты дерекпен, дәлелмен беруінен көрінеді.

Жазушы шығармасындағы тарихи деректердің көркемдік мәні мен орны туралы ғалым Б. Майтанов та айтады. Б. Майтанов Ш.

Мұртаза шығармашылығындағы тарихи деректің тек кезенді суреттеп қоймай, құбылысты әсірелеу әдіс-тәсілдері де болатындығын анықтайды. Бұл көркем әдебиет пен публицистиканың сабақтастығы деп көрсете келіп, оның дерек үшін тарихи қажеттілік, ал көркемдік үшін әдіс болатыны ескеріледі. Көркем әдебиет пен публицистиканы шебер сабақтастырған жазушының шығармалары дерекке толы. Қаламгер стилінің ерекшелігі де сонда. «Қызыл Жебе мен «Жұлдыз көпірде» авторлық баяндаудың символикалық мағынамен ұштасатын шақтары ұшырасады (мыс., Қ. Ж., 381, 474-беттер), Мұндай эпизодтар ықшам түрде ірі тарихи-әлеуметтік құбылыстар сырын әсірелей, ашынған толғаныспен бейнелеуге қызмет еткен. Көбінесе болашақ оқиғаларды тұспалдау арқылы онымен тамырлас өткен істердің кейіпкер жан дүниесіндегі көрінісін түс сценаларымен суреттеу (мыс., сонда, 66, 80, 223, 475-беттер) аңыздық сарындарды сол кезеңнің таптық, генеологиялық тартыстарын саралауға пайдалана сөйлеу (сонда, 331, 335-беттер) жазушы прозасындағы публицистизм өрнектеріне кепіл» [2, 137].

Қаламгердің Т. Рысқұлов өмірбаянын терең зерттеп, жан-жақты зерделеп, мол материалдармен оның көркемдік бейнесін сомдағынан анықтауға болады. Жазушы Ш. Мұртаза Т. Рысқұлов өмірбаяны туралы: «Мен Тұрар Рысқұловтың өміріне, қайраткерлігіне арнап «Қызыл Жебе» атты роман жазу барысына көп ізденіп, көп материалдар жинадым. Рысқұловтың партия алдында, мемлекет алдында атқарған еңбегі орасан. Ол талант иесі айтулы оратор, табиғатынан ерекше туған жан. Ұлан-ғайыр қызметінің бәрін жеткізіп айту да қиын. Ал соншалықты қайраткерлігінде ең ерекше, ерен қимылы неде? деген сұраққа мен: миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен екі кезеңі дер едім», – [3, 137] деген ойы осы тұсты толықтырады.

Тарихи шығарманың кейіпкерлері – белгілі тұлғалар болуы көп кездесетін жайлар. Қазақ әдебиетінде шығарманың белгілі бір тұлға өміріне арнап, сол тұлғаның өмір сүрген кезеңін суреттеу арқылы тұтас қоғамды, кейіпкер бейнесін ашу тәсілі жиі кездеседі. Бұл тек қазақ әдебиетіндегі ғана емес, жалпы әлем әдебиетіндегі үрдіс. Сонымен бірге әдебиет тарихты тек нақты бір елге танымал, жұрт білер тұлғалар арқылы ғана емес, жалпы жазушының өз басынан өткен өмірін де негізге ала отырып, суреттейді. Бұндай шығармаларды біз көбінесе өмірбаяндық шығармалар қатарына аламыз.

Ш. Мұртазаның Тұрар Рысқұлов өмірі мен күрескерлік істерін жан-жақты ашу үшін көптеген мұрағат құжаттарын анықтап, талай

деректер мен ойды нақтылайтын дәлелдер ұсынады. Сондықтан да болар, романда Тұрар Рысқұловтың бейнесі қазақ халқы тарихындағы оқиғалармен сабақтаса суреттеледі. Өткен ғасырдың басындағы ел өміріндегі тарихтың бел ортасында жүрген саяси қайраткер өмірін суреттеудегі шеберлігін кітап шыққан кезде-ақ жоғары бағалаған Ғ. Мүсірепов: «Шерханның бұл жолғы табысы – Тұрардың бейнесін сомдап көрсете білуінде» [5, 10], – дейді.

Тұрар Рысқұлов өмірбаяны арқылы халық, әлемдік өзгерістер, тарихы суреттеледі. Сондықтан да жазушы тек Тұрарды ғана емес, жанама кейіпкерлерді де алады. Мысалы Қырғызбай атасы Тұрар өмірінде үлкен орын алатын адам. Бірақ роман өн бойында Қырғызбай бейнесі суреттеле бермейді. Ал осы Қырғызбай атасының атымен Меркеде ашылған мектепке келген баланың бейнесі кейіпкер үшін ғана емес, ел өміріндегі тарихи оқиғалардың бірі. Бұл қазақ даласындағы ашылған мектептердің жайын, ондағы оқу үрдісін, тәлім-тәрбиесін анықтайтын дерек ретінде маңызды.

Ш. Мұртаза романда Рысқұлдың хаттарын сәтті пайдаланады. Хаттар кейіпкердің нақты оқиғамен байланысын, тарихи мәнін ашумен бірге ішкі көңіл иірімдерін, сезімдерін көрсету, оқиғаны дәлелдей түсу үшін де көркемдік қызмет атқарған. Екінші кітаптың үш бөлімі де Рысқұл хаттарымен басталады. Осы хаттар арқылы оқиға өрбиді. XX ғасыр басындағы ел оқығандарының хат мәдениетін жоғары игергендігінің дәлелі ғана емес, кейіпкер бейнесін ашу, дерек көзі ретінде де маңызды болғаны анық. Хаттар дерек көздері сонымен бірге, Рысқұл тағдыры осы хаттар арқылы анықталады. Хаттар арқылы біз қазақ даласынан алыстағы Ресейдің Лена өзені бойындағы тарихи оқиғаларын білеміз, сонымен бірге қазақ даласының талай жерлерімен жүріп өткен Рысқұл өмірі арқылы ел ішінің оқиғалары қамтылады. 1916 жылғы көтеріліс туралы деректер беріледі. Бұл жазушы шығармашылығындағы өзгеше стильдің шығармадағы көркемдік шешім ретінде сәтті алынғандығын анықтауға болады.

Жазушының осы хаттар арқылы кейіннен «Сталинге хат» атты драмалық шығармасы жазылғанын білеміз. Роман жазылған тұста бұл хаттардағы шындықты барынша ашудың мүмкіндігі бола бермеген. Сондықтан да тәуелсіздік кезеңінің алғашқы жылдарында Тұрар Рысқұлов хаттары жаңа шығарманың тақырыбына айналды.

Жазушы Тұрар Рысқұлов бейнесін сомдауда қазақ басынан өткен тарихи оқиғаларды кейіпкермен бірге алады. Алғашқы Рысқұлдың болыстардан алдануы, кек алуы, түрмеге қамалуы, осы жолдан басталған күрескерлік іс Тұрардың ел болашағы үшін

күресімен жалғасады. Әкесі Рысқұл күшімен, бар қайратмен күрессе, Тұрар ақылымен, білімімен, білігімен күреседі. Жазушы осы идеяны көркем жалғастыра білген. Жазушы шерхан Мұртазаның «Қызыл Жебе» романы бір отбасының өмірінен басталып, қазақ тарихымен жалғасып кетеді. Жазушы қазақ халқының өткен ғасыр басындағы тарихи жағдайын Рысқұл отбасынан бастап, қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов өмірімен жалғайды. Бұл аралықта ел басынан өткізген талай тарихи жайлар суреттеледі. Кішкене ауылдағы болыстың өлімінен бастап, Ресейдегі жұмысшылар көтеріліс, қазақ даласындағы ұлт-азаттық көтерілістен бастап, ірі тарихи оқиғалар кейіпкер ішкі жан дүниесімен, сезім иірімдерімен көркем жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 998 б.
- 2 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
- 3 Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы Т. 4. – Алматы: Атамұра, 2002. – 402 б.
- 4 Мүсірепов Ғ. Сөзстан 7-кітап. – Алматы: Жазушы, 1986. – 345 б.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ШЕРХАН МҰРТАЗА

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

МАХАМБЕТОВА М.Қ.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Әдебиеттегі ең көркем де оқырманына жол таба білетін шығармалар тақырыбы тарихы тақырыптарға арналады. Халық қоғамның қай кезеңінде болсын өздері таба алмаған сұрақ жауаптарын тұлғалар арқылы шешкісі келеді. Әсіресе бабалар рухын, ата аруақты қастерлейтін қазақтың дәстүрлі танымы бойынша тұлғалар бейнесі қашанда қадірлі. Осы жағынан алып қарағанда, қазақ әдебиетінде тарихи тұлғалар бейнесі түрлі үлгіде жаңғырып отырады. Мысалы батырлық жырларындағы Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Ер Қосай бейнелері кейінгі кезеңдерде қазақ халқы үшін жаңа бейнелер болып дастандарда қайта жасалды. Ал қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезіндегі күресте ел қорғаған Қабанбай, Бөгенбай бейнелер әдебиетте романтикалық

бейнелермен астасып кетті. Сондай бейнелер қатарына Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанын да алуға болады. Бұл XIX ғасыр оқиғасы болғандықтан да болар, кейіпкер бейнесіндегі романтикалық сарын сақталғанымен, Нысанбай жырау Кенесары мен Наурызбай бейнесін таза реалистік тұрғыдан суреттейді. Әрине жыраудың өзінің романтикалық сарындары кездескенімен де, жыр бойында тарихи деректер мен оқиғалар сол қалпында сақталады. Сондықтан да қазақ әдебиетіндегі тарихи бейнелерді тұлғалық қалыпта көшіруде бірнеше ерекшеліктерді назарға алған дұрыс.

1. Тарихи тұлғаның бейнесін романтикалық сарында алу.
2. Кейіпкер бейнесіне жаңаша мінездер қосу.
3. Тарихи тұлға бейнесін өзгеріссіз алу. Бар қалпында, тарихи тұрғыда суреттеу.
4. Нақты тарихи деректер мен құжаттар, белгілі материалдар арқылы кейіпкер бейнесін суреттеу.

Қазақ әдебиетіндегі Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Ер Қосай, Орақ батыр бейнелері уақыт өте келе романтикалық қалыпта түскен. Батырлар бейнесі өмір сүрген тарихи кезеңі қоғамнан алыстаған сайын олардың бойына халық романтикалық үлгілерді жинақтай түседі. Халық батырлар бейнесіне жасамаған өзгеше қиялдағы, армандағы суреттерді қосады. Бұл үшін кейіпкерлер бейнесі өмір сүрген кезеңінен тым алыстай береді. Романтикалық сарындағы тұлғалар үшін уақыт аралығы қажет. Халықтың танымы мен түсінігі де ұлттық қалыптан көп өзгермеген шақта жасалады.

Тарихи тұлғалар бейнесіндегі жаңа мінездер қосылатын тұстар да аз емес. Тарихи тұлғаның бойына өз ойынан жаңа мінездер мен түсініктер, танымдар береді.

Әдебиет зерттеушісі М. В. Храпченко әдеби шығармадағы басты сипат шығарманың әр дәуірде жазылғанында емес, ішкі мазмұнына байланысты. Шығарма мазмұны белгілі бір тарихи кезеңдерге қатысты болғанымен де, оны келесі, оқырманның өз дәуірі өзгерте де алады деген пікірді айтады [9, 175].

Кейіпкер бейнесіне жаңа мінездер де қосылады. Тарихи қалыптағы кейіпкердің тұлғалық қалпын сақтай отырып, оның көркем бейнесі жасалады. Әрине көркем бейненің әдеби үлгісі болғандықтан да, қаламгер оның бойына қоғам мен оқырман, орта қалыптарына қарай жаңа мінездер қосады. Мысалы І. Есенберлиннің «Жанталасындағы» Абылай бейнесіндегі саси тұлға қалпын жасауда жазушы оның халыққа жақындығына да назар салады. Алғашқы Абылайдың өзінің қалмаққа атойлап «Абылайлап» шабуының

өзі де романтиктің бісі. Ал бірақ жазушы кейінгі тарихи қалыпта оны суреттеуде ке тұста пенделік қалыптарын, адами бейнесін де жасайды. Сондықтан да жазушы тарихи тұлғаны жасауда оны тура өмірдег қалпынан өзгертері анық.

Жазушы Бөгенбай өлімін естіртіп келген Үмбетей жыраудың жоқтауынан кейінгі өзі де әлсреп, ауру меңдеген Абылайдың Бұқармен арадағы тірлік пен өмір туралы әңгімесін береді. Абылайдың о дүниеге бет бұрған қалпын сездіреді. Осы арқылы жазушы тұлғаның бейнесін төмендетпейді. Қайта ертеңгі ел жайын ойлаған ойларын ішкі сезімдерімен жалғасорып, сабақтастыра өреді, шығарманың көркемдік қуатын күшейтеді [10, б. 345–346].

Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлғаның бейнесін жасаудың үздік үлгісі ретінде І. Есенберлинді, одан бұрын ұлы М. Әуезовті аламыз. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында жазушы тарихи тұлғаның бейнесін ақын, ойшыл, өнерпаз, ағартушы, ел болашағы үшін ақылы мен ойын, ішкі рухын жұмсаған тұлға етіп шығарады. Жазушы Абай бейнесін, Абайға қатысты оқиғаларды өзгеріссіз алады, бар қалпында тарихи сипаттарымен суреттейді. Себебі Абай романының алғашқы «Абай аға» кітабы жазылған тұста Абай өмірі сүрген кезең суреттерін есте қалдырған, ұлы ақын кезеңінің әлі де ұмытылмаған шағы болатын.

Тарихи шығармалардың екінші бір үлгісі нақты деректер мен материалдарға құрылуы. Бұл үлгіні біз Шерхан Мұртазаның Тұрар Рысқұлов өмірбаянына арнаған шығармасынан көреміз.

Шерхан Мұртазаның Тұрар Рысқұлов туралы шығармасы 1980 жылы «Қызыл Жебе» болып екі кітап болып шығады. Үшінші кітабы «Жұлдыз көпір» 1984 жылы жарық көрген. Төртінші кітабы «Қыл көпір», бесіншісі «Тамұқ» деп аталады. Жазушы бұл бес кітаптан тұратын тарихи шығарманы 1980-1994 жылдар арасында жазады.

Тұрар Рысқұлов туралы роман қазақтан шыққан саяси қайраткер, ірі мемлекет басшысы болған тұлғаның өмірімен танысады. Бұған дейін Кеңес өкіметі кезінде қазақ халқы Қазақ төңкерістен дейін сауатсыз болды, оқығандар болған жоқ, халық өзін -өзі билеуге қабілетсіз, жұрт басқаратын тұлғалары болмады, тек елді қанаған бай-болыстары ғана болды деген Кеңестік идеяны өзгертті. Тұрар Рысқұловтың қазақ елін билеу ісіне ғана араласып қоймай, Кеңестер Одағын басқару ісіне араласқандығын, әрі бұл жолда оның мол мүмкіндігі болғандығын, білімі мен білігі, қайраткерлігі мен қарымы, күш-қуаты жеткендігін көркем суреттеді.

Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұловтың бейнесін нақты тарихи деректерге негіздеп шығарады. Сондықтан да алғашқы «Қызыл Жебе» бірінші кітабындағы оқиғалар «Қараш-Қараш оқиғасымен» тым ұқсас. Жазушының көркемдік тәсілдері ғана бөлек. Бұл кейіпкердің ішкі сезімдерін ашуда, көркем бейне сипаттарын анықтайда әр түрлі стильдік бояулар мен реңктерді береді. Көркем бейнені сипаттауындағы әр түрлі тәсілдермен берілсе де, екі шығармадағы Бақтығұл мен Рысқұл бейнесі өзгеріссіз қалған. Сондықтан да Шерхан Мұрта өз кейіпкерінің бейнесін деректік негізге сүйеніп жасайды.

Тұрар Рысқұлов туралы алғашқы шығарма – М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» [11]. Повесть 1927 жылы жарық көреді. Шығармадағы Бақтығұл бейнесі арқылы Тұрардың әкесі Рысқұлдың қайратты, кекшіл, өр тұлғасы жасалды. Бұл шығарма Тұрар Рысқұлов туралы 1984 жылы деректі В. М. Устиновтың «Служение народу» [12]. атты еңбегі шығады. Бұл еңбекте нақты тарихи деректер мен құжаттар негізінде Тұрар Рысқұловтың еңбектері мен қайраткерлігі анықталады. Сондықтан да жазушының тарихи романда көркемдік шындықты дерекке бағындырады.

Тарихи роман туралы зерттеулерде тарихи шындықтың сақталуының шарт екені айтылда. Осы тұстан келгенде, Ш. Мұртазаның тарихи шығармадағы тұлға бейнесін жасауда көптеген қиындықтарға кездескені де анық. Шерхан Мұртазаның Тұрар Рысқұлов туралы роман жазуына 1960 жылы 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» Байжарасов деген адамның Т. Рысқұловтың фотосын жарыққа шығауынан басталады. Бұл Кеңес өкіметі үшін қоғамға қарсылық деп, газеттің бас редакторы Қ. Шәріповті орнынан алып тастайды. Себебі Тұрар Рысқұлов Кеңес өкіметіне қызмет еткенімен де, ұлтшыл ретінде 1938 жылы репрессияға ұшыраған қайраткер болатын. Бұл жазушының алғашқы деректік материалы болды. Осыдан кейін Т. Рысқұлов жайында мұрағаттық материалдарды жинай бастайды. Таза деректік негізге құрылады.

Алғашқы кітаптары шыққан кейінгі үшінші кітап Тұрардың ел ісіне араласа бастаған шағын суреттейді. Бұл кезде В. Устиновтың да зерттеуі жарық көреді. Сондықтан да көркем шығарма болса да, жазушы тарихи деректі барынша дәл сақтайды. Тарихи дерек пен көркемдікті жалғастыру – жазушы үшін оңай еместігі анық. Бұл ретте, қаламгердің ұзақ жылдарғы баспасөзде істеген публицистикалық қызметінің де өз жемісін бергені анық байқалады.

Біз қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалардағы тарихи тұлға бейнесінің суреттелуінің 4 тәсілін анықтадық. Бұл тәсілдердің қолданысы тұлғаның өмір сүрген заманын суреттеу, оның кезеңін көрсетумен тығыз байланысты екендігін анықтадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Храпченко М. Б. Художественное творчество, действительность, человек – М.: Советский писатель, 1978. – 366 с.
- 2 Есенберлин І. Жанталас – Алматы: Жазушы, 1985. – 347 б.
- 3 Әуезов М. Қараш-қараш оқиғасы. 50 томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: Жібек жолы, 2010. – 412 б.
- 4 Устинов В. М. Служение народу – Алма – Ата: Наука, 1984. – 229 с.

ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ЖОЛДАРЫ

МУХИТОВ Қ. С.

магистрант, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ЕРҒАЛИЕВ Қ. С.

ф.ғ.к., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Интерактив сөзі ағылшын тілінің «interact» (inter – өзара және act – әрекет ету) сөзінен енген. Интерактивтілік дегенді біреумен (адаммен) немесе бірденемен (мысалы, компьютермен) сөйлесу, диалог режимінде өзара әрекеттесу десек, ал интерактивті әдісті өзара әрекеттестікке жүгінген субъектілердің жоғары белсенділігінің қажет ететін, қатысушылары мәселені шешу үшін іскерлік ынтымақтастық орнатып, өзара ақпарат алмасуға біріккен мақсатқа бағытталған үрдіс деп сипаттауға болады. Интерактивті оқыту – бұл танымдық әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы [1].

Интерактивті оқыту технологиясы жер шарында шамамен 115 мемлекетте кеңінен пайдаланылады (Еуропа, АҚШ, Қытай, Жапон, Корея, Сингапур, ТМД елдері, т.б.). Интерактивті оқыту әдістерімен көптеген белгілі ғалымдар: В.С. Библер, А.К. Кусаинов, Е.В. Пономаренко, М.В. Кларин, Д. Джонсон, Д. Дьюи және т.б. айналысты [2].

Оқытудың дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда интерактивті оқытуда мұғалім мен оқушының өзара рөлі өзгереді: мұғалімнің белсенділігіне қарағанда, оқушылардың белсенділігіне жол

ашылады, ал мұғалімнің міндеті қатысушылардың активті болуына жағдай жасау болып табылады.

Диалогтік оқыту барысында оқушылар сыни ойлауға, жағдайларды талдау және тиісті ақпарат негізінде күрделі мәселелерді шешуге, балама пікірлерді қарастыруға, үйлесімді шешімдер қабылдауға, пікірталастарға қатысуға, басқа адамдармен тілдесуге үйренеді. Ол үшін сабақта жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жобалары, рөлдік ойын технологиялары қолданылады, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жүргізіледі, шығармашылық жұмыстар пайдаланылады.

Инновациялық жұмыс оқу процесіне интерактивті оқыту әдістерін енгізу арқылы жетеді [3]. Мұндай оқыту жағдайында оқушы оқу процесінің толық қатысушысы бола алады. Педагог дайын білім бермейді, қатысушыларды өз бетінше ізденуге, оқуға итермелейді. Тәлім алушы ақпаратты жай қабылдап қана қоймай, оны ой елегінен өткізіп, сол ақпаратты басқа да оқушылармен бірлесе талдап оқиды.

Сабақты өткізудің интерактивті формалары:

- білім алушылардың қызығушылықтарын оятады;
- оқу процесіне белсенді қатысуға шақырады;
- әр оқушының жеке сезіміне жүгінеді;
- оқу материалын тиімді игеруге ықпал етеді;
- білім алушыларға көпқырлы әсер етеді.;
- кері байланысты жүзеге асырады;
- білім алушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады.;
- өмірлік дағдыларды қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне ықпал етеді.

Бұл арада педагогтің интерактивті сабақ беруде жеке тәжірибесінің болуы, тренингілерге қатысуының маңызы зор.

Қорыта айтқанда, онда оқушы да, мұғалім де оқу процесінің тең субъектілері болып табылады. Интерактивті әдіс мұғалімге оқушыларды сабаққа тартуға, белсенді қатысуға, нәтижеге жетуге және топтық жұмыс жасауға ынталандыруға көмектеседі.

Оқыту құралдары – бұл мұғалімнің материалдарды оқыту және ұсыну үшін пайдаланатын объектілері.

Интерактивті оқытудың негізі – оқушының визуалды қабылдауына негізделеді, мұндай формада ақпараттың 80%-ы көру арқылы қабылданады [4].

Оқу құралдары ретінде көбінесе интербелсенді такта, әртүрлі проектор, дисплейлер, планшет, жылжымалы планетарий,

компьютерлер мен кеңсе жабдықтарын, робототехника және LEGO конструкторларын айтуға болады. Сондай-ақ электронды форматта жүзеге асырылатын вебинарлар мен онлайн-конференцияларды бөлек атап өткен жөн.

Таным әрекетерін ұйымдастырудың арнаулы әдістемесі ретінде интербелсенді оқыту білім игеру процесіне қатысушылардың (үйренуі мен үйренушілердің) тиімді қарым-қатынасына негізделеді [5].

Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары.

1) Сабаққа барлық қатысушылар тартылу тиіс. Осы мақсатта барлық қатысушыларды талқылау процесіне қосуға мүмкіндік беретін технологияларды қолдану тиімді.

2) Қатысушылардың психологиялық дайындығын қамтамасыз ету. Жұмыс алдында сабаққа қатысушылардың барлығының психологиялық тұрғыдан әзірлігі әртүрлі болуы мүмкін. Осыған байланысты оқушыны сабаққа дайындығын үнемі ынталандыру, рефлексия жасау және түрлі жаттығулар арқылы белсенділігін арттыру қажет етіледі.

3) Интерактив технологиясында білім алушылар саны шамадан тыс көп болмауы тиіс. Осы орайда қатысушылар саны мен оқыту сапасы үнемі тікелей байланыста болады. Оқушылардың оңтайлы саны – 25 адамға дейін деп шамалаған дұрыс.

4) Аудитория іші қатысушыларға ыңғайлы, үлкен және кіші топтармен еркін жұмыс істей алатындай етіп дайындалуы керек.

5) Жұмыс регламенті мен рәсімдерін нақты бекіту туралы шарт шара басында келісіледі. Интерактив (семинар, конференция, вебинар, т.б.) қатысушылары кез-келген көзқарасқа төзімділік танытады, бір-бірінің ой-пікірін құрметтейді, сөз бостандығы беріледі.

Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың міндетті шарттары:

- демократиялық стиль;
- оқытушы мен білім алушылардың өзара қарым-қатынас процесіндегі ынтымақтастық;
- ақпаратты ұсыну формалары мен әдістерінің әртүрлілігі;
- оқушылардың ішінара мотивациясының болуы.

Интерактивті оқыту формасында әрдайым жоғары мотивация, қатысушылар арасындағы коммуникативтілік, белсенді өмірлік ұстанымдардың болуы, командалық рух, өз ойын еркін білдіру еркіндігі, өзара сыйластық және демократиялық принциптер сақталуы тиіс.

М. Қ. Бапаева, Ұ. И. Ауталипова, С. Т. Бапаева «Психологияны оқытудың белсенді әдістері» атты оқу құралында интерактивті оқыту әдістерін төмендегідей топтастырады [6]:

- а) этикалық және эвристикалық әңгіме
- ә) пікірталас;
- б) генерация әдісі;
- в) іскерлік ойындар;
- ғ) дөңгелек үстел;
- г) әлеуметтік-психологиялық тренинг;
- д) психотерапия, ойын терапиясы, арт-терапия, изотерапия, ертегі терапиясы, битерапия.

Интерактивті оқытудың формалары:

1 Дәріс-диалог. Ол екі оқытушының, мысалы, ғалым мен практиканттың арасындағы диалог түрінде материалды ұсынуды қарастырады.

2 Брифинг (ағылш. ағылшын тілінен briefing, brief-қысқа, қысқа) – бір мәселеге бағытталған қысқаша баспасөз конференциясы. Негізгі айырмашылығы: презентация бөлігі болмайды, яғни, сұрақ-жауап формасында жауап беріледі.

3 Вебинар («веб» және «семинар» сөздерінен) – бұл интернет-технологиялар арқылы ұйымдастырылған «виртуалды» семинар. Вебинарға семинардың басты белгісі – интерактивтілік тән. Жасалған баяндамаға тыңдаушылар сұрақтар қояды, жүргізуші модератор жауап қайырады. Вебинар арнайы техникалық дайындықты қажет етеді: жабдықталған құралдар, компьютер, интернет, арнайы микрофон, тақта, т.б. Қатысушылары әр түрлі жерде болады да, онлайн байланыс арқылы бірігеді.

4 Бейне-конференция (ағылш. videoconference) – есептеу техникасының аппараттық-бағдарламалық құралдарын қолдана отырып, интерактивті ақпаратты нақты уақыт режимінде бір уақытта екі жақты беруді, өңдеуді, түрлендіруді және ұсынуды қамтамасыз ететін ақпараттық технологияның саласы. Бұл екі және одан да көп қашықтағы абоненттердің нақты уақыт ауқымында интерактивті өзара іс-қимылының көрінісі: аудио-және бейнеақпаратпен алмасуға мүмкіндік беретін телекоммуникация құралы болып есептеледі.

5 Бейне дәріс. Диаграммалармен, кестелермен, фотосуреттермен және бейнефрагменттермен толықтырылған қысқартылған нақты формада ұсынылатын дәріс. Мұндай дәрістер сериясы қашықтықтан және сырттай оқу үшін және өтілген материалды қайталау үшін қолайлы.

6 Пікірсайыс. Бұл екі тарап арасында берілген тақырып бойынша нақты құрылымдалған және арнайы ұйымдастырылған қоғамдық пікір алмасу. Пікірталасқа түсушілер үшінші тарапты

немесе тыңдаушы аудиторияны өз позициясын қабылдауға көндіріп, вербалды және вербалды емес құралдардың көмегімен дәлелді аргументтерге сүйелген сөзталасқа түседі. Максаты – тыңдаушыларға өз ұстанымын айғақтау.

7. Диспут – (disputare – лат. пікірлесу, дауға салу). Диспут деп біз жалпы қабылданған, біржақты шешімі жоқ моральдық, саяси, әдеби, ғылыми, кәсіби және басқа мәселелерді ұжымдық талқылауды айтамыз. Диспут процесінде таласқа қатысушылар түрлі оқиғаларға қатысты өздерінің пікір-көзқарастарын, пайым-бағаларын білдіреді. Пікірталастың маңызды ерекшелігі – алдын-ала қабылданған ереже мен тақырыпты қатаң сақтау болып табылады.

8 Сұхбат. Термин ағылшын сөзінің «interview» – әңгіме дегенінен туындайды. Сұхбат мазмұны бойынша топтарға бөлінеді:

- деректі сұхбат;
- тараптар сұхбаты;
- «баспасөз конференциясы» сұхбаты.

Сұхбат беруші субъект ретінде оқытушы да немесе берілген тақырып бойынша ақпарат дайындаған студент/оқушы да бола алады.

9 Семинар – белгілі бір тапсырманы ұжым болып талқылайтын практикалық сабақ түрі. Семинар белгілі бір аудиторияда, мәжіліс залында немесе басқа бөлмеде өткізіледі, ерекшелігі – қатысушылары бір жерге топтасып жиналады және бір-бірімен тікелей байланыс орнатады.

10 Тренинг – интерактивті оқытудың бір түрі, оның мақсаты кәсіби қарым-қатынаста тұлғааралық және кәсіби мінез-құлықтың құзыреттілігін дамыту болып табылады.

11 Дөңгелек үстел. Қазіргі мағынада термин белгілі бір мәселені талқылауды ұйымдастырудың бір атауы ретінде қолданылады. Бұл әдіс келесі ерекшеліктермен сипатталады:

- дөңгелек үстелдің барлық қатысушылары талқыланатын мәселе бойынша пікір білдіреді.
- мәжілістің барлық қатысушылары тең болады.

Көп жағдайда дөңгелек үстел нақты мәселелерді шешу құралы ретінде емес, жалпы ақпараттық рөл атқарады.

12 Шығармашылық тапсырма. Шығармашылық тапсырма сабақты өткізудің кез келген интерактивті нысанының мазмұны (негізі) болып табылады. Шығармашылық тапсырманы орындау оқушыдан бұрын алынған ақпаратты оқытушы анықтаған нысанда шығаруды талап етеді.

13 Рөлдік ойын – бұл өмірлік жағдаятқа құрылған, алдын ала рөлдерге бөлінген топ мүшелерінің эмоционалды мінез-құлығы арқылы көрініс беретін сахналық қойылым.

14 Шеберлік сынып (мастер-класс) – шығармашылық қызметтің белгілі бір саласындағы практикасы мол маманның аудитория алдында тәжірибесімен бөлісуі.

15 Генерация (миға шабуыл) әдісі – идеяларды бірлесіп құру және стандартты емес шығармашылық шешімдерді іздеу.

16 Кейс – бұл нақты фактілерге негізделген, шешуді қажет ететін проблемалық жағдайдың сипаттамасы [7].

17 Жоба – қойылған міндет бойынша өзіндік жұмыс.

18 «Ашық микрофон» әдісі – оқушының белгілі бір мәселе бойынша мәлімдемесі, қалған қатысушылар түсініктеме бермейді.

19 Стратегиялық сессия топ қатысушылары өздерінің идеяларын ватман қағазына жазып, идеяларын сызба түрінде көрсетеді.

20 Сауалнамалар – топ мүшелерінің дауыстарын санау арқылы жалпы пікір қалыптастырылатын адамдар тобының шешім қабылдау тәсілі.

В. И. Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», – дейді [8]. Соңғы жылдары оқу процесінің дәстүрлі оқу форматынан қашықтан оқыту формасына ауысқанында мұғалім мен оқушы, оқытушы мен студент арасында дәл осы интербелсенділік категориясының төмендегенін аңғару қиын емес. Елімізде қашықтықтан оқыту жүйесін одан әрі дамыту барынша интерактивтілікті қамтамасыз етуді көздейді. Шын мәнінде, оқытушымен шынайы қарым-қатынас имитациясына қол жеткен кезде ғана оқыту толыққанды болып табылатыны құпия емес, – міне, оған ұмтылу керек [9].

Тәрбие дегеніміз қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз болса [10], интербелсенді оқыту осы тәрбие процесінің тікелей құралы болып табылады, бұл әдісті күнделікті сабақта қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі артып қана қоймай, оқушының дүниетанымы кеңейеді, өзге оқушылармен байланысы, оқытушымен тікелей қарым-қатынасы арқылы баланың қоршаған орта туралы таным-түсінігі қалыптасады.

Интерактивті әдістерді қолданған кезде педагогтің жалпы рөлі өзгереді, мұғалім орталық фигура емес, тек процесті реттеуші және оны жалпы ұйымдастырумен айналысатын рольге ауысады. Оқу процесін ұйымдастыру барысында алдын-ала

кажетті тапсырмаларды дайындайды, талқыланатын сұрақтар мен тақырыптарды тұжырымдайды, қатысушыларға кеңес береді, жоспардың орындалу уақыты мен тәртібін бақылайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Васенкова М.В. Технология интерактивного обучения русскому языку учащихся начальной ступени образования в школах международного типа: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2010. – 26 с.

2 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 231 с.

3 Курманалина Ш.Х. Методологические основы проектирования содержания начального образования в 12-летней школе //12-летнее образование. – 2006. – №5. – с. 38-41

4 Андреев А.А. Дидактические основы дистанционного обучения / А.А. Андреев. – М.: РАО, 1999. – 120 с.

5 Тойбазарова Н.А. Интербелсенді оқыту технологиясы: оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» унив. баспасы, 2019. – 89 б.

6 Бапаева М.Қ., Ауталипова Ұ.И., Бапаева С.Т. Психологияны оқытудың белсенді әдістері: оқу құралы/ Бапаева М.Қ., Ауталипова Ұ.И., Бапаева С.Т. –Алматы: «Отан» баспасы, 2016. – 188 б.

7 Интерактивное обучение: современные технологии на уроках [Электрондық ресурс]. – URL: <https://externat.foxford.ru/polezno-znat/interaktivnye-formy-i-metody-obucheniya> [сайтқа жарияланған күні 01.10.2021].

8 Сухомлинский В.И. Педагогика. – М., 1975. – 270 с.

9 Аптиханова Л., Бастауыш сыныптарда қашықтан оқыту: ғылыми конференция материалдары/ «Ұстаз тілегі» ғылыми-әдістемелік орталығы. – 2020. – 138 б.

10 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

ЖОҚТАУЛАР ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП

НУРМАГАМБЕТОВА Л. Б.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Жоқтау жырлары халық арасында кеңінен тараған ғұрып фольклорының түрі. Ол сонау ертеректе шыққан эпостың алғашқы ұсақ үлгілерінде де ұшырасады. Ежелгі заманда, патриархтық рулық

құрылыс кезінің өзінде туа бастаған эпостық жырларда жоқтаудың элементтері кездеседі.

Жоқтау жырларының жиналуы мен жиналу тәсілдеріне келетін болсақ, жоғарыда фольклорды жинаудың үш тәсілі бар дедік. Біріншісі – тікелей жинау тәсілі (контакт түріндегі). Бұл дегеніміз: не жинаушы фольклорды ел арасынан арнайы іздеп, айтушыдан тікелей жазып алады, не жеке адамдар өз инициативасымен жинайды. Мысалы, Диваев халық шығармаларын жазып алумен бірге халық шығармалары жазылған жинақтар мен қолжазбаларды да жинай жүрді. Ол қолжазбаның өзін қолға түсіруге тырысты [1, 42 б.].

Ғалым зерттеуінде: «Фольклорды тікелей жинау барысында зерттеушілердің өзіндік жинау әдістерінде тілдік ерекшеліктерді сақтаған, дәлділік, айтушы аузынан сол қалпынан көшіру, арнайы бір тақырыпқа материал жинаған. Сондай-ақ айтушы не айтты бәрін түгел қалдырмай жазу шарты, еш сөзін қысқартуға, алып тастауға немесе өз жанынан басқа бір нәрсені қосуға мүлде болмайтындығы, диалектілік ерекшеліктер болса, оны да тастамай көрсетіп отыру керектігі жөніндегі т.б. барлық фольклоршы-ғалымдар үшін ортақ болды» [1, 45 б.].

Фольклортануы ғалым Н. Жүсіповтің ғылыми еңбегінен Диваевтің фольклор жинаудағы ерекшелігімен толық танысамыз. Ә. Диваев бастаған экспедиция 1920 жылы Көкшетау облысында фольклор жинау жұмыстарын жүргізген. Соның нәтижесінде «80 дәптер (оның 45 дәптері фольклорға арналған) жинағы ретінде тізімі жасалған» [2]. Сол әр дәптердегі жиналған фольклор үлгілерінің саны да жанры да әр түрлі болған. «Жалпы фольклорға қатысты 45 дәптер қойнауында 134 мәтін топтамасы бар. Олар: 5 – мақал-мәтел, 16 – жұмбақ, 1 – жаңылтпаш топтамасымен бірге, 77 – ертегі үлгісі, 19- тұрмыс-салт жырлары нұсқасы, 3 – аңыз, 11 – айтыс, 2 – эпостық жыр үлгісі бар. Мәселен, №1 дәптерде әрі мақал-мәтелдер топтамасы мен бір ертегі үлгісі қатар жазылса, келесі бір №4 дәптерде- бірыңғай 12 ертегі, №15 дәптерде – бірыңғай 6 – жоқтау үлгісі, №21 дәптерде – бірыңғай 6 айтыс нұсқасы да келтірілген», – [3] дейді ғалым Н. Қ. Жүсіпов. Мұнан шығатын қорытынды фольклортанушы Ә. Диваевтің бір елді-мекенде фольклордың тек бір ғана жанрын жинамай, барлық үлгілерін жинау мақсатын тұтқанын көреміз. «Ә. Диваев бастап барған экспедиция 1921 жылы Жетісу облысына нәтижелері 67 дәптер көлемінде сақталған, оның 50 дәптері ішінде фольклорлық мәтіндер тізімі берілген» [4]. Ә. Диваевтың Жетісу өңірінде жинаған

фольклор үлгілерінің саны 280 шақты, оның ішінде: тұрмыс-салт жырына қатысты-60 шақты нұсқа (жар-жар, беташар, бата, жоқтау, естірту, бәдік т.б.) бар екендігі жөнінде дерекелтіреді ғалым Н. Жүсіпов [3]. Бұл экспедиция нәтижелері бойынша жиналған материалдар ішінде фольклор үлгілері жанр жағынан да, саны жағынан да, көлемі жағынан да сан алуан және олардың ішіндегі қара сөзбен, әрі өлең түріндегі шығармалар да бар.

Ә. Диваевтың фольклор жинаудағы орасан зор еңбегін бағалай келе зерттеуі Н. Қ. Жүсіпов «Негізінен, жинау жұмыстары кезінде Ә. Диваев фольклорлық шығарманың не ескісі, не жаңасы деп ерекше көңіл бөлмейді. Ә. Диваевтың жинау ерекшелігі халықтық поэзияның барлық элементтерін қамтиды. Ол қазақ фольклорының барлық жанрларын қағаз бетіне түсіреді: эпос, ертегі, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, тұрмыс-салт жырлары т.с.с. Шымкент, Қазалы, Әулие-ата, Ташкент, барлық Көкшетау өңірі тәрізді елді-мекендердің – бәрінде Ә. Диваев фольклорлық үлгілерді фольклортанушы ретінде тыңғылықты жинастырған» [3, 80 б.], – дей келе, «Ә. Диваев жинаушылығының тағы бір ерекшелігі- ол экспедиция кезінде тұрғылықты жинау тәсілін де қолданған. Бұл жинау тәсілі, негізінен, қырық бес жыл Көкшетау жерімен байланысты болды. Жылдың әр мезгілінде Ә. Диваев ауылдарды аралап, халықтық мейрамдарда, тойларда т.б. елмен бірге болып, халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын тікелей бақылауына мүмкіндік алды. Ә. Диваев әзірлеген жинау бағдарламасы экспедиция мүшелерінен тарихпен қатар халықтың рухани мәдениетін де зерттеуді талап етті», – [3, 82 б.] тұжырымдайды.

Көкшетау, Жетісу экспедицияларының материалын Ә. Диваев мынандай жүйе-жүйеге бөлген:

«...1) мақалдар мен мәтелдер, жорамалдар мен жұмбақтар;

2) әдет-ғұрып, махаббат өлеңдері мен бесік жырлары, жоқтау өлеңдер;

3) ертегілер, мысалдар, перілер жөніндегі әңгімелер, ескі нанымдар, арбаулар;

4) халық медицинасы, бақсылар, көз байлаушылар, арбаушылар, олардың жын шақыру белгілері т.б.;

5) қазақ пен қырғыздың шығуы жайындағы тарихи материалдар, үлкен орданың пайда болуы, тұрғын мекені атап көрсетілген қазақ рулары жөніндегі кесте (шежіре);

б) батырлар жыры, аңыздар, аңыз әңгімелер;

7) үйленумен байланысты көңілді жайда айтылатын салт, жора өлеңдері, өлген адамды жерлеумен байланысты салт, жырлар, ас т.б. жазып алынғандығын атап көрсетті» [3, 84 б.].

Халқымыздың рухани мәдениетінің көзі болып табылатын фольклордың жиналуын сөз еткенде, әрбір зерттеуші жинаушылардың жинаушылығына тоқталады. Себебі, осы бір мұраларымыздың ұмытылып, жойылып кетпей, өткенімізді білдіріп жүргеніне және фольклортанушы ғалымдардың нұсқаларды қарастырып, бақылауына негіз қалауда жинаушылардың еңбегі зор. Яғни, халық ауыз әдебиетінің мұраларына тән көпнұсқалықтың болуына ат салысқан жинаушылардың қолданған жинаушылық тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктеріне көңіл бөліну шығарманы жан-жақты түсіну, тану үшін де керек. Енді осы фольклорды жинаумен айналысқандар кімдер дегенде, қазақтың көптеген ғалымдарына ой салған көрші жұрттардың оқымыстыларын атағанымыз жөн. Олар қызығушылықпен, әрі шығыс халықтарын тану мақсатымен жинаған басқа халық өкілдерінің В. В. Радлов, В. Бартольд, Ә. Диваев т.б. тәрізді ғалымдары. Бірақ қазақ ғалымдары да бұл тараптағы жұмыстарын сол кездерде жандандыра бастады. Әсіресе, 1920 жылдардан бастап баспасөз беттерінде жинау, жариялау, зерттеу мәселесі өзекті тақырыпқа айналып, қазақтан шыққан М. Ж. Көпеев, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедұлы сынды ғалымдардың ел арасынан жинаған фольклор мен ауыз әдебиеті нұсқалары басыла бастады. Және 1920 жылдың аяғына таман қазақ совет фольклорының қоры жасалып, фольклор үлгілерінің қатарында эпостық жырлардың да нұсқалары қолжазбалар қорына жинақталып отырды. Белгілі бір экспедициялық сапарлар барысында да, жеке институт ғалымдардың жобаларымен де жинала бастады.

«Фольклорды тұрғылықты түрде жинау – белгілі бір мекенде тұрып, сол маңайдан үзіліссіз жинау. Бұл жұмыспен аудан орталығында, үлкен селода т.с. мекенде тұрақты тұратын маман (әдебиетші, мұғалім, журналист) шұғылданады. Олар алыс елді аралайды. Өз айналасындағы, облысындағы, аймақтағы фольклорды үзіліссіз, үнемі жинап тұрады. Мысалы, Жамбылдың 1936 жылдан бастап айтқан шығармаларын ақынның әдеби хатшылары (Т. Жароков, Ғ. Орманов, Ә. Тәжібаев, Қ. Әбдіқадыров, Қ. Сатыбалдин) мұқият жазып алып отырды...

Ендеше бұл халық ақындарының мәдени мұрасын жинау кезінде, оларды үздіксіз жырлап өткен тұрғылықты елді-мекеннің фольклоры да тұрғылықты тәсіл арқылы қамтылды [1, 71 б.].

«Фольклорды жинаудың келесі өте жиі кездесетін тәсілі экспедициялық тәсіл. Сол кездері бірталай экспедициялар ұйымдастырылған. Оның міндеті – Кеңес фольклоры мен батырлар жырының, тұрмыс-салт дастандарының нұсқаларын ел аузынан жазып алу болды. Сөйтіп, Қазақстанда 1920-1940-шы жылдары алғашқы экспедициялар ұйымдастырылды. Мәселен, 1921 жылғы Жетісу экспедициясы, 1935 жылғы Көкшетау экспедициясы, 1939 жылғы Көкшетау зерттеу қоғамының ғылыми экспедициясы мен Маңғыстау экспедициясы; 1940 жылғы Арал мен Көкшетау экспедициясы, 1942 жылғы Арал экспедициясы, 1943 жылғы Торғай экспедициясы, 1946 жылғы Көкшетау-Көкшетау, Қарақалпақ, Көкшетау экспедициялары, 1947 жылғы Көкшетау экспедициясы, 1949 жылғы Гурьев экспедициясы мен 1950 жылғы Көкшетау экспедициялары нәтижесінде қорымызға жүздеген баспа табак халық шығармалары материалдары жиналды [1, 39 б.].

Қорытындылай келе, жоқтау жырлары жоғарыда айтылған үш тәсіл арқылы жиналды. Тек жырлар жиналып қана қойған жоқ, фольклошылар олардың қолжазбаларын да алып қалуға тырысты. Сонымен, 1920–1950 жылдары ауыз әдебиетін, оның ішінде эпосты жинау қарқынды түрде дамыды. Н. Қ. Жүсіпов зерттеуінде профессор Н. Н. Фатовтың «Қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері» атты көлемді мақала жариялағандығы жөнінде айта келе ол ғалымның қазақ халқының халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудың маңызы туралы ойларын ортаға сала отырып, и фольклорлық үлгілерді жалпылама түрде емес, жыл мезгілдеріне арналған өлең-жырлар, тұрмыс-салт жырлары, тарихи жырлар, ертегілер, жұмбақтар, мақалдар, айтыс өлеңдері тақырыптарына жіктеп жинауды ұсынандығын айтады [1, 31 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүсіпов Н. Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы – Павлодар: 2007. – 380 б.
- 2 ҚР Білім және ғылым министрлігі. ОҒҚ. – Ә. Диваев қоры.
- 3 Жүсіпов Н. Қ. Қазақ фольклорын жинау мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы – Павлодар: 2010. – 181 б.
- 4 Наука и просвещение – 1922. – №1. – С.25 – 27.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ АЛҒАШҚЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

ОМАРХАНОВА А. Н.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Бірлік негізгі мектебі,
Ертіс ауд., Павлодар обл.

XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси жағдай мен мәдени-рухани дүниедегі шиеленісті, күрделі кезең ұлт қайраткерлерінің алдына үлкен, бағдарлы мақсаттар қойды. Қазақ қоғамындағы іргелі өзгерістердің басында тұрған ұлт тұлғалары өздерінің сан-салалы қайраткерлік қызметінде көптеген істердің ұйытқысы, бастаушысы болды. Солардың ішінде жазушы, ғалым, ұстаз, қазақ әдебиеті тарихында іргелі зерттеулерімен, кесек, көркем туындыларымен қалған – Мұхтар Омарханұлы Әуезов бар еді. «Әуезовтің ойшыл азаматтығы, қайраткерлігі, санаткерлігі көсемсөзінен (публицистикасынан) басталған» – дегеніндей жас Мұхтардың халқының бүгінгі мен келешегін қатар ойлаған қайраткерлік болмысы оның алғашқы мақалаларынан көрініс берді. «Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі – тіршілік қамы, бірі – адамшылық қамы. Барша дүниедегі пайда-мақтан әуелі басыма болса немесе туысқаным, ең болмаса аталасыма болса деп неғұрлым өзіне қарай тартып, талап қылу, бұл бір ғана тіршілік қамын көздеген хайуани салахият деп айтылады. Бұған қарағанда адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізетін – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!». Бұл «Адамдық негізі – әйел» атты шағын еңбекте автор үлкен ойдың тізгінін ұстатады. Әйел адамның орны отбасы, ошақ қасынан басталса, ол аса маңызды, өйткені отан, ұлт деген ұғымның бастауы отбасында жатыр. Ал, оның ұйытқысы – әйел. Ендеше, әйелдің рөлі қоғам үшін, ұрпақ үшін аса мәнді деген ой түйеді. Мақала Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің 1917 жылы 5 қыркүйектегі санында «Семинарист Әуезов» деген бүркеншек есіммен жарияланған. Қазіргі әліпбиге түсіріп, 1966 жылы 8 маусымда «Лениншіл жас» газеті арқылы оқырманға жеткізген – академик Рымғали Нұрғали. М. Әуезовтің қаламгерлігі мен зерттеушілігін жарыстыра талдай отырып, Р. Нұрғали оның алғашқы публицистикалық еңбектеріне көп назар аударылмай келе жатқанын айтып, дәйектеуді 1917 жылы жазған осы «Адамдық негізі – әйел»

мақаласынан бастаған. Зерттеуші: «Мақала арқауы – өмірдің жеке бір ғана фактісі емес, қиын-қыртыс түйін – әйел бостандығы тақырыбы. Автор құбылыстың сыртқы жадағай көріністерін жеңіл қарпымайды, проблеманың түп тамырын қазып, тарихи параллельдер жүргізуге ұмтылады», – деп жас қаламгердің әйел тақырыбын жалпы адамзаттық, гуманистік проблемалармен үндестіре көтергенін атайды. Алаштың көрнекті өкілі Ә. Бөкейхан «Ашық хатында»: «Қазақ жұртының іргелі істері – жер мен жесір», – деуімен де әйел проблемасының қоғамдағы келелі мәселелерімен қабаттас екендігін айтқан-ды.

М. Әуезов әйел тағдырын тек қалың малмен байланыстырмай, бүткіл адамзаттың, қоғамның жағдайымен қоса көтеріп, жер бетіндегі жақсылық пен имандылық, адами қасиет, ұрпақтың тәрбиесі секілді салмақты мәселелермен үйлестіреді. Әйел проблемасы қоғамдағы маңызды мәселелермен қатар тұрғандығын прогресшіл, ағартушылық арнада байлам жасауымен дәлелдейді.

Қайраткер халқының тағдыры мен тарихы туралы ойлы мақалаларын одан әрі тереңдете отырып, «Қазақтың өзгеше мінездері» мақаласында: «Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқор, алымды әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен. Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен. Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, суыққа шынығып, қуатты, қайратты денелі өсетін қазақ, тазалығы жоқ, аласа жер үйге кіріп, аурулы қалыпқа түсті». Бұл жерде автор халқының етене, табиғи болмысына заман өзгерісінің тигізген әсерін айтады. Сайын даланы еркін жайлаған, төрт түлік малды тіршілігі мен салт-дәстүрінің негізіне айналдырған халқының болмысына еркіндік, қонақжайлық, сауықшылдық, қайраттылық тән екендігін айтып, енді тар, қоршаулы үйде осы болмысынан ажырап, ұлтқа тән намысқойлық пен ер мінезділіктің де солғындап бара жатқанын тілге тиек етеді.

Өткен ғасырдың басында қалыптасқан қазақтың демократиялық зиялы қауым өкілдерінің көрнекті тұлғасы Х. Досмұхамедұлы қоныстың тарылуы, жердің азаюы, елдің түрлі таршылыққа қалуы, өкіметтің (билеуші таптың) зорлық-зомбылығы қара бұқараны көрген күніне наразы қылып, түрлі қимыл туғызғандығын айтып, «адастыратын соқпақтарға түспей, көздеген нысанаға жеткізетін дұрыс жолмен жүре алса ғана осындай қимыл жемісті болады. Елдің қимылын жолға салып, ұйымдастырып отыратын көсем керек. Қимылдың көсемі бас пайдасынан баз кешіп, жан- тәнімен көптің тілегін орындауы керек. Ұлы қимылдардың уақытында көптің

әлеумет сезімі өте күшті болады», – деп халық наразылығының себебін атап, жер мәселесінің қаншалықты маңызды екенін ашады.

Қазақ халқының жер мәселесіне қатысты ғылыми, танымдық пікірлердің ортақ арнасы қоныстандыру саясатының жағымсыз, тиімсіз факторларының көп болғанына, жерінен айырылған қазақтардың хал-жағдайының нашарлауы, қазақ жерлерінің жаппай тоналып, өзге өңірлерге қоныс аударуға мәжбүр болғандығына саяды. Сахараның құнарлы топырақты жерлерінің талауға түсуі, ол өңірлерді ежелден қоныс еткен елдердің бейқам қалыпты тіршілік жүйесінің бұзылуы күйініш, өкініш өлеңдерінде өрнектелген. Қазақ жерінің шетіне жағалай әскери қамалдар салу, оның айналасындағы кең жерді иемдену, шұбырынды қара шекпенділерді көшіріп, оларға ең шұрайлы жерлерді бөліп беру, бұдан қалғанын патшаның меншігіндегі үлес деп елдің аузынан жыру, қазақ қоныстарын зорлықпен бұзып, елді тықсырып тастау, соры қайнаған жергілікті тұрғындардың өз жерін өзіне «жалға» беру, «егіндік жерлерімізді малдарың таптады» деген себеппен қазақтарға әдейі айып төлету секілді зорлықтардың ұзын тізбегі жалғасып кете береді. Шайқаста үстем болғандар жерге билік орнатып, жайлы қонысты басып алды. Ал, халыққа Шернияз ақын толғағандай:

Ханның көркін сұрасаң,
Қара орман ел керек;
Жұрт жабылып ішетін
Айдын шалқар көл керек;
Көл жағалай қонуға,
Көкорай шөпті жер керек.

Халық басындағы ауыр жағдайды жұмыла көтеріп, бірге серпілтуге тырысқан зиялы өкілдер мен шығармашылық иелерінің идеялары өзектесіп, елінің қоныс-тұрағын, әлеуметтік жағдайын, рухани дамуын үндесе қозғап отырды. «Оян, қазақ!» деп халқының қамын жеген Міржақып, Ахмет сияқты тұлғалар шықты. Қазақ даласында ғасыр басында төңкеріс туын көтеріп, жеке бағыт болып қалыптасқан ұлт-азаттық қозғалысы еді. Оның ғасырға жеткен дәстүрі XIX ғасырдың екінші жартысында осы қозғалыстың шешуші бір саласы – ағартушылыққа жалғасты. XX ғасырдың басында ағартушылық бағыттың тармақтары жіктеле бастады. Олар: ұлт болып қалыптасқан халыққа отаршылдық шеңбер тарлық етті, ел егемендікті аңсады, қазақ жұрты отаршылдар тартып алған ата қонысын қайтарып алуды көкседі. Сөйтіп, жер қайғысы ел қайғысына айналды. Міне осы кезде, ғасыр басында қазақтың көзі

ашық оқығандары елдің болашағын оқу-біліммен байланыстырды. Елдің тізгінін ұстап, кем-кетігін түзеуге оқығандардың әлеуеті қажет екенін ұққан әрбір жас талаптанып, оқудың соңына түсті. М. Әуезов «Оқудағы құрбыларыма» деп аталатын келесі мақаласында өз қоғамындағы келелі мәселені өзек етеді. Бұл тұста М. Әуезов ойларының Абай айтқан ғибраттармен үндесіп жатқанын байқаймыз. Мысалы Абай отыз екінші сөзінде: «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенімен табылмас. Әуелі – білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар деп, іздемекке керек. Екінші ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек», – дейді. Шындығында да оқыған адам оқыған-тоқығанынан басқа соны игілікті іске жұмсап, көпке пайда келтіру керек екендігі ақиқат. М. Әуезов осы оқыған ортаға тән кейбір келенсіздікті атап, оларды ұйымшылдыққа, адалдыққа, табандылыққа шақырады: «Жігіттер! Ендігі біраз уақыт жазғытұрғы күн шуақтай жанға жайлы емес пе? Осы рақымды күннің қызуына жылып, біз де аз ғана білімімізді, аз ғана қайратымыздың кішкене қызметін адамшылықтың жолына салып, ақтыққа жұмылайық!» – деген публицистің байламы дәуір басында өзекті болған оқу-білім, оқыған азаматтардың қоғамдағы рөлі мәселелерін қамтиды. «... Ұлт тізгінін ұстап тұрған оқығандарымыз, солардың істерінің таудай болып үлкейіп, дабырайып көркеймегіне не шарт? Әрине, бірінші – сол оқығандардың бірлік, берекеде болып шоғырланбағы шарт. Екінші – (олардың) істері маңызды, орнықты, табанды болуы үшін әрбір оқығанның ақтығы, екпіні, ақжүрек болып туа қоймалық, бірақ алдыңғы оқыған қамқор ағалар не ойлап, нені істеп, нені арман қылып жүр. Соны істемесек те білу, бетін ұғу керек емес пе?». М. Әуезов оқуда жүрген замандас құрбыларына халықты оқу-білімге жұмылдыру қажеттігін айтып, өзінің ағартушылық бағытын білдіреді.

Ұлтшыл болу – ұлтына деген сүйіспеншілігі елден ерек, жұрттан бөлек ел перзенті болу. Ұлтшыл болу деген сөз – елшіл, халықшыл болу деген сөз. М. Әуезов оқыған замандастарынан осындай еліне деген ерекше құрметті, қамқорлықты көргісі келеді.

М. Әуезовтің алғашқы мақалалары қоғамдағы, әлеуметтік жағдайдағы бір-біріне жуық, мәнді мәселелерді қозғауға арналған. «Қайсысын қолданамыз» мақаласында өзі алдыңғы еңбектерінде айтқан білім-ғылым мәселесі туралы ойын әрі қарай дамытады. «Жұрт оянып, көзін ашып, жұрттыққа бетін түзесе, күннен күнге мұхтажы табылып көбеймек. Осы күнгі біздің көп мұхтажымыздың

ішіндегі ең ірісі – ғылым. Рас, мұны ұқтық. Құдайға шүкір, бетіміз жаман емес. Азды, көпті білімін халықтың жолына салып, соның бақытын арман қылмай жүрген оқыған қазақ аз. Бірақ қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі, ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек». Ғылым-білім – қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің тұғыры. Халықтың тілі, діні, тарихи санасы, ұлттық харекеті елдің рухы – осының бәрі ілім-ғылыммен байланысты.

Ұлттық басылымдарының ішінде «Айқап» пен «Қазақта» ана тілінде шығып жатқан оқулықтар, кітаптар, оқу-білім, қазақ тарихына қатысты мақалалар, елдің жай-күйін толғаған материалдар басылып отырды. Мәселен, А. Байтұрсынов оқу-білімге қатысты ойын былай түйіндейді: «Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтың қолына көшпекші». Өз ұлтымыздың бірігуін сақтап қалу үшін ағарту ісін дамытып, әдеби тілімізді қалыптастыруымыз керек», – деді. Қазақтың жоғын іздеген халық екендігін айтқан ұлт көсемі өзінің еңбектерінде елінің ертеңін оянумен, дамумен байланыстырды.

Педагогиканың ең маңызды мәселесі – оқулық, оның жүйесі мен сапасы – білімнің көрсеткіші. Оқулық жасау, әр ғылым саласы бойынша терминдерді бірізге түсіру күні бүгінге дейін өзекті мәселе. Кезінде А. Байтұрсынов «Оқу жайы» мақаласында: «Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Осы заманғы жан таңқаларлық нәрсенің бәрі де ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшырған, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүнианың бір шеті мен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған – ғылым, от арба, от кемелерді жүргізген – ғылым. Осыларды істеп отырған жұрттың бәрі де сондай болмаған. Бұлар да басында бізден де өнерсіз болған. Халық жүре, оқи, талаптана келе, осыншаға жеткен», – дей келе «қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді, тәртіппен оқытарлық мұғалім аз, оқу программасы жоқ», – десе, М. Әуезов «қазақ мектепке арналған ретті бір кітап жоқ» дейді. Екі тұлғаның да білім-ғылымға әуел баста қоятын талаптары бір. М. Әуезов бойдағы қайрат пен жігерді білімге, адамшылық жолына жұмсауды мұрат тұту керектігін айтса, А. Байтұрсынов мұғалім жақсы оқытса, балалары тез хат білсе, ата-аналары да балаларын оқытуға ықыластанбақшы дейді. М. Әуезов «Ғылым тілі» мақаласында: «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ

оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі. Қазақ мәдениеті жер жүзіне бой көрсетіп, дүние майданына шыға алмай тұрған уақытта, бұл мәселені бір жөнге салудың пайда, зияны жұрт көзіне байқалмайды. Бірақ бұл күндегі қылтанақтап келе жатқан мәдениет – қазақ жұртының бүгіндік ғана керегі, ертен тағы тосыннан бір жол салып алуымыз оңай десек, сөз бір басқа: егер де бүгінгі жол, бүгінгі еңбек мәңгілік дейтін болсақ, ғылым тілі аса қарауды көтермейтін шетін мәселе».

Мұхтар Әуезовтің мәдени-әдеби зерттеушілік бағытының әр тарапты болғандығы бірнеше мақалалары арқылы көрінеді. Мәселен, 1918 жылы жарық көрген «Философия жайынан», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?», «Мәдениет және ұлт», «Земство һәм кооператив қауымдары» мақалаларында ғылым бастауы - философияның басқа ғылымдармен ықпалдастығын, әлеуметтік-қоғамдық факторлардың халықтың дамуына әсерін, шаруашылықты өркендетудегі географиялық орта жағдайын дүние жүзі елдерінің тәжірибелерімен ұтымды салыстырады. Зерттеушінің әрбір байлам-пайымдарының жаңашыл қырлары, оқу-білімге ынта қоюы, өнімді еңбекке жұмылуды, ұлт мәдениетін өркендету секілді мағыналы істерге бағыттаған ойларының мәні жоғары.

Мәдениет сөзін латын тілінен аударғанда «өңдеу, тәрбиелеу, білім беру, даму» деген мағына береді. Мәдениет ұғымының қалыптасу жолдары ұзақ. Бұл ұғым адам баласының өз әрекетін табиғатпен сабақтаса жүргізуі болады. Одан соң мәдениет ұғымына адамды сәби кезінен ересек азамат болып қалыптасқан кезге дейінгі тәрбие қосылады. Цицерон (б.д.д. 45 ж.) мәдениетті «жанды жетілдіру» деп атаған.

Мәдениеттің құрылымы – білім, ғылым, көркемөнер, әдебиет, мораль, мифология, құқық, дін. Мәдени қалыптың ішінде халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің де маңызы ерекше. Жазу-сызуы дамымаған елдерде осы салт-ғұрыптар арқылы халықтың мәдени құндылықтары сақталып, ұрпақтарға жетіп отырған. Осыған сәйкес өркениет деген ұғым да мәдениетке аса жуық. Ғасырлар бойы осы екі ұғым туралы пікірлер И. Гердер, Э. Тайлор, Ж. Руссо еңбектерінде қалыптасты. Ғалымдар мәдениет пен өркениетті тұлғалық жағынан мәдени әрекет, мәдени орта, мәдени игіліктер мен қажеттіліктер, мәдени ұйымдар деп қарастырған. Осы мәдени ортаға ықпал ететіндер дамыған техникалық құрал-жабдықтар, мәдениеті жоғары тұрмыстық жағдай, кітапханалар мен мұрағаттар. Ендеше, адамдардың білімі мен біліктілігі мәдени ортаны құрайды.

«Философия жайынан» мақаласында М. Әуезов мынадай ой айтады: «Философияның басы – таңдану», – дейді Аристотель. Таңданудан барып адам бір нәрсені тексере ойлайды. Тексерген соң шынынан бұлдырды айырады. Бұлай болғанда философия бір нәрсені терендеп ойлау болады. Философияның кірісетін жері қолға ұстанып, көзге көрсетерлік дәлелдер табылмайтын, таза ақыл ғана шешетін сауалдар. Философия адамның басынан шыққан бар ғылымның тамырын бір арнаға жиып, сол шығарған қорытындысын адамның ақылына, жанына азық қылып береді. Философияның жолымен хақиқатты іздеуге адам құлаштаған кең ақылдың ғана нұсқаған жолында болып, терен ойдың түбіне телміре қарауына керек». Адам – тұлға ретінде әлем кеңістігінде, табиғи ортада ғұмыр кешеді. Ол табиғи ортаны, кеңістік-уақыт қарым-қатынастарын диалектикалық бірлікте алып, тұтас тарихи құбылыстарды көз алдымызға келтіреді. Адам өзінің ғұмырында осы тіршілік үшін күресіп, өзінің саналы болмысын соған бағыттайды. Академик Ә. Марғұлан: «Мұханның атын көпшілікке әйгілі еткен ең алдымен «Абай» журналы еді. Бұл журналды Мұхтардың ең алғашқы беташары деуге болады. Өйткені оны бірінші рет ұйымдастырып, оның негізгі мақалаларын жазған көбінесе Мұханның өзі болатын. Бұл алғашқы өрлеуінде ол көбінесе журналист, публицист, ойшыл, сыншы, философ ретінде көрінді. Оны «Ғылым», «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Қазақ ішіндегі партия неден», «Философия жайынан» деген мақалалары анық сипаттайды. Мұханның алғашқы ой толғауына көбірек ойысуы оның бір ғана өз басының ерекшелігі деуге болмайды. Мұханның өзінің туып-өскен жерінен, Абай мұрасынан дәстүр етіп шыққан», – дейді. Шындығында да Мұхтар Әуезовтің сан-салалы тақырыптарды меңгеріп, әрқайсысына салмақты дерек-дәйек келтіріп, кең толғаныспен беруі Абай танымынан бастау алуы еді. М.Әуезовтің әр түрлі мекемелерде қоғамдық қызметтер атқарып, көптеген істің басында жүруі оның ой-өрісін кеңейтті, көзқарасы мен дүниетанымына ықпал етті. Қауырып атқарылып жатқан істердің оң-терісін байыптап, дер кезінде өзінің ой-пікірін ашық беріп отырды. М.Әуезовтің алғашқы публицистикалық еңбектері бүгінгі заманның көкейкесті мәселелерімен үндесіп жатқанымен маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Дәуір, 2014. 1-том. Мақалалар мен пьесалар. 1917-1920. – 464 б.

2 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. – Алматы: Жазушы, 1984. – 336 б.

3 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

4 Марғұлан Ә. «Алғашқы өрлеу» \ Біздің Мұхтар. Естеліктер. – Алматы: Жазушы, 1976. – 432 б.

I. ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «АЛТЫН ОРДА» ТРИЛОГИЯСЫ: БАТУ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ПОЭТИКАЛЫҚ ҮЙЛЕСІМ

ӨМІРБАЕВ Р.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
МУТӘЛИЕВА Р. М.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к, профессор, «Филология» кафедрасы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі жаһандану заманы әдебиеттану ғылымына жаңа көзқарас, тың пайымдауларды қажет етеді. Бұл өзгерістер ғылыми жаңаша әдіс-тәсілдерді гуманитарлық ғылымдарда қолдана отырып, әдебиеттің қоғамдағы орнын, басты сипаттарын күшейту мұратынан туындайтыны белгілі. Сондықтан да әдебиеттану ғылымы жалпы өнер туындысы ретінде ғана емес, қоғамдық қызметті жүзеге асырушы ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда кейінгі кездері қазақ әдебиеттану ғылымында да сөз өнерін қолданбалы ғылымдар қатарында зерттеуге деген талпыныстармен өлшеуге болады. Осы тұрғыдан алғанда әдебиеттегі поэтика мәселесі назарға алынады.

Поэтика зерттеу нысаны ретінде ерте антика дәуірінен бастау алады. Аристотель поэтиканың басты сипаттарын белгілейді. Аристотельдің поэтикасы жалпы сөз өнерін тек пен түрге бөледі. Осы арқылы жалпы шығарма мазмұнынан түсінік пен танымды анықтайды [1].

Аристотель поэтика негізі ырғақ пен үйлесім деп есептейді. Ал ырғақ пен үйлесім поэзиялық шығармаға тән деп есептеледі. Өрі поэзияға драма мен эпосты да қосады. Себібі ежелгі дүниеде көркемдік поэтика үшін сөздердің үйлесімі мен үндесуі, ұйқасуы да шарт болатын.

Ежелгі грек данышпаны сөз өнеріндегі поэтиканың негізі поэзиядағы (поэзия деп драма мен эпосты қоса алады) үйлесім мен

ырғақ деп белгілейді. Еске алар тағы бір жайлардың бірі Аристотель ойының қазақ өнері жайындағы бағалы оймен сабақтастығында. Аристотель сөз өнерінің поэтикасы үшін бастысы шығарманың мазмұны мен көркем кейіпкерді және идеяны алады. Бұл ретте, Аристотель оны келесі үлгіде жіктейді.

1 Шығарманың негізі – фабула.

2 Көркем бейне, көркем образ немеес характер.

3 Шығармадағы негізгі ой. Идея [1].

Аристотель поэтиканың негізгі белгілері деп осы шарттарды алады. Сондықтан да көркем шығармадағы поэтикалық белгілерді анықтауда негізгі тірек сипаттар қазіргі дейін сақталған. Шығарманың көркемдігі немеес поэтикалық құндылығы туындының мазмұнына, көркем бейнелеріне және идеяның берілуіне байланысты. Көркем шығармадағы мазмұны туындының негізінгі тұғыры. Яғни шығарманың мазмұны арқылы оның алғашқы белгісі анықталады. Оқиғалардың мазмұны терең, оқырман үшін қажет, қоғаммен сабақтаса байланысып, нақты суреттер көңіл иірімдерімен байланыса алса, поэтиканың бірінші шарты орындалғаны. Сонымен бірге шығармадағы басты сипат – көркем кейіпкер бейнесінің ашылуы. Жазушының поэтикасын көркем кейіпкердің мінезінің ашылуы да анықтайды.

Аристотель әдебиеттің адамзат игілігіне қызмет етуін негізгі етіп қойды, ал Платон әдебиеттің ғаламдық құндылығына назар салды деген пікірді М. Райан айтады [2, 18].

Қазақ ғылымында әдебиеттанудың теориялық негізін жасаушы А. Байтұрсынов үшін поэтика қисын [3] деп алынады. Қисын – қоғамның барлық тараптарының мазмұны мен құрылымының үйлесімінің табылуы. Шығарма поэтикасы – оның қисынының келуі. Ұлы Абайдың өзі: «Қисынымен қызықты болмаса сөз,

Неге айтсын Пайғамбар мен оны Алласы» – деген өлең жолдарында қисын дегеннің өзі мазмұн мен ойдың үйлесімі.

Шығарманың басты құндылығы қоғамға жарай алуы мен адамдарға қызмет етуінде деген пікірді қостайды. Сол себептен де болар, I. Есенберлиннің өткен тарихты қайта жаңғыртқан романдары қазақ қоғам үшін қашан да бағалы. Алғашқы «Көшпенділер» жазылған тұста Кеңес өкіметінің әлі де өз қуатын әлемге дәлелдеп, болашағына сеніммен қадам басқан кезі болатын. Барша Кеңес өкіметіне қарасты елдердің тарихын ұлы орыс халқының тарихы негізінде жасалды, орыс халқы жасап берді деген идеямен ғана анықтап отырған ел үшін түркі әлемінің, кейінгі

көшпенділер дүниесінің бай тарихын, бай мәдениетін, құнарлы танымы мен түсінігін суреттеген шығармалары алғашқы жарық көрген күндерінен бастап оқырмандары үшін бағалы туындылар. Классикалық шығарманың өзгеден артықшылықтары – қай заман болсын, қандай идеология болсын, негізгі кейіпкерінің қоғаммен қабысуы, идеясының заманмен байланысуы, мазмұнының суреттерінің таныстығы болса керек. Осы үш тұғырды негізге алсақ, І. Есенберлиннің «Алтын Орда» роман-трилогиясының дәуірлік маңызы ашылады. Біз осы арқылы І. Есенберлин трилогиясының поэтикасының көркем де шынайы мазмұн құрылымын көреміз.

«Алтын Орда» трилогиясы Бату хан жайындағы оқиғадан басталады. Бату хан өмірінің соңында өткені туралы ойлайды. Ханның өткенін ойлауына жазушы бірнеше оқиғаларды негіз етеді. Әлемді жаулап алған Шыңғыс ханның өзіне тартып туған, қанқұмар немересінің тірлік туралы, өткенге өкінішпен қарауы бір қарағанда тым ойға алғысыз да болуы мүмкін. Еуропа мен Азияны уысында ұстаған Батудың да пенде екендігін жазушы бір сәт есіне түсіреді. Шығарма поэтикасының сәтті үйлесімі кейіпкер басынан өткен бірнеше оқиғаны қатар қояды. Соның ішінде өмірінің соңғы жылдарындағы тәубасына келіп, тірлікке қан құмар басқыншы көзімен емес, әке, болашақ балалар өмірін ойлайтын ата ретінде көрсетеді. Бұл ретте, жазушы бірнеше оқиғаны композициялық үйлесіммен береді.

- 1 Батудың айықпас дертке душар болуы.
- 2 Заман мен дәуір өзгерістері.
- 3 Өз тірлігінде шын жақсы көріп, көңілі қалаған ғашығының өлімі.
- 4 Кенжесінің қыран тырнағына ілінуі.
- 5 Өзі асырап жетілдіріп, тегіне тартып тағыланып кеткен

бүркіттің оралуы.

Жазушы Бату өмірін оның өсиеті етіп қалдырады. Жазушының көркемдік поэтикасы оқиғаны кері шегіністен бастамайды. Өмірін қайта еске түсірген Батудың Ұлақшыға өсиетімен жалғайды. Оқиғаның басы қызылға шүйліккен қыранның бес жасар баланы алып кетіп, ендігі кезекте Батуға тырнақ салуды көздеп, айнала шолуымен бастайды. Осы арқылы өлімді күткен ханның жан азабын суреттейді. Сол жан азабы оның өткенін еске түсіреді. Талай елді жаулап, қаншама мемлекеттің халқын зарлатқан, атасы Шыңғыстың мемлекет құру үшін, өзінді күшті етіп көрсету үшін ешкімді аямауын керек деген өсиет ұстаным еткен Батудың бұл ойының шын мәнінде бар дәуір үшін тұғыр бола алмайтындығын, оның да әлсіздігі бар екендігін, тірлікте күштілік деген пенделікті көзге көрсеткен тұста

анық сезілетіндігін бүркіттің торуылдап келіп, көз алдында жан баласын, жанындай жақсы көрген сүйгенінен туған ұлын алып кеткенде бір жалған екендігін сездіреді. Ал екінші рет түпкілікті сезінуі Ұлақшыға ақтарыла айтқан әңгімесінен анықталады.

Жазушының көркемдікті шебер қолдануы – бүркітті өмірдің, тірліктің метафорасы етіп алуында. Өмірді бүркітпен ауыстыра алып, Батудың өмірдегі, тірліктегі жазмыштан қанша мықты болса да құтыла алмасын түсіндіреді. Сарай салдырып, аппақ қала тұрғызып, әлемнің талайын табанына салып, бағынбағанын жермен-жермен еткен Батудың өмірге қарсы келе алмасын түсіндіреді. Жазушы қызылға түсер бүркіттің айналып соғуы, айналып соққан бүркіттің бір кездері өзі баптап, кейіннен қамшысы қатты тиген шақта өзінен бүтіндей бөлек кеткен қыраны етіп беруі де поэтикалық көркемдік. Адам тірлігі хан болсын, қара болсын өзіне айналып соғады. Өзі тірлікте жасаған істері осы тірлікте дұрыс-бұрыстығын көзіне көрсетіп кететіндігін анықтап беретіндей. Бүркіт – Батудың өзінің өмірі. Ханның тірлікте ұстанған жолы да қаталдық пен биіктік. Бұл ел құру үшін, мемлекетті нығайту үшін қажет болғаны анық. Бірақ жазушы оның пенделік ретіндегі ойын сол бүркіт – тірлік өрлікпен сыртқа шығартпайтындығын да дәл береді.

Өмірінің соңғы сағаттары жақындағандығын, баласын бүркіт алып кеткендігін ел де, Бату да біледі. Бірақ жұрт та, Бату да сыртқа шығармайды. Кейіпкер ойының екіұдай қалпы оның тірліктегі екіұдай бейнесін де береді.

«Қастасқан досыңнан жаман жау жоқ, – деп ойлады Бату. – Шіркін-ай, досыңмен дос бол, қасыңмен қас бол. Доспен қастаспа, қаспен достаспа» деп Ұлақшыға айта алмай қалдым – ау».

Сөйткенше қыран қанатын жинап алып, төмен қарай құлады. Бату ақ беренін бір-ақ сілтеп үлгерді. Екінші сілтеуге әлі жетпеді. Бір қанаты қиылып түскен алып бүркіт саңқ етіп барып анадай жерге құлады. Жалғыз қанатымен бір-екі рет жерді сабалап көздері қып-қызыл болып Батуға қарап тына қалды. Екі қанды көз кездесті. Ақ беренін кетескен досының кеудесіне салып, өшін алуға Батудың күші жетпеді» [4, 36].

Жазушы шығарма поэтикасын үштіктің үйлесімімен сәтті өреді. Бату бейнесі – қандай хан болса да, әлемді тітіренткен Шыңғыс ханның сүйікті немересі, талай елді табанына салған қаһарлы басқыншы болса да, өмірінің соңы бар пендедей болып қана өтті. Жазушы адам жанының ішкі жалғыздығын, оның айта алмай кеткен сырымен де анықтайды. Шығармадағы поэтикалық шеберлік

шығарма мазмұнының бір диалогқа Батудың өсиеті арқылы бүкіл шапқыншылықтарын сыйғызады. Ал идеяны түрлі ыңғайда әкетуге болады. Жазушы шығармасының көркемдік поэтикасы сонда, – әр оқиға, әр жайдан идеялар анықтауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аристотель Собрание. – Москва: Наука, 1985. – 212 с.
- 2 Райан М. Әдебиет теориясы. – Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 292 б.
- 3 Байтұрсынов А. Ақ жол – Алматы: Ана тілі, 1993. – 425 б.
- 4 Есенберлин І. Алтын Орда – Алматы: Жазушы, 1993. – 612 б.

МӘШҰР ЖҮСІП ДАСТАНДАРЫ

ПАЗЫЛОВА Д. Ш.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақтың діндар, шешен, данагөйі ақын Мәшһүр Жүсіптің дастандарында да өмір туралы әр қырынан түрліше сынап жазған өлең жолдары жетерлік.

«Ақыреттің егіні» атты дастанында Мәшһүр Жүсіп өлім мен өмірді салыстыра жазған. Мұнда өмірдің жалған, құлшылық қылсаң да қанша осы өмірді көп сүруді қалап құлшынсаң да бұл дүниеде еш бір жан мәңгі тұрмасы жайында былай деген:

Баянсыз өтірікші дүние пәни

Көп жасап өлмей кеткен бар ма қане, ей?

Өлмесе Хакім Лұқман жүрер еді

Көп жасап, аты шығып болған қари! [1, 19 б.].

Дастанда өмірді жалпы еткен сағымдай, қымқалығы қамшының сабындай екенін өлең жолдарынан көруге болады. Көзді ашып жұмғанша кім бар, кім жоқ оныңнан солыңа қарап үлгерместен көрген түстей зу етіп өте шығары хақ. Ол жайында:

Бұл дүние қарап тұрсам сағымға ұқсар,

Тынбастан күні-түні дүние қуар.

Тиыштық бұл дүниеде тиянақ жоқ,

Жылы жүзбен мен мұнда мойын бұрар.

Дүние мың жыл жүрсен сағаттай біл,

Бар ма екен артық еш мысал бір?!

Дүние ойлап тұрсам түс секілді,

Бір баққа түнеп құсша ұшқан өтіп жүр. [1, 30 б.].

Деп келтірген. Ал «Әдһам диуана және Ибраһим» аңыз дастанында ақын екі ауыз өлең жолымен бүкіл өмірдің ақыр соңды халін суреттеп, өмірдің жалған екенін тағы бір мәрте атаған:

Жалған, шіркін, өтеді жанды қинап,

Әуре болдық кім үшін бір мал жинап?! [1, 63 б.].

Деген ақын ұйқасынан тоқсан ауыз сөздің тобықтай көрінеді. Осы аталған ауыз дастанда Әдһам диуанының тіпті перілер сұқтанысып қараған сұлу да асқар ажарлы, көркін күннің көзі көрсе ұялған келбетіне өлердей ғашық болған патша қызына, жастайынан ажал жетіп қаза болғанда жерленген мәйітті зират басында күзетуге кеткенде зираттан «мені ал!» деген қыз дауысы шығып, ақыры көрді қазып, Әдһамға кебінен көйлек, қалдығын жаулық қып киген қыз әйелдікке некесіп қидырады. Аяғы ауырлаған келіншек өз көркінен де ажарлы асықтай ұл табады. Оның есімі Ибраһим еді. Қыздың жұрты хабарды естіп Әдһамды патша, Ибраһимді патшалыққа мұрагер етіп сайлайды. Әдһам патша мезгілі жетіп, мезеті келгенде ол да дүниеден өтеді. Патшалыққа ие болып қалған дархан даланың, тасыған дәулеттің патшасы Ибраһим құс салып, аң аулап жүргенінде жапан далада жалғыз келе жатып бір құланға көзі түсті. Астындағы жүйрігіне бастырта шауып құланды соғып алмаққа жуық жеткенде, дауыс естіледі. «Өлі күнге аң қуып жүрсің бұл не бітірдің?» деген сауал Ибраһимді қатты ойландырады. Сонда Ибраһимнің ойын мына өлең жолдарымен:

«Бұл дүниеде сүргенмен жүз жыл дәурен,

Қалам ба – деп – сөйткенмен ақыр өлмей?!» [1, 69 б.].

Ақын көркем суреттеген әрі жүз жыл өмірін әмір келсе ажал, шіркін, әп сәтте қияды да жібереді деген ұғымды сыйғызған.

Тағы да:

Ер басына не келіп, не кетпейді,

Күн бүгінгі, ертеңге көз жетпейді.

Бұл жалғанды деймісің мәңгі бақи,

Күн мен жұма, ай менен жыл өтпейді?

Бір күн – семіз боларсың, бір күн – арық,

Отыз күндік бір айдың жарымы – жарық!

Өткен өмір, кеткен күн – белгісі жоқ,

Маған десең қырық жыл қыл патшалық! [1, 81 б.].

– деп ақын өмірдің өткінші бір өкініш, мейлі кедей, мейлі бай, мейлі жарлы, мейлі патша бол, аққан өмір өзен өтеді де шығады, басқаға

әмірің жүргенмен, өмірге үкімін жүрмейтініне және адам арасында өмір өзсінді я тоқтатып, я кері қайтаратын Аллаһтан өзге құдірет күш жоқ екенін меңзейді.

Жоғарыда атап өткендей Құдіреті Аллаһ Адам ата мен Хауа ананы жерге, яғни тіршілікке сынақ үшін жіберілген дегеніміздей, Аллаһ тек Адам мен Хауаны ғана емес, күллі адамзат баласын жалған дүниеде жаманын жасырын, жақсылығын арттыру үшін, Аллаһты – құдайы, өзін құл деп танылған адам раббысының алдында өзіне лайықты істер атқаруға жіберген еді. Ақылы жетік, көкірек көзі аяу жандар әр уақытын тегін өткізбей, дүниеден өткенше, Аллаһтың алдына жетерінше «Аллаһ біреу, ол жалғыз» деп иланып, иман айтып, құлшылық қып өтетіні белгілі. Ақын Мәшһүр Жүсіп те өзін Аллаһтың құлымын деп есептеп, ғибадатқа мойын бұрған жан еді. Сол себептен Мәшһүр Жүсіп өлеңдері мен әңгімелері, аңыз-дастандар мен қол жазбаларының көпшілігінде рухани тәрбиесін көтермекке үлес қосқан дін мәселесін өте бай кеңінен көтерген. Өмірді текке өткізбей, құлшылыққа, өмірдің теріс жоғынан қарап, дұрыс жағына құлшынуға баулитын дастандарда түрлі аңыз-оқиғалар баршылық. Мәселен ақынның әйгілі аңыз-дастаны «Ібіліс шайтан хикаясында» Жәблит пен Тәблиттен туған жеті қыз, жеті ұл алтауы ерлі-байлы боп тұрған. Ал біреуі өз жарына көңілі толмай, некелесуге наразы боп, үйленуден былай деп бас тартады:

«Жалғаннан өтем – дейді, – алмай қатын,
Құдайдың қыламын, – деп, – ғибадатын» [1, 4 б.].

Бұл мақұлықтың аты «Абулхарис» деген шайтан екен. Абулхарис шайтанның өзі Аллаһтың қаһарына ұшырамас бұрын періштелерден де асып түскен, ғибадатының қаттылығы сонша, оның иманындай еш бірінің иманы болмаған еді. Бірақ Аллаһтың әмірін өркөкіректік басып түсу кеселінен орындай алмағандықтан оған Аллаһ «Ібіліс лағын» деген есім таққан. Яғни дүниеде нағыз азғырушы, кесапаттың жолына сүйреген, тынбастан Аллаһқа қарсы шығуға әскер жинап, зұлымдықтың атасы атанған айлакер, мың бір пәлінің, жүз бір қатердің ізіне итермелеген сұм Ібіліс те алғашында тынбастан құлшылық еткені керемет. Шайтанның өзі құлшылықта болса, адам баласына қып өмірдегі игі істері ақыреттің егінін дүниеге келе сала парыз. Бұл жайында Аллаһ құранда былай деген: «Жын мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым» (Зарят, 56) [2, 523 б.].

Дін мәселесін бай әрі көлемді түрде көтерген әрі рухани тәрбиенің қайнар көзі болған «Ақыреттің егіні» дастанында:

Ойласаң ақыреттің бәрі қиын
Тірлікте ғибадат қып, хаққа сиын!
Бұл күнде жамандықтан тыйылыңыз,
Алланың көрем десең жұмақ үйін! [1, 19 б.].

Шайтанмен тіршілікте боламыз дос,
Қылыңыз ғибадатты құдайға қош.
Қиындық толып жатыр алдыңызда,
Бұл күнде жүргеніңнің бәрі де бос [1, 19 б.].

Бұл дүние ақыреттің егіні екен,
Уақытында жалқау болмай егу екен.
Құлшылық ғибадатпен барғандарға,
Нығымет екі дүние тегін екен [1, 30 б.].

Аллаһ жолында тынбастан ғибадат етуге шақырады. Жақсылыққа бастап, жамандықты тастап, игі іс істеудің әрбіреуі Аллаһ үшін – ғибадат. Ғибадат тек Аллаһты мадақтап, зікір айту, намаздан ғана тұрмайды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, бауырға қамқор болу, барға қанағат, жоққа шүкір ету, ашты аш демей, жалаңашты жалаңаш демей, ішерін бөліп, киерін шешіп берудің өзі құлшылық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Малик Ибрахим. Параллельный мир. – Қазан, 2004. – 432 б.
- 2 Абай. Қалың елім қазағым. – Алматы: Жалын, 1985. – 322 б.

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУЫ

РАХИМБАЕВА Р. О.

қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№ 4 ЖОМ, Ақсу к., Павлодар обл.

Қазіргі таңда, еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда. Сондықтан, еліміздің өркениетін көтеру мақсатында оқушыларға мемлекеттік тілді жақсы меңгеруін, кез келген жағдайда қарым-қатынас орнатудың маңызы зор екендігін көрсетіп отыр. Бұл дегеніміз жастар үшін мемлекеттік тілді үйрену қажеттілігі туындап отыр. Мемлекеттік тілі оқытуда диалогтік оқытуды қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениеті қалыптасады, ойлау қабілеті дамиды, білім сапасының артуына қол жеткізуге болады, соның нәтижесінде,

оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығы артады. Ғылыми-зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбегінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Зерттеулерде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнитивті дамуына әсер ететіні айтылған. Выготский когнетиві дамудың оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» (ЖАДА) жұмыс істесе, жағдайда жақсаратынын атап көрсетеді [нұсқаулық, 39 б.].

Диалог барысында оқушылар нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы жүзеге асады [нұсқаулық, 40 б.].

Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар: әңгіме-дебат, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме. Осы әңгіменің үш түрін де, тәжірибе кезінде сабақтарымда қолдандым. Бірақ әңгімелесудің зерттеушілік түрі басым болды. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар өз саныптастарымен шағын топта жұмыс істеді (топта 3 оқушы).

Тақырып бойынша мұғалімге оқушылардың білім деңгейінің қандай екенін түсінуіне ықпал ететінін сабақ барысында бақыладым. Оларға бір ортақ проблема беріліп, сол бойынша бірлескен түсінік қалыптасты. Мысалы, «Денсаулық» тақырыбына постер салған кезде, оқушылар топта идеяларымен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылады, баға берді; ұжымдық білімдері қалыптасты, ортақ бір шешімге келді.



Сурет 1 – «Денсаулық» тақырыбына постер салу

Осы сияқты әңгімелесуді әр сабақта қолдандым. Балалардың әрбір сабақтағы іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас өте қажет. Бағдарламаға сай, сабақ барысында «Сабақ беру мен оқытудағы жаңа тәсілдер»-ді қолдануда «диалогтік оқыту» тәсілін басшылыққа алдым. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, мысалы: мәтінді талқылау, әңгімені бірлесіп құру, рөлдік ойын ұйымдастыру арқылы білім алды. Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ройларын айтуға мүмкіндік бердім. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойларын жетілдіріп, бір-бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті.



Сурет 2 – Диалогтік оқыту кезеңі

Сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысты. Оқушылардың қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі. Диалогтік тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетінін түсіндім. Әсіресе, рөлдік ойын көреткеде оқушылар сабаққа белсенді қатысатын болы. Мысалы, «Дәрігерлік қызмет көрсету сабағында» оқушылар «ауруханада» тақырыбына рөлдік ойынға, белсенді оқушылармен бірге бұрын сабақта аса белсенділік танытпайтын оқушы да қатысты. (Үш оқушыны зерттеуге алған төмен деңгейде оқитын оқушы Лебедев Максим) Бұл оқушының сыныптастарымен бірігіп жұмыс істеу нәтижесі.



Сурет 3 – Рөлдік ойын

Сыныпта сұрақтар қою-бұл маңызды дағдылардың бірі, өйткені сұрақ дұрыс қойылған кезде ол оқытудың тиімді құралына айналады және оқушылардың оқуын қолдайды, жетілдіреді және кеңейтеді. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі қолданылады - төмен дәрежелі сұрақтар және жоғары дәрежелі сұрақтар. Кейде төмен дәрежелі сұрақтар «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те аталады. Олар есте сақтауға бағытталған және оларға жауап бағаланады. Жоғары деңгейлі сұрақтар қойылған кезде студенттер ақпаратты белгілі бір жолмен пайдалануы, түрлендіруі, кеңейтуі, бағалауы және талдауы керек. Тиімді педагогика аясында осы сұрақтардың екі түрі де қолданылады, тек қойылған сұрақтың түрі оның мақсатына байланысты өзгереді. Сұрақ оқушылардың оқу қабілеттеріне сәйкес келетіндей етіп құрылуы керек. Студенттің оқуын қолдау үшін ынталандыру, тестілеу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі сауалнама әдістерін қолдануға болады. [нұсқаулық, 41бет]. Ол үшін мен сұрақ қоюға, тестілеуге, қайта бағыттауға шақыру сияқты әртүрлі сұрақтарды қолдандым.

Сұрақ қою, мұғалім:

- оқушыларды сындарлы сөйлеуге және тақырыпқа ынталандырады.
- оқушылардың шынайы қызығушылықтары мен сезімдерін анықтайды.
- білімге деген құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады.
- оқушыларға өз білімдерін қалыптастыруға және вербализациялауға көмектеседі.

- оқушылардың сыни ойлауына ықпал етеді.
- оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі.
- оқушыларды бір-бірінен оқытуға, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуге және бағалауға ықпал етеді [нұсқаулық, 41 б.].

Диалогтық әңгіме ұйымдастырған кезде студенттер бірнеше сабақтан кейін өз ойларын тез жинақтады, басқа адаммен пікір алмасты, ойларды игеру жылдамдығы артты. Бір-біріңізден оларды жөндеуді сұраңыз. Осылайша білім мен ойлау дамыды. Сұрақ қою қабілеті-ойлаудың бірінші кезеңі.

Мысалы, мен бірнеше сабақтарымда «сұрақ қою» ойынын қолдандым. Бірінші сабақта оқушылар сұрақ қою кезінде көп ойлана бастады, ал келесі сабақтарда олар еш қиындықсыз әртүрлі сұрақтар қоя бастады. (Сіз қандай пайдалы тағамдарды білесіз? Онда қандай дәрумендер бар? Денсаулыққа не зиянды?)

Диалогтық оқыту арқылы балалардың өзара дамуын қалыптастыра отырып, Бразилиялық педагог Фрери әр адам оқу процесіне сыни түрде қатыса алады және адамдармен диалогтық әңгімеге қатыса алады деген білім теориясын жасады. Фрейри теориясының негізі – бұл тәсілге жағымды энергияны қосуға арналған «педагогика мүмкіндіктері» термині. Бірлескен, яғни оқушылардың топтық жұмыстарда ынтымақтастық арқылы өзара дамуын қалыптастыруды меңгерту мақсатында түрлі тапсырмалар орындады. Проблемалық тапсырмаларды шешуде диалог арқылы жұмыстар ұйымдастырылды.

Өткізген сабақтарымдағы оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың тағы бір тәсілі - аффективті (эмоционалды) сезім арқылы ортақ проблемаларды бірге шешіп, екі оқушы бірге қорытындылады. Сабақтарымда ЖИГСО әдісін қолдану кезінде диалогтік оқыту әдісі іске асып отырды. Оқушылар өз топтарында әңгіме құрып, басқа топқа барып ойларын жеткізе алды. Өз тобына қайтып келіп ойларын саралай алды.



Сурет 4 – ЖИГСО

Диалог барысында оқушылар күш салды, ынталандырды, пікірлерімен бөлісті, пікір алмасты, бірлесіп оқыды, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін білімдерін толықтырды. Пікір алмасу оқушылар арасындағы диалог арқылы жүзеге асырылды. Диалогтық оқытуда барлық оқушылар куә болғандықтан, бала өз сөзіне жауапкершілікпен қарауға тырысады. Арнайы зерттелген сұрақтың жадында сақталады. Тілдік дағдылар жетілдіріліп, тез үйренуге ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық 2012 екінші негізгі деңгей
- 2 Кульбаева З.К. «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының тиімділігі» Республикалық әдістемелік-педогогикалық журнал «Бастауыш сынып» №7, 2013ж.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПОСТМОДЕРНИСТІК БАҒЫТ

ТОҚСАМБАЕВА А. О.
ф.ғ.к., профессор, Семей қаласының
Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.
РАХЫМБАЕВА Ж. С.
магистрант, Семей қаласының
Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Қазіргі кездегі біртұтас адамзаттың қауымдастығы арқылы қалыптасып жатқан жаһанданудың қандай сала болмасын өзіндік әсерін тигізіп жатқаны шындық. Әлем бойынша болып жатқан өзгерістердің барлығы дерлік ұлтқа септігін тигізіп, ескінің жаңаланып жатқан жайы бар. Сол жаңару сөз өнерін де айналып өтпесі анық. Әдебиетке қатысты ұлттық құндылықты сақтай отырып, жазушының тілін, жазу шеберлігін өзгертіп жатқан тәсілдер тиімді пайдаланылып келе жатқаны да жалған емес. Әр жазушының өзінің қалыптасып қалған тілі, стилі бар екені де белгілі. Дәл соның шеберлігіне рен беріп, ашық түс сыйлар жаңа қосымша ұғымдардың да берері көп. Тәуелсіздік кезеңіндегі жазушылар ел егемендігін алғаннан кейін, жазу ерекшеліктері де өзгеріп, тақырыптарының да арнасы басқаға ауысқандай. Постмодернистік бағытта жазылған шығармалар қатары көбейіп, қаламгерлердің де қаламдарына қанат бітіргендей болды.

Ғылыми түрде «постмодернизм» сөзі өзге тілден еніп тұрған термин болғандықтан өзге де терминдер сияқты өзінің жеке мағынасы мен болжамы әрі тарихы да бар. Дик Хебдидж постмодернизмді «табысты термин, өз проблемаларын өзі тудырған», – деген анықтама береді [1, 44].

Берілген ұғымға айтарлықтай нақты анықтама болмағаннан кейін оны әр салада әркім өзінше пайдаланып жататыны зерттеу барысында белгілі болды. Осы тұста әйгілі М. Фуконың мына бір сөзі мән беретін тұстардың қатарына жатады. «Егер термин әлде бір мағынаға ие болатын болса, онда постмодернизм үшін бәрінен бұрын классикалық тәсілдерден түбегейлі түрде өзгеше болып көрінетін жаңаша ойлау дағдыларының амалдарын білдіреді», – деп мәлімдеген болатын [1, 57].

Жалпы ұлттық әдебиет көркемдік әдістер мен тәсілдер не болмаса ағым-бағыттардан ешқандай кері әсер көрмеуі қажет екені белгілі. Себебі, олар жалпы енген сайын құндылықтардың да жоғалуына әсер етіп жататындай болып көрінеді. Бірақ ол өзгерістер

яки қозғаушы күштер қайдан қалай туындап жатқандығы белгісіз. Ғылымның күнделіктің жаңарып отыруы да әсер етуі мүмкін, не болмаса жаһандану саясатының да өзіндік септігі тиіп жатуы ғажап емес. Бірақ, қай жақтан не келсе де өз тіліміз бен әдебиетті сақтап қалу – үлкен қажырлықты талап ететін міндет. Көбінесе формаға негізделген дүние ретінде таныс постмодернизмнің тәуелсіз елдегі әдебиетке әсерін байқау үшін ең алдымен өзінің мағынасын толықтай ашып алған дұрысырақ.

Постмодернизмді әлеуметтік-гуманитарлық құбылыс ретінде танытын жазушы Дидар Амантайды да егемен елдің адамы екенін ұмытпаған абзал. Демек, пікіріне қосылып, айтқан сөзіне мән беру қажеттілігі аса маңызды. Постмодернизмге жақын келмейтін, арасы жер мен көктей екі ұғымның жігін ажырату үшін өзінің шығармаларын да жаза білген. Ал заманауи ағым ретінде белгілі болғанын әрі жаңа әлеуметтік өмірдің саяси шындығын жеткізе алатын көркемдік әдіс ретінде де танып, өзіндік пікір білдіріп жатқан ғалымдар да жетерлік. Қазақта «сананы тұрмыс билейді», – деген сөз бар [2]. Адамзат баласының әлеуметтік сапасына емес, көркемөнер мен сөз өнерінің жағдайына қарап тығыз байланыста болатын мәліметтер тізбегі ретінде де қарастыруға болатын жайы бар. Жалпы модернизмнің жалғасы болып табылатын бір формасы ретінде таныс постмодернизмнің басты сипаты – дәстүр мен классикалық эстетикаға көзқарас не болмаса әдістемеге қарсылық ұғымдарымен байланысты болып тұрады. Сондықтан да постмодернизмді классикалық әдебиет пен оның оқырмандарына қойылған талаптарына қарсы манифест бойынша да қабылдауға негіз бар.

Күрделі әрі көп қырлы болып көрінетін бағыт көбінесе бүгінгі болмыс пен өмір жүйесіне арналып жасалатыны да жалған емес. Сондықтан да бұл жерлерде гуманистік идеялар емес, өзіндік әлемді танудағы идеясыздыққа көптеп басымдық беріледі. Сол үшін де шығарманы структуралық жүйе бойынша талдау жұмыстарын жүргізу арқылы постмодерн тудырған әлемдік жаңа концепцияның пайда болуына әкеліп соқтырады.

Аталмыш постмодерндік бағыттағы шығармаларды жазып келе жатқан қазіргі қазақ әдебиетіндегі жазушыларды зерттеу жұмысымыздың бірнеше тұстарында мысал ретінде дәлелдеп берген дұрыс. Жоғарыда атап өткендей, бүгінгі күн өмірінің сипатын дәл суреттеп беретін көркемдік әдіс постмодернизм арқылы да талай шығармалар жазылған. Сонда ерте кезде де өмірдің тұрмыс-тіршілігін суреттейтін жұмыстар бар, болған да. Ал тәуелсіздік кезең

әдебиетінде оның өзгеру ретін қалыптастыра отырып, салыстырулар да жүргізіледі. Негізі атын атап, түсін түстегенмен де, дәл осы әдеби ағымдардың төл әдебиетімізде қаншалықты орын алатыны туралы пікірді әркім әр түрлі қалыптастыруда.

Айталық, Алтай өлкесінің тумасы, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің түлегі Тұрысбек Сәукетаев қазіргі қазақ әдебиетіне тың дүниелерді шығарып жүрген жазушы ретінде қалың оқырманға белгілі-ақ. Шығармашылық жолын өлеңмен бастаған қаламгердің прозалық шығармалары мен романдары да жарық көрген болатын. Аударма саласында да өнімді еңбек жаза білген жазушының тәржімалаған туындылары да жетіп артылады. Бірақ рейтинг бойынша көп оқылған туындыларының ішінде «Мен – жындым» романы ерекшеленіп тұрғаны да шындық. «Жылдың ең үздік романы» иегері атанған туындыда жазушының өзі өмір сүріп жатқан қоғамын да, оның тұрғыны болып келетін адамын да сынайтыны анық байқалады. Қазіргі таңдағы ақын-жазушылардың билікке жағымпаздығын да аяусыз әшкерелеп жазған жазушы мына біз өмір сүріп жатқан қоғамды шын мәнісінде қалай «жындыға» айналып бара жатқандығын баяндау арқылы қалың оқырманды ерекше бір ойға шомылдырады [3, 11]. Қарап тұрсаңыз, шын мәнінде әлеуметтік өмірді жазған жазушының шығармасын толығымен постмодернистік бағытқа жатқызуға болатыны шындық.

Жазушының қай шығармасын оқысаңыз да жаңашылдық лебі самал желдей желпіп, ноктамен жетектегендей оқырманын оқиға желісімен өзіне тарта білетін «сиқыры» бар екендігін де жасыруға болмас. Аталмыш қасиет жазушының шеберлігімен қатар, оның үнемі ізденетіндігінің белгісі деп тану қажет. Сондай-ақ постмодернистік бағытта жазылған шығармалары да жетерлік.

2016 жылы «Алтын қалам» әдеби жұлдесі аясында «Үздік роман» атауын иемденген шығарма несімен оза шауып, бәйгені алғанын зерттеу барысында қарастырылған еді. «Траги-комедиялық сарында жазылған аталмыш роман өзінің көркемдік тосын сипатымен ерекшеленетінін оқу барысында хабардар етті [3, 13]. Шындық пен қиял, өң мен түс, әжуа мен мұң, мистика... тізе берсең, шыға береді... Дәл осындай мидай араласып, оқырманды сан қилы арпалысқан сезімге бөлейтіні де шындық. Шығарманы оқып отырған оқырман күледі, күрсінеді, өмірдің басқаша бір бояумен құбылып жатқандығын көз алдынан өткізери хақ.

«Әдебиет – ұлттың жаны. Ұлттық сана, тағдыр, жан жүйесі – көркемөнердің басты тақырыбы. Таптық жік арқылы әдебиет

жасалмайды», – дейді Жүсіпбек Аймауытов өзінің артынан қалдырған рухани сөздерінің бірінде. Шынымен де, ұлы өнердің халықпен үнемі тығыз байланыста болып отыратындығы белгілі-ақ. Екеуі тұтасып келгеннен кейін ғана белгілі бір нәтиже шығып, қарапайым әдебиет сүйер қауымға болсын, қарапайым халыққа болсын талайға жететін азық болары сөзсіз [4, 81].

Сонымен қатар, қазіргі қазақ прозасында ерекшелігімен танылып, көптеген оқырмандарға өзінің от тілді, орақ аузымен жүректеріне жол таба білген жазушы Сәуле Досжанның да бірқатар еңбектері зерттеп отырған тақырып аясында маңызды рөл атқарары сөзсіз. Біраз уақыт бұрын Алматыдағы Ұлттық кітапханада аталмыш кайраткердің «Қасірет пен тағдыр» романының тұсауы кесілген еді. Сәуле Досжанның шығармасында социалистік режим құрбандарына айналған Семей өңірі тұрғындарының қасіреті туралы айтылады. Шыны керек, Семей полигоны жабылса да, оның қазақтың қарапайым халқына тигізген зардабы әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқандығы жасырын емес [5,2]. Осы бір зұлматты кезеңнің жайсыз тұстарын бір ғана Аяулым атты кейіпкер арқылы жеткізіп, қалың оқырманға ерекше тарихты баяндап берген жазушының шығармасы көпшіліктің көңілінен де шыққаны бар. Көбіне публицистикалық шығармалар негізінде «жақсы тақырып – жарты мақала» деп жататын әдемі бір ұғым бар. Яки баспасөз өкілдері тақырыпты дұрыс таңдай алса, онда оның жарыққа шығар жазбасы да оқырманға өтімді болмақ деген ой туындаған әрі дәлелді дүние. Тура сол сияқты жазушылардың да шығармаларында тақырыптың алар орны ерекше болып келеді. Аталмыш шығарма бір деммен оқылып, өзінің оқырманына ерекше бір сәттерді көз алдарына алып келетіні де жалған емес-ті. «Қасірет пен тағдыр» романын толығымен ұлттық постмодернизмнің қатарына жатқыза алатынымыз да шындық.

Себебі, кейіпкерлердің тағдыры туралы бейжай оқу мүмкін емес екені мәлім. Шығармадағы қандай да бір оқиғалардың бірінен кейін бірінің бір леппен өріліп келуі де әдебиеттің негізгі талаптарына әрі шарттарына сәйкес келеді. Тіпті төл әдебиетімізде проза жазудың өзі нәзік жандыларға қиындық тудыруы мүмкін деген күдіктің де бар екендігі туралы жиі айтылады. Көркем туындыда типтік образдар жасалғаны да ерекше байқалады. Негізінде жабылуына да ғасырлап уақыт өтпеген полигон тақырыбын зерттеу – үлкен ерлікті қажет ететін дүние екендігін де ескерте кетуді жөн санаймын. Себебі, қаламгерге бұл үшін үлкен ізденіс керектігі анық-ақ. Осы уақытқа дейін айтылмай келген талай шындықтың беті ашылып, талай

тарихи тағдырлардың қасіреті шынайы баяндалған шығарманың қазіргі қазақ прозасында алар орны ерекше-ақ. Алаштың астанасына келіп, кітаптың тұсаукесері болған кезде қала жұртшылығы қаламгерге өте тың деректер айтып, ізденіске де көптеп септіктерін тигізген жайы бар еді. Сондықтан да романның жалғасы табылып, оқырманға жаңа дүниелер жол тартады деген сенімдеміз. Дәл осы уақытқа дейін, романның жарыққа шығуының алдында полигон туралы ауыз толтырып айтар деректер легі байқала қоймаса керек [1,85]. Сондықтан да ұлттық әдебиетті ерекшелендіріп берген жазушының постмодерндік бағыттағы шығармасы оқуға әбден лайықты дүние болып табылатынын айту – біздің парыз.

Соңғы шыққан романдардың ішінде біз зерттеп отырған тақырыпқа сәйкес жазушы Ырысбек Дәбейдің «Қоңыз» деп аталатын ерекше туындысын атап өтуге болады. Көркем шығарма болғанда да, ерекше көлемді еңбек ретінде танылған туынды Жаңаөзен оқиғасына байланысты жазылғанын зерттеу барысында білінді. Аталмыш шығарма осыдан тоғыз жыл бұрын болған оқиғаны оқырманның көз алдына елестетіп, тұп-тура ортасына топ ете қалдырады. Шығарманы оқып отырған оқырман ретінде қаумалаған көп адамның ортасына түсіп, еріксіз қақтығысқа араласып кетердей күй кешетініміз жалған емес. Туындыда бас кейіпкерлердің өмірімен қоса, махаббаты, қуанышы әрі іштегі шері мен арман-мұраты сипатталып жазылады да автор ереуілге дейінгі де халық тұрмысын жазғанда дерек пен міндетті түрде дәйекке сүйенеді [6]. Бұл да постмодерндік бағыттың алғышарттарының бірі болып есептеледі. Осы бір ереуілге түрткі болып, халықты ашындырған және де көңіліне қаяу салған оқиғаларды бір-біріне байланыстырып, желі құруы да жазушының шеберлігін көрсетеді. Біресе қысты, біресе жазды көріп, ыстық пен суықты қатар сезіп сол күнге яки 16 желтоқсанға қарай жақындайтыны да қаламгер қаламының шеберлігін ерекше сипаттайды. Сеңдей теңселген халық пен алысқан-жұлысқан жұрттың әділдік талап еткен даусы мен ақырында атылған мылтықтың ащы үнінен туған зарлаған ана мен жоқтаған әйелдің бейнелері. Тарихи деректерге сала отырып, шығарманы көркем етіп жеткізе білген жазушының ойы, жазар дүниесі ұлттық постмодернизмнің ерекше тұстарын сипаттап береді.

Қалың оқырманға деректі әдебиет емес, көркем шығарма үлгісінде жол тартқан роман бір жарым жылда жазылған туындыға ұқсайды. Жазушының рухани жақтан пісіп-жетіліп, азаматтық тұрғыда ойланып-толғанып келген тақырыбы болғаннан соң, біздің заманға, біздің өмірге қатысты шығармалардың жоқтығынан

«неге жазылмайды?» деген ойдың пайда болуынан туындаған туынды ретінде есептеледі. Бұл шығармадан біз қазіргі қоғамдағы болып жатқан оқиғалардың жазба ретінде келер ұрпаққа қалуын көре алуымызбен қатар, кейіпкер мен қоғам арасындағы нық тығыз байланысты да тамашалай алатын жайымыз бар. Аталмыш шығармада Мұрат және Саламат атты екі кейіпкер бой көрсетеді. Біз сөз етіп отырған шығармадағы оқиға да аталмыш екі кейіпкердің айналасында өрбитіні де белгілі. Жаңаөзен оқиғасына қатысқаны үшін сотталған Мұрат кейін дерттен көз жұматын мұнайшының прототипі ретінде белгілі болғаны да рас. Автордың өзі сөйлескен әрі әңгімелескен адамы болғаннан соң, оның таным-түсінігіне ерекше бойлай алғаны да шындық. Шығарманың тақырыбы да ерекше екендігін көрермендер бірден аңғарады. Неге аталмыш туынды «Қоңыз» деп аталады? Бір шипагердің қоңызды жетпіс түрлі дертке ем деп деп сатқанын көрген жазушы алаяқтық істеген азаматтың неге ондай қадамға барғаны туралы кеңінен әңгіме өрбітіп, оқиғасына арқау еткендігі туралы да өз жазбаларында жасырмайды.

Абай ауданының тумасы ретінде танылған жазушы Талғат Кеңесбай өзінің «Лениннің бәтеңкесі» атты әңгімесінде бүгінгі күннің күрделі бейнесін бедерлеуге ұмтылғаны көрініп-ақ тұр. Әңгіме тұтастай алғанда – үлкен эксперимент екендігі байқалады. Қаламгер өзінің ұзақ ойланып, сомдап шығарған әңгімесін бастан аяқ жаңа формаға бағындырғысы келгенге ұқсайды. Негізі аталмыш әңгімені оқу барысында жазушының бұрынғы прозасының нышанын таба алмаймыз. «Лениннің бәтеңкесі» туындысын оқып отырған кезде ХХ ғасырдың басындағы, Грета Гарбо қатысқан дыбыссыз фильмді көріп отырғандай әсерде қалатынымыз да жалған емес-ті. Бірден кейіпкердің түс көруінен басталуы, төл сөздердің, тіпті диалогтардағы сөйлемдердің тырнақша арқылы тұйықталып жеке-жеке тұруы, осының барлығы модернистік фильмнің сценарийін оқырманға елестетеді [1, 75]. Демек, шығарманың өзін де толығымен постмодернизмнің бағытын айқындап, стилін ерекше ұстап тұрған туынды ретінде тануымыз қажет.

Себебі, постмодернизмнің эстетикасы ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығында қазақ әдебиетінде түрлі ағымдар арқылы көрініп, сол ғасырдың 60-80 жылдарында өз жалғасын тапқаны туралы зерттеу барысында білдік. Көптеген жазушылардың шығармаларындағы жаңа образдар мен өзгеше бейнелеу сипаттары, жаңаша таным мен бөлекше ойлау жүйелері де орныққан болатын. Негізінде жазушылар адам болмысын жаңа философиялық критерийлер арқылы ойысты да,

сана ағымы, әдеби ойын поэтикасы, мифтік құбылушылық, сананың бірнешеге бөлшектенуі сияқты модернистік принциптерге иек артқан болатын. Қазіргі қазақ әдебиетінде ерекше тынысқа ие жазушылардың бірі Нұрғали Ораздың «Ешкім мекен етпейтін арал» деп аталатын туындысы кейінгі жылдары жарық көрген тың дүниелердің бірі дер ем. Кафеде болған отырыстан кейін оңаша қалған орта жастардағы ер адам мен жасамыс әйел арасындағы бір кештің әңгімесі өрістей келе үлкен пайымдауларға да жеткізетіні шындық. Күнделікті күйкі тіршіліктен қажыған еркек сырлы түн, жанындағы көрікті әйелдің сиқырына елтіп, іштегі шерін айтумен оқиға жалғасын табады. Бұл дегеніміз модернистік бағыттың ерекше сипатын көрсетеді. Себебі, жаңа тың дүниелерді қазіргі заманның талабына сай қамтып отырғаны да автордың жаңашылдығын көрсетеді. Бұрын қай қаламгердің шығармасынан кафедегі оқиғалардан бастау алатын туындыны оқыған едік? Демек, қазіргі қоғамдағы мәселелерді кейіпкерлермен байланыстырып тұрған жазушы шеберлігіне тағы бір мәрте көз жеткізе аламыз. Басында әдемі басталған, көрікті махаббат драмасының табалдырығында тұрған екі адам не себепті бір-бірімен алмады? Шындығына келсек, сезімнен тартынған адам – әйел, ал сөзіміздің басында оған жасамыс әйел атауын берген ек. Әңгіме барысында оның қылықты жас келіншек екенін, оның мөлдіреген көркін баса айтып қайталап отырған автор нәзік жандыны психологиялық кәрі типке жатқызады. Еркекті шығарып салғаннан кейінгі ой толғаныстарына да назар аударар кетейікші. Өткен өмірді шарлаған көңіл көзі тиянақ тұтар, медет етер ештеңе таппайды. Жаңа жерұйығы іспеттес бір мекен еді. Ал әйел бұл көрікті бейнені, тонын теріс айналдырып енді өз бойына басқаша етіп өлшейді. Өзін әркім бір соғып, бір түнеп кететін арал деп елестетеді. Дәл солай деп түйсінеді. Әйел толғанысын аты аталмаған кекке теңеген пікір иелері көркем шығармадағы ой, мотивтің барлығын қазіргі қоғамның ащы шындығымен байланыстырып отырады [1, 112].

Қорыта айтатын болсақ, жаһандану жағдайы тек қана елдің экономикасы мен әлеуметтік нысандарына ғана әсер етіп қоймай, оның әдебиеті мен мәдениетіне де ерекше септігін тигізетіні мәлім. Кез келген әлемдік әдебиетте орын алатын жаңалықтардың барлығы өзімізге сай құндылықтарымызды сақтай отырып, төл әдебиетімізге де енетінін аңғара отырып, шығармаларды ағымына сай талдауға болады екен-ді. Қазіргі жазылатын шығармалардың көбі дерлік қоғам мәселесін, бүгінгі күннің дүниелерін көптеп қамтығандықтан, ол туындыны оқитын оқырман өзіне керекті ой түйіп, қоғам мәселесін шешуге теңізге тамған тамшыдай болсын өз үлесін қосары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жарылғапов Ж. Такиров С. Жакулаев Ә. Қазақ прозасы: модернизм және постмодернизм. Қарағанды, 2015. - 325 б.
- 2 Смағұл Ж. Постмодернизм және біз. Әдебиет порталы, [Электронды ресурс]. -2020
- 3 Шығыс жұлдыздары: энциклопедиялық анықтамалық. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. – Астана: Фолиант, 2015.- 258 б.
- 4 Дулатова Г. Алаштың сөнбес жұлдыздары. Алматы: Мектеп, 2010.- 291 б.
- 5 Бектас Г. «Қасірет пен қайғы» - елдің шері мен қайғысы – жазушы Сәуле Досжан. Айқын-ақпарат: 2020
- 6 Сағымбаев Ж. «Қоңыз» романы туралы [Электронды ресурс]. -2019 «Youtube» ғаламтор желісінен алынған мәлімет.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТИ

РЫСБЕК А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Сопылық әдебиет – Ислам өркениетінде кеңінен тараған ірі діни қозғалыстың бірі. Өмірдегі тіршілікті, бар дүниені жаратушы, аса қамқор, аса мейірімді әлемдердің патшасы – Аллаға құлшылық жасау. Алланы сүю, Алланың сүйікті құлдарының бірі болу, екі дүниенің бақытына иелену, әр адамзаттың негізгі арманы.

Ислам діні қазақ жеріне келуінің өзі, ғылымның өркендеуіне жол ашты десек болады. Тарих қойнауында жатқан халықтың ортағасырлық тарихы мен мәдениеті осы Ислам діні негізінде дамыды. Ортағасырлық қазақ жері Түркістан, Сауран, Сығанақ, Отырар, Кердер, Жент, Баласағұн, Сайрам (Исфиджаб), Меркі, Тараз қалалары ғылым мен мәдениет ордалары болды. Ойшылдар өз шығармаларында Ислам ілімі мен ғылымның мәселелерін көтерді. Яғни діннің мәні Аллаға табынуға үндеп, білім-ғылым үйренуге, қайырымдылық пен мейірімділікке шақырса, ал құран аяттардың мағыналық жағы имандылыққа, әдептілікке, шариғи үкімдер мен ғаламның пайда болуы, тіршілікке қатысты мәселелерді қамтиды.

Ірі орталықтары бола білген Тараз, Сығанақ, Отырар, Түркістан, Сайрам қалаларында мешіттер мен медреселердің және жанында ірі кітапхана қорлары да орналасқан. Кітапхананың мұрасы ретінде діни философия, ғылым, әдебиет, жаратылыстану қатысты қолжазбаларды

шығарып отырды. Бұл кітаптарда Ислам діні негізінде, дін тарихы, пайғамбар өмірі, діни аңыздар мен хикаялар туралы баяндалды. Ә. Дербісәлінің пікірінше: «Арабтар Ислам туын тіккен тұста көне түркілер мекендеген Тұран жерінде диқаншылықпен, мал өсірумен қатар, алтын, күміс, жез, темір, қорғасын өндірген елдің өзіндік өскелең мәдениеті болған. Түркі қалаларында тоқымашылық, сауда-саттық пен қолөнері қатар дамыған» [1, 238 б.].

Ислам құндылықтарының қазақ жеріне келуіне байланысты, қисса-дастандар мен араб әдебиетінің үлгілері ене бастады. Ортақ құндылықтар негізінде қазақ жәдігерлері жыраулар мен термешілердің қызметі арқасында, екіншіден, қолжазбалық түрде тарала бастап сақталып келді. Адам баласының түсінігі бойынша, Ислам – жер бетіндегі барлық адамзатқа берілген бақ, сый және ең таза дін. Діннің негізгі парызы – Аллаға құлшылық жасау. Мұсылман адамды рухани жағынан тазаруға, әділ болуына, тазалыққа, адалдыққа, ауызбіршілікке, сабырлыққа, бостандыққа, қарапайымдылыққа, білімге, жауапкершілікке, тұрақтылыққа, отансүйгіштікке жетелейді. Яғни әрбір адам өз бойындағы кемшілігі мен күнәларын біле тұра, жақындарының қасында, қоғам алдында ұялмаса, өзінің ары үшін әрекет етпесе, онда мүлдем күнәлі істерден тыю мүмкін емес еді. Әдепті адам өзін ортада жақсы қарым-қатынаста ұстап, абыройын көтереді.

Қазақ даласынан шыққан ғұламаларға тоқтала кетсек, Әл-Фараби мұралары, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы»), Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» («Құтты білік»), Ахмет Йасауидің «Диуани Хикмет» («Ақыл кітабы»), Мұхаммет Хайдар Дулатидың «Тарих и Рашиди», «Жаһан наме» еңбектері, Ахмед Иүгінекидің «Хибатул Хақайк» («Ақиқат сыйы»), Сүлеймен Бақырғанидің «Бақырған кітабы», Хусам ад-Дин Сығанақи –еңбектері Ислам мәдениеті жайында жазылған жәдігерлер. Мұсылмандық жақ аясында дамып, есімдері әлемге белгілі ойшылдар мен ғалымдарды тарих әлеміне шығарды. Одан кейін кезеңде ақын-жыраулардың дүниетанымымен жалғасты.

Қазақ ақын-жыраулар шығармаларында имандылық мәселесіне көп көңіл бөлді. Иmandылық пен тәубешілдік, сабырлық пен рақымшылық, қанағатшылдық секілді ұғымдар шығармашылығының негізгі тірегі болды. Жыраулардың басты қазынасы –адам және мінез-құлқы, ортадағы тәрбие мен өзін ұстай білу мәселесі. Халқының ішкі әлемін жырлап ерекше көзге түскен Асан қайғы, Бұқар жырау, Сыпыра жырау, Шалкиіз, Ақтамберді, Шал ақын, Доспамбет,

Жиембет, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Махамбет сынды тұлғалардың діни негіздегі ой-толғаулары тереңінен ерекшеленген.

Философ-ғалым Қ. Бейсенов былай дейді: «Қазақтың би-шешендер мен ақын-жырауларының ой-толғаулары сияқты қасиетті қазақ топырағында қалыптасқан, ғақлиятты ой-кешу үрдістерінің қайталанбас ерекшеліктеріне арқау болған рухани құбылыстар. Сондықтан да, оларды түбегейлі зерттеп, бүгінгі күннің қажеттіліктерін өтейтін халық игілігіне айналдыру ісі – кезек күттірмейтін мәселе» [2]. Яғни ақын-жыраулардың мұрасы отанға, елге деген махаббатын білдіру, бірлік, ар-намыс, ата-ананы сыйлау, сабырлық, шыдамдылық, имандылық, тектілік, адамгершілік жайлы дүниелерді адам бойына қабылдата алуы, қоғаммен тығыз байланыстыра алған. Сонымен қатар, шығармаларының өзегі бола білген дүние – дін. Әділдікті, мейірімділікті, тақуалықты, еңбекқорлықты өз бойына ұштастыра білген және тек бұл дүниеге ғана тоқталып қоймай, тәрбие мен салт-дәстүрді, ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде із қалдырған. Ата-бабаларымыздың өзі қалмаса да, артына қалдырған сөзі қалды. Кез-келген тіршіліктің басы Алламен болу. Жігіттер, кедей болсаң қылғын шүкір,

Құдайға ғасы болма, босқа налып [3, 154 б.] – деп Қабан жырау, әрбір бастаған істің басын Алланың атымен бастауда береке бар. Өмірдегі бар мен жоққа шүкір ету, қанағат тұтсан берер дүниені арттырып қояды. Шүкір тілмен және амалмен орындалады. Тек осымен тоқталмай, арамнан тапқан астың тамағыңнан өтуі, өтірік пен ғайбаттау, біреудің ала жібін аттаған адамды қарғыс ұрмай кетпейді. Сонымен қатар, бұл қаныңа сіңген жаман қасиет ұрпағыңа да жалғасып отырады. Бұл жаман қасиеттер исламнан сені алшақ етеді.

Ұрлық пенен қорлықтан,
Өтірік, ғайбат, зорлықтан,
Бойынды тартып тек жүрсен.

Көрмессің деген залалды [3, 200 б.]

– деп, Шортанбай Қанайұлы күнәлі істерден бойды аулақ ұстауға шақырды. Дін – адамдарды тура жолға жетелеп, жаман қасиеттерді күнә істердің қатарына жатқызады.

Қазақ елінің Ресейге күштеп қосылуының нәтижесінде қазақ халқы орыс ұлтының дүниетанымымен танысты. Бұл дәуірдің ақындары, ойшылдары, зиялылары өз білімдерін медреселерде алып, білімдерін толықтырды. Қазақтың діни-философиясының өкілдері Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ғұмар Қараш, Шәді Жәңгіров, Майлықожа

Сұлтанқожаұлы, Нұржан Наушабаев, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Ақмолла Мұхамметияров, Әбубәкір Кердері, Мақыш Қалтаев, Нұржан Надшабаев, Мұсабек Байзақұлы, Әріп Тәңірбергенев, Иманжүсіп Құтпанұлы өз шығармаларында Жаратушы мен адамның байланысы, дүние жайлы, басқа да діни мәселелерді жаза кетті. Отаршыл патша өкіметінің Ислам діні мен ілімнің қазақ жерінде нығайтып дамуына, дін ұстаздарының беделі мен ықпалын барынша шектеу тырысты, бірақ ғасырлар бойы дінмен сусындап, қазақ халқының діни санасын өзгерте алмады. Мұсылман адамды көркем ететін ол мінез, қасиет, тәрбие. Қазақтың негізгі қаруы ретінде ұят сөзімен нүктесін қоя білген. Парасатты адамның бойына біткен ең керемет қасиет – ұят. Ұят – терең асыл ұғым. Ұялу – тәрбие мен ар-намыстың белгісі. Ғұмар ақын «Ұят» атты өлеңінде:

Тұрады ұят тұрған жерде иман,
Әдебі пайғамбардың бұған илан.
Әр түрлі бұзықтықтан адамзатты,
Тек жалғыз бұ дүниеде ұят тиған [4]

– деп, өлеңінде имансыздық, ұрлық, кісі өлтіру, бұзықтық әрекеттердің болуы ұяттың болмауынан деп ой түйеді. Жаман іс бойыңа әдет болып сіңеді, әдеттен мінезге сіңеді. Келесі адам бойына біткен асыл қасиет – сабыр. Егер адам баласы өмірінде бір қиыншылыққа душар болса, Алла сынақ жіберсе, барынша сабырлық, шыдамды бола білу қажет. Бір жамандықтың артында, екі жақсылық бар деген. Бізді осылай сынау арқылы Алла назарына алғысы келеді. Осы қиын сәтке қатты берілмей, күнделікті өмір сүріп жүргендей қабылдасақ, бәлкім бізге дайындап қойған мол несібемізді беріп қояр. Берген несібені кейбіріміз көрерміз, ал кейбіріміз көрмеспіз. Жақсылыққа айтылған дұғаны жауапсыз қалдырмас деген ойдамын.

Сақтасын Құдай пендесін,
Нақақтан болған жаладан,
Ердің басы не көрмес,
Өскен соң туып анадан.
Жақсылық не жамандық,
Барлығы бір Құдайдан.
Тізеден қан кешсең де,
Сақтаушы өзі Иенің.

Айырыла көрме тобадан [3],

– дей келе, Нұржан Наушабайұлының ұлағатты ойы жасылық пен жамандық Алладан, адам басына түскен түйінді, қиындықты жеңу үшін сабыр сақтауы қажет. Алла бізді несімен сынайды?

Қауіп-қатер, ашаршылық, дүние-мүліктен, табиғат апатымен, жақындарыңмен сынайды. Әр нәрсеге төзімділік керек.

Қорыта айтқанда, ата-бабаларымыздың өсиет еткен мұраларын өмірмен тікелей байланыстырсақ, кейінгі ұрпақтың өсіп дамуына үлесін тигізеді. Діни өкілдердің Ислам дінін насихаттап, адамның өміріне әсер ететін пайдасы көп. Әрбір ұлт өзінің санасына, мәдениетінің ерекшеліктеріне сай Ислам дінін ұстанған. Сонымен байланысты етіп, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мінез-құлықты қалыптастырды. Түркі ойшылдары исламның түркілік дүниетаным мен діндік ерекшелігіне сай жеткізсе, ақын-жыраулардың туындылары иман шарттары мен құндылықтарын поэзия үлгіде жырлаған, ал қазақ ағартушылары заман көшіне ілесуге, дамыған елдермен тең болуға, өнер-білім үйренуге, отарлықтан азат болуға шақырған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дербісали. Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. –Алматы: «Рауан», 1995.
- 2 Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері: филос. ғыл. док. ... автореф. –Алматы, 1994. –43б.
- 3 Он ғасыр жырлайды. –Алматы, 2006.
- 4 Ғұмар Қараш. Замана. –Алматы: Ғылым, 1994.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ДАМУЫ

САҒАНДЫКОВА Г. Х.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мұхтар Әуезовтің қаһарман тұлғасын кескіндеу өнері туралы әртүрлі дәрежеде (яғни арнайы немесе қосалқы ыңғайда) М. Қаратаев, З. Қабдолов, Е. Лизунова, С. Қирабаев, Р. Бердібаев, Ш. Елеуенов, Р. Нұрғалиев, Б. Уахатов, Ә. Байтанаев, А. Ишанов, Т. Рахымжанов, Т. Жұртбаев, М. Әдібаев сияқты әдебиет зерттеушілері сөз етіп, тың тұжырымдар қалыптастырды. Әйтсе де терең мұхиттың суы сарқылмайтындай, іргелі суреткердің мол мұрасы, ересен шеберлігі әр дәуірдің әр мезгілінде жаңа ұстанымдар, жеке көзқарастар тұрғысынан ақтара қалай беруге жетелеуін қоймайтын болса керек. Мәселен, бізді М. Әуезов қаламынан туған портреттер галереясының жазап әлемі керемет тарихи-этнографиялық, философиялық әрі

сұңғыла психологиялық мәнімен қайран қалдырады. Олардан тұтанып, қоздайтын эмоциялық әсер, эстетикалық қуат-құдірет қанша! Қайсыбір ретте қазақ жеріндегі бүгінге мұра боп жеткен көненің көзі – тас мүсіндерге жан бітіп, үнсіз мүлгіген бейнелер құпырып, түлеп, шешіле сөйлеп кететіндей» [1, 62 б.]. М. Әуезов қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет трагедиялық қақтығыстар арқылы тарихи көркем ойлау жүйесінің негізін қалады.

Ұлттық сананың даму тарихы мен ұлттық психологияны басты тақырыбы етіп алған М. Әуезов қазақ қоғамының ғасырлар бойғы қалыптасқан қалпын, ұлттық мінез-құлқын, тұрмыс-салтын, психологиясын көркем бейнелей отырып, сол шығармалары арқылы ұлттың басындағы қоғамның рухани зәру мәселелерін көтерді. Бұл – ұлттың көркем ой-санасын, эстетикалық қабылдау мен пайымдау аясын кеңейтіп, жаңа сатыға көтерді.

Көркем шығармаларында М. Әуезов әлем әдебиетіндегі түрлі ағымдарды меңгерді, творчестволық психологияның ішкі заңдылықтарына тереңдей бойлады. Озық үлгілерге барлау жасады. Романтизм, символизм, натурализм, ағартушылық реализм, сыншыл реализм сияқты әдеби бағыттардың ықпалына да түсті. Сондай-ақ тек көркем өнердің тылсымына тән – авторлық идея, авторлық «мен», кейіпкердің «мені», психологиялық шиеленіс коллизиясы, негізгі, қосымша және үстеме сюжет, кейіпкер әлемі мен өмірбаяны, психологиялық параллелизм, психологиялық абстрактілі көркем шындық, нақты және жалған фабула, кейіпкердің екіге жарылуы, тұлғаның дамуындағы идея мен идеал, шендестіру, астарлау, емеурін таныту, ішкі монолог, авторлық монолог, ой ағымы, әсірелеу, поэтикалық бейне, шегініс, тарихи көркем ойды саралау, психологиялық тартыс, тұспалдау т.б. іспетті көркемдік әдіс-тәсілдерді алғаусыз қолданды. Осында пайдаланып, қақтығыстар арқылы адам мен ұлттың санасын оятты. Ел өміріндегі өксікті оқиғаларды алға тарта отырып творчество иесі өзінің көкірегіне толған ащы запыранды сыртқа шығарды. Трагедия арқылы жан ашуын жеткізді. «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз» атты шығармаларындағы трагедиялық көріністер мен көркемдік шешімдер Мұхтардың шығармашылық көңіл-күйіне айналды» [2, 50 б.].

Әңгіме жанрында көптеген қазақ жазушылары өз үлестерін қосты. Әңгіменің жазылу негізінде автордың стилі анықталады.

Б. Майлин әңгімелеріде өзіндік қолтаңбасымен ерекшелене түседі. Жазушы шығармаларындағы әрбір кейіпкерін түрлі көңіл-

күйлері арқылы аша түсіп, юморлық, күлкі, әжуаз арқылы да оқырман көңіл бірден баурап алар шығармалар демекпіз. Әдебиеттанушы ғалым З. Қабдолов: «Задында, жазушы дегеннің кім екенін, оның қаламгерлік құлқы мен құпиясы қандай болатынын Бейімбет ауызбен айтып уағыздай бермеген, тура қолмен жазып көрсетіп кеткен. Бейімбеттің көзін көргендер жиналыста мінбеге шығып сөз сөйлеуден гөрі ел аралап очерк жазуды он есе артық санағанын аңызға айналдырыды. «Дәуір күнделігі» секілді көп әңгіме солай туған. Бұл оның өзінен кейінгілерге мирас болуға лайық бір өнегесі.

Содан соң, Бейімбет «Шұғаның белгісінен» «Раушан коммунистке» дейінгі әңгіме-повестерінің қай-қайсында болсын, шындықты оқырманға құр түсіндірмеген, түйсіндірген; өмір туралы жай сөйлемеген, сөзбен сурет салып бейнелеген.

«Айранбай» – терең психологиялық әңгіме. Мұнда қашан көрсең де «көйлексіз, жеңсіз күртеше тонды жалаңаш етіне киіп алып, қабағы бір түрлі тұнжыраңқы, әлденеге кейігендей, әлдекімді түтіп жеп қойғандай болып – шонжарға отыратын». Айранбай-егіткінің өзімен аталас Кемелбай тәуелділіктен біржола бас тартып, енді «қазына асырайды» деп сөйтіп, кедейдің тұрмысы тұрмақ санасы бұрылтпас психологиялық дәлелдермен аса нанымды суреттеледі» [3, 130 б.]. Сыртқа шығарып өз ойын айтпаса да Айранбайдың ішкі сезімінде алға ұмтылушылық байқалады. «Қиялы шарықтап өткенді кезе бастады. Есін білгелі Кемелбайдан, Кемелбай секілді байлардан көрген жақсылық-жамандығы көз алдынан суреттеліп өтіп жатқан секілді болды. Өмірдің арты қараңғы. Бір жарық сәуле көрген күні жоқ. Кемелбайға, Кемелбай секілділерге қаншама еңбегін сіңірсе де соның барабарына алған ешнәрсесі жоқ, өткен өмірінен ділгерліктен құтылған да емес. Соншама еңбек мехнатын қайда кеткендігін, кімге істелгенін де білмейді. Жүйрік қиял өткенді кезіп отырып келіп, бұдан бір жеті бұрын елге келген нұсқаушыға түсті. Жап-жас жігіт тақылдап сөйлегенде бір мүдірмейді. Екі сөзінің бірінде айтатыны: «Кедейдің еңбегі байға желінумен келеген; кедей болмаса, бай сол көп малды баға алар ма еді. Оған шөпті шаба алар ма еді! Бағушы мен қағушы кедей болып, рақатын бай көрген... Енді кедей оян, ойлан!...» [4, 128 б.].

Айранбай характерінің эволюциясын автор оның ішкі монологы, қиялы арқылы елестетеді. Ағайынмен араз болуды сүймейтін кешірімшіл ол бұрын Кемелбайға ренжісе де, артынан ашуы басыла береді, соңғы эпизод тұсында ғана реніш «жүрегінің түкпірінен қайнап шыққан кейістікке» айналады, күйініш туғызады, жүрегін тұздай суындырады.

«–Қатын! – деді Айранбай. Кемелбайдан жүрегім суынып болды. Енді соның есігін ашушы болмайық», – оның соңғы байламы осы.

Шығарманың идеялық мазмұнына ұсақ болмыс, шағын штрихтарды арқау ете отырып, адам психологиясын білгірлікпен тәптіштей көрсетіп, образдың даралық сипаттарын ашу жазушының айнымас тәсілі болып қалыптасады» [5, 59 б.].

Б. Майлиннің «Сексен сом» әңгімесі де кейіпкердің ішкі сезіміндегі жан күйзелісі арқылы беріледі. Әңгіменің басында табиғатты жазушы кейіпкермен орайластыра береді. Мәселен, «Күзгі қара дауылға қыстың ызғары қосылып, аспандағы сұр бұлтты құйқылжытып ызғырықтау болып тұрған. Үйден шыққан ыңғайда тесік-тесік болып тұрған лапастан соққан жел Егеубайдың маңдайындағы шәйдің шығарған терін жойып жіберді» [4, 82 б.] – делінген. Ойымызды нақтылай келе Ж. Дәдебаев еңбегіне тоқталсақ: «Көркем шығарма негізінде реалды, ақиқат өмір құбылыстары жатады. Көркем шығарма айнала қоршаған ортаның бейнеленуі, адам санасында сәулеленуі ретінде қабылданады. Сондай-ақ өмір шындығы негізінде жасалған творчестволық туынды сол өмірдің (дамуына) өзіне қайыра әсер ететіні де белгілі» [6, 121 б.]. Мұндағы табиғат Егеубай көңіл-күйіне ұштасады. Әңгімедегі бас кейіпкердің кедей екені айтылмайды, көрсетіледі: «Егеубай ертеңгі шайын ішіп, тысқа шықты. Жапырайған қорасының құлап жатқан бұрышы көзіне шалынды. Темір күрегін алып, құлаған шомды үйе бастады. Албарда тұрған көк шолақ ат, күректің тықырымен Егеубайды танып, жем іздеп оқыранып қойды». Осылар – жай сөз емес, жанды сурет. Егеубай тысқа шығып еді, көргені – жапырая құлаған қора, мал дегенде көзге ілінгені – жалғыз ат, енді үйге кірсе – «қатыны Егеубайдың тозған киімін жамап отыр», естігені – қатынының «Осы үйде бүгін бір түйір шай жоқ» деген сөзі. Оқырманға осы түйсіндіруден артық қандай түсіндіру керек?

Үй басына сексен сомнан салық салып, соны жинауға келген «Алашорда» солдаттарының дуасыздығы, дұшпандығы Егеубаймен екі арада болған мына диалогтан ап-анық аңғарылады:

- «– Қане, отағасы, ақша шығарыңыз, – деді қара бұжыр.
- Ойбай, шырағым, ақша жоқ!
- Ақша жоқ деген не сұмдық! Біз ондайды есітпейміз!
- Не көрмеген көктұқыл дейсің, жалтаруын қарашы – деп, жолдасы күңкілдеді.
- Отағасы, ақша тап!
- Қарағым-ау, соқыр тиыным жоқ, жерден қазайын ба?

– Мынауың «Алашордаға» қарсы ғой өзі...»

Ақыры бұлар қоймайды, ақша орнына Егеубайдың көк шолағын тартып әкетеді. Осы арадан әңгіме дереу аяқталады да, автор айтар идея тағы да «саусакпен нұсқалмайды», өзінен-өзі мына көріністен келіп бір-ақ шығады:

«Егеубайдың қатыны екі көзді жаспен бұлап тұр еді:

– Жалғыз атты «Алашорда» қақшыды. Құдай-ау – енді қайда барып күн көреміз!»

Жоқ, күн көреді. Кедейді тағдыр ылғи зарлата бермейді. Заман жаңарады, адам өзгереді. Ауылдағы ескі мен жаңаның арасындағы күрес толассыз. Әділдік пен жауыздық әрқашан айқаста. Бірақ әйтеуір ақиқат біреу: жамандықты жақсылық, жауыздықты әділдік жеңеді. Осы диалектика әр әңгіменің динамикасына көшкен. Майлин мұрасынан мирас боп ауысар тағы бір өнеге – суреткердің осы шеберлігі» [3, 130 б.]. Диалогтың да әдебиетте алар орны ерекше. Диалог жөніндегі Б. Майтановтың «Диалогтағы сезім шынайылығы» атты тарауында: «Диалог арқылы сыртқы әлем бейнеленеді, пейзаж бен портрет сипатталады, предметтік-заттық орта, жекелеген кейіпкерлер субъективті түйсінулер әсерімен суреттеледі» [4, 244 б.] – делінген. Әңгімеде Егеубайдың ішкі сезімінде болып жатқан арпалыс, қиналысы сөзбен сөйлемей-ақ сыртқы келбетінен-ақ байқалғанын көруімізге болады. Автор Егеубайды: « – «Сексен сом» дегенде Егеубайдың таянып тұрған күрегі жерге түсіп кетті. Өзі безгек болған кісідей қалтыранып аузы жыбырыап қайта-қайта «сексен сом» деп айта берді.

Тынымбай аң-таң, Егеубайдың неден сасқаны оған жұмбақ, басқа бір пәле болып қалды ма деп, ол шегіне берді» [4, 83 б.]. Мұндағы Егеубай бейнесін беруде жазушының шеберлігі байқала түсіп, психологиялық қырынан ашыла түседі. Сексен сомның Егеубайға түрлі қырынан әсер еткенін жазушы былай береді: «Ауылнайдың үйіне делегаттар келіпті» деген хабар іңір әлетінде дүңк ете түсті. Мұны естігенде Егеубайдың көз алдына сексен сом елестей кетті. Бойы мұздап қалтыранды. Сексен сом оның жаны, делегаттар жан алатын әзірейіл секілді көрінеді. Тұла бойы дірілдеп, жүрегі дүрсілдеп, тамағына бір нәрсе тұрған секілді жұтындырмайтын күйге ұшырады. Қатыны шәйін дәмдеп құйып берсе де, Егеубай бұрынғыдай жадырап іше алмай, бірер кеседен кейін төңкерді» [4, 84 б.] – дегендегі Егеубайдың ішкі сезімі ашыла түспек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Майтанов Б. Мұхтар. Әуезов суреткері: оқу құралы. – Алматы: Әл-Фараби, 1996. – 124 б.
- 2 Жұртбай Т. М. О. Әуезовтың шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі Авторефераты. – Алматы: Қаз. Республикасы, 2000. – 50 б.
- 3 Қабдолов З. Арна. – Алматы: Жазушы, 1998. – 256 б.
- 4 Майлин Б. Шұғаның белгісі. – Астана: Елорда, 1999. – 364б.
- 5 Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. – Алматы: Жазушы, 1988. – 176 б.
- 6 Дәдебаев Ж. Шымырлап бойға жайылған – Алматы: Жазушы, 1988. – 192 б.
- 7 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.

КОМПАРАТИВИСТИКА НЕМЕСЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

САГАНТАЕВА Ж. Т.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Бүгінгі жаһандық даму қоғам дамуынан бір ізді, бір сыдырғы таным мен ойларды белгілей бермейді. Кез келген таным мен түсініктен, әрбір мәдени, өркениет ойынан жалпыадамзаттық түсініктер мен көзқарастарды байқаймыз. Бұл түсініктер мен көзқарастар адамзаттың ойларының өзгермелі қалпының өзінің ұқсастығын, әрі олардың арасындағы тығыз бірлікті көркістеді.

Жаһандық дамудың өзі де мәдениеттер тоғысынан тұрады, олардың бір-бірімен араласуынан, бір-бірімен жалғаса отырып, жаңа мекендерге шығуынан құралады. Сондықтан да жалпыадамзаттық ой-көзқарастан біз тұтас танымдарды да көреміз. Бірақ әдебиеттің ұлт жаны, ұлттың бейнесін ашушы ретіндегі рөлі оның көркемдік ойынан әр ұлт бейнесін, суреттерін анықтауы да қажет.

Салыстырмалы әдебиеттану бұған дейін талай ойшыл ғалымдардың еңбегіне арқау болған. Негізгі үрдісті еуропа ғалымдары бастаған еді. И. Г. Гердер, Дж. Бенфей, Х. Познет, М. Кох, Ф. Бальданперже, П. Азар т.б. [1, 5] ғалымдар бастаған осы ғылым саласы орыс әдебиетінде де жалғасын тапты. Бірақ

бұл еркіншілік қазақ әдебиет ғылымына берілген жоқ еді. Бодан елдің бар асылы бұғауға түсіп, ақтылы дүниесі айтылмады. Егер компаративистикаға жол берілсе, қазақ әдебиетімен өзектес, бұдан өрбіген «жаттанған» сұлбалар бой көтерер еді.

Орыс әдебиетінде М. Бахтиннің «Эстетикасы» [2] компаративистикалық талдаулар жасады. Сонымен бірге әдебиеттегі енді кезеңдер үшін таза бір ұлттық, таза бір халықтық танымның бола қоймайтынын белгіледі. Орыс әдебиетіндегі түркілік сілемдер Баба Яго-Жалмауыз кемпір, Илья Муромец-Алып Ер Тұңға, Царевна Лягушка Уто-Саран-Батор, Три Принц-Аяз Би т.б. секілді оқиғалар сөзімізге дәлел. Демек, қазақ әдебиетінің қарымы мен құлашын көрсету үшін салыстырмалы әдебиеттану ғылымы өте керек. Егер біз салыстырмалы әдебиеттану ғылымын айналысқа енгізсек, өз әдебиетіміздегі образдардың генологиялық тамырларын тануға, түпкі негіздерін ашуға мүмкіндік туады.

Әдеби өсу-өну үдерістерін ұғынар едік. Тәуелсіз елдің негізгі тірегі – әдебиеті. Әдебиеттің сүйенерінің бірі – салыстырмалы әдебиет. Сондықтан осы саланы зерттеу- кезек күттірмес істің бірі деп білеміз.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі компаративистиканы әдебиеттанудың жаңа мәселелері ретінде зерттеуде біз жаһандық қоғамның өзгеше тың тұстарын қарастыруға мүмкіндік аламыз.

1 Компаративистика кез келген ұлттың әдебиетінің туған топырағы, өз түп-тамыры бар екендігін анықтайды. әдеби ойдың, көркем кестенің әлемдік үздіктері қатарында да біздің ақылымыздың, танымымыздың алдыңғы қатарда екендігін көрсетеді.

2 Компаративистика – қазақ елінің тәуелсіздігімен, еркіндігімен келген ғылым саласы. Ендеше бұл ұлт әдебиетінің де еркіндігін танытады. Қазақ елінің ғасырлар жасалған қазыналы мұралы әдебиеттануын зерттеуде бір бұл салаға жіті көңіл аударуға қоғамның саяси-әлеуметтік талаптарымен мүмкіндік берілмеді. Бұғанға дейін қазақ әдебиеттануында компаративистиканың зерттеу нысаны ретінде назарға алынбады деуге келмес. Бұл әдебиеттану ғылымының әр саласында, теориялық мәселелерін зерттеуде, тарихын терең қарастыруда, сынын жүйеге түскен тұстарда түрлі пікір, ой-көзқарас ретінде айтылып, қозғалған мәселе екендігіне дау жоқ. Бірақ жүйелі түрде назарға алынып, ғылыми нысан қалпында белгіленіп, әдіснамалаық сипаттары ашылып, теориялық мәселелері белгіленіп зерттелмегені анық.

3 Қазақ әдебиеттану ғылымындағы компаративистиканы зерттеудің келесі бір артықшылығы – зерттеудің түрлі әдістері

мен тәсілдеріне, алуан ой-көзқарастарына жол ашатындығында. Компаративистика арқылы ғылымдағы түрлі пікірлерге талдау жасай отырып, ең жүйелі, қисынды және дәлелдісіне назар аударту мүмкіндігі бар. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы негізгі зерттеулердің дені – жылдар бойы тар қыспақты әдіснамадан шыға алмаса, бүгінгі тәуелсіздікпен келген саластырмалы зерттеу – біздің де адамзаттың алдыңғы қатарлы ойында қомақты үлесімізді әлемге танытады.

4 Ұлт әдебиетіндегі бар фабула (сюжет, композиция), дәстүрлі баяндау үлгілері, олардың өзгеріске түсулері (қоғамдық саяси, мәдени, әлеуметтік себептері т.б.), тақырып пен идеяның берілуі оның ортамен байланысы, жасырын ойлар т.б. әдеби иірімдердің ұқсастықтары, тегі мен табиғаты, ерекшеліктері мен айырмашылықтары қарастырылады.

5 Ұлт әдебиетіндегі көркем кейіпкер түрлерінің өзгеруі, жаңғыруы, жаңалануы, өшуі, пайда болуы, қоғамға бейімделуі т.б. сияқты көркем бейненің сөз өнеріндегі тарихын саралау, екшелеуге жол ашылады.

6 Көркем шығармаларды зерттеу және оны талдаудағы көзқарас, пікірлерді салыстыру, оның уақыт пен кеңістік аясындағы мүмкіндіктеріне баға беруде де компаративистика арқылы талдаудың мәні үлкен екені анық. Осы арқылы қазақ әдебиеттануы ғылымындағы зерттеуші-ғалымдар лабораториясын, ғылыми мектептерін, ғылымдағы үлестерін де салмақтауға, әдебиеттанудың белгілі бір кезеңіне оң және теріс жақтарын анықтауға болады.

7 Компаративистика арқылы әдеби идеядағы бірлік пен бөлшектікке баға беріледі. Көркем бейнедегі индивидтік және ұжымдық ұғым, түсінік, танымдардың ұлт пен мемлекет мүддесіне қызмет ету индексын анықтауға жол ашады.

8 Зерттеудегі келісі бір арнайы назар салар тұс – көркем бейненің бүгінгі және келер ұрпаққа қызметін ашу. Бұл тұрғыда қазіргі мектеп оқулықтарындағы берілген көркем мәтіндерге әдеби талдау жасалады. Бұл талдаудың қажеттілігі сынға көп ұшырайтын әдебиет оқулықтарының бірізділікке түсуіне, нақты тұжырымдамалар аясындағы материалдарды іріктеуге мүмкіндік береді.

Компаративистика – салыстырмалы әдебиеттанудың басты нысандары ретінде қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұқсастықтарды стиль, сюжет, тақырып, идея, кейіпкер бейнесіндегі ерекшеліктер трансформация, түрлі нұсқалылық т.б. мәселелеріне көңіл аударуды талап етеді. Компаративистикалық әдебиеттану мәселелері арқылы біз әдебиеттегі талдауларды бірнеше үлгілерге жіктеуімізге болады.

Бұл жіктелістер жалпы шығарма мазмұны мен құрылымы, ой өрісі, идеяның ауысуы, өзгеріс түрлері, айналыс қалыптары қалпында қарастырылады.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі қоғам мен байланыс, сабақтастықты анықтай отырып, жаһандық үлгіге қажет тақырыптар мен ортақ мазмұндық үлгілер, кейіпкерлер мен идеялар кешендерін беруге болады.

Компаративистика – ұлттық әдебиетті әлемдік әдебиет аясында салыстырмалы зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиеттану тарихындағы түркілік көне жазба үлгілерде туған топырақтың таза танымдық қалыптары кейінгі кезеңдердегі араб әдебиетінің нұсқаларымен дидактикалық, ақыл мен насихаттық, уағыздық қалыптарға көшті. Сондықтан да таза ұлттық дейтін фольклорлық үлгілердің кейінгі кезеңдерінің нұсқаларында түркілік таным мен шығыстық сарындар қатар жүреді. Бұндай танымды қабылдаудың, сіңірудің себептері неде, олардың тегі мен табиғатындағы байланыс қандай деген мәселелер де анықтала түседі. Осындай талдауларды кейінгі кезең әдебиетіне де жасай отырып, біз әдебиет тарихындағы оқиғалар желісі олардың берілу тәсілдері арқылы ұлттың даму, өзгеру белгілеріне де қазіргі ұлттық әдебиеттің жаңа жаһандық мәселелері ретінде талдау жасаймыз.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы компаративистика немесе салыстырмалы әдебиеттану мәселелелерін келесі тірек негіздері арқылы зерттей аламыз.

1 Көркем шығармадағы сюжеттердің ұқсастығы. Сюжеттердегі ұқсастық тектері.

2 Көркем шығармадағы кейіпкер аналогиясы. Өзгеріс себептері мен таным-түсініктер әсері.

3 Туындыдағы көркемдік бояулардың ауысуы: метафоралық аналогия.

Компаративистиканы әдебиеттану ғылымында салыстырмалы зерттеулер үшін, тарихи-салыстырмалы әдістер үшін және жекелеме компаративистика деп сала ретінде қарастырады. Компаративистика тек әдеби термин емес. Сонымен бірге ол мәдениет пен тарихты, рухани саланы да салыстыра зерттейді. Сондықтан да оны кей тұстарда кешенді үлгі түрінде де алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сравнительное изучение цивилизаций: Хрестоматия // Сост. Ерасов Б. С. – Москва: Аспект Пресс, 2011. – 612 с.

2 Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. – Москва, 1979. – 384 с.

3 Аминева В. Теоретические основы сравнительного и сопоставительного литературоведения. – Казань, 2014. – 115 с.

КОМПАРАТИВИСТИКА: ПРОЗАДАҒЫ СЮЖЕТ ПЕН КЕЙІПКЕРГЕ ТАЛДАУ

САГАНТАЕВА Ж. Т.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Компаративистика немесе салыстырмалы әдебиеттану туралы түрлі пікірлер бар. Әдебиеттің көркем ой ретіндегі қызметі қоғамның суреттерін көрсету. Қоғамдағы экономикалық саяси, рухани, мәдени тұстарды көркем оқиғамен беру. Сондықтан да шығармадағы көркемдік бояудың реңктерінің сан түрлі болуы да оның бар күшін, қуатын көтереді. Осы ретте, қай кезеңдегі әдебиетті алып қарасақ та, ұқсас сюжеттер мен кейіпкерлерді, ортақ оқиғалар мен тақырыптарды кездестіреміз. Әдебиеттанудағы ортақтық туралы ғылымда компаративистика мағынасын латын тілінен алады. Латын тіліндегі салыстыру (сравнение) деп береді [1]. Сол себептен де, В. Веселовский компаративистиканы барлық әдебиетте бар, әдебиетті зерттеудің әдісі деп алады. Ал кейінгі 20-ғасыр зерттеушілер оны ғылым саласы, әдебиеттанудың бір саласы деп есептейді [2].

Әдебиетті салыстыра зерттейтін ғылым саласы деп атайтын оның өз алдына жект сала ретіндегі тұжырымдамаларын сюжеттер мен оқиғалар бірлігінен және кейіпкерлер аналогиясын ұлттық және өзгелік қалыпта ашуды анықтауымен байланыстырады.

Әдебиет – ұлттық ойдың көркем кестесі. Сондықтан көркемдік ойдағы ұлттық таным мен түсінік басты орында болады. Бірақ қоғамда бір орында тұрмайды, таным мен түсінік өзгереді, дамиды. Оның өзгеріс себептерінің бастысы да өзге ұлтпен араласу мен байланыстан тұрады. Сондықтан да қазіргі әдебиеттегі көркемдіктің өзінде салыстырмалы әдебиеттануды әдіс ретінде де, жалпы компаративистика деп тұтас әдебиетті зерттеудің бір саласы деп те қарастыруға болады.

Салыстырмалы әдебиеттануда зерттеулер жүргізуде көркем ойдың басы ашық екі тұсын анықтауға болады. Салыстырулар

көбінесе нақтылы бір шығарма мазмұны мен құрылымын қатар алып келесі үлгілер бойынша жүргізіледі.

- 1 Кейіпкер бейнесінің ұқсастығы.
- 2 Сюжеттегі ортақтық.
- 3 Көркемдік белгілердің қатар алынуы.
- 4 Тақырып пен идеяның қайталануы.
- 5 Қоғамды көркем суреттеуде ойды беру тәсілдерінің бірлігі.

Көркем әдебиеттегі осындай ұқсастықтарды лирикада М. Жұмабаев өлеңдеріндегі символдық бейнелермен, М. Әуезовтің зерттеулерінен, көркем шығармаларынан бастайды.

Кейіпкер бейнесінің ұқсастығы. Кейіпкер бейнесі – ұлттық ерекшеліктерге бағынатын, халықтық ойдың жиынтығы. Сондықтан да нақты тарихи тұлғалар мен өмірде тірлік кешкен кейіпкерлерді ұқсатуға көп бара бермегйді. Тұлғаның өзіндік ерекшелігі де өзгені қайталамайтындығында. Ал мысалы М. Шолоховтың «Тынық Доны» мен Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен терін», болмаса Х. Есенжановтың «Ақ Жайығын» қатар алуға болады. Шығарма тақырыптары да тарихи кезеңді белгілі бір аймақ, өлке шеңберінде ашуды мақсат еткен. Осы тұрғыдан алып қарағанда көркем шығармадағы салыстыруларды жасаған зерттеулер бар, бірақ бұл зерттеулер терең, нақтылы жасалған зерттеулер емес. Жалпы қазақ әдебиетіндегі зерттеулерде салыстыру бар. Бұл әдіс ретінде барлық талдауларда қолданылады. Ал тұтас компаративистикалық талдау ретінде зерттеуге алу әзір кездесе қойған жоқ. Мысалы Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінің басталуын Ю. Лермонтовтың «Біздің заманның батырлары» романының сюжетімен орайластырады [3, 37].

Қазақ әдебиетіндегі «Бақытсыз Жамалдан» басталған прозадағы әйелдер бейнесін «Бедная Лиза» шығармасымен байланыстыру көп кездеседі. Тақырыптық ортақтық қоғамның қажеттіліктерінен туады. Қазақ қоғамы үшін әйелдер теңсіздігін көтеру 20-ғасыр басындағы әдебиеттің еншісіне тиді. Ал Кеңес өкіметімен қатар қоғам өзгерістері, ақ пен қызыл соғысы, ғасыр басындағы дүрбелең орыс пен қазақ әдебиеті үшін бір кезең, бір уақыт. Осы уақыт ортақтығына қарай, заман мен идеологиялық бірлікке қарай жоғарыдағы шығармалардағы сюжеттік желінің бірлігі, кейіпкерлер бейнесінің бір-біріне жақындығы, кей тұстарда бір әрекеттерді бірдей қайталаулары да сенімді болатын. Сондықтан да көркем прозадағы компаративистикалық талдау жасауда бірнеше сипаттар назарға алынады.

1 Ұлттық таным мен түсініктері, сал пен дәстүр және соның сипаттарына қарай халық суреттерінің бейнеленуі.

2 Тарихи кезеңдер түрлілігі. Тарихи кезеңдердің бір ұлттағы бұрын өткен жайдың келесі ұлттың бірнеше уақыттар салып бастан өткеруі.

3 Тарихи кезеңдердің бірлігі. Тарихи оқиғаларды халықтардың бір кезеңдерде, бір уақыттарда қатар бастан өткеруі.

Кеңестік идеология әдебиетті тар шеңберде ұстады. Сюжеттік кіруі немесе кейіпкерлер бейнесінің өзгерісі жат идеяны насихаттау деп саналды. Сондықтан да әдебиеттану ғылымында қалыптасқан екі теория бар.

1 Ықпалдастық теориясы.

2 Паралелль зерттеу теориясы.

Ықпалдастық теориясы – бір әдебиеттің екінші әдебиетке тікелей әсерімен жазылған шығармалар. Оған Кеңес өкіметі кезіндегі талай шығармалар әсері байқалады. Тіпті болмаған кездің өзінде «шекпенінен шыққан» деген тіркестің өзі де Кеңестік идеологияның бір шекпеннен бір идеялардың тарауын қалағаны анық.

Ал паралелль зерттеу қазіргі әдебиетте кең жүйе ретінде алынады. Мысалы АҚШ әдебиетшілері паралелль зерттеу теориясы арқылы әдебиеттегі ортақ ойлар, ортақ рухани мәселелерді қатар алады. Біз қазақ әдебиетінде М. әуезовтің «Көксерегін» Э. С. Томпсонның «Лобо», Д. Лондонның «Ақ азуымен» салыстырамыз. Бірақ қазақ топырағындағы бұл Көксеректің орны өзгеше. Ақ азу мен Лобоның ішкі иірімдері мен кейіпкер мен орта қатынастарын ашудағы сипаттары бөлек. Бұнда тағылықтан гөрі адамдар ортасының мәдениетін көтеру бар, ал Көксеректе қоғам мен табиғат қайшылығы ашылады.

«Көксеректің» тікелей әсерін, ықпалын біз Ш. Айтматовтың «Жанпида» романында Ақ құртқа мен тасшайнар болып кеңіді. Бірақ М. Әуезов Көксерегінің сілемдері ғана емес, сол кекшіл қасқыр бейнесі сол қалпында сақталған. Бұл тек Көксеректі сол қалпында алу емес, бұны түркілік жұрттың танымындағы тотемдік бейненің ұлт санасынан кете бастағанына қарсылық та сияқты.

Компаративистикалық талдаулар жасау кезінде ұлттар мен халықтар арасындағы ертедегі, кейінгі жаңа танымдар да ескеріледі. Мысалы түркілік танымдағы жылқыны құрметтеу, киелі санау қазақ әдебиетінде талай шығармалардың жазылуына негіз берді. Сондықтан да қазақ әдебиетінде жылқы бейнесі жеке кейіпкердің өмірін, ішкі иірімдерін, адамдар ортасын, қоғам мен табиғатты т.б.

тұстарды көркем идеямен өрнектеуге кең қолданылды. Бұны қазақ-қырғыз шығармаларына ортақ сюжеттерден, бейнелерден көреміз.

Әдебиет – жеке ұлттың еншісіндегі көркемдік әлем. Оның идеялары ұлттың өзінікі болуы шарт. Бірақ әлемдік өзгерістер, әсіресе кейінгі технологиялық дамудағы жаһандық байланыстар мен бірігулер бізге де өзге елдің танымы мен түсінігін ұғуды қажет етеді. Сондықтан да әдебиеттің өзін тома-тұйық қыла алмаймыз. Осы тұста әдебиеттегі бүгінгі жаһандануды әлем бұдан 60-70 жыл бұрын бастап кеткен. Америка Құрама Штаттары салыстырмалы әдебиеттануды арнайы паралель зерттеу теориясымен әдебиет пен мәдениет бірлігі ретінде зерттесе, 1954 жылы парижде құрылған әлемдік салыстырмалы әдебиеттану зерттеулері одағы біздің әдебиетіміздегі таным мен түсініктерді ашуды 70 жылға жуық уақыт ішінде тыңғылықты жүргізіп келеді. Ендеше әлемдік әдебиетті салыстра зерттеу, оны компараивистикалық әдіс-тәсілдерді нақтылау арқылы қарастыру бүгінгі әдебиет үшін қажет екені сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <https://kartaslov.ru/значение-слова/компаративистика>.

2 <https://kartaslov.ru/значение-слова/компаративистика>.

3 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «АҚСАҚАЛ» СӨЗІНІҢ КОНЦЕПТІСІ

САДВАКАСОВА Н. Б.

бастауыш сынып мұғалімі,

4 Ертіс ЖОББМ, Ертіс ауд., Павлодар обл.

Концепт табиғатын түсінуді қиындататын жағдай – оған ұқсас бірқатар ұғымдар мен терминдердің болуында. Олар: концепт, ұғым және мағына. Бұл үш терминнің айырмашылықтары қазіргі теориялық тіл білімінде дау тудырып келеді. Концепт пен ұғым терминдері ішкі формасына қарай ұқсас. Себебі латынның *conceptus* - ұғым деген сөзінің тікелей калькаланған түрі деп те айтылып жүр. Алайда ұғым танылатын объектінің мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, концерт ұлттық болмысқа негізделген ментальді білімнің жиынтығы деп түсіну қажет. Егер «ақсақал» лек-семасын мазмұн ретінде қарастырсақ, онда бұл туралы ұжымдық, тұлғалық санадағы барлық біліми ақпараттар шоғырынан тұрады. Сондай-ақ, «ақсақал» лексемасын тұрпат межесінде

алсақ, онда айналасына ұйымдасқан тілдік бірліктерді лексикалық, фразеологиялық, мақал-мәтелдер жүйесін көреміз. Концептіні таныту үшін кез келген тілдік бірлік, лексика-фразеологиялық мағынасы бар бірліктер алынады. Алайда концепт ретінде барлық ұғым алынбайды, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын жалпыұлттық құндылықтардың ерекшелігін танытатын күрделі ұғымдар ғана жиі танылады. Концепт пен ұғымның басқа да өзгешеліктері бар: ұғым өз бойына мәнді, маңызды белгілерді жинайды, ал концепт – мұнымен қоса, мәнді емес ниеттерін де қамтиды. Сонымен, концепт пен ұғым – ғылымда екі түрлі термин. Ұғым – логика, философия термині, ал концепт – математикалық логика, мәдениеттану, когнитивтік тіл білімі термині. Концепт пен мағына біржақты ұғымдар емес. Концепт дүние туралы тұрақты мәліметтер жинайды, ал сөз өзмағынасымен концептінің бір элементін ғана танытады. Концепт терминін анықтау сөз мағынасының қалыптасуына үңілуден туындайды. Когнитивтік ғылым базасында, терең зерттеулердің нәтижесінде концептінің санада ойлау әрекеті арқылы қалыптасып, психикалық ментальді қабілеттер негізінде танылатыны айқындалды. Кең ұғымда, концепт – санадағы ментальді бірліктер мен психикалық ресурстар қызметі арқылы индивидтің тәжірибесі мен білімін танытатын ақпараттық құрылым [1, 65].

Өзіміз қарастырып отырған «ақсақал» сөзі ер адамға қатысты қолданылатын сөз. «Ер адам» концептілері кез келген мәдениетте кездесетін концепт болғандықтан, әмбебаптық сипатқа ие. Дегенмен, «Ер адам» концептісі барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына, болмысына орай оның концептосферасы айқындалып отырады. Еркек атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі. Мысалы, «ер адам» тезаурсын түзетін ұл, ер бала, бозбала, жігіт, ер, еркек, күйеу жігіт, отағасы, әке, ата, баба, ақсақал, шал сөздері мақал-мәтелдерде «еркек-ұл», «еркек-жігіт», «еркек-ер», «еркек-күйеу жігіт», «еркек-әке», «еркек-ата», «еркек-ба-ба», «еркек-ақсақал» когнитивтік модельдерін құрады. Аталмыш ұйытқы сөздер қатысқан мақал-мәтелдерден «Ер адам» концептісіне байланысты этностық дүниетаным мен халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігін аңғаруға болады. Ер адамға тән қасиеттерді халық аса бағалап-қастерлеген. Ер адамға тән ақылдылық, батырлық, өткірлік, білімділік, пысықтық т.б. қасиеттер ұлт мәдениеті шеңберіндегі «Ер адам» концептісін қалыптастырады [2, 32].

Уикипедия – ашық энциклопедиясында: Ақсақал – ауыл-аймақтың жасы егде тартқан құрметті адамы. Өзінің өмірлік тәлім-

тәжірибесін, халықтық игі дәстүрлер мен салт-сананы үйретуші, үлгі-өнеге көрсетуші. Әрқашан аталы сөз айтып, туыстықты, бірлікті, елдікті сақтау жолындағы уағызшы. Ақсақал тек отбасының емес, барша ауылдың тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына басшылық жасап, ізгі ықпалын тигізеді. Жастарды білімге, ізеттілікке, еңбекке баулумен бірге ауыл арасының кикілжіндері мен қақтығыстарына да бітуажа сөз айтып, табыстырып, қауыштырып отырады. Бірақ мұндай кезде айтқан бітім сөздеріне қарап, оларды билермен шатастыруға болмайды. Билер мен ақсақалдар арасындағы айырмашылық елеулі. Ақсақал айтқан аталы сөз ешқашан аяққа басылмаған. Аталы сөзден аттаған – жүгенсіздік, тәрбиесіздік деп есептеледі. Ақсақалдармен шаруашылық, экономикалық, тәрбие т.б. мәселелері жөнінде реті келгенде ресми басшылар да ақылдасып отырады, – деп берілген. Келтірілген анықтамадан түйгеніміз, ақсақал қазақ қоғамында барлық билеуші тұлғалардан да жоғары тұра алатындай беделге ие қоғамдық тұлға. Ежелгі кездерде, қауым ішінде, отбасында ақсақалы құрметтелмеген қоғам болмағандығы туралы ғылыми еңбектерде айтылып жүр. Әрбір және үлкен қауымдарда өз ақсақалы билік айтып, ел мен елді бітімгершілікке шақырып отырған.

Ақсақалдар – қазақ қоғамында әулет басқару, ауыл басқару ісіне араласқан тұлғалар. Қазақ қоғамында белгілі бір жеті аталас туыс адамдар, яғни жеті ата адамдары бір әулет болып табылады. Басқарудың бұл буыны туыскандықтан тұратындықтан бұрын әулеттің басқарушысы болып, сыналған жағдайда, басқа жақтан кісі іздемей-ақ араларынан ерекше көзге түскен адам басқарып кете берген. Әулет басқарудың негізгі жұмыстары – туыстар арасындағы шаруадан басқа, шілдеханадан бастап, қайтқан қариясын жөнелтуге дейінгі істерді үйлестіріп, осыларды барлығына хабарлап, қатыстыру міндетін атқарған. Әулет басшысы әулет үлкені мен сыйлысының алдынан өтіп, келісімін алатын болған, ал той немесе басқа шаруа иелері басшыға ере барып, ол туралы ақсақалдың батасын алатын болған. Көшпелі елдің өзіндік демократиясы болғандықтан ел басқару мансабына ұсынылған азаматтар әдетте жұртшылыққа әбден жағымды болған мінезімен, ісімен ерекшеленіп, көбінесе «сенім білдіру» арқылы (қол көтеріп не басқа жолмен сайланбаса да) басқару ісіне келген. Сондықтан басқару басына осындай жолмен тағайындалған адамдарды жалпы жұрт тыңдайтын болған. Әулет басқарушыларды, әдетте пәленшеке, түгеншеке, аға, ақсақал деп құрметтеген Қазақ қоғамындағы рубасы болған ақсақалдар ресми лауазымды (би және рубасы) иеленбесе де, қоғамдық өмірдегі

орны мен рөлі ресми биліктің өкілдерінен кем болған жоқ. Осы тұлғаның ақсақал деп аталуы оның биологиялық ерекшелігін ғана емес, ең алдымен өмір тәжірибесінің тезінен өткен ақылгөй қасиетін әлеуметтік ортаның мойындағаны, һәм бағалағаны. Ақсақал деп тек «жасы үлкен құрметті адамды» ғана айтпайтындығын, онымен бірге, төңкеріске дейінгі қазақ ауылының ру басын, билік иесін де, «ақсақал» деп атаған деген пікір кеңес заманында да болған. Мүмкін сондықтан болар Қазақ Совет Энциклопедиясында ақсақал сөзіне екі мағына берілті: 1. Ертеде ел тағдырын шешкен жасы үлкен, ықпалды адам, ру басы; патриархалдық-феодалдық биліктің өкілі. 2. Құрметті кісі, қария; үлкенге ізет білдіргенде де «ақсақал» деп атай береді [2, 95].

Ақсақал сөзіне орыс тілінің сөздігінде мынадай анықтама беріледі:

1) уважаемый пожилой человек (мужчина); старец; старший в коллективе; уважаемое лицо ол көпті көрген ақсақалдай сөйлейді → он говорит, как уважаемый старец; ақсақалды ауыл азбас → в ауле, где есть уважаемые старцы, там бывает все в порядке;

2) ист. старейшина; патриарх; предводитель рода ақсақалдар алқасы → совет старейшин ақсақалдар кеңесі → совет старейшин;

3) ақсақал (почтительное обращение к мужчине, старшему по возрасту и по общественному положению); почтеннейший;

4) перен. Корифей әдебиеттің ақсақалдары → корифей литературы ақсақалдар алқасы → совет старейшин.

Ежелден қалыптасқан адам жасын жіктеу дәстүріне сәйкес ақсақалдар қатарына адамның бесінші мүшелге аяқ басқаннан кейінгі, яғни қырық тоғыз жасқа толғандардан бастап кейінгі жастағылар жатқызылады. В. В. Бартольдтың айтуынша, ақсақал – қолында өкілетті билігі жоқ, бірақ, бұрыннан сіңген еңбегі бар, мол тәжірибе, парасатымен үлкен-кішіні аузына қаратқан құрметті адам. Қауымдар шаруашылығына рубасылармен қатар ақсақалдар да басшылық етті. Қазақы ортадағы ақсақалдың беделінің жоғарылығы соншалықты, ауыл аты да ауыл ақсақалы немесе ру ақсақалы атымен аталған. Ақсақал барша ауылдың шаруашылығына басшылық жасап, көш жолдарына бастап, жайылымдық жерді таңдауда да шешім қабылдап отырды. Дәстүрлі қазақ қоғамында ру ақсақалдардың кеңесі және тайпа ақсақалдарының кеңесі сияқты дәстүрлі билік жүйесінің болғандығы белгілі. Бұл билік жүйесінің ру, әулет, ағайын, туыс арасындағы тұрмыстық мәселелердің ауыл арасындағы қарым-қатынастың, жер дауының тиімді шешімін табудағы маңызы ерекше жоғары болды. Ақсақалдардың шешімі билер сотында, әдет-ғұрыптық құқықта маңызды орын алды. Билердің өзі маңызды шешімді ру

ақсақалдарының қатысуынсыз шешпеді. Ақсақалдар жайлаулар мен жайылымдарға байланысты қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды реттеп отыратын беделді тұлға болды.

Ақсақалдар ауыл арасындағы күрделі тұрмыстық мәселелерді, этикалық қатынастарды реттеп отырды. Қауым мүшелері үшін ақсақал ар кесіп айтқан шешім міндетті болып саналды. Қазақ ауылдарында ақсақалға құрмет көрсету «кеңес» жүргізгенде, дау шешкенде, олжа бөлгенде, киіз үйдегі төрдегі орындарда отыруда, табақпен ас тартқанда этикеттік норма ретінде қатаң сақталды. қазақ қоғамында қалыптасқан билікке қатысты ақсақалдар кеңесі деп аталатын ұғым пайда болды. Ақсақалдар кеңесі – сан-алуан мәселелерді талқылап, ұйғарымға келетін, ресми орындарға ұсыныс беретін көпшілікті басқарудың биресми қоғамдық түрі болған [3].

Бұл жоғарыдағылар «ақсақал» сөзінің бұрынғы қазақ қоғамындағы рөлі. Бұрынғы деп ай- тып отырғанымыз, қазақ қоғамының тарихи әртүрлі кезеңді басынан өткізуі ондағы тұрмыс- тіршілікпен қоса кейбір ұлттық дәстүрлер мен қатынастарға да әсерін тигізбей кеткен жоқ. Сондай өзгерістерге «ақсақал» сөзінің бүгінгі қоғамда да рөлі аздап өзгергендігін байқатады. Осы орайда қазақылық дәстүр, аталы сөзге тоқтау сияқты қанымызға дарыған қасиеттердің құны төмендеп бара жатқандығы жөнінде жазған мақалалардан, кез-келген адам қарттық жасқа келіп қарт ата ана алатынын, алайда ақсақалдыққа бәрі тегіс жете алмайтындығын айтады. Осы көзқарастар тұрғысынан жазылған мақалалардан үзінді келтіре отырып біз ақсақалдықтың қауым, орта, топ ішіндегі титул екендігін дәлелдей аламыз. Қазіргі қазақ тілінде ақсақал сөзімен: Ауыл ақсақалы, ақсақалдық танытты, ақсақалды қария, әулет ақсақалы, ақсақалдық көрсету, аузы дуалы ақсақал, ауыл ақсақал атанды, ақсақалдық сөз айтты, ақсақалдар алқасына салды, ақсақалдық деңгейге көтерілді, ақ сақалды сары тісті болды -деген тіркестер бар болса, тілміздегі сөз мәйегі мақалдар құрамында да ақсақал сөзін кездестіреміз. Айталық олар: 1. Ақсақалы сиреген ауылдан ар-иман қашады т.б.

Д. Исабековтың «Дермене» атты шығармасында Токсанбай шал жалғыз баласынан айырылып, тіршіліктің қамымен немересін ертіп дермене оруға шыққанда, оны шал деп қасындағы баланы бір адамға есепемей жарты еңбекақы төлеуге ұсыныс жасаған дерменешілерден тауы қайтқан қария кетіп бара жатқанда, оның ашуын басу мақсатында айтқан кейіпкер сөзі дәл осындай, адамды сабасына түсіру, оны құрметтеп сөйлеп, өзін төмендету сияқты

психологиялық амалда қолданылған сияқты. Енді сол шығармадан, мысалдар беріп өтейік:

– Ақсақал, ақыры кетіп барады екем деп сөзбен шымшымаңыз. «Күн көріс» деп кемсітпеңіз. Бұл да өкіметтің жұмыс! (Д. Исабеков, Таңдамалы шығармалар, 1-том. – 275-б.).

– Солай, ақсақал. Оған налымаңыз. Дермене орып жүргеніміз бір биыл емес (Д. Исабеков, Таңдамалы шығармалар. 1-том. – 275-б.).

Бауыржан Момышұлы жасы үлкен қарттарды шал, қария, ақсақал, абыз деп төртке бөлген. Ол кісі от басы, ошақ қасынан ұзап шыға алмай түтін аңдып, үй аралап, саяси өсек айтатын қартты «шал» деп, өз әулетін шашау шығармай уысында ұстап, билік жүргізген кәнігі қартты «қария» деп, тұтас бір ауылдың жоқ-жітігін түгендеп, жырттығын бүтіндеп, азаматын атқа мінгізіп, айдын асырып отыратын қартты «ақсақал» деп, бүкіл елдің сөзін сөйлеп, намысын жырттып, дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді мольнан сіңіре білген қартты «абыз» деп атаған. Көкірегі қазына қария туған халқының тағдырын көп ойлайтын еді. Көкірегі қазына қария туған халқының тағдырын көп ойлайтын еді.

Ақсақал деген кім? дегенге профессор Мәжит Тілеужанов: «Ақсақалдарды қаймағы бұзылмаған орта тудырады. Ақсақал атану кейде жасы ұлғайғандығына қарамайды. Ақыл иесі, көреген, алдын болжағыш парасатты жас, жасамыс, егде адамдар да ақсақал бола алады», – дей келіп, өзінің «Ақсақалдар мектебі» деген мақаласында былай деп жазады: «Ақсақал» деген атақты қазағым кез-келген жасы үлкен адамдарға бере қоймады. Ақсақал деген құрметті атауға ие болатындар - өзінің ісімен, сөйлеген сөзімен, бүткіл көзқарасымен, ұрпақ туралы ойларымен, әдет-ғұрыпқа беріктігімен ерекше көзге түскен қариялар... [5]. Ақсақалдар деп тәлім-тәрбие саласында әмәнда үлгі-өнеге көрсетерлік, қысылғанда ақыл-кеңес берерлік, адасқанда тура жол сілтерлік, өсиет берерлік, бүкіл ауылға (елге) жетекшілік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Базен Л. Концепция возраста у древних тюркских народов // Зарубежная тюркология. Выпуск 1: Древние тюркские языки и литературы. – М.: Наука, 1986. – С. 361-378.

2 Жаңатаев Қ. Адамның жас ерекшелігіне, жынысына қатысты атаулар: –Алматы, 1998. –120 б.

3 www.el.kz сайты

4 «Адырна» ұлттық-этнографиялық порталы, 15 қыркүйек, 2011 жыл.

Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ЕҢЛІК-КЕБЕК» ПОЭМАСЫ МЕН М. ӘУЕЗОВТИҢ «ЕҢЛІК-КЕБЕК» ПЬЕСАДАҒЫ ОҚИҒА ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ӨЗГЕШЕЛІКТЕРІ МЕН ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

САРАТЕКОВА К. К.

оқытушы, Дарынды балаларға арналған
музыкалық колледж-музыкалық мектеп-интернаты

XX ғасырдың басында қанаттана бастаған жанрдың бірі – драматургия. Драматургия – ұлттық өнердің тарихи дамуының заңды жемісі ретінде туған жанрлық форма. Драмаға уақиғаны қызу тартысқа құрып, мейлінше шиеленістіріп, шарықтау шегіне әбден жеткізіп барып тану – айрықша тән қасиет. «Кейіпкердің жеке қалып айтатын сөзі (монолог), бір-бірімен өзара сөйлесуі (диалог) – бұлар оның характерін, басқа адамдарға, өмірдегі әр түрлі жай-жағдайларға қатынасын, қоғамдық мәселелерге көзқарасын сипаттаудың басты тәсілі» [1, 137 б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мұхтар Омарханұлы поэма мен драматургия жанрын бір-бірімен ұштастырып, XX ғасырдың алғашқы кезеңінде көркем әдебиетімізге жаңалық лебін әкелді.

Қос қаламгер халық аузындағы аңызды болған қалпында қайталамай, жаңа тарихи дәуірдің ой-түсінігіне сәйкестендіре жаңғыртады. М. Әуезов пьесасын Шәкәрім поэмасын арқау ете жырлаған. Арқау етсе де сөзбе-сөз көшіру жоқ. Фольклор материалдарына сүйеніп жасалған М. Әуезов, Ш. Құдайбердіұлының аттас шығармасы жанрға деген жаңа көзқарастың, дамудың айғағы.

Пьесаның алғашқы нұсқасы «Ардақты оқушы! Кей кездерде қазақтың өткен күнін сен де еске алушы едің! Атаңның кешірген дәуренін, істеген ерлігін, тауып айтқан сөзін жұбанышпен, құрметпен сөйлеуші едің ғой!» деген пролог ретінде үлгі-өсиет сөздермен басталып, соңында оқушы қауымның ескі атаңның ескі жолын қадірлейтініне зор сенімін білдіреді. 20-30-шы жылдардағы спектакльдің алдында бір орындаушы оқып беріп отырған. Трагедияны сынаушылар кезінде осы беташарды бетке ұстағаны белгілі. 1943 жылғы нұсқада бұл сөз алынып, бірден Нысан абыздың «Көкей кесті», «Көкей кесті» күй не дейсің? Уа, не қыл дейсің? Тынбаған көңіл, талмаған көкей (жымиып) күшік!.. (Қобызына жағын сүйеп, ырғала толғанып) Пәк пәруәрдігер!.. Бееу! (Ыңыранып, Асанқайғының күйіне үн қосып)

Құйрығы жоқ, жалы жоқ

Құлан қайтып күн көрер!

Аяғы жоқ, қолы жоқ,

Жылан қайтып күн көрер! [3, 155 б.].

– деген Асан қайғының күйіне қосқан үнімен басталады.

Поэмада 10 кейіпкер бар, ал пьесаның 1922 жылғы нұсқасында 17, 1943 жылғы нұсқада 13 кейіпкер берілген. Барлығында да басты тұлғалар – Еңлік, Кебек. Поэмада Еңліктің әке-шешесінің аты аталмайды. Пьесаның 1922 жылғы нұсқасында әке-шешесі – Ақан мен Қалампыр деп беріліп, 1943 жылғы нұсқада екеуі де оқиғаға қатыспайды.

Ақын Кебектің батырлық кейпінен гөрі адамшылық тұлғасына көбірек мән берген. М. Әуезов Кебекпен батырдың Нысан Абызға бал аштыруға барған кезде таныстырады. Автор ремаркасында: «Кебек келді. Ол батыр пішінді емес, сұлу сәнді бозбала. Сыпай түрде иіліп тағзым етеді». Абыз таңырқап.

Мерейі биік шоқыдай,

Келіс көркің тотыдай

Қызықтырған қай ұлсың? – дейді [3, 160 б.].

1922 жылғы нұсқада Кебек: «Баба! Көптен келіп сәлем бергенім жоқ, сәлем берейін сонан соң батаңызды алайын деп едім. Және келер күнімде не қауіп, не қуаныш бар, оқ астына, найза ұшына кездесіп қалып жүруші едім. Ажал күнім қашан екен? Соны болжап берсеңіз деп едім (Қойнынан қағаз шай алып) өзіңізге сыйға әкелген мына бір құйрық шайым бар еді. (Алдына қояды)» – дейді. Пьесада Абыздың келбеті бал ашардағы жүзінің құбылуы, дене қимылдары іш тарта суреттеледі. Автор сөзімен: «Бақсының сарынынан бірталай сөздерді өлеңдетіп айтып келіп, анданда мыңқылдап, былдырлайды. Сілкініп басындағы тақиясын ұшырып жібереді, аздан соң қызуланып тағы сарнайды, үйдің іші шылдырлайды, тоқтап терін сүртіп отырып, басын шайқап...», – деп суреттеледі. Абыз қобызын алып сарнап, бал ашып ақыры былай дейді: «Батырым! Сұңғақ бойлы, биік қабақ сұрлау қыздан ажалың бар. Ол қыз қақпа жартас түбінде кез болады, кез болса, кешікпей тез болады. Сақтықта қорлық жоқ, осы сөзді есіңе ал!». Пьесаның 1943 жылғы нұсқасында абыз бірден Кебектің болашағы жайлы сөз бастайды. Кебектің болашағын былайша болжайды: «...Алдына бұлдыр сағым ішінде бұлыңдаған бір кезең боп сол тұр ғой! Соқпай өтер дей алмаймын». Бұл сөздің астарында батырды қауіп күтіп тұрғандай. «Толастар күн, тоқтатар күш тағы жоқ. Кімге кезігерсің? Тым болмаса қылымсыған қырмызыдан сақтаңшы! Тым болмаса, ең болмаса биыл ұрынбашы, бұл түрінде таппашы... Албырт

көңіл тақат коймай апкетердей түрің бар... Содан содан қорыққан мұным бар... Апкетер-ау еңсенді...» деп ескерту жасаса, поэма мен пьесаның алғашқы нұсқасында бірден шындықты айтады.

Поэмада:

Кебек батыр өз бақытын сынамаққа
Әдейі іздеп келіпті балгер жаққа
Оңашада жалынды абызға кеп,
Бал ашып бер деді де біздің баққа:

«Ей, Абыз! Аш балынды, қобызыңды тарт,
Алар ақын бар болса, мойныма арт.
Балыңа не түссе де жасырмай айт,
Жалғыз-ақ сол арасын қыламын шарт [2, 295 б.].

Кебек Нысан абыз болжағандай түлкі қуып жүріп, боранда адасып, кешкісін бір шал мен кемпірдің үйіне түседі. М. Әуезовте Еңлік әкесі мен шешесі, қойшы бала - төртеуі ғана. Пьесада үй иесі «қазан көтереді», ал поэмада «қарсақ жон ғып құрт ұсынады».

Сол үйге кіріп келсе «кеш жарық» деп,
Жатпақ түгіл болған жоқ тамағын жеп.
Ол кезде шай болмайды сусыны құрт
Ұсынды қарсақ жон қып езіп әкеп [2, 297 б.].

Мұндай тұрмыстық детальдар халқымыздың қонақжайлығына дәлел. Жал-жая, құрт, сары май, табақ ет, қарсақ жон, сорпа – осылар арқылы халықтың сол кездегі тұрмысынан, салт-дәстүрінен хабар беріп отырады.

Кебек осы үйде алғаш рет Еңлікті көреді. Пьесаның 1943 жылғы нұсқасында екі жастың алғаш кездесуі табиғат аясында, тау ішінде суреттеледі.

М. Әуезов поэмадағы Еңлік, Кебектің диалогы ретінде келген шумақтарды пьесада пайдаланғандығы байқалады.

Дастанда Нысан Абыздың әйелі Таңшолпан жоқ. Пьесада Таңшолпанның көрген түсі арқылы болашақта қанды оқиға болатынын білдіреді. Таңшолпан – Абыздың қас-қабағын баққан, соның күйін күйттеген жұмсақ жан. Абыздың Таңшолпан, Таңшолпанның Абыз туралы сөздеріне қарағанда олардың өмірінің тыныш жағаға, момын кәрілік қойнауына қарай беталғанын аңғарамыз.

Пьесаның 1943 жылғы нұсқасында Кебектің болашағын болжағаннан кейін Нысан Абыздың берген төмендегідей батасы бар.

Адалдан бер, ақтан бер!
Бәлекетін жатқа бер.

Ер маңдайын баққа бер,
Абырой асар жаққа бер.
Қара түндей қазаны,
Қас ойлаған жатқа бер.
Сөнбес түндей шат көңіл,
Жазығы жоқ жасқа бер.
Адал жолды аққа бер.
Мерейі асқан өренім,
Кебек сынды таққа бер [3, 161 б.].

Халық дәстүріндегі үлкеннің өзінен кейінгіге тілек айтып, бата беру салтын автор ұтымды пайдаланған. Поэмада бата беру салты көрсетілмеген.

Екі нұсқада да сөз айтушы жігіт емес, қыз. Кебекті Еңлік оятады. Дегенмен, қазақ салтына оғаш қылыққа аяқ баса тұрса да, Шәкәрімнің Еңлігі өте сыпайы әрі инабатты. Қалай болғанда да осы эпизодтағы қыздың қылығын айыптау қиын.

Шәкәрім мен М.Әуезов ғашықтардың қолға түсу сәтін екі түрлі жырлайды. М.Әуезов билер сахнасын келтіреді. «Екі билеге екі бидің арасындағы араздықты, яғни өмірлік шындықты М. Әуезов қағыс қалдырмаған. Оны көркемдік шындыққа айналдырып, тартыс желісін күшейтеді» [4, 20 б.]. Поэмада Қараменде оқиғаға қатыспайды. Ал, Әуезов Еңлік-Кебек қасіреті рулық бақталастықтың кесірінен болғанын үстемелей көрсету үшін Кеңгірбай мен Қарамендені бір-біріне қарама-қарсы қояды. Қос ғашықты наймандардың қолына беруді Қараменде сүйекке түскен таңбаға балайды. Кеңгірбай оны жақтырмайды.

Әбділда Тәжібаев осы билер сахнасына қатысты мынадай пікірін білдіреді: «Билер сахнасын екі нысанадан қарап, екі түрлі бағалауға болады. Бірінші: пьеса – Еңлік пен Кебек ғашықтығына арналған драмалық дастан деп санасақ, онда бұл сахна – махаббат линиясын көміп кетіп жатыр. Шекспирде аталар айқасы еркін жүреді ғой. Ал, «Еңлік - Кебекте» керісінше: ру таласының сахнасы бірінші планға көтеріліп кеткен. Екінші нысана – билер сахнасы – барлық әрекеттерімен өзінше бір ірі оқиға» [5, 65 б.]. Ә. Тәжібаев билер сахнасына берген бірінші бағасында – «ру таласы – пьеса міні» деп бағалайды. Алайда, М. Әуезов билер қақтығысын драмада тартысқы түскен екі жастың конфликтін шырқау шегіне жеткізе суреттеп, махаббатты жырлауды екінші планға шығару үшін емес, сол кезеңдегі қазақ қоғамында қалыптасқан сот ісінен, нақтылы болмыстан да шынайы мағлұматтар беріп, кейіпкер характерін сомдауда қолданған деп білеміз.

Екі нұсқада да ғашықтар қолға түседі. Поэмада Кебек пен Еңлік Қозыкүреңге мініп қашып бара жатқанда қолға түседі, пьесада ғашықтарға Кебектің жолдасы Жәуетей хабар береді. Кебек ажалды тосып алатынын айтады. Бала үшін жалтара тұрайық деп Еңлік өтінген соң барып, қашуға ойысады. Дәл осы мезгілде найман қолы қоршап алады.

Еңлік бірінші сөз алып, өлер алдында үш тілегін тілейді:

Поэмада:

Кебекпен мені аз ғана араздастыр,
Өлген соң бірге қосып таспен бастыр,
Мына бала – Тобықты баласы ғой,
Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр [2, 308 б.].

Пьесада «Еңлік. Кебекпен арыздассын. Екінші, өлген соң бір жерге көміңдер. Үшінші соңғы тілегім: бізде жазық болса да, мына бишара сорлыда жазық жоқ қой. Ата - анамда ұрпақ жоқ, зарлап өтіп еді, енді мен екеш мен де жоқпын, соларға табыс етіңдер» [3, 193 б.].

Поэмада нәрестені биге тапсыруды өтінсе, пьесада ата-анасына табыс етуді сұрайды.

Қос ғашықты Ащысудың бойына әкеліп, аттың құйрығына байлап, Ералы жазығында сүйретіп өлтіреді. Пьесада Кебек арқанмен сүйретпей, атып өлтіруін тілек ретінде айтады. Екі нұсқада да өмірлерінің жалғасы – Ермек атты сәби қалады.

Жуантаяқ баланы түнде білді,
Түн ішінде жиылып атқа мінді,
Таң ата келіп іздеп таба алмады,
Қисыны біреу ұрлап кеткен сынды [2, 308 б.].

деп, Шәкәрім дастаны аяқталса, пьесада Жапалдың мұңымен аяқаталады.

Поэма мен пьесаның 1922 жылғы нұсқасының сюжеттік желісі бірдей. Ал 1943 жылғы нұсқа қойылымында кейбір көрініс ықшамдалған. Мәселен, Еңліктің үй-жайы, әке-шешесі айтылмайды. Оның жалғыздығы еріксіз ұзатылып отырғандығы, әкесінің жас күнінде батыр болғандығы, нағашысы Қабанбай екендігі баяндалмайды. Еңліктің үйінде екі жастың сырласу эпизоды алынып, тұңғыш кездесулері тау ішінде суреттеледі. Адам бейнелерін кескіндеу де ұқсас. Кебек – батыр, Еңлік – асқақ махаббат иесі, Еспембет, Қараменде, Жомарт, Жәуетей – пьесада қосылған адам аттары. Яғни, бұлар М. Әуезов қиялының жемісі. Нысан абыздың бал ашқандағы сөзі Еңлік пен Кебектің тұңғыш кездесу кезіндегі диалогтары, сөзбе-сөз дәл келіп отырады. Тіркестер, жеке детальдар,

жаулар үстіне түскендегі қашу моменті, Еңліктің үш тілегі, жөргекте зар қағып қалған бала өзгеріссіз қайталаңады. Пьесада билік, дау сценасы ерекше орын алады. Көбей мен Еспембет, Кеңгірбай мен Қараменде араларындағы билер қақтығысын кездестіреміз. Халық дәстүріндегі үлкеннің өзінен кейінгіге тілек айтып бата беру салтын, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық поэзияның дәстүрлі ізімен астасып жатқан Еңліктің қоштасу өлеңін автор ұтымды қоданған. Екі нұсқа да Еңлік пен Кебектің өлімімен тынады.

Еңлік пен Кебек – махаббат азаттығы үшін қоғамдық қыспақтың құрбаны болған қайталанбас ғазиз жандар. Ал, ғасырлар бойы халық жадында сақталып келген бұл екі образды көркем шығармаға айналдырған сөз зергерлері - сол заман тынысын жеткізген дана шежірешілері. Өткен тарихымызда жазықсыз жазаланып, орынсыз қараланғандықтан, еткен еңбегі мен қалдырған мұрасы жоғалып, өшуге айналған данышпан ақын - жазушыларымыздың шығармаларын жан-жақты салыстыра-салғастыра зерттеуіміз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әдебиеттану терминдер сөздігі. (Құраст.:З.Ахметов, Т.Шаңбай.) – Семей-Новосибирск : Талер-Пресс, 2006. – 397 б.
- 2 Шәкәрім. Шығармалары. (Құраст. Жармұхамедұлы М. С., Дәуітов., Құдайбердиев А.) – Алматы : Жазушы, 1988. – 560 б.
- 3 Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1956. – Т. 5. – 494 б.
- 4 Нұрғали Р. Әуезов тағлымы. – Алматы : Жазушы, 1987. – Б. 328-371.
- 5 Рсаев Т. «Қазақстан ұлттық энциклопедиясы». – Алматы : «Қазақстан» энциклопедиясының Бас редакциясы, 2001. - Т. 3. – 720 б.

ҚАЛА МЕН АУЫЛ ТІЛІНІҢ СӨЙЛЕУ ЕРЕКШЕЛІГІ

САРСЕНБАЕВА А. Ш.
бастауыш сынып мұғалімі, № 4 Ертіс ЖОББМ,
Ертіс ауд., Павлодар обл.

Қала мәдениеттің дамыған ошағы болса, ауыл неғұрлым қазақылықтың, шаруашылықтың сақталған мекені. Қалалықтар мен ауылдықтардың тұрғылықты мекеніне, айналысатын кәсібіне байланысты ерекшеліктің болатыны белгілі. Себебі тіл әрбір адамның өмірінде болатын құбылыс. Ауыл – мал

шаруашылығымен, бау - бакшамен, егіншілікпен айналысатын ел. Жергілікті мекеніне байланысты тілінің лексика-грамматикалық ерекшелігі сол мекеннің дамуына да байланысты болады. Қазақ тілінің паремиясы мен фразеологиясында «ауыл» лексемасы мен «қала» лексемасында қарсылық бар. Мысалы:

Дала көркі – мал,
Қала көркі – тал.
Көше қаланың – көркі.
Көкорай – даланың көркі.
Ана көркі – алдындағы баласы.
Қала көркі – үйі, орман, ағашы.

Осы келтірілген мысалдардан қала мен ауылдың оппозиция құра алатынын көруге болады. Мәселен, ауылда мыңғырған мал, қалада әсем гүлзарлар, малды көрмейсің. Әдемі текшеленіп салынған әсем көшелер, ауылда көкорай шалғын, жусан, таулы дала. Сонымен қатар қалалықтарда ауыл адамдарына қарағанда бала саны шектеулі. Ауылдағыдай бір үйдегі он баланы көре алмайсың. Ауылдықтардың әрбір екінші не үшіншісі көп балалы.

XXI ғасырда қазіргі заманғы қаланың тілдік келбеті көптеген зерттеушілердің назарын аударады. Қазіргі қалалардың көпмәдениеттілігі, әр түрлі субмәдениеттердің, халықтың әлеуметтік және кәсіби топтарының қызығушылықтары, қажеттіліктері мен мүмкіндіктері салаларының көптігі қала мен оның тіліне жаңа ерекшеліктер береді. Қала тілін оқып үйрену қазақ ұлттық және қазақ әдеби тілінің стильдік таралуын түсінуге, белгілі бір әлеуметтік, қоғамдық топтың қазіргі қазақ тілінің сөздік қорын дамытуға қосқан үлесін бағалауға, мәдениетін тануға және тұтастай алғанда, қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастарын өзгертуге көмектеседі.

Тарихи жағынан қарасақ, ауыл – ауылшаруашылықпен, қолөнермен айналысатын ел.

Тіл атадан балаға мұра ретінде емес, әлеуметтік орта арқылы беріледі. Егер бір этностың өкілі басқа этноста, мүлде басқа ортада дүниеге келсе, солармен бірге тәрбиеленсе, оның тілі сол өскен ортасының тілінде шығады. Сыртқы биологиялық белгілерінің сақталғанымен ана тілі сақталмайды. Оның мәні ол өсіп, тәрбиеленген ортасына байланысты болып тұр. Бұдан адамзат тілінің әлеуметтік ортамен тығыз байланысты екендігін көреміз.

Осы айтылған мәселелерге байланысты біршама ғылыми зерттеулер жазылған. Оны әлеуметтік лингвистикаға байланысты жазылған В. Колесов [1], А. Абасилов [2], Б. Кадыровалардың [3]

зерттеулері бар. Жергілікті мекеніне байланысты тілінде ерекшелік болатынын аталған ғалымдар жазып кеткен. Біздің ғылыми жоба тақырыбы бойынша жазылған зерттеулерді кездестірмедік. Тақырыпқа байланысты қазақ тіл біліміндегі Г. Ш. Акимбекованың «Қала тілінің коммуникативі қызметі» еңбегін қарастырдық. Еңбекке нысан болған еліміздің ірі мегаполистері Алматы мен Нұрсұлтан қалалары тұрғындарының тілдік қолданысы.

К. Ахановтың оқулығында тілдің қоғаммен байланысын екі жақты қатынас ретінде көрсетеді. Ғалым зерттеуінің маңыздылығы да сонда. Ол:

Тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам тілдің өмір сүруінің негізгі шарты, қоғамнан тыс, адамдардың ұжымынан тыс тіл жоқ» – деген [4,45].

Қоғам дамыған сайын тіл де дамиды. Бірақ тіл қоғаммен бірге дамыған кезде, ол әрқашан өзінің және қоғамнан белгілі бір тәуелсіздігін сақтайды.

Лексиколог-ғалым Б. Момынова «Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалаушылық сөзжасам» зерттеуінде тілдің қоғаммен тығыз қатынаста екендігін, ажырамас ұғымдар екендігін айтқан. Сонымен қатар қоғамның өзгерісі басқа салаларға қарағанда лексикадан көрінеді. Өткені ол қоғам келбетіне байланысты тез өзгергіш болып келеді.

Мәдени, білімді адамның сөзі дұрыс, дәл, әдемі болуы керек. Сөйлеу неғұрлым дұрыс және дәлірек болса, соғұрлым түсінуге болады, ол көркем және мәнерлі болса, тыңдаушыға соғұрлым күшті әсер етеді. Дұрыс және әдемі сөйлеу үшін сіз логика заңдары мен әдеби тілдің нормаларын сақтауыңыз керек.

Интернет дәуірінде бұл процесс барған сайын күшейе түсуде, өйткені лексикалық мағынаны өзгерту мен толықтыруға үлкен үлес қосылды. Тіл құрамын медиа-дискурстың қатысушылары: журналистер, блогерлер, шығармашылық интеллигенция және басқа да пайдаланушылар енгізеді.

Қаланың қазіргі заманғы тілінде ауызекі, жаргондық, арготикалық лексика басым.

XXI ғасырда қазіргі заманғы қаланың тілдік келбеті көптеген лингвистердің назарын аударады. Қаланың ауылдан бөлінуі өндірістегі өзгерістерге негізделеді және өзіндік мазмұны бар. Өнеркәсіптік еңбек түрлері ауыл шаруашылығына қарағанда табиғатпен басқаша байланысты. Алайда, қала – бұл еңбектің жаңа түрлері ғана емес, сонымен бірге адамдарды біріктірудің

сапалы жаңа формалары, бірлестік қан байланысы негізінде емес, әлеуметтік қатынастар негізінде, яғни табиғатпен емес, адамдардың өздері, қоғам құрған байланыстар.

Қала адамзаттың дамуындағы табиғаттың жетекші рөлін атқарады. Ауылда табиғи ұстанымның басым болуы сақталады.

Қала тілінде кейінгі кезеңде көбірек қолданылатын лексикалық бірліктердің тақырыптық топтары:

1 Қаржылық және банктік қызмет: брокер, маклер, контролер, скальпер;

2 Экономика, коммерциялық қызмет, сауда: дағдарысқа қарсы басқарушы, сату жөніндегі директор, сауда дилері, дистрибьютор, индент-агент, консигнатор, прокурисг;

3 Фирмалардың, компаниялардың, кәсіпорындардың өндірісін ұйымдастыру және қызметін бақылау: талдаушы, аудитор, үйлестіруші, тапсырыс кураторы, логист, маркетингменеджер;

4 IT-технологиялар, ұйымдастыру техникасы, интернет: картридждерді толтырушы, контент-инженер, модератор, сайтты оңтайландырушы, сервис-менеджер, IT-маман, WEB-дизайнер;

5 Жарнамалық бизнес, PR: баннер-мейкер / банермейкер, имиджмейкер, клипмейкер, медиа-планер, неонщик, сендвич-мен;

6 Халыққа әртүрлі қызметтерді ұйымдастыру және ұсыну: аниматор, барист, брейдер, букмекер, маниранер, сушист, тату - шебер, турагент, хостес.

Бұл лексикалық бірліктердің басым бөлігі ауыл тұрмысында қолданылмайды.

Бұл тараушада қала / ауыл лингвомәдени әлеуетін анықтау және талдау салыстыру әдісін қолдану арқылы жүзеге асырылды.

Қала тілі мен ауыл тілі терминіне анықтама беру қиын. Бұл оның құрылымының әркелкілігіне байланысты. Осы тілдік құбылыстың бөлігі ретінде бір-бірімен үнемі өзара әрекеттесетін лингвистикалық ішкі жүйелерді ажыратуға болады: әдеби тіл, ауызекі сөйлеу, халықтық тіл, диалектілер, жаргондар, кәсіби сөйлеу және т.б. Сонымен қатар, белгілі бір қаланың тілін үйрену кезінде қала тұрғындарының этникалық құрамын ескеру қажет. Әдетте, көп ұлтты қалада әр түрлі тілдер өзара әрекеттеседі, яғни қос тілділік немесе көптілділік құбылысының белгілері байқалады.

Олар:

1) қала тілі өзінің құрылымы тұрғысынан біркелкі емес сөз құрамына ие;

2) қала тілінің әрбір ішкі жүйесі белгілі бір ерекшеліктер жиынтығымен сипатталады және сөйлеушілердің өзіндік ортасына ие;

3) вербальды қарым-қатынас екі формада жүреді - ауызша және жазбаша, сондықтан қалалық қатынастың жазбаша және ауызша түрлерін зерттеу маңызды;

4) коммуникация саласы тұрғысынан ресми іскерлікті, қалалық коммуникацияның қоғамдық стильдерін, тірі көше сөйлеу формасын зерттеуге болады;

5) заманауи қалада сөйлеу мәдениетінің барлық түрлері қатар жүреді, бұл қазіргі қалалық қоғамның көрсеткіші. Сонымен қатар, бұл қала тұрғынын ауыл тұрғынынан ажыратуға болатын критерийлердің бірі.

Қала тілінің құрылымын зерттей отырып, оның келесі ішкі жүйелерін бөліп аламыз: ауызекі сөйлеу, халықтық тіл, жаргон. Олардың барлығы лингвистикалық нормадан тыс. Аталған ұғымдарды анықтайық.

Кәдімгі сөйлеу тілі – қазақ халқының ұлттық тілі. Диалектен айырмашылығы, ол қандайда бір нақты территорияда бекітілмеген, барлығы қолданады, нормативтілік және т.с.с болуы.

Жаргон, арго терминдерін ажырату қажет деп санаймыз. Бүгінгі күні баспасөз бен ғаламтор беттерінде қоғамдық пікір туғызып жүрген жастардың ауызекі тілдесуінде кездесетін ерекше қолданыстаруралы мәселе лингвистер назарынан да тыс қалып жатқан жоқ.

«Тормозы ұстап қалды», «зависать етіп қалды», «базаржоқ», «толпамен келу», «типаж болу», «косякқа кіргізу», «құлаққа лапша ілу», «счетчик қою», «ала көзімен стрелять ету», «шпор жасау», «маяк тастау» жастардың ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын жаргон сөздер.

«Сөйлеу тілі лексикасынан диалект, кітаби сөз, жаргондарды да бөлуге болмайды. Сондықтан, сөйлеу тілі лексикасын әдеби сөйлеу тілі лексикасы, бейәдеби сөйлеу тілі лексикасы деп бөлуге болады» [5, 41 б.].

«Қарапайым сөздер де ауызекі сөйлеу тіліндегі лексиконның бір саласы» деген ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып студенттер мен оқушылардың ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін жалпы жастар тілінде қолданылатын жаргон сөздерді қарапайым сөздердің қатарында қарастырамыз.

Себебі, жаргон, арго сөздерде қарапайым сөздер сияқты ауызекі сөйлеу тілінде ғана қолданылады.

Жаргон және арго терминдерінің арақатысын анықтау барысында лингвистикалық сөздіктерге шолу жасадық. «Арготизм – адамдардың белгілі бір әлеуметтік және кәсіби шағын топтарына ғана түсінікті шартты сөздер. Мысалы: оқушылар қолданатын шпор (шпаргалка), общаг (общежитие); ұрылар қолданған апсар жапсар (ұрланған нәрсе жапсарда тұр), т.б.

Әрбір буын арасына дыбыс қосып (көбінесе ф, п, з, р) ежелеп сөйлеудің де арголық сипаты бар, өйткені ежелеп сөйлеуде де айтылатын хабарды басқаларға түсініксіз болуы көзделеді».

Арго қоғамнан ерекшелену мақсатымен, сөздердің құпиялығын сақтау үшін қолданылады.

Арго халықтың сөйлеу тілінен ерекше сөз және сөз орамдарымен ерекшеленеді; өзіне тән фонетикалық жүйесі, грамматикалық құрылысы болмайды; өзіндік сөз және сөз орамдарының жалпы халық тілінде баламасы болады. Арго кейде жаргонға синоним ретінде қолданылады. Көбінесе шарттылық, жасандылық, «құпиялық» элементтерге ие болады. Арго әңгіме тақырыбын жасыру үшін, сондай-ақ әлеуметтік бір топтың қоғамның басқа бөлігінен оқшаулану құралы ретінде қолданылады. Мыс., спорт аргосы, ұрылар аргосы кедейлер аргосы [6, 45 б.].

Қала тілін оқып үйрену қазақ ұлттық және қазақ әдеби тілінің стильдік таралуын түсінуге, белгілі бір әлеуметтік, қоғамдық топтың қазіргі қазақ тілінің сөздік қорын дамытуға қосқан үлесін бағалауға, мәдениетін тануға және тұтастай алғанда қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастарын өзгертуге көмектеседі.

Сөйлеу – бұл адам басқа адамдармен қарым-қатынас жасау үшін тілді қолданатын әрекет. Әр адам бұл қарым-қатынасты өздігінен жүзеге асырады, бірақ тілдік құралдардың көмегімен. Тіл осы құралдардың жүйесін білдіреді. Тілді адам дайын түрде игереді.

Сөйлеудің сенімді қарым-қатынас құралы болуы үшін ол белгілі бір ережелерге сәйкес келуі керек. Бұл ережелерді екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа лексика, фонетика, айтылым, сөз тіркестерін құру, дәл емес, дұрыс емес және қажет емес сөздердің болмауы, паразиттік сөздер тұрғысынан сөйлеуді дұрыс жасайтындар кіреді.

А. Қобланова: «Адам неғұрлым мәдениетті болса, қарым-қатынас мәдениеті соғұрлым жоғары болады және ол өзінің әлеуметтік рөлдерін мінсіз орындайды. Бір рөлден екіншісіне ауысуға бейім икемді болу коммуниканттың әлеуметтік этикасы (әлеуметтік мінез-құлқы) ұғымын білдіреді. Коммуниканттың сөйлеу этикасы (сөйлеу

мінез-құлқы) – бұл әлеуметтік этиканың бір түрі, оның ажырамас бөлігі» [6, 90]. Әлеуметтік сипат коммуниканттың әлеуметтік рөлі мен сөйлеу ерекшелігіне, сөйлеу этикасына тікелей әсер етеді.

Қоғамның әлеуметтік құрылымының тілге әсері ең алдымен тіл әрекетінде көрінеді. Өйткені, тілді қолданатын әлеуметтік топтар мен таптар оны қажеттіліктеріне, әлеуметтік жағдайларына сәйкес пайдалануға тырысады. Мұндай талап тілдің құрылымдық негізін өзгертпесе де, оны функционалды құбылыстарға, айырмашылықтарға, әртүрлі топтарға айналдырады.

Лингвистикалық тұрғыдан ерекшелігі – саралау рөлін атқаратын орын (тұрғылықты жер), сондықтан адамдар ауылдардың, қалалардың немесе шағын қалалардың тұрғындары сияқты анықтамаларға байланысты бірнеше топқа бөлінеді. Ауыл адамдарының сөйлеу дәстүрлері мақал-мәтелдермен, теңеу мен қарапайым, сөйлеу формаларымен ерекшеленсе, қала тұрғындарының тілі мен мінез-құлқы өз қоршаған ортасына байланысты өзгереді.

Қоғамдағы лингвистиканы балаларға, жастар мен жасөспірімдерге, орта жастағы және қарт адамдарға бөлінеді. Осы жасқа байланысты тілді қолдану ерекше жағдайға айналады. Мысалы, жаргондар жасөспірімдер мен жастар тілдерінде жиі кездеседі. Үлкендердің тілінде жаргон жоқ.

Тұрғылықты жері мен алған білімі, білім деңгейі мамандыққа дейін тілге әсер етеді. Сонымен қатар, тілге сөйлеушінің әлеуметтік жағдайы, оның қоғамдағы орны әсер етеді.

Зерттеулерде адамдардың тұрғылықты жеріне, мекеніне байланысты тілінде өзгеріс болатыны дәлелденген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Колесов В.В. Язык города. – Москва, 1991. – 192 стр.
- 2 Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика. – Алматы, 2005
- 3 Кадырова Б. Әлеуметтік лингвистика. – Кереку, 2016. – 146 б.
- 4 Ақымбекова Г.Ш. Қала тілі: коммуникативтік қызметі. – Алматы: «Қазақ университеті», 2010. – 170 б.
- 5 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Өлке, 2010. – 240 б.
- 6 Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалаушылық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.

ОҚУШЫНЫҢ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУ

СЕПТЕГЕНОВА К. У.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі,

Ақан Құрманов атындағы №17 мектеп-гимназиясы, Нур-Сұлтан қ.

Мақаланың мақсаты – оқылым дағдыларының ерекшеліктерін, мазмұнды (семантикалық) оқу білім сапасын арттырудың бір жолы ретінде, көрсете отырып, әртүрлі оқу механизмдерінің әдіс тәсілдерін көрсету. Автор көп әдістердің ішінен оқым дағдысын жетілдіретін тиімді әдіс ретінде «PRES», «Кім не түсінді?», «Төрт ресурс моделін» ұсынады.

Кілтті сөздер: оқу; оқылым; семантикалық оқу; оқу механизмдері; оқу техникасы; PISA оқу сауаттылығы; оқылым әдістері мен тәсілдері.

XXI ғасыр - ақпараттар ғасыры. Ғылым мен технология сағат санап дамып жатқан кезең. Жан-жақтан келіп жатқан ақпараттар легі оқушылардың да оқылым дағдыларына әсер етеді. Оқушылар көркем әдебиетті оқымауы мүмкін, алайда гаджеттерді қолдану арқылы цифрлық технологиядағы ақпараттарды оқу арқылы меңгереді. Сондықтан ақпаратты оқылым дағдысы арқылы меңгеруге баса көңіл бөлу – бүгінгі күннің келелі мәселелерінің бірі.

Біздің зерттеуіміздің де басты мақсаты – оқылым дағдыларын арттыратын әдіс-тәсілдермен бөлісу.

Пиза зерттеулеріне сүйенер болсақ, алған ақпаратты өмірде қолдану білім деңгейінің көрсеткіші болмақ. OECD орта мектептегі білім деңгейін анықтайтын PISA (Programme for International Student Assessment) білім рейтингін үш жылда бір рет анықталады. Ұйым әлемнің бірнеше елінде оқушыларға арнайы тест ұйымдастырып, оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және жаратылыстану ғылымы бойынша тест алады. PISA тестіне экономикасы орташа және жоғары елдердегі 15 жастағы балалар қатысады. Тесттің мақсаты – оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдану деңгейін, сыни ойлау қабілетін анықтау. Осы PISA рейтингісі бойынша Қазақстан оқушыларының оқу сауаттылығының көрсеткіші өте төмен деңгейде. Неге? Өйткені біздің елдің оқушылары ақпаратпен жұмыс істеуі төмен. Оқылым дегенде тек көркем әдебиеттерге көңіл бөлініп, таңбаланған графикадан тұратын мәтіндерді оқуға көңіл бөлінбейді.

PISA рейтингі Қазақстанның 2025 жылға арналған мемлекеттік стратегиясына енген [1]. Демек мемлекет бұл рейтингідегі көрсеткіштерді жақсартуға мүдделі.

Оқу сауаттылығы – білім алушының жазба мәтіндерді түсіну, пайдалану, ойлау және өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, өз білімі мен әлеуетін дамыту, сонымен қатар қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеті. Бұл оқиғаны түсіну, жалпы мәнмәтіннен қажетті ақпаратты табу мен алу, оны пайдалану және ойлау мен өз жауабын негіздеп дәлелдеу қабілеті [2, 11].

Оқу сауаттылығын арттыру үшін мәтіндермен жұмыс істеп, өмірде қолдануға бейімдеу бастауыш сыныптан басталатыны белгілі. Ал ақпараттармен жұмыс орта мектепте CLIL әдісі, кіріктірілген оқу арқылы жүзеге асады. Осы орайда өте тиімді әдіс-тәсіл ретінде бірнеше тәсілдерді ұсынбақпыз. Бұл әдіс-тәсілдер бүгінде өте жиі қолданылуда.

Оқыған ақпаратына пікір айту да «PRES» тәсілін қолдану өте ұтымды. Өйткені оқушы алған ақпаратын меңгерумен шектелмейді. Біріншіден, аналитикалық талдау жасауға бейімделеді, екіншіден, «менің ойымша» қыстырма сөзі арқылы өз позициясын көрсете алады, үшіншіден, «мысалы» қыстырма сөзі арқылы факті келтіруді, мәтіннен нақты мысал көрсетуге бейімделеді, төртіншіден, түйін жасауға, тоқетерін айтуға, ойын қорытындылауға дағдыланады.

Менің ойымша,

Өйткені (себебі)

Мысалы,

Сонымен деп ойлаймын (санаймын). Бұл тәсіл бойынша оқушы алған ақпаратын өмірде қолдану деңгейін, сыни ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік алады.

Осы әдіске ұқсас «Попс» тәсілі де бар.

«Менің ойымша ...»

«Себебі мен оны былай түсіндіремін ...»

«Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...»

«Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...» Бұл әдіс те айтылған пікір қайталанбауына, дәлелмен сөйлей білуге, ойын тұжырымдап, нақты жеткізуге бағыттайды.

Бұл әдіске ерекше тоқалуымыздың басты себебі – бұл әдісті эссе жазуға, көпшілік алдында сөйлеуге қолдануға болады. Сөйлеу әрекетінің төрт дағдысына ортақ әдіс. Аргументтеп сөйлеуге таптырмас әдіс деп білеміз.

Фаузия Оразбаева еңбегінде: «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты,

дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу» [2], – деген анықтама берілген. Оқылым дағдысы арқылы оқушылар мәтінді және оның мазмұны мен мақсатын, тілін түсінуге, негізгі ойды анықтауға және мәтіннің құрылымдық бөліктерін, мәтіннің стилі мен типін анықтауды, оқылған мәтін негізінде сұрақ құрастыруды, әртүрлі деректерден қосымша ақпаратты айқындауды және мәтіндерге салыстырмалы сараптама жасауды меңгереді.

Осы талаптарға, сонымен қатар PISA (Programme for International Student Assessment) оқу сауаттылығын анықтау мақсатындағы тесттерге сәйкес келетін тағы бір әдіс – «Кім НЕ түсінді?»

Бұл әдісті жүзеге асыру қадамдары:

Шағын топ мүшелері бір мазмұнды мәтін оқиды. Дөңгелене отырып, бірінші бастаушыны таңдайды. Ол мәтін бойынша не түсінді, не қызықтырды, не түсініксіз болды? ойын айтып береді. Содан соң келесі қатысушы сөйлейді. Ол мәтін бойынша түсінгенін баяндамайды, ол алдыңғы баяндаушыға сұрағына жауап бере алады, оның айтқанымен келісуі де, келіспеуі де мүмкін. Осылайша жалғасын табады. Олар топтағы жұмыстың тиімді өнімін көрсете алады, алғашқы баяндаушының хабарламасын мұқият тыңдау, үлгілі сұрақ қоя білу, үлгілі дұрыс баға қою әрекетін көрсете алады. (« ... маған мәтінді түсінуге көмектесті, мен түсінбеп едім, ал енді....», «... хабарламасынан кейін, маған түсініксіз болды ... қалай?....»).

Қатысушылардың ішінен біреуін көшбасшы ретінде тағайындау қажет, ол топтағы жұмысты басқарып, бақылап отырады, жауап берілмеген сұрақтарды, қайталануларды белгілеп отырады. Көшбасшы да топпен бірге кесте толтырып тапсырады [4].

Кесте 1

Мәтіннен не түсінді?	Мәтінде не қызықтырды?	Мәтінде не түсініксіз болды?
Тыңдаушы		
Мәтіннен не түсінді?	Мәтінде не қызықтырды?	Мәтінде не түсініксіз болды?
Тыңдаушы		

Оқу сауаттылығын арттыратын тағы бір тәсіл – «ТӨРТ РЕСУРС» әдісі

Мәтінмен жұмыстың «ТӨРТ РЕСУРС» әдісі Льюка және Фрибоди моделі

«Төрт ресурс моделі» (Feebody & Luke, 1990; Freebody & Luke, 1999) бүкіл әлем бойынша сауаттылық бойынша білім берудің дамуына әсер етті, бұл тәсілдің бөліктері Австралияда, Америка Құрама Штаттарында және Еуропаның кейбір бөліктерінде ағылшын тілінің оқу бағдарламаларына енгізілген. Ол бастапқыда австралиялық L1 контекстінде және тіл тек ережелер жиынтығы емес, ресурс екенін түсінуге байланысты әзірленді (Халлидей, 1985). Модельдің мақсаты Лук пен Фрибодидің төмендегі сөздерінде жақсы көрінеді: «Біз студенттерге сауаттылыққа үйретудің көптеген қазіргі, қалыптасқан әдістерін тануға және енгізуге тырысатын модель әзірлегіміз келді. Біз оқу тәжірибесінде экономика мен қоғамда қолданылатын шынайы мәтіндерді қолдануға тырыстық» [5]. Демек авторлардың сөздерінен келісе отырып, Қазақстанда да бұл әдіс оқу сауаттылығын арттыратына кәміл сенеміз.

Ұсынылып отырған әдістің артықшылықтары: біріншіден, тыңдаушының мәтінмен жеке жұмыс істеуіне мүмкіндік береді; екіншіден, мәтіннен алған білімін өз бетінше бағалай алады; үшіншіден, мәтінмен өмірді байланыстыруына мүмкіндігі бар; төртіншіден, сыни ойлауын дамытады. «Төрт ресурс» әдісі бойынша толтырылатын кесте.

Кесте 2

Кодтай білу немесе мен қалай мәтіннің шырмауын шешемін? Мәтінді қалай түсінемін? Неден басталады? Неге негізделген? Қандай құралдар қолданады?	Қолдана білу немесе мәтінді қалай қолданамын? Мәтіннің мақсаты мазмұнымен үйлесе ме? Мәтінді қалай дәл қазір осы жерде, осы уақытта қолдана аламын? Басқалар бұдан не алады? Менің мүмкіндігім қандай?
Түсіне білу немесе мәтінге қалай қатысамын? Мәтіннің идеялары өзара қалай байланысқан? Мәтінде қандай дәлел қолданылған? Мәтінді қалай басқаша түсіндіруге болады?	Бағалай білу немесе мен сыни ойлайтын сауатты оқырман ретінде Кімнің ұстанымы, пікірі мен мүддесі қозғалған? Кімнің пікірі айтылмаған немесе жоқ? Қандай пікір айтылған? Менің пікірім басқалардың пікірімен сәйкес келе ме?

Қорытындылай келе, Қазақстан үшін PISA рейтингінде жақсы көрсеткішке ие болу маңызды. Оқу сауаттылығын арттыратын әдіс-тәсілдер өте көп. Соның ішінде «PRES» тәсілі, «Кім НЕ түсінді?»,

«Төрт ресурс моделі» әдістері ерекше. Бұл әдістердің сөйлеу әрекетінің төрт түрінде де қолдануға болатындығына, сыни ойлауды дамытып, алған ақпаратты қолдануға үйрететіндігіне сүйене отырып, Қазақ тілін оқытуда (T1, T2) мәтінмен жұмыс барысында жиі қолдануға ұсынамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
- 2 Даулетова Н.А. Д19 Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар /PISA халықаралық зерттеулері бойынша/ әдістемелік құрал. Н.А.Даулетова. – Атырау: «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ, 2019.- 83 б.
- 3 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: (оқулық)/ Ф. Оразбаева, - Алматы : Сөздік-Словарь, 2005 . – 270 б.
- 4 Мұғалімге арналған үлестіріме материалдар. Үшінші басылым. – «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017
- 5 https://www.researchgate.net/publication/310021964_The_Four_Resources_Model_A_Useful_Framework_for_Second_Language_Teaching_in_a_Military_Context

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАР МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

СЕРГАЗИНА А. С., МУБАРАКОВА С. Қ.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №10 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Еліміздің өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, мемлекетіміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білім беріп, сауатты ұрпақ тәрбиелеу – негізгі міндеттердің бірі. Егемендіктің тұғыры тұрақталып, мемлекеттің іргесін нығайту және қазіргі уақыттағы жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін мектепте қазақ әдебиеті пәнін оқытудың орны ерекше.

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде алдымен төмендегідей мақсаттар қойдық:

Өз халқы оның мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу.

Жалпы адамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастары мен қағида ұстанымдарын тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру.

Оқушыларды табысты іс-әрекетте бағыттау, олардың шығармашылығы мен білім құмарлығын дамыту, қолдау.

Ақын Мағжан Жұмабаев «Баланы тәрбиеші дәл өзіндей қылып емес, келешек заманына лайық қылып шығаруға қажет», – деген ойлары арқылы тәрбиені келер күн талабымен ұштастырады. Қазақ халқының тәрбие дәстүрі қай халықтың тәрбиесінен кем түсіп көрген емес. Олай болса бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабамыздың озық дәстүрлерін сіңіруіміз керек. Өз тәжірибемізде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарымызды өз сабақтарымызда пайдаланамыз. Сабақ түрлендіру арқылы мақал-мәтелдер, шешендік сөздерді қолданып бала бойында ұлтымызға ғана тән терең ойлау, шебер сөйлеу дағдыларын дамытып, тіл көркемдігін сақтауға өз үлесімізді қосудамыз. Халықтың тілі – халықтың жаны, тамыры, ойы, өрісі. Қазақтың ұлтшыл ақыны М. Шаханов:

«Қай тілмен ақса перзенттік түйсік өрісің,
Сол тілдің гүлі, сол тілдің қайраткерісің,
Бар кезде таным, таныту өрлейді.
Тек баба тілінді дамыта бермейді.
Өзге тілдегі жеңісін»

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеуде, халық ауыз әдебиетінің қарапайым үлгілерін біртіндеп күрделенуіне қарай таңдап алдық. Өйткені әдептілік – халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан барысында «әдеп», «әдептілік» деген түсініктер төңірегінде ұйымдастырған мақал-мәтелдер сайысы, жұмбақтар, ұлттық ойындар игі нәтижесін көрсетті. Тұлға бойында қайырымдылыққа баулып, жанашырлық, аяушылық сезімдердің туғызып тәрбиелеуде ертегілер рөлі жоғары. Себебі ертегі халық ауыз әдебиетінің құрылымы жағынан алғанда қарапайым, ал рухани құндылығы жағынан баға жетпес аса қымбат, көркем туынды болып есептеледі. Ертегілерді оқыту көріністер даярлау арқылы тұлға бойында сөз байлығының баға жетпес інжу-маржанын жинап, қиялына қанат бітіріп, өсіп-жетілуіне қажет нәрсенің мол қорын алдық. Тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлы: «Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай

сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын – сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Ал басқа өнердің бәрінің де қызметін шама-шарқынша сөз өнері атқара алады» деген. Сөз өнері – әр халықтың рухани өсуінің, өмірі мен тағдырының көркем шежіресі, жан сыры ретінде танылуымен бірге оның мақтанышы. Әр халықтың елдік сипаты, жарқын қасиеттері ең алдымен оның әдебиетінде терең елес береді.

Әдебиет пәнін оқытудағы ұлттық құндылықтардың бірі – оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке баулу арқылы рухани биіктету, жан сұлулығына тәрбиелеу. Еліміздегі бүгінгі оқушылар нарықтық реформа және қоғамдық қатынастар жағдайында өскен ұрпақ. Ұлттық құндылықтар бұл жастардың құндылық бағыттылығына қалай да болса бір әсерін тигізеді. Қазіргі ұстазға қойылған негізгі талап бала санасында қай кезде де сапалы білім алдыңғы қатарлы әлеуметтік құндылық болып есептелетінін сезіндіру. Сапалы білім алу мен ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы ғана өзгеріп жатқан өмір жағдайларына дағдыландыру. Қазақ халқының поэтикалық өнерінің бала бойында жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпалы мол. Балалардың әсемдікке, сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. «Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз» деп ұлы ақынның өзі айтқандай, ақынның өлеңдері туған жердің сұлу табиғатын, қазақ ауылының көріністерін, ақ көңіл ауыл адамдар бейнесін сан алуан сезімдерімен ұласып отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады.

Тұлғаның дамуы – өте күрделі, ұзақ және қарама-қайшылыққа толы процесс. Өйткені тұлғаның дамуы қарама-қайшылықтар күресінен туындайды. Осы тұрғыда И. Г. Песталоцци «Адамның ақыл ойының қалыптасуы, дұрыс дамуы ұлт тіліндегі оқулықтың мазмұны мен оқыту әдісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты» – деп атап көрсеткен. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтары ұлттық құндылықтарды пайдалану арқылы оқушының ішкі жан дүниесін демократияландыру идеясын басшылыққа алады. Қазақ тілі барлық білімнің негізі, алғашқы басқышы болғандықтан, тұлға шығармашылыққа қажетті білімді, дағдыны осы пәндерден игереді.

Өз іс-тәжірибемізде аталған мақсатты басшылыққа ала отырып, қазақ әдебиеті пәнінде оқушылардың тілдік дағдылары мен ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда рухани дүниесін байыта отырып, оқырмандық ынта-ықыласын, биік талғамын, әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауын, логикалық ойын дамытуға көңіл бөлеміз.

Ұлттық құндылықтың мәдени көрінісі «Қобыланды батыр» жырындағы:

...Арыстан туған Қобылан,
Қазынадан қамқа киеді.
Өзімнің еншім болсын деп,
Тобылғы мендіторы атты,

Енші қылып мінеді ... үзіндісінде енші сөзін таныту үшін «Ойлан әрі салыстыр!» кестесімен жұмыс жүргіземіз. Еншілеп алған тобылғы менді торы аттың салыстырмалы сипаттамасын жаздыру арқылы жазбаша тіл мәдениетін дамытамыз.

Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау – біздің басты міндетіміз. Тілді оқыту оңай іс емес екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқу үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет.

Қазіргі жаһандану заманындағы әдебиетті оқытудың мақсаты – ана тілін құрметтеу, еліміздің тарихын жетік білу, әдет-ғұрпымыздың, салт-дәстүріміздің сан қырлылығын игеру, шешендік өнердің алуан түрлі сипаттары арқылы оқушылардың сөз мәдениетін жетілдіру, тілдік әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйрету, интеллектуалдық қабілеттерін арттыру, ұлттық сана-сезімін ояту, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыру болып айқындалады.

Олай болса, өзіміздің ұзақ жылдық іс-тәжірибемізді саралай келе, әдебиет пәнін оқыту негізінде оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың мынандай ерекшеліктерін атап көрсету орынды деп есептейміз.

Біріншіден, тарихта болып өткен шешендердің сөздерінің теориялық негіздерін танытатын ережелерден гөрі, сол шешендердің сөз үлгілеріне еліктетіп ой айтуға үйрету әлдеқайда тиімді.

Екіншіден, жаңа білім мазмұнында ұлттық дәстүр мен жалпыадамзаттық құндылықтар бір-бірімен түйісіп, өзара сабақтасып берілуі маңызды талаптардың бірінен саналады.

Үшіншіден, қазақ халқының сөзді ерекше қастерлеуі, сөзге тоқтауы секілді қасиеттерін уақыттың бүгінгі талаптарымен ізгілендіру, ұштастыру арқылы қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік маңызына көз жеткізу. Яғни оқушының өз тіліне деген құрмет сезімдерін ояту.

Төртіншіден, әр оқушыны жеке тұлға деп танып, оның шығармашылық қабілеттерін шындау.

Қазіргі заманауи ұстаздардың алдында өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін, тарихын, өнерін сүю арқылы, басқа халықтардың да тілі мен әдебиетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті адам тәрбиелеу міндеті тұр. Сондықтан жалпы білім беретін мектеп қабырғасында әр оқушының болашақтағы өз бағытын дұрыс белгілеп, саралай білуі үшін оларға берілетін білім өзегінде, өзіндік сана, көзқарас, дүниетаным мен сенім қалыптастыруда, сондай-ақ, қай ортаға болсын тез бейімделіп, жаңа ақпараттарды тез түсініп қабылдау қабілеттілігін, іскерлік қасиетін дамытып, жеке тұлға етіп тәрбиелеуде әдебиет пәнінің орны ерекше.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бітібаева Қ Әдебиетті оқыту әдістемесі. А.Рауан 1997
2 Т.Қ.Жұмажанова «Әдебиетті оқыту әдістемесі»

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚЫСТЫРМАЛАР МЕН ҚЫСТЫРЫНДЫ ҚҰРЫЛЫМДАР

СМАҒҰЛОВА Т., ҚАПАСОВА Б. Қ.
ф.ғ.к., профессор

Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді жіктеуде басты сипат лексика-грамматикалық қағидаттар негізге алынатыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда оларды сөз таптарына бөлуде лексика-грамматикалық категория ретінде сөздің жекелік мағынасына ғана емес, сөйлемдегі синтаксистік қызметіне қарай да топтауды негізге алатыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, тілде өзгеше категория бар екені белгілі. Бұл категориялардың қатарына қыстырма және қыстырынды сөздер жатады. Тілдегі тағы бір ескертер тұс – сөздердің лексика-грамматикалық құрылым, олардың жеке, контекстік мағынасы мен сөз тудыру, грамматикалық форма тудыру және сөйлемдегі орнымен анықталады. Бұндай ерекшеліктер тілдің даму барысында сол тілде сөйлеуші халықтық қарым-қатынас үрдісінде қалыптасады. Ал қарым-қатынас үрдісі қоғамдық құбылыс ретінде өзгеріп, дамып отырады. Сондай тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі өзгеріс қалпын барынша айқындайтын категориялар – қыстырма сөздер мен қыстырындылар.

Тіл мен қоғам байланысын ғалымдар екі жақты байланыстан көреді. Алғашқысына тілсіз қоғам өмір сүре алмайды деп, тілдің

қызметін алға шығарса, екіншіге тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді дегенді айтады. Қоғам – тілдің өмір сүруінің шарты, қоғамна тыс, адамдар ортасынан тыс тіл де жоқ. Осы тұста қоғам тек қана жалпылама атау, адамдардың өмір сүруінің бірлескен ортасы ғана емес екендігін ескерсек, оның қатынас құралы ғана болып қоймай, ойлаудың, ойды жарыққа шығарудың құралы екендігі де ашылады. Адам ойы тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы айтылып, белгілі болады. Қоғам саяси және рухани, әлеуметтік сипаттарына қарай тілдің ішкі, сыртқы формаларына әсер етеді. Адамның сол ортадағы орны, тілдік кеңістіктегі сөз қолдану аясы арқылы қатынас мәндері көрінеді. Қоғамдағы тілді өзгертетін – адамдардың ойы. Ойдың түрлі формада берілуі оның тілдік сыртқы формасының көрсеткіші ғана емес, адамдардың сол қоғамда, яғни тілді тұтынушы халықтың белсенділігі мен қоғамдық-әлеуметтік қызметі қандай екендігін де аша алады. Бұл тілде адамдар ортасының – қоғамның психологиялық, саналылық және білімділік қабілет-қарымымен айқындалады.

Сөз бен ұғымның, сөйлем мен пайымдаудың өзара байланыс тілдік категориялар (сөз, сөйлем) және логикалық категориялардың арасындағы қоғамға тәуелділікті білдіреді.

Қыстырма сөздер мен қыстырынды сөздер сөйлеушінің түрлі көзқарасын, ойға қатынасы, пікірін ашатын тілдік категориялар ретінде қоғамдық санамен тікелей байланысты. Қоғамдық сана сөйлеушінің қандай сөзді таңдап, қандай оймен қорытуын негіздейді.

Тіл білімі тілдегі әр түрлі формаларды қарастырып, талдау жасайтыны мәлім. Бұл тұста тіл білімінің негізгі сүйенері – форма мен мазмұн. Дегенмен басты сүйенері – мазмұн. Кез келген тілдік категорияны құрайтын мазмұн үшін оның бір формаға енуі шарт. Белгілі бір формасы болған жағдайда ғана мазмұн туралы талдау жасай аламыз. Осы бірліктен ортақ категория туындайды. Тілдегі осындай мағынасы бар, бір жалпы формаға түскен категориялар санатындағы өзгеше тілдік құрылымдар – қыстырмалар мен қыстырындылар.

Қазақ тіл білімі бүгінгі күні тәуелсіз сана тұсында тіл мен ой қатынастарын, тіл мен қоғам қатынастарын зерттеуде осы қатынастардың нақты көрінісі болатын тілдік амал-тәсілдер мен тілдік элементтер мен оралымдар, құрылымдар сияқты соны жасаушы өзегіне міндетті түрде соғады. Біз диплом жұмысына қыстырма және қыстырынды сөздерді зерттеуге ала отырып, оның өткен, кеше, бүгінгі қолданыс сипаттары арқылы сөйлеушілердің қоғамдық орнын, тілдің рөлін анықтай алатындығымызда. Сол себепті де, қыстырмалар мен қыстырындылар арқылы тілдік белгілі бір кезеңдегі мәні ашылады.

Қазіргі қазақ тілінің тілдік деректері мен тарихи тіл деректерін салыстырар болсақ, қыстырмалар мен қыстырындылар сөйлеушілердің айтар ойға қатынасын, пікірін, көзқарасын білдіруінде көптеген айырмашылықтар бар. Біз зерттеуге алған тақырыбымызда қыстырма және қыстырындылардың тілдік табиғатын аша отырып, олар арқылы сөйлеуші орнына назар салу бүгінгі күн үшін қазақ тілі мемлекеттік тілдік мәртебесін көтеру үшін қажет деген ойға да көңіл аударды.

Белгілі бір тілде сөйлеушілердің сөз қолдануы мен сөз жұмсауы олардың қоғамдық орнын, қызметін, міндетін ашады. Тілде бұған дерек ретінде жүретіндер – қыстырмалар мен қыстырындылар. Бұл – тақырыптың ең басты өзектілігін анықтайтын белгі деп есептедік.

«Қыстырма сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналық қызметтерін қыстырма сөйлемдер де атқарады, яғни сөйлеушінің айтылған ойға әр алуан қатынасын білдіретін сөйлем қыстырма ретінде негізгі сөйлемнің ішіне енгізіледі. Ондай қыстырма сөйлемдер бастауыш, баяндауышы және, көбінесе, тұрлаусыз мүшелері де бар толымды, толымсыз жалаң, жайылма, жақты, жақсыз жай сөйлемдер болып келеді» [1, 103–110]. 1967 жылы шыққан Академиялық қазақ тілінде оқшау сөздер қатарында қарастырыла келіп, оларды топқа бөлуде басқалардан бөлектік байқалады. Қыстырма сөздерге анықтама беріп, лексика-грамматикалық сипаттары айтылып, ескертпе сөздер десе, қыстырма сөздер мен қыстырындылар туралы зерттеулердің қатарына оқшау сөздердің бір түрі ретінде қарастырған А.Байтұрсынұлы «бұратана сөздер» дейді [2, 285].

XX ғасырдың 60-жылдарында тіл білімінде қыстырынды құрылым қыстырма құрылымнан бөлініп, жеке категория тұрғысынан қарастырыла бастады. Қыстырма-қыстырынды құрылым мәселесіне берілген осы анықтама басқа тілдерде аталмыш категорияның тілдік тұрғыдан таныла түсуіне үлкен септігін тигізді. Әлемдік тіл білімінде құбылыс «қыстырынды құрылым», «қыстырма құрылым», «парентеза», «парантеза» сияқты терминдік атаулармен аталып жүр. Ғалымдар қыстырма құбылысын «парантеза» деп түсінсе, қыстырма мен қыстырындыны бірінен бөліп ажыратпай, бірге қарастырушылық та байқалады.

Қыстырма, қыстырынды құрылымдар туралы тілдегі көзқарастар мен пікірлерді, ойлар мен тұжырымдарды жинақтай келе төмендегідей ерекшеліктер байқадық.

1 Қыстырма, қыстырынды құрылымдардың терминдік атауында қазақ тіл білімінде бірнеше атаулар пайдаланып, сол атаулар негізінде анықталып келген.

2 Зерттеуге алынып отырған тақырыпты зерттеушілер түрлі аспектімен байланыстырады: сөйлеуші, қолданушының психологиялық, стильдік, модальділік.

3 Қыстырма сөздердің бұндай түрлі көзқарастар мен пікірлерді тудыру себептерінің бірі – қоғамдық категория ретінде тілдің өзгергіштік сипатын анықтауында.

Қыстырынды құрылымдар – қазақ тіл білімінде зерттеу нысанына кейіннен ілінген сала. Бұл саладағы зерттеушілер мен ғалымдар, ізденушілердің көзқарас, ой-пікірлері де жинақталған, бір ізге түскен деуге болады. Алғашқы академиялық грамматикадағы «ескертпе сөйлемдер» деп аталатын терминнен бастау алынғанымен жүйелі қарастыру күрделенген сөйлемдер қатарынды Қ. Есеновтің зерттеуімен байланысты. Ғалым қыстырма сөздерге туыстығын ескеріп, «қыстырындылар» деп атағанымен оларды ішінара бөлгенде алғашқы «ескертпе» терминін сақтайды. Бұдан тілші ғалымдардың алғашқы ой-тұжырымдарының келесі зерттеулерге негіз бола білген классикалық үлгісін көруге болады. Ғалым Қ. Есенов [3] академиялық грамматикада жазылған осы ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдарды негізге ала отырып, оларды қыстырма құрылымдармен салыстыра қарайды. «Қыстырынды» терминін анықтауда ғалым ең бастысы, олардың қыстырма сөйлемдерге жақындығын еске ала отырып, жалпы тіл біліміндегі мәселелермен сабақтастыра алуды мақсат еткені байқалады. «Қыстырынды» терминін ұсынуда орыс тіл білімінің зерттеулеріне иек артады. Қ. Есенов талдауларынан қыстырынды сөйлемдердің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін жіктеп алады.

Синтаксис – адам ойының қызметін көрсетіп, қоғам мен реалды өмірді, тіршілік пен тұрмысты, рухани әлем мен белгісіз кеңістікті қалай қабылдайтыны анықтайтын тіл білімінің күрделі саласы. Тіл категориялары сол реалды өмірді білдірудің амалы, формасы. Бірақ сонымен бірге өзі – ойлау жұмысының, рухани ізденістің нәтижесі. Тіл деректері, соның ішінде синтаксис амал-тәсілдері арқылы әр халықтың ғасырлар бойы іздену, жетілдіруге талпыну нәтижесінде қалыптасқан ой, әрекет, тіршілік, таным жүйесін байқаймыз. Сондай категориялардың бірі – қыстырындылар тілдегі ұлттық таным мен қалып, ойлау мен түсінік кеңістігін білдіреді. Халықтың тілі, тілдің синтаксистік құрылысын ұлттың құралу, қалыптасу процестерінің күрделі, қиын жолдан өткенін байқатады. Сондықтан да біз тілді, соның ішінде оның синтаксистік құрылысын ой мен таным жүйесінің көрініс деп қабылдау қажеттігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ тілінің грамматикасы 2. Синтаксис // Жауапты шығарушы Ә. Ысқақов – Алматы: Ғылым, 1967. – 236 б.
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 3 Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер – Алматы: Ғылым, 1989. – 197 б.

ҚЫСТЫРМА ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

СМАҒҰЛОВА Т., ҚАПАСОВА Б. Қ.
ф.ғ.к., профессор

Қыстырма сөздерді А. Байтұрсынов оқшау сөздермен бірге алады. Оларды бұратана сөздер деп атап, олардың қызметі сөйлем маңайында жүретін сөздер деп атайды. Сөйлем маңайында жүретін бұратана сөздерді 2 топқа бөледі.

1 Қыстырыла айтылатындар немесе қыстырма сөздер. Олар сөйлемдегі басқа сөздермен байланыспайтындығын грамматикалық қызметіне кіргізеді. Қыстырма сөздерді сөйлемнен алып тастаса да, аса мағыналық өзгеріс бола қоймайды.

2 Қаратпа сөздер. Бұның лексика-семантикалық мағынасы – біреуге бағыттап айту. Арнайы грамматикалық қызмет атқармайды, басқа сөйлем мүшелерімен байланысқа түсе алмайды [1, 285].

Қ. Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» еңбегінде қыстырма сөздерді қарастыруда жалпы сөздерді таптасқан және таптаспаған деп бөліп алады. Таптасқан сөздер – қазіргі атауыш сөздер орнындағы сөз тобы. Лексикалық мағынасы бар, грамматикалық қызмет атқара алатын сөздерді құрайды. Ал таптаспаған сөздерге грамматикалық қызметі бар сөздер ғана жатады. Бұлар туралы ғалым сөйлем немесе сөйлемдер жинағы деп алады.

Ғалым таптасқан сөздердің қатарына одағайларды алады. Одағайдың 3 түрін береді.

- 1 Шаруашылық одағайлары.
- 2 Қатынас одағайлары.
- 3 Көңіл-күй одағайлары [1, 285].

Қ. Жұбанов одағай түрлерін қызметі мен қолдану орнына қарай анықтайды. Мысалы шаруашылық одағайлары қоғамда адамдар ортасында жұмсалады. Адам ойын жеткізеді, сөйлесу құралы болады.

Шаруашылық одағайлары деп алып отырғаны қазіргі қазақ тіліндегі шақыру одағайларының орнын басады. Қ. Жұбанов одағайларды зерттеуінде олардың грамматикалық қызметі мен лексика-семантикалық белгілеріне көп назар салмайды. Ғалым одағайлардың шығу тегі мен қоғамдық қызметін көп байланыстырады. Олардың танымдық сипаттарына көңіл бөледі. Осы арқылы одағайлардың сөйлеу мен тілдесу құралы ретіндегі қызметі ашылады. Біз қыстырма сөздердің ортақ белгісі – қоғамдағы пікір мен көзқарас негізінен туындауында. Сондықтан да ғалым шаруашылық одағайларының белгісін сөз емес, сөз болуы үшін екі адамның арасындағы қатынас құралы қызметі керек. Шаруашылық одағайлары адам мен табиғатарасындағы қатынаста қолданылады. Сөздің келесі белгісі сөйлесу әрекеті жүзеге асу ерек, ал шаруашылық одағайларында сөйлесу біржақты ғана. Адам мен табиғат арасындағы қатынас үшін қолданылады. Бұларды ғалым «өндірістік сөздер» деп те алады. Адам сөйлейді, бірақ өз сөзі үшін жауапты қажет етпейді. Біржақты жұмысты, істі өндіру үшін қолданылу талабы бар. Бұл қоғамдық өндірісті анықтайтын сөздер болғандықтан да, өндірістік сөздер деп белгіленеді.

Қазақ тіліндегі одағайлардың қолданылуына қарай қызметтері де анықталады. Қоштау, қолпаштау, қолдау мағынасында қоштасу, амандасу мәнінде айтылатын тұста сөз, сөз тіркесі, тіпті сөйлем қалпында жұмсалады. Бұл одағайлар, түсініксіз де болуы мүмкін, егер мағынасы сақталса, ауыспалы мағынаға ауысады. Қазіргі қазақ тіліндегі «амансың ба, ар ма, жол болсын!» деген сөздер мен сөз тіркестері мағынасын түсінгенімізбен де, туралы мағынасында жұмсалып тұрған жоқ. Бұлар – ауыспалы мағынада. Бір кездердегі алғашқы мағынасы өзгеріп, жаңа мағынаға көшкен, болмаса мағына жоғалған. Кейбір одағай сөздердің мағынасына жаңа мағыналық реңк қосылған. Мысалы: «танымадық» дегенде танымай тұру да болуы мүмкін, бірақ мағына бұл танудан да кең жатыр. «Танымадым, білмедім» деген мағынадан гөрі, «кім едіңіз, жөніңіз не? Не айтқыңыз келді? Қандай жұмысыңыз, ненедей мәсеелемен сөйлеспекшісіз?» деген мағыналарға ұласып кетеді. Осы ойларға ғалым Қ. Жұбанов қазақ тіліндегі «қайыр, қош» деген одағайлардың «хайыр, хош» қалпында да қолданылатын араб, парсы тілдеріне тән екендігін айтады. Әрі бұл одағайлар сөйлем дәрежесінде қабылданылатынын анықтайды. Осы жеке сөздердің сөйлем қалпында қолданылуы – оның одағай болуының шарты деп белгілейді [2, 126-127].

Осындай сипаттарына қарай белгілей келіп, Қ. Жұбанов қазақ тіліндегі одағайларды екі түрге бөледі. Олар:

1 Еңбек түрі одағайлары.

2 Жағдай түрі одағайлары.

Қазіргі қазақ тіліндегі көңіл-күй одағайлары деп жіктеп жүрген сөздер тобын «қатынас одағайлары» деп анықтайды. Қатынас одағайлары қыстырма сөздердің белгілерімен ашылады. Қ. Жұбанов «олқы сөйлемдер» деген терминді қолданады. Бұл адамның назарын аудару, пікіріне көңіл аудару қызметін жүзеге асырып, осы негіздегі мағынаны береді.

Ғалымның одағайларға қатысты пікірінде назар аударатын келесі бір белгілердің қатарына оларды жіктеуде түпкі негізден бастауында. Атауыш сөздер сияқты одағайлар да тіл материалдарынан жасалады. Ал одағайлар арқылы атауыш сөздер де жасалатындығын, сонымен бірге одағайлар қыстырма сөздер мен олқы сөйлемдерді жасайтын материал болатындығын анықтайды. Одағайларды жіктеуде олардың мағынасы мен контекстік сипаттарына көңіл аударады. Одағайлардан атауыш сөздер, олқы сөйлемдер жасалып отырады. Қыстырма сөздерді одағайлар қатарында ала отырып, олардың мағыналық және контекстік сипаттарына ерекше ден қояды. Қазақ тіліндегі одағайларды 3 топқа бөлген. Ғалым олардың басты белгісі – қоғамдық қызметін айтады. Тілдік белгілердің грамматикалық сипатына қарай одағайлардың бір тобы – тыңдаушыға, екіншісіне – қоштау, үшіншісіне – тыңдаушы, бір зат немесе нысан қажет деген сипатпен анықтап көрсетеді [3, 132-133].

Академик Н. Сауранбаев қыстырма сөздерді ойға құрылатындығын айтады, сондықтан да қыстырма сөздердің лексика-грамматикалық белгісі ретінде ойға құрылатындығын, іс-әрекет пен қимылға көзқарас, пікір тұрғысынан берген бағасымен ашылатындығын айтады.

«Оқшау сөздердің үшінші түрі – қыстырма сөз. Қыстырма сөз сөйлемдегі айтылмаған ойға, оқиғаға сөйлеушінің көзқарасын, қатынасын білдіреді. Бәсе, солай болады ғой деп ойлап едім ғой (С. М). Ол, меніңше, тапсырманы орындамай келмейді (Ғ. М.). Бірінші сөйлемде бәсе сөзі сөйлеушінің өзі айтқаны келгенге әбден разы екендігін, екінші сөйлемде меніңше сөзі айтылған оқиғаға сөйлеушінің болжаммен қарайтындығын білдірген қыстырма сөздер» [3, 208-209].

Қазіргі қазақ тіліндегі қыстырма сөздер жайындағы зерттеулерді қарастырар болсақ, қыстырма сөздер тілдік бірліктер мен құрылымдар ғана емес. Қыстырма сөздер – тілдік күрделі құрылымдар. Әдетте, сөйлем туралы ұғымдар сөйлем құрамындағы 5 сөйлем мүшелерінің

ғана қатысы емес. Сөйлем арқылы қоғам мүшелерінің хабарлау, сұрау, бұйыру мәндерімен бірге көңіл-күй, сезімдері көрінеді. Сонымен бірге сөйлеушінің ойға түрлі көзқарасы мен пікірін, түрлі көңіл-күй иірімдерін де байқаймыз. Бұны тілде көбінесе модальдік формалар арқылы білдіру жолдары деп те атайды.

Модальдік реңктерді берудің тілдік тәсілдері бар. Бұндай тілдік тәсілдердің қатарына сөйлем мүшелері бола алмайтын сөздер жатады, бұлар – қыстырма мен одағай сөздер. Модальдік мағынаны берудің келесі бір тәсілі – назар аудару, тыңдаушыны өзіне қарату мақсатын көздейді. Бұл тәсілді жүзеге асығарын – қаратпа сөздер. Сонымен бірге сөйлеушінің тыңдаушы назарын жекелеп бір сөзге аудару, нақтылау мақсатында ой желісі бойында ескерту, айқындау мақсаттарын да атқарады. Айқындау, ескерту, нақтылау, бір сөзге, көңіл аудару мақсатында қыстырынды сөздер жұмсалады. Модальдік мағынаны білдіретін сөздердің келесі белгілерін анықтаймыз.

1 Қыстырма сөздер, қыстырынды сөздер, одағай сөздер модальдік мағынаны білдіреді.

2 Сөйлем мүшесі бола алмайды.

3 Лексика-семантикалық мағынасы болмағандықтан да, арнайы сұрақтарға жауап бермейді.

Кесте 1

Есім негізді қыстырма сөздер	Етістік негізді қыстырма сөздер
Зат есім мен көмекші сөздер: бақытымызға қарай, сорыма қарай, өкінішке орай	Есімдік пен етістік (үстеу): кім біледі, соры қайнағанда, шынын айтқанда, жалпы алғанда, бір сөзбен айтқанда, былайша айтқанда, жоғарыда айтқандай
Есім сөз бен үстеу: әлі есімде,	Етістік пен етістік: көріп отырсыз, қорыта айтқанда, қорыта келгенде,
Үстеу мен үстеу: ең алдымен, ең әуелі,	Құрамы әр түрлі : не деуге болады, кімнен көруге болады т.б.
Есім мен бейтарап сөз: сөз жоқ	
Сан есім мен зат есім: бірінші жақыннан, екінші жағынан	

Қыстырма сөздердің морфологиялық құрамы ғана емес, синтаксистік тіркестік сипаты да түрлі болуы мүмкін.

Тіркес құрамына қарай, олардың тіркесу мүмкіндіктеріне қарай бірнеше түрлерге бөлуге болады.

1 Тіркес құрамы тұрақталған қыстырма сөздер: сөз жоқ, не шара, амал қанша, амал нешік, не керек, ең алдымен, ең әуелі

2 Құбылмалы тіркес түрлері: қорыта келсек – қорыта келгенде, қорыта келіп, қорыта айтқанда, қорыта айтсақ, қорытындылай келіп, қорытып айтар болсақ т.б.

3 Тіркес құрамы жақ жағынан өзгеретіндер: сорыма қарай – сорыңа қарай, сорына қарай, сорымызға қарай т.б.

4 Тіркес құрамы жаңа сөздермен толығатын, өзгеретін қыстырма сөздер: өздеріңізге мәлім – бұрыннан өздеріңізге мәлім, өздеріңізге жақсы мәлім т.б.

Қыстырма сөздерге белгілі бір сұрақ қоюға болады. Мысалы: Меніңше (кімше?), бұл істі басқа жолмен шешу керек. Біз барлық мәселелерді талқылай келе, қысқасы (қалай?), мынандай шешеімге келдік. Сөйтіп (қайтіп?), топтағы жоспар туындаған мәселелерге қарай өзгереді. Бірақ бұл сұрақтар қыстырма сөздерге сөйлем мүшесі ретінде қойылатын сұрақтар емес. Олардың сөз табы ретіндегі сұрақтары болады. Себібі олар сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды. Сөйлем мүшелерімен байланысқа түспейді, сол себепті де, қыстырмаларды, қыстырындыларды, одағайлар мен ескертпелерді оқшау сөздер деп атайды.

Сөздің мағынасы жеке тұрғанда ғана емес, өзге сөздермен байланысқа түсіп, тіркескенде ашылады. Сондықтан да Ә. Хасенов: «Сөз мағынасы кеңейгенде, алдымен, сол сөзді білдіретін ұғымның, атаудың мәні кеңейеді., сөз абстракцияланған үстіне абстракциялана түседі, соның нәтижесінде сөздің бұрынғы бірер мағынасына көптеген жаңа мағына қосылады» [4, 45]. Егер жасалған сөз табы мен тұлғасына қарай қыстырма сөздердің кейбіреулеріне сұрақ қоюға болатын болса да (мысалы, меніңше – кімше? қысқасы – қалай? сөйтіп – қайтіп?), ол сұрақтар бұл қыстырмаларға сөйлемнің белгілі бір мүшесімен байланысты қойылмайды, жалпы сөйлемге, айтылған ойға қойылады.

Қазіргі қазақ тіліндегі оқшау сөз – терминнің өзі де шартты ұғым.

Қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді сөйлем мүшелерінен бөлек аламыз. Сонымен бірге бұл топқа сөз тіркесі, сөйлем мүшелерімен байланысқа түспейтін тілдік құрылымдар кіреді. Қазақ тілінің грамматикаларында оқшау сөздердің ережесі ретінде олардың сөйлем құрауға қатыспайды, сөйлемнен тыс тұрады, сөйлем мүшелерімен байланыспайды деген түсінік қалыптасқан.

Қазіргі қазақ тілінің грамматикасында оқшау сөздерді 3 топқа бөлеміз.

1 Қыстырма сөздер.

2 Қаратпа сөздер.

3 Одағайлар.

Грамматикалық қызметтеріне қарай лексика-семантикалық мағыналарына сәйкес, одағайлардың бірі – қаратпаларға, бірі – қыстырмаларға қосылып кетеді.

Орыс тілінде сөз-сөйлем деп танылатын амандасқанда, қоштасқанда, есендескенде, алғыс айтқанда, мақұлдау кезінде, қоштау мен кош көрмеген кезде т.б. түрлі қатынастырады білдіретін тұстарда айтылатын қалыптасқан тіркестер мен сөздер оқшау сөздер деп қарастырылады. Бұл сөйлеушінің сөйлеу кеіндегі өзінің қатынасын білдіруі мен ой мен пікірін жеке сөз-сөйлемдер арқылы жеткізуін негізгі етіп алады.

Синтаксистік құрылым ретінде қыстырмалар мен қыстырындылар бастауыш-баяндауыш қатынасына құрылады. Дегенмен сөйлемдік қызмет дәрежесіне жете алмаған, тек айтушының, сөйлеушінің ойға қатынасын білдіреді. Сондықтан да қыстырма сөздер мен қыстырындылар – өз алдына сөйлем бола алмайтын, хабарланған ойға қосымша берілетін түсініктеме.

Сөйлемдегі оқшау сөздердің грамматикалық қызметтері сөйлемнен мсұлдем оқшау қалмайды. Сөйлемде түрлі сөздер арқылы қатынасып, сөйлемдегі ойға жанама мағыналар жамайды. Бұл сөйлемдегі басты мағынаны ашпайды. Дегенмен басты көзқарас пен пікір негіздерін анықтайтыны анық. Қазақ тіліндегі оқшау сөздер де сөйлемде түрлі мағыналық реңктер арқылы мағынаны күшейте түседі. Бұл мағынаның реңктері өкініш, қуаттау, қолдау, реніш, қуаныш т.б. қалыптарда көрінеді.

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ тіліндегі оқшау сөздер қатарына жатқызылып келетін қаратпа, қыстырма, қыстырынды сөздер туралы пікірлер мен көзқарастар әлі де тұрақтала қоймаған. Бұл көзқарас, пікірлер қыстырмалар, қыстырындылардың грамматикалық сипаттарын анықтап, лексика-семантикалық белгілерін нақталып түседі. Қыстырма, қыстырындылар туралы пікірлер мен көзқарас, ғылыми ойлардың түрлі болуы – олардың категория ретінде әлі де қарастыруды қажет ететін тілдік құрылымдар екендігін анықтайды. Бұлар грамматикалық қызметтері жағынан түрлі сипаттарды белгілеп, лексика-семантикалық мағыналары түрлі реңктерді беріп қана қоймайды, қосымша белгілер де қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
- 3 Академик Нығмет Сауранбаевтың еңбектері Т. 3. – Алматы: Ғылым, 2000. – 400 б.
- 4 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1992. – 416 б.

ЖАМБЫЛ ЖЫРЫ РУХАНИ АЗЫҒЫМЫЗ

СЫРТТАНОВА А. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер,
«Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

Жамбыл – ақыл ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесімен аса зор құбылыс. Оның бірі, әрі эпик-ақын, әрі айтыс-ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны. Жамбыл Жабаевтың туғанына 2021 жылдың 28 ақпанында 175 жыл толды. Ұлы Жамбылды Мұхтар Әуезов мойындаған, Сейфуллин бас иген, Сәбит Мұқанов ардақтаған, Ғабит Мүсірепов еркелеген, Бауыржан Момышұлы бас иген, Мәлік Ғабдуллин құшағына алған. Ромен Роллан, Михаил Шолохов, Павло Тычина, Николай Тихонов, Константин Симонов сияқты әлемдік әдебиеттің өкілдері де ерекше құрметтеген.

Жамбыл Жабаев шығармашылығы сөз болғанда әдебиет әлемінің жаңашылдығына зер саламыз. Сарай ақындарынан бастау алып, жыраулар поэзиясында көрініс тапқан, кейін иірімі өзгеше жаңа поэзияның қарқынына ілесе білген ақындар қауымы көп емес. Жамбыл сол үрдісте жаңашылдық танытқан жасампаз ақын. Ол – өз заманының ұлы ақындарының бірі. Жамбыл есімі жаңашылдықтың үрдісінде көш бастайтын, шығармашылығы әлі де зерттеуді қажет ететін бірден-бір тұлға. Ұлы Отан соғысы кезінде Жамбыл өлеңдері қазақ даласынан бастау алып, күллі майданды шарлап, қаншама жас өрендерге рух, жалын, жігер бергені сөзсіз. Кеңестік саяси жүйені өлеңге қосып, социалистік даму жолының артықшылықтарын, жаңа құрылып жатқан қоғамның табыстарын өз жырына арқау ете білді. Бізге танысы, жатталған жырдың бірі – «Ленинградтық өренім» жыры. Өлең тарихы белгілі. Ленинградты қорғаушы бар майдангерлердің құлағында радиодан жатталып, сұрапыл соғыс жылдарындағы ауыр күндерде әр жауынгерге дем берді. Адам санасына психологиялық қолдаудың

физиологиялық күштен артық қажет екенін ақын тәжірибесі бірден білсе керек. Оның рухты өлеңі тек Ленинградтық өрендерді ғана емес, майдан шебіндегі қан жұтқан қаншама сарбазға күш-қуат бере білді. Ақын интуициясы өзін де, халықты да ешқашан алдаған емес. Себебі, оның өлеңінің басты құны – шындықты жырлайтыны. Жамбыл – шынайы шындықтың көркем суреткері.[1]

Таза шындықтың ақыны. Ұстазы Сүйінбай секілді ешкімге жалтақтамай, айтарын астарламай, ащы шындықты шымбайға батыруға дағдыланған. Ел билігіне, халық мұқтаждығына арналған өлеңдерінен бұл қасиетін оңай көре аламыз. Саяси лириканың шекпенін киген ұлы ақынның қай өлеңдерінен болмасын, халықтың ауыр тұрмысын, мұң-мұқтажын, ел басындағы ауыртпалықты, болыс-билер паракорлығының айқын көріністерін ажырата аламыз. Қандай дүниені болмасын, ақын көзімен барлап, сурет күйінде танып үйренген Жамбыл өмірден өткенше осы аңғарымпаз қалпынан танған емес. Қай заманның ақыны болса да, жай пенделер секілді өз заманына тәуелді. Өз заманының туындысы. Жамбыл шығармашылығы да өз дәуірінің шындық сәулесі. Ол халық әдебиетін, өзінен бұрынғы ақындар шығармаларын, ауызша тараған жыр-дастандарды жатқа білген. Мұхтар Әуезовтің айтуы бойынша, миллион жол өлеңді мүдірместен жатқа айтатын болған. Сол миллионның ішінде қандай әдемілік, көркемдік үлгі жоқ дейсіз?! Көненің көзімен жырланған әр дастанның жолында өзгеше сарын бар. Жүріп өткен жолдың еншісінде қаншама қайғы-мұң, соған сай қаншама қуаныш бар. Осының барлығын өлең жолына сыйғыза білу – ақынның қолынан ғана келеді. Жамбыл – халық ақыны. О баста суырып салма айтыстан басталған отты өлеңдерінде халықтық үн, халықтық зар басым. Жеке өз басының мұңын жырға қосса да жетіп артылатын еді. Алғайдың өлімінің өзі Жамбылға оңай тиген жоқ. Алайда, әр жыры халық тағдырынан сыр шертеді. Екі ғасырдың көшінде бір ғасыр ғұмыр кешіп, сан түрлі оқиғаға куәгер болған Жамбыл ақынның қуатты жырлары күні бүгінге дейін өз сарынын жоймаған. Жоймайды да. Өйткені, шындық жырланған, ақиқат ат үстінде айтылған өлеңдер өміршең келеді. Халықтық жырдың негізінде немесе жыраулар поэзиясының үлгісінде бүгінгі мен өткенді сабақтастыра жырлайтын ақындар сол кезеңде жоқтың қасы болатын. Жамбыл сол үрдісті қалыптастыра білді. Қазақтың қоңыр үніне салып жыраулық дәстүрді ұстанса, енді-енді өзгеше иірім танытып жүрген поэзияны да қалыс қалдырмады. Сонысымен де қымбат.

Жамбыл Жабаев шығармашылығы сөз болғанда әдебиет әлемінің жаңашылдығына зер саламыз. Сарай ақындарынан

бастау алып, жыраулар поэзиясында көрініс тапқан, кейін иірімі өзгеше жаңа поэзияның қарқынына ілесе білген ақындар қауымы көп емес. Жамбыл сол үрдісте жаңашылдық танытқан жасампаз ақын. Ол – өз заманының ұлы ақындарының бірі. Жамбыл есімі жаңашылдықтың үрдісінде көш бастайтын, шығармашылығы әлі де зерттеуді қажет ететін бірден-бір тұлға. Ақын интуициясы өзін де, халықты да ешқашан алдаған емес. Себебі, оның өлеңінің басты құны – шындықты жырлайтыны. Жамбыл – шынайы шындықтың көркем суреткері. Таза шындықтың ақыны. Ұстазы Сүйінбай секілді ешкімге жалтақтамай, айтарын астарламай, ащы шындықты шымбайға батыруға дағдыланған. Ел билігіне, халық мұқтаждығына арналған өлеңдерінен бұл қасиетін оңай көре аламыз. Саяси лириканың шекпенін киген ұлы ақынның қай өлеңдерінен болмасын, халықтың ауыр тұрмысын, мұң-мұқтажын, ел басындағы ауыртпалықты, болыс-билер парақорлығының айқын көріністерін ажырата аламыз. Қандай дүниені болмасын, ақын көзімен барлап, сурет күйінде танып үйренген Жамбыл өмірден өткенше осы аңғарымпаз қалпынан танған емес. Қай заманның ақыны болса да, жай пенделер секілді өз заманына тәуелді. Өз заманының туындысы. Жамбыл шығармашылығы да өз дәуірінің шындық сәулесі. Ол халық әдебиетін, өзінен бұрынғы ақындар шығармаларын, ауызша тараған жыр-дастандарды жатқа білген. Мұхтар Әуезовтің айтуы бойынша, миллион жол өлеңді мүдірместен жатқа айтатын болған. Сол миллионның ішінде қандай әдемілік, көркемдік үлгі жоқ дейсіз?! Көненің көзімен жырланған әр дастанның жолында өзгеше сарын бар. Жүріп өткен жолдың еншісінде қаншама қайғы-мұң, соған сай қаншама қуаныш бар. Осының барлығын өлең жолына сыйғыза білу – ақынның қолынан ғана келеді. Жамбыл – халық ақыны. О баста суырып салма айтыстан басталған отты өлеңдерінде халықтық үн, халықтық зар басым. Жеке өз басының мұңын жырға қосса да жетіп артылатын еді. Алғайдың өлімінің өзі Жамбылға оңай тиген жоқ. Алайда, әр жыры халық тағдырынан сыр шертеді. Екі ғасырдың көшінде бір ғасыр ғұмыр кешіп, сан түрлі оқиғаға куәгер болған Жамбыл ақынның қуатты жырлары күні бүгінге дейін өз сарынын жоймаған. Жоймайды да. Өйткені, шындық жырланған, ақиқат ат үстінде айтылған өлеңдер өміршең келеді. Халықтық жырдың негізінде немесе жыраулар поэзиясының үлгісінде бүгінгі мен өткенді сабақтастыра жырлайтын ақындар сол кезеңде жоқтың қасы болатын. Жамбыл сол үрдісті қалыптастыра білді. Қазақтың қоңыр үніне салып жыраулық дәстүрді ұстанса, енді-енді өзгеше

иірім танытып жүрген поэзияны да қалыс қалдырмады. Сонысымен де қымбат. Жыр алыбы-Жамбыл «Жамбыл жырлары теңіз түбінде жатқан маржан секілді Оны жинап алып, халқының қолына беру-біздің азаматтық борышымыз» С. Сейфуллин Қазақ әдебиетіндегі поэзия жанрының Абайдан... [2]

Жамбыл жырларының ішінде оның эпикалық үлгіде жазылған «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» атты дастандарының орны ерекше. Жетісу бойына кең тараған Өтеген туралы аңызға Жамбыл ақын жан бітіріп, оны қазақ әдебиетіне алып келді. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» жайма-шуақ өмірді іздеген Өтегеннің бақыт жолындағы ізденісі халықтың арман-тілегімен ұштасып жатты. Өтеген батыр туралы дастанда аңыз басым болса, Сұраншы батыр туралы дастанда тарихилық үстем. Қоқан хандығына қарсы Жетісу қазақтарынан шыққан батыр Сұраншы Ақынбековтың ерлік істері көңілге қонымды. Қазақ, қырғыз, өзбек халқы еңбекшілерінің ынтымағы арқылы адам баласы аңсаған азаттық нанымды бейнеленген. Осылардың қатарында «Көрұғлының» Жамбыл жырлаған нұсқасы мен «Бақ, дәулет, ақыл» атты аңыздарын да атауға болады. Ақын бақ, дәулет, ақыл туралы аңызды тірілте отырып оқырманға:

«Ал, жігіттер, бұл сөздің шешуін тап,
Бай болғанмен не боларсың, болсаң ақымақ.
Ақымаққа мал бітсе мас болады,
Ақылсыз түк бітірмес, мал менен бақ», – деген ой салады.

Жүз жыл өмірінің сексен бесін өлең-жырмен өткізген. Жамбылдың шығармашылық өмірі 19-ғасырдың 70-жылдарынан басталған. Бұл – қазақ халқы үшін өте ауыр кезең еді. Осы жылдары ресей империясы бүкіл қазақ елін түгел отарлап алған болатын. Соның салдарынан жерден, малдан айырылған жұрттың тұрмысы жүдеп, күйзеліске ұшырады. Ол аз болғандай, 20-ғасырдың 20-жылдарында ақ пен қызылдың соғысы, кәмпескелеу мен ұжымдастыру сияқты оқиғалар халықтың тағдырына теріс әсерін тигізді, қарапайым адамдардың да, зиялылардың да психологиясын өзгертті. осындай жағдайдың куәгері болған жамбыл шындықты айтып, замана болмысын жасырмай суреттеді, өзінің өкініші мен күйінішін ащы дауыспен жырлады, күйініп те, қиналып та сөйледі [3].

1941 жылдың басында «Кәрілік» атты өлеңінде «Босатып буынымның шегелерін, Сыпырып тұла бойдан күшімді алды» деп кәрілікке мойын бере бастаған ақын 15 республикадан құралған мызғымас Кенестер Одағына фашистік германия тұтқиылдан шабуыл

жасағанда қаламын қолға алып, қайтадан қайраттана, жігерлене түсті. Бұл тұста Жамбыл ақын жауға қаламмен қарсы шығып, «Ата жаумен айқастық», «Өлім мен өмір белдесті», «Ленинградтық өренім!», «Москваға», «Аттан, батыр, ұрпағым», «Кеңес гвардеецтеріне», «Кеңес жауынгерлеріне», «Майданға хат», «Сыйлық», «Тырналар қайтты көріндер», «Отан әмірі», «Алынбас қамал», «Балама хат», «Воронеж батырларына», «Ленин өреніне», «Қамал бұзған қаһарман», сынды әрбір өлеңін жауға оқ етіп жаудырды. Өмір мен өлім белдескен шақта ақын қуатты жырларымен кеңес жауынгерлеріне жігер берді. Оның жырлары жыл құсындай болып майданға аттанды. Жауынгерлерге Ленинград, Москва, Сталинград сынды ірі қалаларды жау қолына бермендер деген ақын жырларында өршілдік рух басым. Кеңес жауынгерлеріне қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқан өлеңдерінің ішінен «Ленинградтық өренімді» ерекше атауға болады: Ұлы Отан соғысы жылдарында патриоттық рухта жазылған толғаулары үшін КСРО Халық Комиссарлар кеңесі 1941 жылы Мемлекеттік сыйлық берді.

Ақын «Мұнша жасқа келгенде, Не көріп, не білгеннен. Бір ауыз сөз айтылмай, Қалса – үлкен мін ақынға» дей отырып, сексеннен асып, тоқсанға таяған шағында көрген-білгендерін ой қазанында қорытып, өмір жайлы толғауларын жазды. Оның «Замана ағымы», «Туған елім», «Менің өмірім» атты толғауларының қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Жүз жасаған ақынның өмір сүрген уақытында қазақ халқының басынан неше алуан ірі-ірі тарихи оқиғалар өтті. Ақын қазақтың жүз жылдық тарихының ғана емес, арғы-бергі тарихының өмір шындығын көркем шындыққа айналдыра білді. Ол толғауларында Қоқан хандығы, одан ақ патшаның қол астында отар болып, «Қысым көрген, қырылған, Таланған да шабылған» қазақ халқының аяншты тірлігі мен Қазан төңкерісімен келген теңдік пен бақытты өмірді «Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда, Николай ұрған доптай тақтан ұшты. Жарқырап бостандықтан сәуле түсті – Жабырқаған халықтың көңілі өсті!» деп жырлады.[4]

Жамбыл Жабаев шығармашылығында адамгершілік, еңбекке тәрбиелеу – басты идеялардың бірі болып табылады. Еңбек тәрбиесінің ең күшті құралы – көркем әдебиет, ол өз кезегінде адам көзқарасының қалыптасуына, іс-әрекетін саналы құруына үлкен әсер етеді. Орыстың ұлы жазушысы М.Горький: «Еңбекке деген сүйіспеншілігі жоғары болған адамның мәдениеті де биік деңгейде болады» деп санайды. Бұл өте әділ тұжырым. Өйткені, мәдениет бастауы – шын мәнінде еңбек пен адамгершілікте жатыр. Әдебиет

адамның мәдени дәрежесін жоғарылатуға, еңбектегі жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді. Осыны жете түйсінген Жамбыл ақын да өз шығармашылығында өмір негізі ретінде еңбекті санап, мазмұндық және жоғары идеялы поэтикалық қуаттағы өлең-жырлар тудырды. Өз уақытында тек қазақтың ғана емес, бір тудың астына топтасқан одақтас республика халықтарында да өскелен ұрпақ тәрбиесінің күшті құралы болды. Жамбыл Жабаев пікірінше, тек ұлы еңбек арқылы ғана адамгершілікке баулуға, тұлға қалыптастыруға болады. Ал, Жамбыл Жабаев ұғымындағы тұлға – өз халқы үшін қызмет ету, бақыты мен қуанышы үшін барын салу. Жүз жасаған ақын Жамбыл Жабаев халық поэзиясының алыбы ғана емес, «XX ғасырдың Гомері» атанды. Ол халық поэзиясы арқылы қазақ халқын да әлемге танытты. Біртұтас шаңырақ сезімі, тарихи тағдырлардың тұтастық сезімі-поэзияның ұлы атасы бізге осындай мұра қалдырды. «Ленинградтық өренім» -өлмейтін өлең. Соның дәлеліндей Дмитрий Шостаковичтің Ленинградтық симфония музыкасында және танымал толғаудың негізінде Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арнап Болат Аюханов ҚР Мемлекеттік академиялық би театры 43-ші маусымында бір көріністі «Ленинградтық өренім, мақтанышым-сен едің!» балет спектаклін сахналанды. Балеттің алғашқы премьерасы 2009 жылғы желтоқсанда Санкт-Петербурдың Ленсовет атындағы Сарайы сахнасында және 2010 жылғы ақпанның 16-сында Алматыда Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында көрсетілді. Елімзге ресми сапармен келген Украина Президенті Виктор Янукович Жеңіс мерекесі қарсаңында Киев қаласындағы бір көшеге Жамбыл Жабаевтың есімі берілген. 2005 жылдың мамырында Синельников қаласында Жамбылдың ұлы, 19-жеке кавалериялық корпусының жауынгері, 1943 жылдың ақпанында Украинаны азат ету кезінде мерт болған Алғадай Жамбыловқа ескерткіш қойылды. [5]

Ақын шығармасын езілген еңбекшінің тұрмыс-ахуалы түзеледі деп үміттеніп, жәбір-жапа шегушілердің мүддесін қорғап жазады. Қарапайым адамдардың қаһармандық образын, бай-манаптардың сатиралық бейнесін жасады. Жамбыл өмір шындығының жалынды жыршысы болды. Бұл оның өз замандастарының нағыз тұлғасын жасауына, жаңа тақырыпты көтеріп, оны игеруіне, халқын жаңа жолға сілтеуіне мүмкіндік берді. Еңбекші бұқараның мұңын жырлаған ақынның әлеуметтік, азаматтық үні барған сайын нығая бергеніне көзіміз жетеді. Мысалы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» атты екі өлеңі Жамбылдың халық ақыны, халық жыршысы болғандығын дәлелдейді.

Үкімет қаулысы ауқымында Жамбыл мұражайы мен мавзолейі жаңғырып, мәдениет үйі, мектеп құрлыстары жүргізіліп жатыр. Бұл - Жамбыл атамызға құрмет, ілтипатымыздың бір белгісі. Жамбыл Жабаев бірнеше шумақта тұтас бір кезеннің жүгін арта білу тек Жамбыл секілді алыптардың ғана қолынан келетін құдірет-деген екен, елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Жамбыл – шынайы шындықтың көркем суреткері. Таза шындықтың ақыны. Ұстазы Сүйінбай секілді ешкімге жалтақтамай, айтарын астарламай, ащы шындықты шымбайға батыруға дағдыланған. Ел билігіне, халық мұқтаждығына арналған өлеңдерінен бұл қасиетін оңай көре аламыз. Саяси лириканың шекпенін киген ұлы ақынның қай өлеңдерінен болмасын, халықтың ауыр тұрмысын, мұң-мұқтажын, ел басындағы ауыртпалықты, болыс-билер парақорлығының айқын көріністерін ажырата аламыз. Қандай дүниені болмасын, ақын көзімен барлап, сурет күйінде танып үйренген Жамбыл өмірден өткенше осы аңғарымпаз қалпынан танған емес. Қай заманның ақыны болса да, жай пенделер секілді өз заманына тәуелді. Өз заманының туындысы. Жамбыл шығармашылығы да өз дәуірінің шындық сәулесі. [6]

Ол халық әдебиетін, өзінен бұрынғы ақындар шығармаларын, ауызша тараған жыр-дастандарды жатқа білген. Мұхтар Әуезовтің айтуы бойынша, миллион жол өлеңді мүдірместен жатқа айтатын болған. Сол миллионның ішінде қандай әдемілік, көркемдік үлгі жоқ дейсіз?! Көненің көзімен жырланған әр дастанның жолында өзгеше сарын бар. Жүріп өткен жолдың еншісінде қаншама қайғы-мұң, соған сай қаншама қуаныш бар. Осының барлығын өлең жолына сыйғыза білу – ақынның қолынан ғана келеді.

Жамбыл – халық ақыны. О баста суырып салма айтыстан басталған отты өлеңдерінде халықтық үн, халықтық зар басым. Жеке өз басының мұңын жырға қосса да жетіп артылатын еді. Алғайдың өлімінің өзі Жамбылға оңай тиген жоқ. Алайда, әр жыры халық тағдырынан сыр шертеді. Екі ғасырдың көшінде бір ғасыр ғұмыр кешіп, сан түрлі оқиғаға куәгер болған Жамбыл ақынның қуатты жырлары күні бүгінге дейін өз сарынын жоймаған. Жоймайды да. Өйткені, шындық жырланған, ақиқат ат үстінде айтылған өлеңдер өміршең келеді.

Халықтық жырдың негізінде немесе жыраулар поэзиясының үлгісінде бүгінгі мен өткенді сабақтастыра жырлайтын ақындар сол кезеңде жоқтың қасы болатын. Жамбыл сол үрдісті қалыптастыра білді. Қазақтың қоңыр үніне салып жыраулық дәстүрді ұстанса, енді-енді өзгеше иірім танытып жүрген поэзияны да қалыс қалдырмады. Сонысымен де қымбат.

Ал біз ұстаздар қауымы Жамбылды құрмет тұтып, өлең жырларын жас ұрпаққа дәріптей білуіміз керек. Туған халқының күнгей мен көлеңкесін тарихи талғам таразысына салып, шабыттың шырқау биігіне көтерген ақын. Қазақ халқы барда, оның тілі мен діні аман тұрғанда, адалдық пен адамзаттың, әділеттік пен ізгіліктің жыршысы Жамбыл да мәңгі жасай бермек.

Жамбыл жас ұрпақты батырлыққа, елін-жерін сүюге шақырады. Олардың бойында халқының ұлттық және рухани азаматтық сезімдерін қалыптастыруға, шығармалары арқылы жастарды ізгілікке тәрбиелеуді насихаттайды. Жамбылдың соғыс жылдары жазған шығармалары неміс басқыншыларына қарсы күресте жауынгерлерге қуатты рух беретін, идеялық қаруға айналды. Оның жырлары майданда партизан отрядтарында ауыздан ауызға көшіп, басылым беттерінде басылып, әскердегі саяси жұмыстарға пайдаланылды.

Әдебиет – тәрбие құралы болса, ол құрал мұғалімнің қолында, олай болса, қазақтың біртуар ақыны, әлем таныған сөз зергері Жамбыл Жабаевтың туындысын оқу - біздің парызымыз. Бүгінгідей техникаға байланған заманда ұрпағымызға рухани тәрбие беруде, ақынның мұрасын келешекке насихаттау ұстаздардың қолында.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Раритет, 2010. – 18 б.
- 2 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 479 б.
- 3 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20 том. – Алматы:
- 4 Қазақ халық әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы: Рауан, 1990. – 28 б.
- 5 Әдебиеттану. /терминдер сөздігі/. – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006. – 175 б.
- 6 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 200 б.

МЕДЕУ СӘРСЕКЕНІҢ «ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ» РОМАН-ЭССЕСІН «ТОПТЫҚ ТЕРГЕУ» ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

ТОКОШБЕКОВА Г. К.

магистрант, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

«Топтық тергеу» әдіс мәтін мазмұнын талдауда өте тиімді болып табылады. Сыныптағы білім алушылардың барлығын шағын топ құрамында қызыға жұмыс жасайды және оларды топ жауапкершілігіне үйретеді. Сонымен қатар Мәдеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман – эссесін жан-жақты ойлау тұрғысынан қарастыруға, түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мәтін тек материал күйінде қалып қоймай, онымен кеңірек ізденіс жасауға және қол жеткізуге болатын ресурстарды пайдалану дағдысын дамытады.

Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1-қадам. Мұғалім сынып зерттеу үшін дәлелденген және қызықты мәтін таңдайды (Мұғалім мәтін берместен бұрын, егер ол үй тапсырмасы емес, сабақ уақытында жасалатын жұмыс болса, зерттеу жұмысына қатысты қажеттіліктерді дайындап алуы керек).

Мысалы, «XIV ғасырдан хат» бөлімінен үзінді Шоқының мына кереметіне таңданған геолог: «Бұл қандай биік, алысты жақындатқан қандай шоқы?...» деген оймен планшетіне қараған. Күткені – биік, ұзын, иә биіктік өлшеміне лайық тұлғалы сөздер еді. Бұл төбе соның бірін де місе көрмей, өзіне ең қымбат, ең зор атауды иемденіпті: Алтыншоқы! Неге алтын? Жер-суға ат қойғыш қазақ елі, тегінде, мұндай жөннен жаңылмаушы еді. Қолмен көмгендей-ақ көп асылды қатесіз нұсқап беретін-ді. Мынау да соның бірі болмағай...

Көңілінде жылт еткен бір үміт, бір сенім қат-қабат көлбеңдеп дегбірін қашырды. Әсіресе, шоқының күнбатысқа құлар жолында теңкиіп жатқан қорым тасты көрген соң-ақ шөлдегенін ұмытып алға аптыға басқан-ды.

Қорым тастың бұрын-соңды Арқа тауларынан өзі көрген оба, үймелерге ұқсамайтынын Қаныш Имантайұлы бірден аңғарды. Құрамы да, қаланған жігі де басқарақ. Аумағы он екі канат қазақы үйге орын болғандай кең үйменің қаланған жігіне қарап тұрып ол тағы бір өзгешелікті байқады: қорым тас іш жағына қарай дестеленіп қаланған, демек, бұл – қорған емес. Геолог еңкейіп, қуыстан екі-үш кесек тас алды. Таңданғаны соншалық, тізерлеп отыра қалып, тағы да екі-үш тас суырды.

Қолында бір жақ беті магма жынысына ұқсаған, от қақтап, күшті жалын шарпыған тас кесектері тұрғанына ол енді шүбәланған

жоқ. Үлкейткіш шынымен зер сала үңіліп еді, тас бетінен ағаш көмірінің қалдықтарын көрді. Сірә, алдындағы үйме – пеш, кәдімгі дала пеші! Дөң көлбеуін түгін тартуға пайдаланып, мұржасын төбе басынан шығарған ескі пештердің орнын ол Ұлытау өңірінен жиі көретін. Мынау да соның бірі. Тек не үшін, қандай ділгерлікпен ол осы жерге қаланған? Металл қорытса, кен көзі қашықта емес. Сондай бір зәру қымбатқа болмаса, жай ғана қазандық үшін осынша тас жиып, әуреге түсудің қажеті қанша?..

Геолог қосқа қайтуды ұмытып кетті. Серіктерінің тосып отырғанын да қапелімде есіне алған жоқ. Машина өзі тұрған шоқының теріскей жақ түбінде. Тура жүрсе бір сағатта-ақ жетіп барады. Бірақ ол «бір жерді екі мәрте баспау да – іздеуші геологке жоралғы» дейтін әдетімен шоқының оңтүстік жағын орағыта қайтуды жөн көрді. Кейін, сан жылдардан соң да тәнті ризалықпен есіне алатын олжа оған осы арада, шоқыны алыстан орағыта жүргенде кезікті...

Иә, барлаушы-геолог Алтыншоқының оңтүстік бетінен сонау қым-қуыт заманда, хижраның 793 жылында Азияның айбарлы билеушісі Көреген Темір жорық жолында қалдырып кеткен тарихи белгітасқа кезіккен-ді.

Бұдан бірнеше жыл бұрын, Ұлытау өңіріне алғаш тап болған кезінде ол осы елдің көнекөз ақсақалы Өмекең: «Жасырақ кезімде Ұлытаудың арғы бетіндегі көп бұйраттардың бірінен жоғалған мал қарап жүріп таңбалы тас көрдім, құдауанда, келбеті соның бір жосын өзгеше еді», – деп тамсана әңгімелеген-ді, бірақ тастың жатқан жерін нақты айта алмай, адастырмас белгісіне тек Жетіқыз өзенінің бойын атаған.

Геологтің кешелі-бүгінде, Жетіқыз атырабына іліккен кезден мазасызданып, төбешік босатпай оба кезгені де содан. Кәріқұлақ Өмекең көрдім деген жұмбақ таңбалы тасты табуға құмар болғанды. Міне, енді сол тас қарсы алдында теңкиіп жатыр. Тас бетіндегі белгі – өзі күткендей ру таңбалары емес, кәдімгі араб әріптері. Жазуы өшпеген, мәнерлі әріптер әдемі шабылған. Өзіне жас күнінен таныс араб, парсы, шағатай тілдерінен есінде қалған түйсікке бұрып, ежіктеп көріп еді – шығара алмады. Бастапқы жолын әрең ажыратты. Кәдімгі мұсылман жұртының ежелгі рәсімі бойынша, әрбір сәлем хат, ресми деректердің алдында қосақтала жүретін, «Бисмилла рахман-рахим» деп басталатын дұға сөздері.

Қос басында қара шәугімді қайната-қайната тосудан шаршап, іздеуге шыққан серіктері топ жетекшісін тас бетіндегі жұмбақ жолдарды ежіктеп отырған сәтте тапты...

Сергей Рожновтың естелігінен:

«...Шәріп екеуміз іздеп барғанда Қаныш Имантайұлы таңбалы тастың іргесінде көлеңкелеп отыр екен. Бізге жайраңдай қарап: «Қане, жастар, мынаны қозғап көрелік. Алтыншоқидан алтынға бергісіз қазына таптық білем. Меніңше, өте қымбат дүние. Сірә, көне уақыттың белгісі», – деп түсінік бергені есімде. Қымбаттығы рас болу керек. Геологтің шымыр болаттан құйылған балғасымен түйгіштеп көріп едік, титтей де сызат түсіре алмадық. Үшеуіміз олай-бұлай ырғап қозғай алсақшы. Зілмауырлығы сонша! Қосқа келіп, шай ішіп, біраз дем алған соң қайта бардық. Мен «Фотокормен» бетіндегі таңбасын суретке түсірдім....»

2-қадам. Мұғалім сыныпты шағын алты топқа бөледі де мәтінмен таныстырады. Мұғалім құралдардың бастапқы топтамаларымен таныстырады және рөлдерде жұмыс жасау барысында, осы құралдарды қалай пайдалану керектігін түсіндіреді.

Баяндаушы. Оның міндеті – өз көзқарасы тұрғысынан немесе өз ойына сүйене отырып, оқиғаның мазмұнын баяндау;

Қуғыншы. Оның міндеті – мәтіндегі кейіпкерлердің ізін қуып, олардың іс-әрекеттерінен, мінезінен көз жазбайды, әр қимылдарынан хабардар болып отыру;

Ізденуші. Оның міндеті – мәтінге қатысты және онда көтерілген мәселе туралы көптеген ақпарат /кино, көркем әдебиет, әлем әдебиеті, саз өнері, поэзия, теле бағдарлама т.б./ жинау;

Сөзтапқыш. Оның міндеті – сынып дауыстап оқығысы келетін мәтіннің маңызды, қызықты жерлерін тауып оқу және мәтіннің тақырыбын, руханилығын ашатын немесе құптайтын афоризмдер мен мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін, құбылту (троп), айшықтау (фигура) түрлерін табу;

Сұрақ құрастырушы. Оның міндеті – топты сөйлету үшін негізгі оқиғаларды қамтитын немесе әңгіменің жалпы мазмұны бойынша сұрақтар дайындау. Бастысы, оқушылар сұрақ қоюдың мөлшерін, яғни жабық және ашық сұрақтарды құрастыруы қажет. Және де тақырып туралы ауытқымай сөйлеу, кезекпен сөйлеу, талқылауға қатысуды қадағалап отырады.

Дәнекер. Оның міндеті – мәтінді, онда көтерілген негізгі идеяларды немесе оқиғаларды бүгінгі шынайы өмірмен байланыстыру.

3-қадам. Білім алушылар зерттеу құралдарымен танысады. Зерттеу жүргізу бойынша сұрақтар қояды және топтарды рөлдерге бөліп алады.

4-қадам. Білім алушылар ой шақыру және мұғалімнің қатысуымен пікірталас жүргізуге, ақпараттың басқа көздерін пайдалануға құқылы.

5-қадам. Білім алушылар өздерінің зерттеулерін жоспарлайды. Мұғалім оларды аралап жүріп, зерттеулерін өткізу бойынша ұсыныстарын суретке түсіріп беруін сұрай алады.

6-қадам. Білім алушылар зерттеудің бөліктерін мәтінді толық қамту үшін талқылайды.

7-қадам. Білім алушылардың мәтінді зерттеу уақыты бірнеше минутқа, ал кейде бірнеше күнге созылуы мүмкін. Мұғалім сыныпта ортада тұрып, әр білім алушының жауапты рөлі болуын қадағалайды. Топтардың зерттеу жұмысына көмектесе алады.

8-қадам. Топ сыныпқа таныстырылымын жоспарлайды. Олар өздерінің ең маңызды жаңалықтарын көрсетеді. Таныстырылым белсенді және қызықты болуы керек. Сонымен қатар оған топтың барлық мүшелері қатысуы керек.

Білім алушылардың рөлдерін бағалау төмендегідей:

Баяндаушы.

- жүйелі мазмұндауы – 2 ұпай

- Өз ойына сүйене отырып, «Менің ойымша», «Меніңше» сөзтіркестерін пайдалану, маңызды фактілермен және дәлелдермен тоғыстыру – 2 ұпай

Қуғыншы.

- Кейіпкерлердің мінезін жан-жақты сипаттау – 2 ұпай

- Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, қимылдарын сипаттау – 2 ұпай

Ізденуші.

- Мәтінде көтерілген мәселені анықтау – 2 ұпай

- Кем дегенде 3 ақпарат келтіру – 2 ұпай

Сөзтапқыш.

- мәтіннің маңызды, қызықты жерлерін тауып оқу – 1 ұпай

- мәтіннің тақырыбын, руханилығын ашу – 1 ұпай

- құбылту (троп), айшықтау (фигура) түрлерін табу – 2 ұпай

Сұрақ құрастырушы.

- Негізгі оқиғаларды қамтитын сұрақтар құрастыру – 2 ұпай

- Кем дегенде 3 ашық сұрақ құрастыру – 2 ұпай

Дәнекер.

- Мәтіннің негізгі идеясын анықтау – 2 ұпай

- Кем дегенде шынайы өмірмен байланыстыратын 3 факті/дәлел келтіру – 2 ұпай

Бұл әдісті көлемді мәтінмен жұмыс жүргізгенде тиімді. Өйткені оқыған шығарма үзіндісіне талдау жүргізіледі.

Сабақ барысында осында әдісті пайдалану оқушының бойында өз-өзіне сенімділік ұялатады, өзге балаға қарап бой түзеуге ұмтылады, өзін-өзі бағалауы жоғарылайды, өзгені үйрете отырып, өзі көп нәрсені үйренеді, көшбасшылық қабілеттері қалыптасады.

Сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді жаңа форматта жоспарлап, жаңа технологияларын тиімді пайдаланып, сабақ беріп, ұстаздар арасында іс-тәжірибені бөлісіп жүрген, жаңашылға бет бұрған, ұстаздардың бірімін деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сәрсекеев М. Қаныш Сәтбаев.- Алматы: Жалын, 1983. – 528 б.

2 Р.Зайкенова; Л.Н. Нұрланова «Қазақ әдебиеті» 10 – сыныбының жаратылыстану-математикалық бағытана арналған оқулық, 2019 ж.

3 «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» Оқу құралы /Әлімов А.Қ., Астана, 2014ж. «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.

БИЗНЕС-КОММУНИКАЦИЯЛАРДАҒЫ КЕДЕРГІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ

ТУГУМОВА Г.С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАДЫРОВА Б. М.

ф.ғ.к, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Коммуникацияға түсушілер арасында кедергілер, бөгеттер болып тұрады. Ол әр түрлі жағдайларға байланысты болуы мүмкін. Адамдардың көзқарасы әрдайым бірдей бола бермейді. Бұл да қарым-қатынасқа айтарлықтай кедергі келтіреді. Сонымен қатар кедергі келтірушілердің қатарына қарым- қатынас тәсілдерін, олардың әлеуметтік тобын және т.б. жатқызуға болады.

Коммуникативті кедергілер – бұл ақпаратты беру процесін бұзатын және оның тиімділігін төмендететін кедергілер. Байланысқа теріс әсер ететін құбылыстар өте көп. Зерттеулерге сүйене отырып, солардың біршамасын келтірмекпіз.

Жеке кедергілер – ақпаратты жіберуші мен алушының жеке сипаттамаларына байланысты процестер мен құбылыстар.

Бұл түрдегі ең көп таралған кедергілер: темперамент, мінез, білім деңгейі, мүдделері, сондай-ақ жынысы, жасы, кәсіби және өмірлік тәжірибесі арасындағы айырмашылықтарға байланысты адамдардың психологиялық сәйкессіздігі; әңгімелесушіні тыңдай алмау немесе оған қарсы тұру; әңгімелесушілердің екеуінің немесе біреуінің жағымсыз психикалық жағдайы.

Ұйымдастырушылық кедергілер – фирманы басқарудағы кемшіліктер мен қателіктерді (құрылымның ауқымдылығы, басқару бөлімдерінің көптігі, өкілеттіктер мен жауапкершіліктің белгісіздігі, экстремалды централизм, басқарудағы демократия немесе либерализм), сондай-ақ қоршаған орта факторларының (бәсекелестердің, мемлекеттің) теріс әсерін көрсететін жағдайлар.

Мәдени кедергілер – тарихи қалыптасқан және белгілі бір елдер мен аймақтардағы ұлттық ерекшелікпен, дәстүрлермен және мінез-құлық нормаларымен байланысты кең контекст факторлары; оларды білмеу немесе елемеу (мысалы, өмірді, неке мен отбасын, діни сенім, қонақ этикетін ұйымдастырудың ерекшелігі) қарым-қатынасты қиындатуы мүмкін, ал кейбір жағдайларда іскерлік қатынастардың бұзылуына әкелуі мүмкін.

Физикалық кедергілер – адамдар, заттар немесе құбылыстар тудыратын кедергілер (мысалы, шу, коммуниканттардың арасындағы айтарлықтай қашықтық немесе байланысқа қатысушылар арасындағы кедергілер, табиғи апаттар немесе басқа да төтенше жағдайлар).

Тілдік кедергілер – лексика-грамматикалық сипаттағы кедергілер (сөйлеу қорының(лексиканың) жеткіліксіздігі, сөйлеу стилінің жеткілікті дәрежеде қалыптаспауы, қысқартулардың қолданылуы, сөйлеу қателері және т.б.).

Семантикалық кедергілер – бұл кәсіби терминдерді, фразеологизмдерді, жаргонизмдерді, қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді қолдану нәтижесінде ақпараттың мағынасын түсінбеушілік немесе түсінбеушіліктен туындаған коммуникацияның бұзылуы.

Лексикалық және семантикалық сипаттағы көптеген мәселелерді жеңуге болады. Қарым-қатынаста сөйлемді шұбалаңқы емес, қысқа сөйлемдермен құру. Чехов бәрімізге белгілі «Краткость – сестра таланта» деген. Бұл да шартты. Сөйлемнің қысқалығы әрқыз талантты таныта бермейтіні белгілі. Тек кәсіби терминологиямен қаныққан сөйлеу ғана табысты қамтамасыз ете алады.

Уақытша кедергілер – уақыттың жетіспеушілігінен немесе жіберушіге сұрақтың қарапайымдылығынан туындайтын

ақпараттың бұрмалануы, бұл оның ішінара (фрагментті) қабылдауына әкеледі [1, 31–32].

Коммуникативті кедергілердің басқа түрлері – бұл қызметкерлердің шамадан тыс жүктемесі, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың ақпаратты жасыруы және бағыныштыларды хабардар еткісі келмеуі.

Бизнес коммуникацияда қашанда қарама-қайшылықтарды шешіп, қарым-қатынасты бұзбауға тырысу керек. Келіссөздердің сәттілігі көбінесе осындай алдын-ала байланыстардың нәтижелеріне байланысты болады. Алдын-ала келіссөздердегі серіктестер арасындағы қарым-қатынасты орнатудың алты негізгі ережесі және оларды жүзеге асыру бойынша американдық сарапшылар ұсынған ұсыныстар назар аударарлық. Бұл ережелер келіссөздер барысында да маңыздылығын сақтайды [1, 69].

1 Ұтымдылық. Байсалдылық. Бақыланбайтын эмоциялар келіссөздер процесіне және ақылға қонымды шешімдер қабылдау қабілетіне теріс әсер етеді.

2 Түсіну. Серіктестің көзқарасына назар аудармау өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мүмкіндігін шектейді.

3 Қарым-қатынас. Егер сіздің серіктестеріңіз үлкен қызығушылық танытпаса, олармен кеңесуге тырысыңыз. Бұл қарым-қатынасты сақтауға және жақсартуға мүмкіндік береді.

4 Сенімділік. Жалған ақпарат дәлелдің күшін әлсіретеді, сонымен қатар беделге теріс әсер етеді.

5 Менторлық тоннан аулақ болыңыз. Серіктеске сабақ беруге болмайды. Негізгі әдіс – сендіру.

6 Қабылдау. Басқа жағын қабылдауға тырысыңыз және серіктесіңізден жаңа нәрсе білуге дайын болыңыз.

Келіссөздердің сәттілігі көбінесе сұрақтар қою және оларға толық жауап алумен анықталады. Сұрақтар келіссөздер барысын басқаруға және қарсыластың көзқарасын анықтауға қызмет етеді. Сұрақтардың дұрыс қойылуы сізге қажетті шешім қабылдауға ықпал етеді. Сұрақтың түрлері көп. Оны синтаксисті оқу барысында да көз жеткіздік. Тілші ғалым Р. Әміров сұраулы сөйлемдердің бірнеше түрге бөлінетінін көрсеткен болатын [2].

Ақпараттық сұрақтар бір нәрсе туралы түсінік қалыптастыру үшін қажет ақпаратты жинауға арналған. Серіктес бәрін түсінетіндігін білу үшін кез-келген әңгіме барысында бақылау сұрақтарын қолдану маңызды. Бақылау сұрақтарының мысалдары: «Сіз бұл туралы не ойлайсыз?», «Сіздің ойыңыз менікімен сабақтаса

ма?». Осындай сұрақты қою арқылы қарым-қатынас жасаушының пікірін білген.

Әңгімелесушіге әңгімелесудің жағымсыз бағытын таңуға мүмкіндік бермеген кезде бағыттаушы сұрақтар қажет. Осындай мәселелердің көмегімен сіз келіссөздер барысын басқаруды өз қолыңызға алып, оларды қажетті арнаға жібере аласыз.

Арандатушылық мақсаттағы сұраулы сөйлемдер серіктестің нені қалайтынын және оның жағдайын дұрыс түсінетіндігін анықтауға мүмкіндік береді. Арандату сұрақтарына: «Сіз аласыз ба...?», «Сіз шынымен солай ойлайсыз ба?».

Балама сұрақтар сұхбаттасушыға таңдау мүмкіндігін ұсынады. Алайда нұсқалардың саны үштен аспауы керек. Мұндай сұрақтарға тез жауап береді. Сонымен қатар, «немесе» сөзі көбінесе сұрақтың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады: «Дүйсенбі, сәрсенбі немесе бейсенбі күндері қай талқылау мерзімі сізге сәйкес келеді?».

Өзара түсіністікке жету үшін растайтын сұрақтар қойылады. Егер сіздің серіктесіңіз сізбен бес рет келіссе, онда ол шешуші алтыншы сұраққа да оң жауап береді. Мысалдар: «сіз сол пікірді ұстанасыз ба ...?», «Әрине, біз бұған қуаныштымыз...?»

Қарсы сұрақтар әңгімені біртіндеп тарылтуға бағытталған және келіссөздегі серіктесті түпкілікті шешімге әкеледі. Бұл сұраққа жауап беру мүмкін емес деп саналады, бірақ қарсы сұрақ – бұл шебер психологиялық әдіс, оны дұрыс пайдалану айтарлықтай артықшылықтар бере алады.

Кіріспе сұрақтар қарастырылып отырған мәселе бойынша әңгімелесушінің пікірін анықтауға арналған. Бұл толық жауапты қажет ететін ашық сұрақтар. Мысалы: «сіз бұл шешімді қабылдаған кезде қандай нәтиже күтесіз?».

Бағдарлау сұрақтары серіктес бұрын айтылған пікірді ұстануды жалғастыра ма, жоқ па, соны анықтау үшін қойылады. Мысалы: «Бұл мәселе бойынша сіздің пікіріңіз қандай?», «Сіз қандай қорытындыға келдіңіз?».

Бір полюсті сұрақтар – әңгімелесушінің сіздің сұрағыңызды оның не туралы екенін түсінгенінің белгісі ретінде қайталауын білдіреді. Бұл жағдайда Сіз сұрақтың дұрыс түсінілгеніне көз жеткізе аласыз, ал жауап беруші жауап туралы ойлануға уақыт алады.

Келіссөздерді ашатын мәселелер тиімді және мүдделі талқылау үшін өте маңызды. Мысалы: «Егер мен сізге тәуекелге бармай - ақ, мәселені тез шешуге болатын әдісті ұсынсам ..., бұл сізді қызықтырады ма?».

Қорытынды мәселелер келіссөздердің тез арада оң аяқталуына бағытталған. Сонымен қатар, алдымен бір немесе екі растайтын сұрақтар қойып, оларды достық пейілмен күлімсіреп: «Мен сізді осы ұсыныстың пайдасына сендіре алдым ба?», т.б. Содан кейін қосымша ауысусыз сіз келіссөздер жүргізетін сұрақ қоя аласыз: «Бұл ұсынысты іске асырудың қай уақыты сізге көбірек сәйкес келеді - Мамыр немесе маусым?»

Іскерлік әңгімелер мен келіссөздерді сәтті жүргізу көбінесе серіктестердің дәлдік, адалдық, дұрыстық және әдептілік, тыңдау қабілеті (басқалардың пікіріне назар аудару), нақтылық сияқты этикалық нормалар мен қағидаларды сақтауына байланысты болады [3, 42].

Дәлдік. Іскер адамға тән маңызды этикалық нормалардың бірі. Келісім мерзімі минутқа дейін сақталуы керек. Кез-келген кешіктіру сіздің бизнестегі сенімсіздігіңізді көрсетеді.

Адалдық. Ол қабылданған міндеттемелерге адалдықты ғана емес, сонымен бірге серіктеспен қарым-қатынаста ашықтықты, оның сұрақтарына тікелей іскери жауаптарды да қамтиды.

Әдептілік. Әдептілік сақталған кезде келіссөздер жүргізудегі табандылық пен күш-жігерді жоққа шығармайды. Әңгіме барысына кедергі келтіретін факторлардан аулақ болу керек: өзара өкпелер, дұрыс емес мәлімдемелер және т. б.

Тыңдау қабілеті. Мұқият және ыждағатпен тыңдаңыз. Сөйлеушіні үзбеніз.

Нақтылық. Әңгіме нақты емес, нақты болуы керек және фактілерді, сандық деректерді және қажетті мәліметтерді қамтуы керек. Ұғымдар мен санаттар серіктестерге келісіліп, түсінікті болуы керек. Сөйлеуді схемалар мен құжаттар қолдауы керек.

Іскерлік әңгімелесудің немесе келіссөздердің соңғы, теріс нәтижесі келіссөздер процесі аяқталған кезде айқындық үшін негіз болып табылмайды. Қоштасу болашақта байланысты сақтауға мүмкіндік беретіндей болуы керек

Сонымен, сіз кіммен сөйлескеніңізге қарамастан, әңгіме тиімді болуы үшін: біріншіден, сұхбаттасушыны қуанту үшін, осы мақсатқа жетуге ықпал ететін негізгі ережелер бар:

- Басқа адамдарға шын жүректен қызығушылық танытыңыз.
- Күліңіз.
- Адамның есімі кез – келген тілдегі ең тәтті дыбыс екенін ұмытпаңыз.

- Жақсы тыңдаушы болыңыз. Басқаларды өздері туралы сөйлесуге шақырыңыз.

- Әңгімелесушіні не қызықтыратыны туралы сөйлесіңіз.

- Әңгімелесушіні оның маңыздылығын түсінуге шабыттандырыңыз және оны шын жүректен жасаңыз.

- Екіншіден, қарым-қатынас процесін басқара білу, адамдарға оларды қорламай және реніш сезімін тудырмай әрекет ету. Бұл үшін өз ережелері бар, оларды сақтау адамдарға оларды қорламай және оларға реніш сезімін тудырмай әсер етуге мүмкіндік береді.

Мадақтаудан және әңгімелесушінің еңбегін шынайы мойындаудан бастап, басқалардың қателіктерін тікелей емес, жанама түрде көрсеткен жөн. Алдымен өз қателіктеріңіз туралы сөйлесіңіз, содан кейін әңгімелесушіңізді сынап көріңіз. Әңгімелесушіге бір нәрсені бұйырудың орнына сұрақтар қойыңыз; Адамдарға өздерінің беделін сақтауға мүмкіндік беріңіз; Адамдарға сәттілік туралы мақұлдаңыз және олардың сәттілігін атап өтіңіз; Өз бағалауыңызда шынайы болыңыз және мақтауға жомарт болыңыз; Адамдарға жақсы беделге ие болыңыз, олар оны ақтауға тырысады; Ынталандыруға жүгініңіз. Сіз түзеткіңіз келетін қате оңай түзетілгендей әсер қалдырыңыз; адамдарды шақыратын нәрсе оларға қиын емес болып көрінетіндей етіп жасаңыз деген тұжырымдар бизнес-коммуникацияда аса қажет. Үнемі есте ұстайтын жағдайлар.

Қорытындылай келе, тікелей байланыс орнатпайтын, бірақ техникалық құралдармен (электрондық пошта, телефон, факс және т.б. арқылы) жанама байланыс туралы айтайық. Мысалы, телефон арқылы сөйлесуге арналған ұсыныстар. Американдық психолог Джен Ягер қарым-қатынас этикасының ең маңызды қағидаларын анықтаған. Олар :

1 Егер сіз қайда қоңырау шалып жатқаныңызды білмесеңіз, хатшыдан өзіңізді таныстыруды және қандай мәселе бойынша қоңырау шалғаныңызды сұрағаныңыз жөн. Өзіңізді атаңыз және қоңыраудың себебін қысқаша сипаттаңыз.

2 Іскерлік этикет нормаларын бұзу сіз қоңырау шалған адамның жеке досы ретінде әрекет ету болып табылады.

3 Егер сіз қоңырау шалуды сұраған адамға қоңырау шалсаңыз және ол орнында болмаса немесе ол келе алмаса, қоңырау шалғаныңызды айтыңыз. Содан кейін сіз қайтадан қоңырау шалуыңыз керек немесе қашан және қайда оңай табуға болатындығын айтуыңыз керек.

5 Әңгіме ұзақ болған кезде, оны әңгімелесушінің сөйлесуге жеткілікті уақыты бар екеніне сенімді бола алатын уақытқа тағайындаңыз.

6 Ешқашан аузыңыз бос болмаса сөйлеспейсіз, шайнаңыз немесе сөйлесу кезінде су, тамақ ішпейсіз.

7 Егер телефон шырылдаса және сіз осы уақытта басқа құрылғыда сөйлесіп жатсаңыз, бірінші сөйлесуді аяқтауға тырысыңыз, содан кейін екінші сұхбаттасушымен мұқият сөйлесіңіз. Мүмкін болса, екінші сұхбаттасушыдан қай нөмірге қоңырау шалу және кімге қоңырау шалу керектігін сұраңыз.

Бұл сәтті іскерлік қарым-қатынастың қажетті дағдылары.

Бизнес-коммуникация жаңа немесе белгісіз нәрсе емес, өйткені олар жалпыадамзаттық қағидаттарға негізделген – құрмет, назар, эмпатия және т.б. және тек іскерлік қана емес, күнделікті этикеттің міндетті талаптарына кіреді. Бұларды елемеге болмайды, елемеге қақтығыстың негізгі себебі болып табылады.

Біз бұл мақалада бизнес коммуникациядағы кедергілерді қарастырдық. Туындаған қақтығыстарды шешу және коммуникациялық кедергілерді жеңу жолдары келтірілген, олардың ерекшеліктері негізделген. Сондай-ақ, сәтті іскерлік қарым-қатынас үшін тілдік оралымдар берілді.

Іскерлік қарым-қатынас оның қатысушыларына мақсаттарын жүзеге асыру үшін жауапкершілік жүктейді. Табысты өндіріс үшін мүмкіндігінше жеңіл және жылдам байланыс қажет. Оның кедергілерінің бірі – субъектілердің жеке сипаттамалары, ұйымдастырушылық қателіктер, тіл, семантика, физикалық кедергілер сияқты әртүрлі факторларға байланысты кедергілер.

Кедергілердің нәтижесінде басталған қызметті жалғастыру үшін ауыртпалықсыз шешуді қажет ететін тұлғааралық жанжал туындайды. Ол үшін субъектілер күнделікті қарым-қатынас туралы жоғарыда сипатталған білім мен дағдыларды, әңгімелесуді сәтті жүргізудің психологиялық әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ туындаған тосқауыл туралы жеткілікті теориялық идеяны қажет етеді.

Коммуникативті кедергілерді жеңудегі сәттіліктің ең маңызды ережесі – жалпы адамгершілік моральдық және мінез-құлық құндылықтарын ұмытпау немесе қарапайым тілмен айтқанда, өзіңізді әріптесіңіздің орнында көрсету. Дұрыс коммуникация тек тілдік білімді ғана емес, этика, психология сияқты басқа да ғылым саласын білуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Галло, К. 10 простых секретов лучших мастеров деловой коммуникации / К. Галло. - М.: Калидос Паблишинг, 2017. – 320с.
- 2 Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 2001
- 3 Спивак В. А. Современные бизнес-коммуникации. СПб.: Питер, 2002. 448 с.

МАҒЖАНТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

УАТАЕВА Ш. К.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ әдебиеті XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында дамудың жаңа дәуірін басынан өткеріп, шырқау биікке көтерілді. Қазақ поэзиясының кәусар бұлағы адамзаттың әдебиет айдынына Абай болып, Мағжан болып ұйылды. Ұлттық әдебиеттің асыл қайнарларынан нәр алған, әлемдік әсем сөздің озық үлгілерінен сусындаған Абай философиялық, Мағжан сыршыл, лирикалық поэзияның асқақ күмбезін тұрғызды.

Ал бірақ та бұл сөздерді бүгінгі таңда ғана айтып отырмыз. Олар өздеріне лайықты бағасын алу үшін тарихтың небір бұралаң жолдарынан, уақыттың тезінен өтулеріне тура келді. Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің жай-күйін М. Жұмабаевтың шығармашылық тағдыр-талайынан анық көруге болады.

М. Жұмабаевтың тұңғыш кітабы «Шолпан» он тоғыз жасында 1912-жылы шыққан. Мағжанның есімі төңкеріс алдында әсіресе, қазақ жастары арасында кеңінен танымал болған. Оның өлеңдері сол кездегі әдеби сында да тиісті бағасын ала бастады. Ақынның өлеңдері жайлы алғашқы пікірді «Екеудің» «Абайдан соңғы ақындарынан» [1] «Абай» журналының 1918 жылғы № 5 санынан кездесітіреміз. Онда авторлар Абайдан кейінгі ақындарды айтқанда, бірінші Мағжанды «Жас ақындардың ішінде сезіміне сөзі жақын келетін суретшілігі бар-Мағжан»-деп атаған. «Екеу» ақынның өлеңдерінде сын да айтқан: «Бірақ оның тілі де кестелі толық келмей, өлеңнің түрі көңілге ала қонады» дейді де оған мысал ретінде «Жолда» деген өлеңін талдайды. Мағжан туралы ой «Сыршыл ақындарының ішінде өлеңнің ішкі суретіне сөзінің сыртқы кестесі үйлесіп, маңызды болып шығатын-Мағжанның өлеңдері» [1], – деп тұжырымдаған.

В. Г. Белинский: «Халық деген мемлекеттің барлық өмір сүретін адамдарының басым көпшілігі, оның төменгі негізгі бөлігі, ал «ұлт» дегенге бүкіл халық, оның мемлекеттік денін құрайтын жоғарыдан төменіне дейінгі барлық саны кіреді. Ұлттық ақын өз шығармаларында халықтың басым көпшілігіне тән құбылыс арқылы бүкіл ұлттық тұтас дененің қозғалысын бейнелейтін өмір шындығын ашады, оның ұлттың саналы, білімді бөлігінің ой-жүйесіндегі көрінісін суреттейді. Ұлттық ақын болу-ұлы іс» [2, 398 б.], -дейді. М. Жұмабаевтың ұлттық ақындығы туралы С. Қирабаев былай дейді: «Мағжан-қазақ халқының ұлттық ұлы ақыны. Осы ұғымды Мағжан шығармашылығына қолдансақ, оның «қазақтың таза ұлттық ақыны» деген биік атағына ешкім де таласа алмайды. Сөз жоқ, қазақ ақындарының бәрінде де ұлттық кейіп, бейне, тіл, ұғым бар. Бірақ оның қай-қайсысы болса да, Мағжанмен салыстыруға келмейді. Мағжан бүкіл ұлтқа тән ұғым-сезімнің, поэтикалық өнердің шекарасын кеңейтіп, қазақ әлемінің рухы кімнен болса да жоғары» [3, 112–113 б.].

С. Сәдуақасовтың «Трудовая Сибирь» журналының 1919-жылғы № 1 санында жарияланған «Киргизская литература» (историко-критический очерк) [4] атты еңбегінде М. Дулатовтармен бірге М. Жұмабаевқа да жақсы баға берді. Ақынды қазақ поэзиясындағы жаңа бағыттың басы деп бағалаған бұл мақалада Абаймен салыстыра отырып, өлеңдегі нәзіктік, шынайылық, көркемдік жағынан оған жетер ешкім жоқ деген пікір білдіреді. Автордың осы мақаласының мән-маңызы туралы ғалым Д. Қамзабекұлы былай дейді: «Хронологиялық тұрғыдан қарағанда, С. Сәдуақасұлының аталған еңбегі-әдебиетімізге мейлінше толық талдау жасаған орыс тіліндегі алғашқы мақалалардың бірі. Смағұлдың бұл зерттеуі оқушыны сындарлы пайымымен, ғылыми тұжырымдарымен тәнті етеді. Еңбекті оқи отырып, әдебиетке көшелі пікір айту үшін арнайы оқудың міндетті емес екеніне көзіңіз жетеді. Әйтпесе, қаламгердің осы шақтағы бар оқуы жоғарыда айтылғандай 2 класты қазақ-орыс училищесі мен ауыл шаруашылығы училищесінен алған білімі еді» [5, 50-51 б.]. Бұл еңбегінде С. Сәдуақасұлы қазақ әдебиетіндегі сал-серілер шығармашылығының ауызша таралып келгенін тілге тиек ете отырып, ақындық-жыршылық өнерді жазба әдебиетінің баспалдағы және жазба әдебиеттің бастауы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады деп түйеді. Оған мысал ретінде М. Ж. Көпейұлының және Абайдың шығармаларын келтіреді.

М. Жұмабаевтың өлеңдерін 1922-жылы қазанда Б. Күлеев кітап етіп бастырып шығарды. Өлеңдер жинағының «Бастырушыдан»

деген алғы сөзінде «Мағжанның бұл өлеңдерінің әдебиетте қандай орын алатынын айтуды сыншыларға қалдырып», «қазақ әдебиеті жаңа қаз-қаз тұрып келе жатқан секілді, түспей қалған бірен-саран емле қатесі болса, оқушылар айыптамас»-деп, ақын поэзиясын әрбір үтір-нүктесіне дейін аса жоғары бағалайтындығын аңғартады.

М. Жұмабаевтың талантын алғаш тани білгендердің қатарында қазақтың ұлы жазушысы М. Әуезов те бар. Ол «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (тарихи-әдеби сын) атты мақаласында әдеби дамуға шолу жасай келіп, ондағы соны жаңалыққа тоқталады.

«Ол жаңалық-жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәуірі. Бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан реализм сарыны көбінесе құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение) күйі осы күнгі терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді. Бұның белгісі М. Жұмабаевтың соңғы «Ертегі», «Қорқыт» сияқты өлеңдерінде бар» [6] деген жолдар «Шолпанда» 1923 жылы № 4-5 сандарында жарияланған. Бұл жерде Мұхтар Мағжанды қазақ поэзиясының дамуындағы жаңа бір саты, бағыт деп жоғары бағалаған.

М. Әуезовтің публицистикасын арнайы зерттеген ғалым Б. Жақып М. Әуезовтің жоғарыдағы мақаласына былай деп баға береді: «М. Әуезовтің «Шолпан» журналында жарияланған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты тарихи-әдеби сын мақаласында: «Біз ескі әдебиетімізді сүйеміз, сүюіміз дәлелсіз емес. Құрметтейміз, құрметіміз орынсыз емес. Себебі, әдебиетімізде өзге көп жұрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр,-дей отырып, жазушы қазақ әдебиетінің өткен жолына үңіледі, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына, «Қобыланды», «Ер Тарғын» сияқты батырлар жырына, Бұқар жыраудың, Сыбан Сарыбай ақынның мұраларына, Наурызбай мен Тілеуқабактың қызының, Біржан мен Сараның айтыстарына, Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп, Нарманбет шығармаларына баға береді. Қазақ әдебиетіне Абай енгізген жаңалықтарға ерекше тоқталады.

Мұнан кейін Ахмет Байтұрсыновтың прозалық туындыларының көркемдігі, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармаларындағы кейіпкер келбеті, Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі романтикалық сарын туралы кеңінен әңгіме қозғайды» [7, 68 – 69 б.]. Шындығында автор бұл мақаласында қазақ халқының тарихы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы мысалдарды көптеп келтіре отырып, мысалдарды ақиқат деректерге сүйеніп бергеніне көзіміз жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. О. Абайдан соңғы ақындар // Абай. – 1918. – № 5.
- 2 Әуезов М. Шығармаларының толық жинағы (Т. 13.). – Алматы: 1981.
- 3 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995.
- 4 Сәдуақасов С. Киргизская литература (историко – критический очерк) // Трудовая Сибирь. – 1919. – № 1.
- 5 Қамзабекұлы Д. Смағұл Сәдуақасұлы. – Алматы: Қазақстан, 1996.
- 6 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи – әдеби сын) // Шолпан. – 1923. – № 4 – 5.
- 7 Жакып Б. Мұхтар Әуезов – публицист. – Алматы: Ана тілі, 1997.

МАҒЖАНТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

УАТАЕВА Ш. К.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақтың даласына төңкерістен кейін келген таптық принципке негізделген саяси билік үшін күрес Мағжанның ақындық тағдырына айтарлықтай қауіпті өзгерістер әкелді. Әсіресе, ұлтжанды қазақ жастарының ұлттық мақтанышына айналып келе жатқан ақынға түрлі саяси сындар айтылып шеттетіле бастады. Ақын поэзиясының негізгі күшті жақтары-сыршылдығы, ұлттық, халықтық сипаты-оның басты кемшіліктеріне айналды. Халық төбесіне көтерген ақынның қуғын-сүргінге, қасіретке толы ауыр тағдыры басталды. Мағжанды «ұлтшыл», «алашордашыл» ретінде әшкерелеу ұйымдасқандық сипат алды. 1924-жылдың басында Орынборда Мағжанға әдебиеттік сот ұйымдастырылды. Сотта Мағжанды қазақ халқының қас жауы, оның шығармалары еш жерде оқылмасын, баспасөз беттерінде шығармаларының жариялануына орын берілмесін деген мәселелер қойылады. Осындай жиналыстың бірі сол жылы Мәскеуде қараша айында өтті. Мағжан өлеңдерін халыққа жат деп тауып, үлкен қарар қабылдады. Мағжанның «нағыз кінәсі, жалғыз-ақ кінәсі-аса үлкен дарындылығында. Замандастарының біразынан жоғарырақ тұруында... Иә, етекте тұрғандар, аса биіктеп кеткендерді ешқашан де кешірмейді»-деген пікірді Қадыр Мырзалиев айтқан еді. Бұл пікірге қоса: «Классик ақын Мағжан Жұмабаев шығармашылығы төңірегінде пікір білдірушілер о бастан-ақ екі жарылған сияқты. «Мағжаншылдар мен жанжалшылдар» [1, 221 б.], деп М. Әлімбаев

«Жалын» журналының 1990 жылғы № 5 санында айтқан еді. Алайда демократиялық ой-пікір айтуға тұсау кеспей, тіл байланбай тұрған кезде Ж. Аймауытов 1925-жылы «Мағжанның ақындығы» деген мақала жазып, әбден танаурап алған тапшылдар әдебиетінің ерекшелігіне, көркемдіктің шарттарына назар аудармады. Шын мәніндегі Мағжантану Жүсіпбектің осы мақаласынан бастау алды.

Бұл сыни этикалық еңбектің біріншіден, Мағжан ақындығының қыры мен сырын ұғынып алуға, көркемдік әлеміне қалай кіріп, қалай түсіну, ақын бүкпелерін қалай ұғу керектігін көрсеткен, жалғыз мағжантануды ғана емес, бүкіл қазақ әдебиеттануында асқар бел басып келе жатқанымен, екіншіден, әдебиет сынының қаншалықты биік көтерілгеніне көрсеткіш, сын тарихында белгілі бір кезең жасаған туынды екендігімен құнды. Осындай ерекшеліктерімен күні бүгінге дейін сын саласындағы биік шеберліктің «эталоны» болып келеді [2, 224 б.]. Шұғыласын айналаға нұр қылып шашқан Ж. Аймауытұлының мақаласы көп шындықтың бетін ашса керек.

Жүсіпбек Мағжанды қазақ поэзиясындағы Абайдан кейінгі ірі тұлға деп көрсеткен. Ақынның ұлттық өлеңге енгізген түрлік, көркемдік жаңалықтарына тоқталып, өзіндік мектебі бар жаңа бағыт деп санайды [3, 36 б.]. Қазақ әдебиеті Мағжанмен мақтанатын болады деген осыдан жетпіс жыл бұрын айтқан пікірі бүгінде шындыққа айналып отыр.

Жүсіпбектің осы мақаласынан кейін Ғаббас Тоғжановтың 1926-жылы жазылған «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны» деген еңбегі жарық көреді. «Өлеңнің сыртын Мағжандай келтірген (Абайдан соңғы) қазақта әлі ақын жоқ. Мағжан сөзге еркін ақын, күшеншек ақын емес. Мағжаннан үлгі қыларлық қасиет көп. Жас ақындарымыз Мағжанның сырты сұлу әдемі сөздеріне терең ой, тура жол сала білсе, бәйгеден келгені дегені әр кез қайталанып отырғаны үшін ала көз болғанына қарамай» 1929-жылы «Әдебиет және сын мәселелері» атты кітабында тағы да пысықтай түседі [3, 225 б.].

Жүсіпбектің осы мақаласы Мағжанның көңіл-күйін жарқыратып ашатын, анда-санда мұң-жерге орап жеткізетін сыршылдығын алдымен ұзақ дәлелдеп алған соң теңеу таба алмай қиналады. Суретшілік жағынан Мағжанмен иық теңестірілерді орыс, еуропа ақындарынан іздеп, кейде қазақ ақынының өресі биік екенін қазақ қауымына түсіндіріп еңсесін көтеріп тастайды. Сондықтан Мағжан дүниетанымын өзінің әр кездегі өзгерісіне лайықты баяндай келе, тамаша пікірлер білдірген.

Кейбір сын, зерттеу мақалаларда әдебиетті сол кездің әлеуметтік-саяси жағдайларымен байланыстыра қарау мақсатымен ұзақ-сонар тарихи шолуларға кетіп қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Бұлар тікелей әдеби талдаулармен ұштасып жатса құба-құп. Кейбіреулерінде тарихи жағдайлары бір бөлек, әдеби талдаулары басқа жақта, бастары бірікпей тұрады. Тіпті тарихқа жеке, әдебиетке жеке талдаулар жасалғандай әсер етеді. Бұл жерде сыншының өз зерттеуін тарихшылық тұрғыдан өмірмен байланысты қарастыру ниеті бар да, шын мәнінде нақтылы жағдайда қолдануға келгенде, шеберлігі жетпегендігі көрінеді. Сыншының дұрыс бағытта болуы оның өмірдің сан-салалық құбылыстарының ішінен өзіне қажетті фактілерді сұрыптай ала білуінен көрінеді [3, 75 б.]. Жүсіпбек Мағжан жырындағы зар-мұңның да тарихи дәлеліне назар аударып баяндайды. Өлім-жітімге толы қан майданды ешкім тілеп алған жоқ, бірақ қайтсек жеңеміз, теңдік аламыз деп даурыққандардың тапқан пайдасы аз. Міне, осы тұста сезімтал, әрі ойлы ақынның жандүниесінде болып жатқан өзгерістер тек көз жасын төккізіп қоймай, талай тұманды ойлар, қасіретті көріністерді суреттеп тастағаны белгілі. Оны Жүсіпбек мықтап түсіндірген.

«Төңкерістің алғашқы аласапыран дәуірі қазақ тұрмысына қатаң тиді. Қазақ даласы ақтар қашып, қызылдар қуған соғыс майданы болды. Азамат соғысында ел қатты шығындалды. 1921-жылғы зор ашаршылық – осының бәрі ұласып, ел қазағына зор ауырталығын тигізді» [2, 228 б.], – деген баяндаулар Жүсіпбек үшін заманның ауыр болғанын көрсету үшін емес, сезімтал ақын Мағжанға қалай әсер етіп, көз жасын төккізгендігін, тіпті үмітсіздікке дейін алып барғанын көрсету үшін қажет болды.

Мынау ауыр халді көріп ақынның көңіліне шер, көзіне жас келеді. Мұндай сорлы жұрттың ішінде туып, бұл күйікті көргеннен өлгенін артық көреді. Міне, ақынның жанындағы трагедия осы деп түйеді.

Мағжанға қайрат-жігер беру үшін 1924-жылы 16-мамырда Жүсіпбек Жиенбаевпен қосылып, Мағжанға жолдастық хат жолдайды. «Сен – қазақтың ақынысың. Алаштың қайғысын жырлайсың, ұлтыңды өліп-өшіп сүйесің, онымен бірге күйзелесің. Қазақтың келешегінен үміт жоқ болса, онда жойылып кету халіндегі халыққа көркем әдебиеттің керегі қанша? Біз сенен кеудемізге рух пен қуат құйып, дертімізден айықтыратын, бақытқа бастайтын сөз күтеміз.

Сен – қазақтың байрағысың. Мейлі тасбақа аяңмен жүр, бірақ өмірден үмітінді үзбе, өмірге орал, XX ғасырда тұрғаныңды ұмытпа! Өрісіңнің кеңеюін тілеп, қайғылы сезімнің құрсауынан

өз-өзінді ептеп босатуыңды қалаймыз» [2, 229 б.], – деген өтініштілектің қаншалықты қуатты, өрелі, биік, оралымды екенін көріп, сыншылыққаламға осынша ойлардың іліккеніне қуанамыз, әрі талантты ақын інісін заман талабынан сырт қалмауға шақырғанын түсінеміз.

Азаматтық таным-біліктің жоғары сатысына көтерілген Ж. Аймауытұлы «Мағжанның ақындығы» жөніндегі өзінің лирикалық толғауын, ұзақ талдауын зерделі түрде танытады.

Жүсіпбек «ақынның ақындығын үстінен қарап топшыламай, ішінен кіре зерттеу» міндетін қояды [4, 185 б.].

«Қандай өнерпазды, ақынды, данышпанды болсын, өз заманының сыншылары әділ көзбен қарап, баға беру-шетін нәрсе», – дейді Жүсіпбек. «Заман сыншыларының бүйрегі не олай, не бұлай бұрып кетпей тұрмайды. Талай таланттардың, талай жақсылардың қадірін жұрт өлген соң біледі. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» дегендей, замандастар, тұстастар әділ болу қиын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуімен өлшейді. Сыншылардың көбі не ақынды жақтаушылар, не жамандаушылар, не бықсыған күншілдер, не сол ақынды ат қылып мініп, әбүйір-атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуы мүмкін» [5, 144 б.].

Жүсіпбектің бұл сөзінде сол кездегі әдеби қозғалыс пен сынның олқылықтары ғана көрінбейді, бүкіл кеңес әдебиеті даму жолында орын алып келген әдебиеттанудың, көркем шығарманы бағалаудың қайшылықты жолын болжай алған. «Тіршілігінде сыйласпаған ағайын, өлгенде бекер жылама», – деген халқымыздың қанатты сөзі бар. Бұл бірлікті, ынтымақты, сыйластықты аңсаған халқымыздың алауыздықтан қажыған тұста айтқаны болса керек. Жүсіпбек осы сөзді әдеби қарым-қатынаста қолдануды қуаттайды. Жазушыны, ақынды, өнер адамын тіршілігінде бағалап, сыйлауға шақырады. Айналып келгенде, мұның бәрі талантты бағалаудың, әдебиетті халықтық іске айналдырудың қамы екенін біз түсінуіміз керек. Тарихқа көз жүгіртсек, өз заманында Абай да ешкіммен түсінісе алмаған, Мағжан да сол қалыпты киді. Кешегі Қасым, Мұқағали тағдырлары да осы іспеттес. Жүсіпбектің де Мағжан арқылы айтып отырғаны осындай жағдайларды адамгершілік тұрғыдан әділ бағалау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Өлімбаев М. Мағжаншылдар мен жанжалшылдар // Жалын. № 5, 1990.

2 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, 1996.

- 3 Ысқақұлы. Д. Әдебиет өрнектері. – Алматы: Санат, 1996.
 4 Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – Астана: Ана тілі, 1993.
 5 Аймауытов Ж. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999.

Ы. АЛТЫНСАРИННЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК СИПАТЫНДАҒЫ МҰРАСЫ

САКЕН Б. У.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ҚР Білім беру ісін
күрметті қызметкері, № 37 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қандай халықтың болмасын салт-дәстүрі сол халықтың мінез-кұлқын, басқа да қасиеттерін танытып, болмысын көрсетеді. Салт-дәстүр – халықпен бірге жасасып келе жатқан асыл қазынаның бірі. Осы себептен де, қазақ халқының салт-дәстүріне көз жіберіп, ой өлшемінен өткізуді қаладық. Оның үстіне «Салт-дәстүр әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы. өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды» [1, 612].

Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үй ішіндегі отбасылық және адамдардың өзге де топтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Әрі оның еріккеннің ермегі емес, елдің береке-бірлігін сақтап қалу жолындағы жасалған іс-шара екендігіне көзің жетеді. Байқай қараған адамға бабаларымыздың бір ғылыми негізге сүйенгендігі анық. Бірақ ереже-анықтамалары жазу-сызу болып түспегендіктен, отбасындағы тәрбие арқылы бізге жетіп отырған. Қазіргі уақыт долбармен ой топшылауға емес, нақты мысалдар арқылы өрбіп, айшықталуды қаласа керек.

Бес жылға жетер-жетпес уақыт бұрын жарияланған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» делінген [2]. Әрине, бізге дейін ұлт боп ұйып келген ұлтымыздың мәңгілік болуы өзіміздің қолымызда. Мәйегіміз – салт-дәстүріміз, мәңгілігіміз – рухы биік ұрпағымыз. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар

сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандайда бір қатерін іздесек, әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруында болып отыр дер едік. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Сондықтан да ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең...», – деп Абай данамыз адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі адам өмірінің салт-дәстүрге негізделіп, өлеңмен өрілетінін тілге тиек етіп, ойға өзек еткен. Бұл – ұлт бойындағы құндылықтардың мәйегі – тіл мен салт-дәстүріміз екендігі даусыз болса, тіл – тәрбиенің жүрегі, ал салт-дәстүріміз – тәрбиенің тірегі. Рухы биік ұрпақ тәрбиесі береке-бірлігі адамгершілігімен астасқан отбасынан басталса, отбасы – құда түсіп, отау құрудан басталады. Құдалықтың орны ерекше. Сондықтан құда түсу, қыз ұзату дәстүрін озығы мен тозығы деп екіге бөлуге келмейді. Құдалықта болатын кейбір ақылға сыймайтын, оғаш көрінетін жөн-жоралғыларға басқа қырынан қараудың да уақыты келді. Ы. Алтынсаринның «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі» еңбегінде мен көтергелі отырған құдалықта болатын жора-жоралғылар турасында жазылған. Бүгінгі күннің биігімен қараған адамға өрескел көрінетін құдалар арасында жасалатын дәстүрдің де өз жеткізері бар. Мәселен, «Қонақтар қалыңдықтың үйіне шақырылғанға дейін бір топ әйел жиналып, сұйық қамыр әзірлейді, балшық әкеледі, оның бәрін жеке табақтарға салып қояды. Бірнеше жаулық, арқан дайындап қояды. Үйдің жанында өгіздер байлаулы тұрады. Бірнеше әйел әлгі айтылған балшық, қамырларын қолдарына алып, есіктің жанында көрінбей тұрып алады. Содан кейін үйге құдалар шақырылады. Бұлар келіп табалдырықтан аттай бергенде, жасырынып тұрған әйелдер, қапылыста бас салып, біреулері құдалардың бетіне қамыр жағады, екіншілері балшық жағады, содан кейін күштеп бастарына жаулық тартады, теріс қаратып өгізге мінгізеді. Сөйтіп таңып тастайды да, өгізді далаға қарай қуып ала жөнеледі. Осыған әбден күлісіп алғаннан кейін екіншісіне кіріседі. Арқанның бір ұшын шаңырақтан өткізіп алады да, екінші ұшына бет аузы қамыр-қамыр, балшық-балшық болған құдалардың біреуін байлап, арқанның ана ұшынан тартып, байғұс құданы шаңыраққа салбыратып іліп қояды. Шаңырақтан түсіріп алып балшыққа аунатады, апанға салады, тағы да сондай әзілін істейді» [3, 174].

Құдалардың мұндай түріне қарағанда, мысалы, өгіздің үстіне танылған құданы өгіз тулап жығып кеткенін көргенде, шынында ішексілең қатады, сақалы желпілдеген еркектің басына жаулық тартқан кезде, тіпті күлкінді тия алмайсың... Ер азамат тұр ғой, ер баланың алдынан әйел тұғылы ақ жаулықты әжелеріміз жолынан кесе көлденең өтпеген. Ал сондай ибалы да инабатты қазақ әйелдері құдалардың арнамысын аяқ асты етеді дегенге сену тұр ғой, ойлаудың өзі күпіршілік. Ұлы даланың үлгі мен өнегеге толы мақал-мәтел, нақыл сөздерін тудырған от ауызды, орақ тілді, кемеңгер де дана ұлылары бар, руханияты адамгершілікке толы, қазақтың әдет-ғұрпында кемістік болуы мүмкін бе деген ойға тоқталу керек. «Неге?» деген сұрақ қойып, мән-мағынасын құда түсу салтынан іздеп көрелік.

Ы. Алтынсаринның жоғарыда аталған еңбегінде: «Қазақ арасында қазір берік орын тауып отырған әдет, атап айтқанда, өзінің сегіз атадан жақын туыстарының қызына үйленбеу әдеті. Бұл арада бір айта кететін нәрсе, Мұхаммедтің заңы тіпті жақын қарындастарына да үйленуге рұқсат етеді. Бұл қазақтан басқа мұсылмандардың бәрінде бар» [3, 174]. Жеті атаға толмай қыз алыспау – ата-бабамыздан бері келе жатқан қатаң құқықтық заң-ереже. Бұл – ауру тудыратын генетикалық өзгерістердің, физиологиялық және психологиялық ауытқудың алдын алу үшін жасалған сақтық шарасы. Бұл – қазақтың әлемді мойындатқан даналығы.

«Отан отбасынан басталады» деген бір ауыз нақыл сөзде қаншама даналық жатыр. Жіктеп-жіліктеп ой өрбітіп көрейік. Отанның шаңырағына қадалатын әр уығы – әр отбасынан өсіп-өнген ұл-қыздарымыз. Осы жайтты ескерген ата-бабаларымыз жаңа құрылған отаудың іргетасының берік болуына жіті көңіл бөлген. Екі жастың тату болуы тек өздеріне ғана емес, екі жақтың ата-анасы мен ағайын-туыстарына байланысты екенін көре білген. Сондықтан ошағы мен ойы басқа, байлығы мен қоғамдағы орны өзге адамдарды бір қалыпқа салып, мың жылдық құдалық жолына апаратын дара да сара жол – құдалықта істелетін жоралғылар. Осындай ұрпағының ұлылығын ойлаған, құдасы мен қонағын құдайындай сыйлаған халықтың құдасы мен қонағының жүрегіне қаяу салуы мүмкін емес. Қыз ұзатқан жақ пен келін түсірген жақта болатын бұл рәсімдердің мағынасы тереңде жатыр. Халқымыздың даналық нақылында «Болат қайнауа шынығады» дейді. Болаттың мықты берік болатынының кепілі болса, ал құдалар арасындағы қатынастың берік болуы құдалық кезінде жасалатын әдетінде болса керек. Сонда, құдалар құдалықта шынығатын болғаны ғой. Осылай өткізілген әр рәсімінен

адамгершіліктің иісі аңқып, жан жүйеге байланысты ғылымилықтың ізі тұр. Би болсын, аузымен құс тістеген шешен болсын, мыңғырған малы бар бай болсын, қара болсын, өзгеден дара болсын, шыңдалу үрдісінен өткен. «Ерді намыс өлтіреді» дейді, бірақ сыннан өткенде, қандай күлкілі жағдайға қалып жатса да, намыстанып жанжал шығармаған. Өйткені бұл жоралғыларды нәзік жандылар өткізген. Бұның астарында жан жүйе ілімі жатыр. Негізі тәкаппарлық бар жерде сыйластық пен адамгершіліктің, береке-бірліктің т.б. болуы мүмкін емес. Сондықтан екі жақтың құдалары жоғарыда айтылған сындардан өтіп, бір-бірінің алдында бедел-атақтары жүрмейтін, тек құдайындай сыйласатын, жастардың тілеуін бірлесе тілейтін қарапайым да қасиетті құда деген атқа ие болады. Сындардан өтіп, қайнауа шыныққан құдалар жас отаудың шаңырағының биік, босағасының берік болуының кепілі мен тірегіне айналады.

«Ақырында мұның бәрі аяқталып, құдалар қалыңдықтың үйіне шақырылады. Осы арада оларға кәде беріледі. Бірінші, ең бағалы кәде күйеудің әкесіне беріледі, екінші кәде сол ауылдың үлкеніне беріледі, сонан кейін келген қонақтарға үлестіріледі» [2, 175]. Мысалы: Осыдан он жыл бұрын Алшынбай ауылына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдені Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіп деп, Алшынбай аулы күміс тартқан. Ол – күмістің аты тайтұяқ. (М.Әуезов)

Байқасаңыз, ең сыйлы қонақ күйеудің әкесі не қалыңдықтың әкесі саналады. Сол ауылдың үлкенінің өзі екінші орында тұрса, ол – тек бір отбасының емес, ауылдың да құдасы дегенді білдіреді. Бұл береке-бірлік, татулық, сыйластық, адамгершіліктің тек отбасында ғана емес, ауылында, қала берді бүкіл қазақ даласында ұйып тұрғандығының белгісі болып саналса игі.

Қорыта келгенде, салт-дәстүр, жөн-жосық, әдет-ғұрып қазақтың қанына біткен болмыстық дүние болып саналса керек. Ал бұларды соңғы ұрпаққа жеткізудегі ғалымдардың, оның ішінде Ы. Алтынсариннің, бір ғана еңбегінің өзі қазақы болмыстың қалыптасуына ұйтқы болғаны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 762 б.

2 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру 9 // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017.

3 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: «Жазушы баспасы», 1988. – 316 б.

ҰЗЫНДЫҚҚА (ҚАШЫҚТЫҚҚА) ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

ХАЛХЫН С.

магистрант, «Филология» кафедрасы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАРИПЖАНОВА А. О.

ғылыми жетекші, қауымд. профессоры, «Филология» кафедрасы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

А. Құралұлы «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі» атты еңбегінде саусақ, қол, аяқпен өлшенетін ұзындық өлшемдері туралы айтады. Қолмен өлшенетін ұзындық өлшемдеріне білем, шынтак, қолтық, құлаш, кере (сала) құлаш сөздерін жатқызса, аяқпен өлшенетін ұзындық өлшеміне табан, адым, аттам сөздерін жатқызады. Саусақпен өлшенетін сыйымдылық өлшемдеріне шымшым, шөкім, бір уыс, қос уыс атауларын қосады. Көген бойы, көген тастам, қазық бойы, найза бойы, оқ бойы, тұсау бойы, тізгін бойы тіркестерін бұйымдарға байланысты ұзындық өлшемдері деп көрсетеді [1, 118 б.].

Қ. Ахметжан: «Бұрынғы заманда шығыс халықтарында, оның ішінде қазақтарда да дәстүрлі халықтық метрологияда ұзындық өлшемдері ретінде адамның дене бітімінің ерекшелігіне сәйкестелген, өмірлік тәжірибенің нәтижесінде сұрыпталған, қолданыста ынғайлы дәстүрлі тұрақты өлшемдер жүйесі болған» [2, 103 б.], – дейді. Ғалымның «Қазақтың дәстүрлі қару-жарағы: даму тарихы, құрылымы, этномәдени қызметі» тарихи-этнологиялық зерттеуіндегі «Қару-жарақ өндірісінде қолданылатын дәстүрлі ұзындық және салмақ өлшем бірліктері» бөлімінде қару-жарақ жасауда қолданылатын ұзындық, салмақ өлшемдері айтылады.

Тілімізде ұзындықты аңғартатын атаулар жеткілікті. Қазақ ұзындық өлшемдерін – бір елі, бір сүйем, сынық сүйем, бір қарыс (кере қарыс), бір қадам, бір құлаш, әудем жер, айғай жетер жер, көз көрім жер, бір шақырым жер, қозыкөш жер, көш жер, тай шаптырым жер, құнан шаптырым жер, ат шаптырым жер т.б. деп атайды.

Ұзындық өлшемдерінің ең қысқасы – елі. Саусақтың көлденеңін «елі» деп атайды. Сонда бір елі дегені – 1,5 см, екі елі дегені – 4–5 см, төрт елі дегені – 8–9 см, бес елі дегені 10–11 см-ға тура келетін көрінеді [3, 899 б.].

Әдетте, жылқы сойғанда жылқының семіз-арығы қазысының қанша елі шыққандығымен өлшенеді. Айталық, жылқының

арықтауын «бұлт қазы», «пышақ сырты болды» деседі. Мұнысы жарты см немесе онан да жұқа дегенді білдіреді. Ал тәуір қазыны – екі елі, ең семізін «төрт елі» немесе «табан қазы» деп атайды. Сондағы екі елі дегені – 5 см, табан қазы дегені 10 сантиметрдің айналасына тура келеді.

Сол тәрізді сынық сүйем – 14–15 см, бір сүйем – 18–19 см, бір қарыс 20–21 см-ға тура келеді. Міне, осы «елі», «сүйем», «қарыс» деп аталатын өлшемдер қазақ өмірінде өте үлкен рөл атқарған. Айталық, киім пішу, киім тігу, сырмақ жасау, тұскиіз кестелеу, үй ағаш жасау, киіз басу және қолөнер бұйымдарын жасаудың бәрі де осы өлшемдер бойынша орындалып отырған. Ол көбінде сол өңірдегі белгілі бір өнер иесінің қарыс-сүйемдерімен өлшеніп отырғандықтан, тегіс, бірыңғай, олпы-солпысы аз, бір зауыттан, бір қалыптан шыққандай көрікті әрі әдемі болып жасалған.

Қазақта құлаш пен қадамның рөлі де өте зор болған. Әдетте, құлаш – 1,5 метр, қадам бір метр шамасына тура келеді. Арқан-жіп есуде және басқа кейбір ұзындық өлшеу жұмысында көбірек құлаш өлшемі қолданылған. Мысалы, тең жіп көбінде екі құлаш төңірегінде дайындалады. Мұнысы үш метрге тура келеді. Ал арқан 5–6 құлаш төңірегінде еселеді. Мұнысы 9–10 метр шамасына тура келеді. Жер өлшеуде көбірек табан және қадам өлшемі қолданылған. Бір табанның ұзындығы – әдетте, 30–40 см, ал бір қадамның ұзындығы 1,30–1,50 метрге тура келеді [3, 455 б.].

Тілімізде ұзындық өлшемін білдіретін тұрақты тіркестер де баршылық. Ұзындық өлшемдері: сала құлаш; бір сүйем; сынық сүйем, бір елі, бір иірім, бір қарыс, бір тұтам және т.б. Осы ұзындық өлшем мәнді фразеологизмдер адамның күнделікті кәсібі, тұрмысы негізінде адам санасында ол ұғымдардың мәнді белгілері айқындала түсуінің нәтижесінде пайда болған. Басқаша айтқанда, тұрмыстық, шаруашылық бұйымдары, еңбек құралдары өздерінің негізгі міндетінен басқа қосалқы қызмет те атқарған.

Бір құлаш – жазып тұрғандағы екі қол арасының ұзындығындай өлшем. Құлашпен ертеде арқан-жіптердің ұзындығын, шыңырау құдықтардың тереңдігін т.б. ұзындық, биіктік, тереңдік мөлшерін белгілеген. Соматикалық өлшемдердің қатарына енетін бұл метрикалық лексема өзге мәдениетте жоқ. Оның эквиваленті де жоқ. Сондықтан «бір құлаш» сандық тіркес қазақтың когнитивтік әлемінде пайда болған ұлттық мәдени құндылық деп саналады. Бүгінгі күні «бір құлаш» өлшемі бір метрге теңесетіндіктен ауызекі сөйлеу тілінде белсенді қолданылады [4, 246 б.].

Сала құлаш – халықтық ұзындық өлшемі - құлаш созым, екі қол саласындай. Өгіздерді санаса, сексен екен, бәрі де атан түйедей, сала құлаш мүйізді, өңкиген жануарлар (С. М.). Қос құлағы құрақтай, Тұяғы құрыш болаттай, Сала құлаш мойыны, Жібек баулы қынаптай, Тістерінің бедері тісеп қойған қайрақтай (Н. Б.) [4, 589 б.].

Бір бауыр жер – бауыр жазар, бой жазар жер. Бір бауыр жерге дейін дуылдаған әлгі көңілді жиынның үні өшіп, үй іші тына қалды (Ә. Н.) [4, 245 б.].

Есік пен төрдей – тіпті жақын, бір аттам ғана жер; таяқ тастам жер. Түтеп тұрған боран Қалтайдың сөзін шынға шығармақ болып түтеп тұр. Есік пен төрдей жердегі қарайған бұлдырап жөнді көрінбейді (М. Ә.). Үлкен көштің алдында есік пен төрдей жерде аттарын қатар бастырып бір топ қыз келеді (М. Ә.). Келіскен, үлкен, ұзын. Құнанбайдың астында шұбалаң құйрық торы аты бар. Дом боп жарап алған есік пен төрдей ұзын торы ат көлденең тұр (М. Ә.) [4, 257 б.].

Таяқ тастам жер [сілтем] жер // Таяқ бойы жер ұзындық өлшемі. Өте жақын, тиіп тұр деген мағынада [4, 515 б.].

Ат шаптырым // Тай шаптырым [4, 80 б.].

1 Қашықтық өлшемі ретінде айтылады. Бықсықбай: Төбеде басың қалсын. Қарағаның қанша жер? Қасен: Ұзындығы ат шаптырым, қозы көш (Д. Е.). Нақ қазір Шоқан бетін жуып отырған Шанхай өзені осы таудың кеудесінен жарып шығады. Осы отырған тұстан ат шаптырым жерде бұлақ бар (С. Бак.).

2 Өте үлкен. Ырсалдының үйінде қымбатты мебельдерді, ешкім иығына ілмеген 10 пар костюмді... 500 метр панбарқыт пен айналасы ат шаптырым жеті кілем қайдан келді екен деп ойлайсыз (КТ).

Көз жетер [жететін] жер // Көз көрім жер // Көз шалым жер – жай көзбен қарағанда ажыратуға болатын ара қашықтық, кісінің шолып көре алатын жері. Темір түн пердесі жаңа ғана көтеріле бастаған даланы көзімен шолып та келеді. Бадьяның маңында жүрген кісілерден басқа көз жететін жерде қыбыр еткен жан жоқ (Ә. Ә.). Жылбек тобы сирек ағаштың жиегіне шығып, сайды өрлеп, көз көрім жердегі орманға қарай жүрді (Ә. Ш.). Көз көрімде андасанда ағаш араларында отырған киіз үйлер де көрінеді (С. С.). Арғымақтан туған қазанат, Шабуыл салсаң, нанғысыз, Қазанаттан туған қаз мойын, Күніне көз көрім жер шалғысыз (М. Ә.) [4, 291 б.].

Көш жер – бір жерден екінші жерге көшіп қоныс аударудағы ұзақтық. Ат шапқан жер шамасы. Екі көштей жер еді, Жүйрік сіңір созады, Тұяқтан жері тозады (Н. Б.). Басыңнан суық мұздай мөлдір

бұлақ, Күрілдеп көбік шашып төмен құлап, Мың түрлі әнге қосқан сарындарың, Көш жерден құрыш қанып естір құлақ (С. С.) [4, 293 б.].

Оқ атым [жетер] жер // оқ бойы – өте жақын, тым таяу жер екенін білдіретін халықтық өлшем, оқ жетер қашықтық, садақ, мылтық оғының тік ұшып барар шамасы. Мамия оқ атым жерге бауырымен жорғалап барды (ЛЖ). Оқ бойы жерге келіп сәлем берді, Қосшыға атын тастап қарсы жүрді, Қол беріп Келденбайға амандасты, Көретін күн болды тау деп сіздей ерді (И. Б.). Күндіз аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған (М. Ә.). Оқ жететін жерге жақындамады (Ә. Н.) [4, 416 б.].

Он екі тұтам – халықтық ұзындық өлшемі, садақ оғының ұзындығына байланысты жасалған [4, 419 б.].

Арасы жер мен көктей // Арасы жер мен аспандай Өте қашық, өлшеусіз алыс. Сәуле: - Мырқал аға, туыс сіздікі, жолдас біздікі. Бірақ азғындық пен Нұрланның арасы жер мен көктей емес пе еді, әзірше сабыр етіп байқамақ болмас па? – деді (Ә. Ә.). Сөз бен істің арасы жер мен көктей (М. Әл.). Арасы жер мен көктей адамдарды біріне-біріне қосып қойған тәңірінің құдіреті күшті-ау деймін (КЕ). Жақсы менен жаманның, Арасы жер мен аспандай, Байқарсын бір күн басыңа, іс түскен кезде сасқандай (Б. Ә.) [4, 16 б.].

Бие бауындай жер Өте жақын, шамамен бір арқан бойы жер. Абай бие бауындай жерде өремен жайылып жүрген аттарды көрді (М. Ә.) [4, 86 б.].

Қарыс сүйем – ұзындықты білдіретін халықтық өлшем. Бас бармақ пен сұқ қолдың аралығы. Емшегі қарыс сүйем, бұты толған сүт қой жарықтықтың (Ғ. Мұс.). Сүйір ұш, қарыс сүйем қанды пышақ, Құдаласа қапсырғандай жанды пышақ. Сілтеген жанталаса шал қолымен, Сыр етіп әлденені шалды пышақ (С. Б.) [4, 106 б.].

Ұзындық өлшемді білдіру қызметінде қолданылған фразеологизмдерге оқ бойы, оқ атым жер, оқ жетер жер тұрақты тіркестері де жатады. Бұл фразеологизмдер «өте жақын, тым таяу жер», «оқ жетер қашықтық», «садақ, мылтық оғының тік ұшып барар шамасы» дегенді білдіреді [3, 144 б.].

Кеңістіктегі көлденең және тік ұзындықты анықтауға қолданылатын құралдың бірі ретінде найза пайдаланылған. Найза ер қаруы – бес қарудың біріне жатады. Найза атауының этномәдени семантикасы әскери өнер лексикасымен тығыз байланысты. Қазақ мақал-мәтелдері мен батырлар жырында, тарихи жырларда найзаға байланысты сипаттамалар мол сақталған. Сонымен бірге қазақ тілінде найзаға байланысты фразеологизмдер де молынан ұшырасады. Қазақ

батырлары мен жауынгерлері ел мен жерді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғаған. Найза – әскери қарудың бірі болуымен бірге өлшеу қызметін атқарған құралдардың бірі.

Найза бойы тіркесіне қазақ тілінің сөздіктерінде «найза ұзындығымен шамалас келетін халықтық өлшем» [5, 310 б.], «биіктік, терендік, ұзындық, қалыңдық өлшемі ретінде қолданылады» [3, 402 б.] деген анықтамалар беріледі.

Өнертанушы, байырғы қазақ әскери өнері туралы еңбек жазған Қ. С. Ахметжанов найзаның жақын қашықтықта, бетпе-бет айқаста жауды түйреуге арналған қару екендігін айта келіп, оның ұзындығы 1,5-2 метр шамасында болатынын, ертеде түркі халықтарында лақтыруға арналған қысқа найзалар да болғандығы туралы жазады [2, 67 б.].

Қолөнер лексикасының материалдары найза-ның ұзындық, қалыңдық, биіктік, терендік өлшемі ретінде, сонымен бірге уақыт өлшемі ретінде қолданылғанын көрсетеді. Мысалы, мынадай мысалдарда оның биіктік өлшемі ретінде жұмсалғаны аңғарылады:

Найза бойы қар жауса, жұтамайды сауысқан.

Қанды көйлек кесе де, қиыспайды туысқан.

Найза бойы жар кеме үстінен аттап кетеді (Қобыланды батыр).

Ал төмендегі мысалда найза бойы тіркесі уақыт өлшемі қызметінде қолданылған:

Таң атып, күн найза бойы көтерілді [5, 310]. Зерттеуші Р. Иманалиева уақыт өлшеміндегі бұл тіркестің мағынасын таңертеңгі сағат жеті деп көрсетеді [6, 20 б.].

Халық танымында найза этномәдени мазмұнға бай сөздердің қатарына жатады. Халықтың күнделікті тәжірибесінде өзіне таныс болған найзаның пішіні, көлемі, ұзындығы сияқты қасиеттерінің екінші бір нысан белгісімен салыстыру, ұқсату, теңеу нәтижесінде жаңа ұғымды білдіретін найза бойы бейнелі сөз тіркесі қалыптасқан. Халық танымына сәйкес оның түрлі белгі- қасиеттеріне байланысты мақал-мәтелдер, фразеологизмдер қалыптасса, ол жөніндегі ұғым-түсініктер ырым-жоралғыларда көрініс табады.

Жоғарыда келтірілген балта сабы фразалық тіркестен басқалары құрылымдық тұрғыдан қарастырылғанда зат мағынасындағы құрал-сайман атаулары мен бойы көмекші есімінің тіркесі арқылы жасалғанын көреміз.

Аталған фразеологизмдер – ұлт тіліндегі фразеологиялық қордың таңбаланған, ерекше мазмұндық сипаты бар тұрақты тіркес түрлері. Қазақ ұлтының мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде фразеологизмдер менталдық бірліктер деп аталады. Өйткені ұлт мәдениетін танытудағы

рөлі айырықша назар аудартып, ерекше бағаланады. Бұл ұлт тіршілігінен және ұлттың менталдық өрісінен хабардар ететін ұзындық мәнді фразеологизмдерден де анық байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2001. – 127 б.

2 Ахметжан Қ. Қазақтардың қару – жарақ жасауда қолданған дәстүрлі ұзындық және салмақ өлшем бірліктері // «Ұлт тағылымы», №3. – 2003, 103-108-бет.

3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / - Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.

4 Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алма-Ата, Ғылым, 1977. –711 б.

5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

6 Иманалиева Р. А. Этнолингвистические вопросы изучения средств выражения пространственных представлений в казахском языке: автореф. дис. ... канд. филол. н. Алма-Ата, 1989. 24 с.

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ КОММУНИКАТИВТІК КЕҢІСТІГІ

ШЕРИКБАЙ А.

магистранты, «Филология» кафедрасы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАРИПЖАНОВА А. О.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., қауымд. профессоры,

«Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәтіннің коммуникативті кеңістігі – бұл концептуалдық, денотативті және эмоционалды бағалау ақпаратымен бірге жалпы мәтіндік семантикалық кеңістікке кіретін ретті ұйымдастырылған және коммуникативті тұрғыдан өзекті мағыналардың күрделі байланысқан жиынтығы. Ол, біріншіден, мәтіндік байланыс механизмдерінің және екіншіден, әр түрлі мәтіндік өзара қатынастардың арқасында қалыптасады.

Бірінші жағдайда, коммуникативті кеңістікті қалыптастыру үшін мәтіндегі нақты бөліністердің ерекшелігі, тақырып және ондағы өзекті ойдың орналастырылу ерекшеліктері, қолданылатын коммуникативті сипаттардың құрылымы, сондай-ақ мәтінге тән

өзекті доминанттардың сипаты қарастырылады. Екінші жағдайда мәтіннің құрылымына басқа мәтіндерді енгізу арқылы автордың оқырманмен, басқа авторлармен диалогы нәтижесінде кеңейтілген мәтіннің ашық коммуникативті кеңістігі зерделенеді. Сонымен қатар мәтіннің кеңейтілген коммуникативтік кеңістігін талдау барысында тілдік жанрлар теориясы да қамтылатынын ескеру қажет.

Қазақ тіл білімінде тілдік жанрларды алғаш зерттеген А. Байтұрсынов болды. Ғалым: «Екі түрлі лебіз бар: бірі жалаң, екіншісі көрнекі болады деп жоғарыда айтылған еді. Қайсысымен сөйлесек те сөйлеу болады. Бірақ сөйлеуді негіз түріне қарай айыру қажет болған орында жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді жырлау-толғау дейміз. Сөйлеуде, жырлауда, толғауда бұл күндегі әдебиет алқасына кіретін жалаң лебізді және көрнекі лебізді сөздердің таптарын анық ашуға жарамсыз болғандықтан жалаң лебізді сөздерді қара сөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарынды сөз деп атау қолайлырақ. Әдетке қарамай, асылына қарағанда, «Қара сөз» деген мен «Сөйлеу» деген екеуінің мағынасы бір болып, «Дарынды» сөз деген мен «Жырлау», «Толғау» дегеннің мағынасы бір болып, бірінің орнына бірі айтыла береді. Қара сөзді шығармалардың да, дарынды сөзді шығармалардың да түрлерінің өлеңдісі, өлеңсізі болады» деп, қазіргі көркем мәтіннің коммуникативті сипатының ерекшеліктерін айтып кеткен болатын [1, 19 б.]. Ғалымның осы тұжырымы күні бүгінде өзектілігін жойған жоқ, керісінше тың белеске көтерілуде.

Қазіргі уақытта тіл білімінде сөйлеу жанрының табиғаты туралы әртүрлі түсінік бар. Біріншіден, сөйлеу жанры дәстүрлі түрде диалогтағы сөйлеу түрі ретінде қарастырылады. Екіншіден, сөйлеу жанры тұрақты мәтін түрі ретінде қарастырылады. Үшіншіден, сөйлеу жанры белгілі бір тұрақты модельге сәйкес қалыптасқан қарым-қатынастың типтік жағдайы ретінде де тұжырымдалады.

Барлық осы тұжырымдар бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бір-бірін толықтыра түседі, өйткені олар бір сөйлеу құбылысының әртүрлі коммуникативті-мазмұндық аспект (1-тәсіл), композициялық - мәтіндік аспект (2-тәсіл), құрылымдық-денотативтік аспект (3-тәсіл) сияқты аспектілерін атап көрсетеді.

Әрбір әдеби және көркем шығарма күрделі сөйлеу жанры болып табылады. Ол өз алдына бірегей құрылымға жатады. Оның компоненттері қарапайым сөйлеу жанрлары болып, тұтас күйінде белгілі бір композициялық бірлікті жасайды. Бұл тұтастықты ішкі құрылым деп белгілеуге болады [2, 80 б.].

Оны талдай отырып, әдеби және көркем шығармалардың диалогтық табиғатын, олардың полифонизмін, көпқырлылығын ескеру қажет. Ең алдымен, көркем мәтіннің екі ғаламдық антропоорталықтарының – автордың бейнесі және кейіпкерлердің бейнелері болуымен қалыптасатынын ескеру қажет. Кейіпкерлердің лебіздері және автордың әңгімесі арқылы ұсынылған қарапайым сөйлеу жанрлары, күрделі сөйлеу жанрлары бүкіл әдеби шығарма болмысын ашып бере алады және әртүрлі мәтіндік функцияларды орындайтын сөйлеу жанрларының жиынтығы болып табылады.

Мәтін құрамындағы сөйлеу жанрлары, біріншіден, белгілі бір жиынтық, онда жұмыс істейтін бастапқы жанрлардың жиынтығы. Екіншіден, олар иерархиялық құрылымға ұйымдастырылады. Нәтижесінде сөйлеу жанры теориясы тұрғысынан мәтіннің коммуникативті кеңістігін талдау екі кезеңнен тұрады. Талдаудың бастапқы кезеңінде сөйлеу жанрларының барлық түрлерін және олардың сандық көрінісі мен арақатынасын анықтау үшін мәтінде қолданылатын сөйлеу жанрларының барлық жиынтығы олардың дәйектілігінде белгілі бір композициялық құрылым ретінде қарастырылады.

Мысал ретінде Мәшһүр Жүсіптің «Бұлақ көзі» өлеңін алайық:
 Немене бұл күнгі хал ойлап тұрсақ,
 Жақсы жоқ өз басынан пайдасы асқан!
 Азырақ дәулет біткен кісі болса,
 «Мен баймын, сен кедей!» – деп, мал санасқан.
 Болмаса бірлі-жарым талапкерлер,
 Жігіт жоқ өнерпазбен бір жанасқан!
 Үмітсіз (немматсыз) байланамыз, бәрі надан,
 Мұхираб сан жәрдемнен аулақ қашқан.
 «Анау артып, мен кейін қалам ба?» – деп,
 Өзімен-өзі күншілдікпен құр таласқан.
 Молдалар пайдалы іске уағыздамай,
 Керексіз ұсақ сөзбен бақасласқан.
 Құзғындай қызыл көрсе барар жетіп,
 Кісіні көрсе билер бір дауласқан.
 Бойында әділдігі ұмыт қалып,
 Билікке сөз сөйлей ме жаза алмастай?!
 Уа, Алла, көзім көрді мұның бәрін
 Наныңыз жалған демей, шын растай! [3, 89 б.].

Осы өлеңнің сөйлеу құрылымын зерттеудің алғашқы кезеңінде біз сөйлеу жанрларының осындай тізбегін анықтадық: тілек-насихат-тілек.

Өз кезегінде үгіт-насихат жанры кешенді болып келеді. Оны құрамында бейнелі семантикадағы мойындау-рефлексив, репрезентатив, эмотив-рефлексивтер бар.

Аталмыш өлеңдегі сөйлеу жанрларының мәтіндік көрінісі мен мәтіндік функцияларын талдау барысында бұл өлеңнің ішкі құрылымында тілек жанры басым орын алатынын екенін байқаймыз.

Ол ең күшті мәтіндік позицияларды алады:

Шығады: «асыл - тастан, өнер - жастан»,

Тәрбие тәуір болса әуел бастан.

Мысалы ғылым таппақ сол секілді:

Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.

Жігітке талаптанған жүз мың рахмет,

Әрқайда сен білгенің ырзық шашқан.

Жаны ашып нашарларға қызмет етіп,

Салса егер түзу жолға – болса адасқан.

Халық үшін жанын қиып шыққан болса,

Қайырлы әр қадамы болсын басқан!

Көрсетіп тар орында таудай қайрат,

Құтқарса мұқтаждықтан, болса адасқан!

Қазақ қор болар ма еді, көп болса егер,

Шаһбаздар осы айтқандай өнер асқан?!

Осы өлеңде тілек мағынасын беретін сөйлеу жанрында үш мәлімдеме бар:

1) Мысалы ғылым таппақ сол секілді:

Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан;

2) Жаны ашып нашарларға қызмет етіп,

Салса егер түзу жолға – болса адасқан;

3) Көрсетіп тар орында таудай қайрат,

Құтқарса мұқтаждықтан, болса адасқан!

Бұл мәлімдемелерде лирикалық субъект тілектің авторы ретінде әрекет етеді, өтініш-тілектің мазмұны императивті мәлімдемелермен көрінеді, бірақ өтініштің адресаты тікелей көрсетілмеген, оған тек жанама нұсқаулар бар. Әр оқырман лирикалық субъектінің кімге жүгініп отырғанын болжай алады.

Келесі сөйлеу жанры – баға беру. Ол:

1) Жігіт жоқ өнерпазбен бір жанасқан!

2) Өзімен-өзі күншілдікпен құр таласқан.

3) Керексіз ұсақ сөзбен бақасласқан.

4) Құзғындай қызыл көрсе барар жетіп,

Кісіні көрсе билер бір дауласқан.

Осы өлең үзінділерінен ақынның рухани құндылықтардан ада болған болмысқа наразылығы, берген бағасы көрінеді. Бұл кезде айтқанға көнбей, теріс жайылатын қараңғы да, надан, қор елде туып, айтқанына түсініп, ой бөлісер ешкімі жоқ, жалғыздықтың уын ішіп, халқына үлгілі тәрбие, білім нәрін себем деп, ой азабымен ғұмыр кешкен ақылгөйдің бейнесін байқай аламыз.

Бағалаудан кейін бейнелі құралдары арқылы эмотив-рефлексивті жасайды:

Уа, Алла, көзім көрді мұның бәрін

Наныңыз жалған демей, шын растай.

Қоғам тіршілігіндегі жаманшылықты ақылмен, үлгілі тәрбиеге шақырған үгіт-насихатпен түзеуге болады деп, тартысқа кірісетін, кейін ол ойлары мен арманды мақсаттарына қанша еңбек етсе де жетпейтініне көзі жеткен соң, түңілу аралас уайым, үмітсіздікке көшкені осы жолдарынан байқалады. Яғни бұл жолдардан эмоцияны және өзінің хал-күйіне, ішкі толғаныстарына баға бергеннен кейінгі рефлексияны байқай аламыз.

Сонымен, сөйлеу жанрларының теориясы тұрғысынан мәтіннің коммуникативті кеңістігі – бұл кеңейтілген мәтін ішіндегі коммуникативті кеңістік, оны зерттеуде мәтінде қолданылатын сөйлеу жанрлары олардың мәтіндік реттілігінде де, олардың иерархиясын, әр түрлі мәтіндік функциялары мен маңыздылығын ескере отырып, сонымен қатар жеке авторды ескере отырып, нақты сөйлеу-жанр құрылымы мәтінді құру стратегиясы тұрғысынан дәйектеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992. –156 б.
2. Бабенко Л. Г. Филологический анализ текста. Основы теории, принцип и аспекты анализа : учебник для вузов. - М., 2004.
3. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТҰЛЫНЫҢ АБАЙТАНУДАҒЫ РӨЛІ

ЭГАМБЕРДИЕВ А. Э.
магистрант, Торайғыров университет, г. Павлодар
КАПАСОВА Б. К.
профессор, Торайғыров университет, г. Павлодар

Әлемдегі кез-келген алып тұлғаларды алсақ барлығы да адамды тәлім-тәрбиеге, адамгершілікке, өскелең ұрпақ бойына рухани азықты сіңіріп, дұрыс жолға үндейді. Себебі адам бойындағы адамшылықты көрсететін құндылықтар біздің өмірімізде алатын орны ерекше. Бүкіл көркем әдебиеттің басты тақырыптары адам десек, Абай шығармашылығының өзегі, арнасы – адам. Қазақ әдебиеті тарихында Абай, М. Әуезов, Б. Момышұлы терең зерттеп, тың да, өзекті імәселелер көтеріп жұртшылық қауым мен зерттеушілер назарын аударып келе жатқан ғалымдардың ішінде Мекемтас Мырзахметұлының орны бөлек. Абайтану – қазіргі қазақ әдебиетінің жетекші саласы. Қоғамдық өмір қандай күрделі болса, абайтану процесі де сондай қайшылықты, күрделі үдеріс болған. Мекемтас Мырзахметұлы – абайтану тарихының асқан білгірі, ұлы ақынның шығармашылығына арналған отыздан астам кітаптарының авторы. Ғалым М. Мырзахметовтың зерттеуінше, «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп, адам болмысына терең мән берген, жоғары талаптар қойған Абай өз шығармалары мен еңбектерінде адам баласының болмысын, өсіп жетілуіне, адам болар жолы мен адамдықтан шығатын жаман әдеттер мен қасиеттерге тоқталып, ой толғаулар мен қара сөздерін жазды. Одан бөлек ақын «толық адам» болу мәслесін де алдыға тартып, өзінің өзекті ойын биік деңгейге көтерді [1, 451 б.].

Мекемтас Мырзахметұлы да Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» жазған осы бір сөзінің жұмбағын тапсам деген сара жолда 60 жыл ізденіс жасаған филология ғылымдарының докторы, профессор. Абайдың толық адамын зерттеп өзі 90 жасқа келгенде тоқтам жасаған. Абай армандаған «толық адам» формуласын түзіп оны бізге паш етті.

Абай айтып кеткен жұмбақты зерттеу жүргізген барлық ғалым ғұламалар осы жұмбақтың шешімін іздеген. Барлығы да сол жұмбақты шеше алдық деп іштей марқаяды. Оған қарсы пікір айту орынсыз. Өйткені әр ғалым Абайды өз көзімен көріп, өз көңілімен таниды. Ұлы ақынның жұмбағын да әр ғалым өзінше шешеді. Және сол жұмбақтардың шешімдерінің бәрі дұрыс. Абайдың

ұлылығының, жұмбағының сыры осында. Мекемтас Мырзахметұлы Абайдың жүрегіне, Абайдың ақындық өнеріне өзгелерден терең бойлайды. Сөйтіп ақынның жұмбағын да, ақиқатына да жетіп, ғылыми ойдың ұшар биігіне шығып шешті. Абайтануда әзірге ол биікке Мекемнен басқа жан баласы көтерілген жоқ. Абай туралы, оның шығармашылық әлемі, заманы туралы ақиқатқа жетуде, Абайдың жұмбағын шешу жолында осыншама тер төгіп, аянбай, адал еңбек еткен ойлауы терең, ойы қуатты ғұлама қазақ ғылымының бүгінгі таңында біреу ғана [2, 465 б.].

Профессор Мекемтас Мырзахметұлының ғылыми мұралары сөз болған күнде кемел адамдық ұстаным жайында айтпай кете алмаймыз. Өйткені, қылышынан қан тамған кезеңде кеңестік кезеңде батысқа бұра тартқан көзқарастарға қарсы шығып, Абайдың шығысқа қатысын дәлелдеп, жауанмәртлік ілімі алғаш рет сөз қозғаған профессор Мекемтас Мырзахметұлы болатын. Мекемгер Абайдың кемел ұстанымы мен дін-ислам туралы толғамын тората айтқан Мекемтас Мырзахметұлы оны Жүсіп Баласағұни мен Қожа Ахмет Иасауи бабаларымыздың рухани мұрасымен байланыстыра зерттеді. Өз мамандығына, өз ісіне деген сүйіспеншілік пен жауапкершіліктің, табандылық пен адалдықтың нағыз үлгісі Мекемтас Мырзахметұлының қазақ әдебиеттану ғылымындағы, оның ішіндегі екі сала – абайтану мен мұхартанудағы ерен еңбектері дер едік.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы осы б.гінге дейін Абайтану саласы мен әдебиет тарихынан отыздан астам ғылым кандидатын қорғаған ғалым. Мекемтас Мырзахметұлы тек зерттеуші ғалым, көрнекті педагог қана емес, қайраткерлік қызметімен, ілгерілік істерімен, қазақтың жан-тәнімен сүйген перзенті. Мекемтас Мырзахметұлы ғалымдық болмысымен қатар бірнеше артықшылыққа да ие. Біріншісі – мамандығына ұлттық мүддеге сай қарай алатындығы. Ол марксист философтар Абай дүниетанымының материалистік танымының өлшеміне салып қарағандарын жоққа шығарды. Өрі Досым Омаровтың Абайды «Ведалар» танымымен байланыстырып қарауын Абайдың шығармаларының сыр сипатына үңіле отырып, «Ведалью» дүниетаным Абайдың ақындық кітапханасы көлемінде болмағанын дәлелді де дәйекті көрсетіп мақалалар жазған [3, 475 б.].

2005 жылы 75 жасқа толып отырған Мекемтас Мырзахметұлының өзіндік мектеп қалыптастырған ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым, жалынды, отаншыл-ұлтшыл азамат ретінде танылып, халқының

күрметіне бөленгені елге аян. Ендігі жерде Мекен құр қошемет, даңғаз атақтарға сый-сияпатқа зәру емес. Керісінше, Мекен қалыптастырған абайтану мен мұхтартану мектебінен тәлім алып, жақсыдан шарапат көрген талапты ғалымдар мен ізденушілер «ондай болмақ қайда деп» кібіріктемей «Мекемтастану» дейтін қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа өрісіне құлаш ұруымыз керек, Мекемтас Мырзахметұлының зерттеулері – өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан басталып бүгінге дейін жалғасып келе жатқан өнікті іс. 2005 жылға дейін профессор Мекемтас Мырзахметұлының өзі абайтану мен мұхтартануды негізгі мазмұн еткен үлкенді-кішілі 48 кітап пен 700-дей мақала жазып, баспасөзде жариялаған екен. Бір адам үшін бұл аз еңбек болмаса керек-ті.

Көп жағдайда В.Г.Белинский айтқандай, замандастар бір-біріне әділ бола бермейтіндігі – өмірдің ащы шындығы. Оның үстіне, қазақ – тірісінде жақсыларының қадіріне жете бермейтін, тек көзі жұмылғанда өгізше өкірісуден ұялмайтын халық. Ұлы Абай мен кемеңгер Мұхтарды тану мен таныту жолында жарты ғасырға жуық өмірін сарп еткен Мекемтастай ғалымның еңбегі бүгін бағалануы керек, бұл жөнінде Ібіш Кеілбаев ағамыз өте әділ айтқан: «Мекемтас Мырзахметұлы – әскет адам. Демек, сұраншаұтығы жоқ, сыпайы, таза, нағыз жұмысқа берілген нағыз ғалым, аса ірі филолог. Екіншіден, сондай ғұламаның қадіріне жете алмай жүрміз. Бұл кісінің еңбектерін қазір бағалауымыз керек. Ертең бәрібір іздейсіздер.» [3, 482 б.].

Бұл – көңіл жықпас үшін айтыла салған сөз емес. Халқымыздың от ауызды, орақ тілді, әділ билерінің бірі – Асқар Токпановтың «Абайды білетін үш-ақ адам бар, Бріншісі – Мұхтар Әуезов, екіншісі – мен, үшіншісі – Мекемтас Мырзахметұлы. Қалғандары бетінен қалқып жүр.» деген сөз кейбіреулерге астамшылықтай болып көрінуі мүмкін. Бірақ мұнда нақты шындық бар болатын. Мекен не жазса да өз ұлтына, еліне, оның мүддесіне не керек екенін, ненің зиянды, кесепатты екенін біліп барып жазды. Қазіргі Қазақстанда қоғамдық ғылымның қай саласында болмасын маман көп. Бірақ Мекемтас Мырзахметұлы сияқты ұлы тұлғалар аздығы қандай өкінішті. Егерде Мекемтас Мырзахметұлы болмаса, Д. Омаровты тоқтатар жан болмаған болар еді. Көптеген ғалымдардың Д. Омаровтың шашбауын көтеріп кітабының жарыққа шығуына ықпал жасағандар да болды. Оларды сондай қадамға итермелеген қазақ халқының рухани дүниесінен хабарсыздық, ғылыми танымының өзге рухани мектептің ықпалымен қалыптасуында еді [4, 487 б.].

Абайтану ғылымы атты қазақ әдебиетінің іргелі саласына ғалымның қосқан үлесі орасан зор. 1994 жылы «Абай мен Шығыс» деген тақырыпта жазылған абайтанушы М. Мырзахметұлының ғылыми-монографиялық зерттеуі – Абайдың шығысын танудағы олқылықтың орнын толтыруға үлес қосқан ауыз толтырып айтарлықтай толымды еңбек болды [5, 492 б.]. Сонымен қатар бұл еңбекте Абайдың шығысын тану жолында абайтану ғылымына соңғы жаңалықтарын енгізіп, сындарлы ой-пікір айтып, келелі мәселелердің кілтін тауып, жас ғалымдарға жол нұсқағандығымыен құнды болып келеді. Саналы ғұмырының басым бөлігін, «жұмбақ жанның» ішкі әлеміндегі байлығын барлауға арнаған ғалым уысынан қан сорғалап, қаһары түтеп тұрған кездің өзінде-ақ Абай мұрасының жабық қырының табалдырығын тайсалмай аттаған болатын.

Абайтану – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихының үлкен бір саласы. Бұл жөнінде белгілі ғалым, академик Заки Ахметов былай деп толғанады: «Кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды.»

Ал Абайтану – үздіксіз бақылап, үзіліссіз еңбектенуді қалайтын: күннен-күнге, жылдан-жылға күрделеніп бара жатқан сала. Осындай әрі қиын, әрі күрделі саланы жанкештілікпен үзбей еңбектеніп халыққа танытқан Мекемтас Мырзахметұлының ең үлкен жетістігі. Бұл сала бойынша ғалымның ерен еңбектері сан алуан. Солардың ішіндегі бастыларын санамалап тоқталып өтер болсақ: «Абай жүрген ізбенен» (1985), «Абайтану тарихы» (1994), «Абайтану тарихы» (библиографиялық көрсеткіш 1988), «Абайды оқы, таңырқа» (1993), «Абайтану дәрістері» (1994), «Абайтану дәрістерінің дерек көздері» (1997), «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» (1997), «Абай және Шығыс» (1995), «Абайдың адамгершілік мұраттары» (1993) еңбектерін атап өтуге болады [6, 510 б.].

Қорытындылай келе, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының Абайтанудағы рөлі өз орнын ойып аларлықтай ұшан биікте екенін аңғардым. Өзінің жарты ғұмырын Абайға арнап, оның жұмбағын шешіп, халқының да қамын ойлаған ұлы кемеңгер. Абайтану ғылымының тарихын жасап, өткенін ұмыттырмай, кешегі күнін танытып, бүгінгі күні мен болашағын жарқын етуге бар күш-жігерін жұмсаған, ғалымның әр ісі, әр еңбегі, бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге, ғибрат мектебі.

Ұлттық рухани әдебиетімізбен мәдениетіміздің қарыштап дамуында таусылмас тағылым мен өшпес өнегенің ең үздік үлгісін көрсеткен тұлға әрі ұлттың сүйер ұлтжанды кемеңгер.

Мекемтас Мырзахметұлы – табысты ғалым, жаңалығы мол зерттеуші. Дулат, Абай, Шәкәрім, Мұхтар сынды кемеңгерлердің мұраларын терең таным, қажырлықпен зерттеген еңбектеріңізді болашақтың бастауымын деген қайратты, қажырлы жастар еі бай қазыналары ретінде бағалай алады деген сенімдемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 М. Мырзахметұлы. М 91. Абайтану: 2-кітап. Өңд., толықт., 2-бас.-Астана: “Interactive Kazakhstan”, 2014.-524 бет.
- 2 Дәдебаев Ж. Абайтанудың ұшар биігі.-2-басылым.-Астана, 2014.-451б.
- 3 Қыдырәли Д. Кемел адамдық ұстаным. -2-басылым.-Астана, 2014.-465б.
- 4 Жеменей И. Мекемтас Мырзахметұлы - кемеңгер ғалым-идеолог. -2-басылым.-Астана, 2014.-475б.
- 5 Дәулетхан Ә. Профессор Мекемтас тағылымы. -2-басылым.-Астана, 2014.-492б.
- 6 Нүрпейісов Н. Ж. «Мекемтас Мырзахметұлы Абайтанушы ғалым. -2-басылым.-Астана, 2014.-510б.

7 секция. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары 7 секция. Гуманитарные и социальные науки

7.2 Қазақ филологиясы 7.2 Казахская филология

Абильманова С. С.	
XX ғасыр басындағы әдеби сынның сипаты	3
Адамжанова А. Х.	
Шәкәрім әдеби мұрасындағы ақиқат әлемі	7
Адилжанова Д. И.	
Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жаңа бағыттағы технологияларды қолданудың тиімділігі	12
Алимова А. К.	
Мәшһүр Жүсіп туындыларындағы дін мәселелері	16
Капасова Б. К., Алшынова Г. Д.	
Жаһандану: ұлттық кейіпкер танымы және қоғамдық орта.....	20
Аманғазықызы М.	
Жазушы Асқар Алтайдың «Қаладағы құтпандар» повесіндегі тарихи-әлеуметтік реминисценция	25
Асаинова А.	
Әдебиеттану ғылымындағы «Көркемдік әлем» мәселесі	29
Аубакирова М. А.	
Жыраулар поэзиясының даму ерекшеліктері.....	33
Ашимова А. С.	
Мәшһүр Жүсіптің мысал өлеңдері.....	40
Базылбаева Э. Е., Карипжанова А. О.	
Коммуникативті мінез-құлық нормалары және олардың тілдегі көрінісі.....	43
Бакиров Н. А., Кадырова Б. М.	
Бизнес дискурс дискурстың дербес түрі ретінде	49
Бегенаева Г. К.	
А. Байтұрсыновтың оқу-ағарту саласына қатысты мақалалары.....	53
Бейсембаева Н. О., Токсамбаева А. О.	
Аштық тақырыбында жазылған шығармалардағы әйел образы.....	59
Бетимова А. О.	
Латын әліпбиіне көшу – тіліміз үшін жасалған игі қадам.....	64
Боздаева А. А.	
Қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистика.....	67
Даулет М., Попандопуло А.	
Тәуелсіздік кезең лирикасы: ұлт тірегі – ауыл суреттері	74
Жақупова Г. Е., Камалов Б. Б.	
Ертегі қазақ және орыс әдебиетіндегі жанр ретінде	79
Жаппарова Ж. С.	
Қазақ жоқтауларының жариялануы және Мәшһүр Жүсіп.....	83

Жүсіпбек Ә. Қ.	
Иса – суреткер ақын	87
Исабекова Г. А.	
XV ғасыр қазақ ақын-жырауларының әдебиетті қалыптастыруы.....	92
Исаханова Б. С.	
Өлең тілінің қисыны.....	100
Қалиева А.	
Көркем мәтінді интерпретациялау және мәтін авторының тілдік портреті	108
Камзанова Г. Е.	
Қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыттағы этнографиялық атаулардың маңызы.....	114
Қапасова Б. Қ., Каниева Д. А.	
М. Әлімбаев өлеңдерінің кейіпкерлері	119
Касымова Г. Ж.	
Достықты ту еткен – Шоқан Уәлиханов	123
Кетикова Ж. Т.	
Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ терминологиясының негізін қалыптастырушы	127
Кибатова С. Б.	
Қазақ-парсы әдебиеттерінің байланысының зерттелуі.....	131
Косенко Л. Н.	
Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сандық технологиялар мен құралдарды аралас оқыту форматында қолданудың тиімділігі.....	136
Кундызбаева Е. С.	
Мәшһүр Жүсіп жинаған билер сөзі	143
Күшербаева Р., Кадырова Б.М.	
Кірме сөздерді сыныптан тыс оқыту	147
Кадырова Б. М., Күшербаева Р.	
Оқытуда танымдық теория әдістері мен заманауи білім беру технологияларын қолдану	152
Күмісбек Д. Ж.	
Ғалым мен ақын шығармаларындағы сабақтастық	157
Муталиева Р. М., Махамбетова М. Қ.	
«Қызыл жебе» романындағы тарихи дерек пен көркемдік тәсіл.....	160
Муталиева Р. М., Махамбетова М.Қ.	
Көркем шығармадағы тарихи тұлғалар бейнесі және Шерхан Мұртаза.....	164
Мухитов Қ. С., Ерғалиев Қ. С.	
Интерактивті оқыту әдістерінің жолдары.....	168
Нурмагамбетова Л. Б.	
Жоқтаулар және Мәшһүр Жүсіп.....	174
Омарханова А. Н.	
Мұхтар Әуезовтің алғашқы еңбектерінің ұлттық-танымдық сипаты	179

Өмірбаев Р., Муталиева Р. М.	
I. Есенберлиннің «Алтын орда» трилогиясы: Бату бейнесі және көркемдік поэтикалық үйлесім.....	186
Пазылова Д. Ш.	
Мәшһүр Жүсіп дастандары.....	190
Рахимбаева Р. О.	
Диалогтік оқытуда оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту	193
Тоқсамбаева А. О., Рахимбаева Ж. С.	
Тәуелсіздік кезеңі әдебиетіндегі постмодернистік бағыт	199
Рысбек А.	
Қазақ даласындағы ислам мәдениеті.....	206
Сагандықова Г. Х.	
XX ғасыр басындағы қазақ әңгімелерінің дамуы.....	210
Сагантаева Ж. Т., Қапасова Б. Қ.	
Компаративистика немесе салыстырмалы әдебиеттану мәселелері.....	215
Сагантаева Ж. Т., Қапасова Б. Қ.	
Компаративистика: прозадағы сюжет пен кейіпкерге талдау.....	219
Садвақасова Н. Б.	
Қазақ тіліндегі «Ақсақал» сөзінің концептісі	222
Саратекова К. К.	
Ш. Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасы мен М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесадағы оқиға желілерінің өзгешеліктері мен ұқсастықтары.....	228
Сарсенбаева А. Ш.	
Қала мен ауыл тілінің сөйлеу ерекшелігі	233
Септегенова К. У.	
Оқушының оқылым дағдысын дамыту	240
Сергазина А. С., Мубарақова С. Қ.	
Қазақ әдебиеті пәнін оқыту барысында тілдік дағдылар мен ұлттық құндылықтарды қалыптастыру.....	244
Смағұлова Т., Қапасова Б. Қ.	
Қазіргі қазақ тіліндегі қыстырмалар мен қыстырынды құрылымдар	248
Смағұлова Т., Қапасова Б. Қ.	
Қыстырма құрылымдардың лексика-грамматикалық ерекшеліктері.....	252
Сырттанова А. Т.	
Жамбыл жыры рухани азығымыз.....	258
Токошбекова Г. К.	
Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесін «Топтық тергеу» әдісі арқылы оқыту	266
Тугумова Г. С., Кадырова Б. М.	
Бизнес-коммуникациялардағы кедергілер және оларды жетілдіру бағыттары.....	270
Уатаева Ш. К.	
Мағжантану мәселелері	277

Уатаева Ш. К.	
Мағжантану мәселелері	280
Сакен Б. У.	
Ы. Алтынсаринның рухани-адамгершілік сипатындағы мұрасы	284
Халхын С., Карипжанова А. О.	
Ұзындыққа (қашықтыққа) қатысты тұрақты тіркестер	288
Шерикбай А., Карипжанова А. О.	
Көркем мәтіннің коммуникативтік кеңістігі.....	293
Капасов, а Б. К., Эгамбердиев А. Э.	
Мекемтас Мырзахметұлының Абайтанудағы рөлі.....	298

**«XXII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

ТОМ 15

Техникалық редактор: А. Р. Омарова

Корректор: А. Р. Омарова

Компьютерде беттеген: А. Р. Омарова

Басуға 18.04.2022 ж.

Әріп түрі Times.

Пішім $29,7 \times 42 \frac{1}{4}$. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 17,66. Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 3922

«Toraighyrov University» баспасы

«Торайғыров университеті» КЕ АҚ

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.